

А 2017

4673к

ҚАЗАҚ салт- дәстүрлері



ҚАЗАҚ салт- дәстүрлері



«БАЛАУСА
баспасы»
Алматы
2017

ӘОЖ 391/395

КБЖ 63.5

Қ 17

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен
насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу
тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Қ 17 Қазақ салт-дәстүрлері. Құрастырған Әлижан Тауұлы. – Алматы: «Балауса баспасы», 2017. – 384 бет.


ISBN 978-9965-672-98-9

Қай халықтың болмасын, салт-дәстүрлері міндетті түрде сол халықтың мінез-құлқын, ой-өрісін, ұлтқа тән қасиеттерін танытып тұрады. Мәселен, қазақтың бауырмалдық, қонақжайлылық, сыйластық мінез-құлықтарын оның тұрмыс-салт дәстүрлерінен анық байқауға болады. Өрі осынау терең мағыналы, өнегелі әдет-ғұрыптар атадан балаға жалғасып, мәңгілік өміршеңдігін көрсетіп келеді.

Кітапқа енгізілген ұлттық салт-дәстүрлеріміз бабалардан қалған асыл мұрамызды қастерлей білуге, күнделікті өмірде қолданып, игілігін көруге мол септігін тигізери хақ.

ӘОЖ 391/395
КБЖ 63.5

ISBN 978-9965-672-98-9



© Тауұлы Ә.

© «Балауса баспасы» ЖШС, 2017

Алғы сөз

Салт-дәстүр дегеніміз атадан балаға жалғасып отыратын тұрмыстық, әлеуметтік ұстанымдар. Ешбір заңда, ешбір кодексте жазба түрінде көрсетілмегенімен халық оларды бұлжытпай орындауға тырысады. Өйткені кез келген адам үшін дәстүрлік тәлімдердің пайдалы жақтары өте көп. Дәстүр – адамдардың іс-әрекеттерін, өмірлік көзқарастарын, рухани болмыстарын реттеу мәселесінде негізгі рөл атқарып, тәрбие негізін қалауға көмектеседі. Негізінен салт-дәстүрге әдет-ғұрыптың өткен кезеңдерден қалған оның ең озық түрлері, ырым-жоралары, кәдерәсімдері кіреді. Кез келген дәстүр белгілі бір заманда өзінің өмір сүру заңдылығына толық ие болғаннан кейін ғана әрмен қарай жалғасын тауып, келер қоғамнан тұрақты орын алады. Демек, біздің қазіргі қоғамда қолданылып жүрген қазақтың әдет-ғұрыптары мәңгілік өмір сүру құқығын алған салт-дәстүрлер деп айтуға толық негіз бар.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері ата-бабаларымыздың тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, дүниетанымына орай туындап отырған. Оларды қоғамдағы атқаратын қызметіне қарай отбасылық және қауымдық-әлеуметтік дәстүрлер деп үлкен екі топқа бөлуге болады. Осындағы отбасылық дәстүрлерге баланың дүниеге келуі, ержетуі, тәрбиесі, келін түсіру, қыз ұзату, өлім-жітім мәселесі жатады. Ал қоғамдық-әлеуметтік дәстүрлерге бүкіл ауыл болып өткізетін әдет-ғұрыптарды жатқызуға болады. Мысалы, наурыз мерекесі, діни мейрамдар, ас беру, бәйге ұйымдастыру, т.б. Сондай-ақ қазақтың тұрмыс-тіршілігіне, ата кәсібіне байланысты әдет-ғұрыптар қаншама! Негізінен қазақ салт-дәстүрлерін отбасылық және қауымдық-әлеуметтік деп бөлу шартты түрде ғана. Себебі отбасылық дәстүрлер мен қауымдық-әлеуметтік жоралғылар көбіне өзара астасып, арала-

сып жатады. Көп жағдайда отбасылық дәстүрлер кейде қоғамдық, қауымдық сипат алады. Ал керісінше бүкіл қауым атқаратын дәстүрлер әр отбасында көрініс табады.


Міне, осы жайттардың барлығы ескеріле отырып, аталмыш кітапқа енгізілген қазақтың салт-дәстүрлері үш тарауға топтастырылып, бірінші тарау – «Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер», екінші тарау – «Тұрмыс-салт дәстүрлері», үшінші тарау – «Әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер» деп аталды. Сөйтіп, бірінші тарауға – ұл бала мен қыз бала тәрбиесіне байланысты ұстанымдар, балалар мен жасөспірімдерге арналған ұлттық ойындар, бесікке салу, ат қою, шілдеhana, тұсау кесу, сүндет тойы сияқты ғұрыптар, екінші тарауға – киіз үй, киіз үйдің жиһаздары мен бұйымдары, қонақ күту, зергерлік қолөнер мен ою-өрнектер, ұлттық киімдер, ұлттық тағамдар, дәстүрлі ата кәсіп туралы дәстүрлер, үшінші тарауға – қыз ұзату, келін түсіру, шешендік өнер, айтыс, бата беру, ән-күй, би өнері, наурыз мерекесі, өлім-жітім туралы салттар енгізілді.

Сондай-ақ, салт-дәстүрлеріміздің мән-мағынасын аша түсуге мол септігін тигізетін «Салт-дәстүрлер туралы мақал-мәтелдер» деп аталатын төртінші тарау қосылды.

«Ата салтың – халықтық қалпың» демекші, өз ұлтымыздың қадір-қасиетін, ой-өрісін танытатын салт-дәстүрлерімізге мейлінше құрметпен қарап, оларды қастерлеу барша қазақтың елдігіне сын. Қазақ елін өзге жұрт сыйлап, бағаласын десек, ұлттық салт-дәстүрімізді ардақтай білейік, асқақтата білейік. Ертеңгі ұрпағымыз ұлтжанды, отаншыл болып өссін десек, ата дәстүрімізді ардақтауды үйретейік. Кейін өкінбеу үшін жеткіншектеріміздің бойына ұлттық тәрбие нәрін ертең емес, бүгін сіңірейік.

Баспадан

**Бала
тәрбиесіне
байланысты
салт-дәстүрлер**



сып жатады. Көп жағдайда отбасылық дәстүрлер кейде қоғамдық, қауымдық сипат алады. Ал керісінше бүкіл қауым атқаратын дәстүрлер әр отбасында көрініс табады.


Міне, осы жайттардың барлығы ескеріле отырып, аталмыш кітапқа енгізілген қазақтың салт-дәстүрлері үш тарауға топтастырылып, бірінші тарау – «Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер», екінші тарау – «Тұрмыс-салт дәстүрлері», үшінші тарау – «Әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер» деп аталды. Сөйтіп, бірінші тарауға – ұл бала мен қыз бала тәрбиесіне байланысты ұстанымдар, балалар мен жасөспірімдерге арналған ұлттық ойындар, бесікке салу, ат қою, шілдеhana, тұсау кесу, сүндет тойы сияқты ғұрыптар, екінші тарауға – киіз үй, киіз үйдің жиһаздары мен бұйымдары, қонақ күту, зергерлік қолөнер мен ою-өрнектер, ұлттық киімдер, ұлттық тағамдар, дәстүрлі ата кәсіп туралы дәстүрлер, үшінші тарауға – қыз ұзату, келін түсіру, шешендік өнер, айтыс, бата беру, ән-күй, би өнері, наурыз мерекесі, өлім-жітім туралы салттар енгізілді.

Сондай-ақ, салт-дәстүрлеріміздің мән-мағынасын аша түсуге мол септігін тигізетін «Салт-дәстүрлер туралы мақал-мәтелдер» деп аталатын төртінші тарау қосылды.

«Ата салтың – халықтық қалпың» демекші, өз ұлтымыздың қадір-қасиетін, ой-өрісін танытатын салт-дәстүрлерімізге мейлінше құрметпен қарап, оларды қастерлеу барша қазақтың елдігіне сын. Қазақ елін өзге жұрт сыйлап, бағаласын десек, ұлттық салт-дәстүрімізді ардақтай білейік, асқақтата білейік. Ертеңгі ұрпағымыз ұлтжанды, отаншыл болып өссін десек, ата дәстүрімізді ардақтауды үйретейік. Кейін өкінбеу үшін жеткіншектеріміздің бойына ұлттық тәрбие нәрін ертең емес, бүгін сіңірейік.

Баспадан

Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер



Қазақ отбасындағы бала тәрбиесі

Қазақ халқының ежелгі педагогикасы мен бала тәрбиелеу дәстүрі олардың ауыз әдебиетінен айқын көрініп тұрады. Қай ұлтта болмасын, халық ауыз әдебиетінде ең алғаш пайда болған, ең тұңғыш айтылған өлең-жыр, әңгімелер балаларға, тәрбие мәселесіне арналған. Өйткені, баланы өз өмірінің жалғасы деп ұққан. Ерте кезде қазақ халқында бала тәрбиелеуге арналған қоғамдық орын: ясли, балалар бақшасы, мектеп болмаса да, тәрбиені балаларына бесікте жатқан кезінен бастап-ақ халықтық жырлар мен әңгіме, ертегілер арқылы бере бастаған. Олар өскен соң, өздерін қоршаған жаратылыстың ішкі құпиясын ғылым жолымен сезініп білмесе де, жапан түзде жолсыз жерлермен жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, адаспай кете беретін болған. Жастайынан-ақ есіту, көру сезімдері шынығып, алыстағыны болжайтын, табатын ізшіл де, құралайды көзге атып түсіретін мерген де болған. Кәсібі, тіршілігі тек қана мал шаруашылығына байланысты болғандықтан 6–7 жасынан-ақ олар ат құлағында ойнаған. Оқу-сызу өнеріне машықтанбаса да, бір естігенін қалтқысыз есте сақтайтын қабілеттілігі де күшті болған. Олар

сондықтан да қызық-қызық ертегілерді, ұзақ-ұзақ жырларды жатқа айтатын болған. Бесік жыры, хайуанаттар айтысы, ертегілер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, өтірік өлеңдер – бәрі де баланы қызықтырып, оларды мәз-мейрам еткен. Сөз өнерінің әдемі кестелері олардың сөздік қорын байытып, мағыналы да мәнді сөйлеуге жаттықтыра берген. Тек бұл емес, халықтық шығармалар ішіндегі әр жақты айқын образ, оқиға барысының қызықты болуы, әдемі қисын, жақсы ұйқас бәрі де балаларды қуантып, әсер беріп, ойын шыңдап отырған. Ежелгі қазақ тәрбие ісі негізінен басты-басты сегіз түрлі мәселені қамтыған.

Біріншіден, тәрбие басы алдымен әдептілікке үйретуді көздеген. Хат білмесең де әдепті бол дегенді басты міндет етіп қойған.

Екіншіден, мейірімді болуға тәрбиелеген.

Үшіншіден, тіл алғыш елгезек бол деп үйреткен. Бұл еңбекке баулудың алғашқы көрінісі болатын.

Төртіншіден, адалдық пен шындыққа баулуды көздеген.

Бесіншіден, білгір бол, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген данышпан қарияның сөзін тыңда, ақпа құлақ болма, құйма құлақ бол дегенді бойларына сіңіре берген.

Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы сыйлауға үйретуді басты міндет етіп қойған.

Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспа дейді халық тәрбиесі. Бұл кемшілікті айтпа деген сөз

емес, кәріп-кемтарлардың табиғи кемдігін (мұрны пұшық, көзі қисық, аяғы ақсақ, т.б.) шұқып көрсетпе деген сөз.

Сегізіншіден, ел қорғаны – батыр бол, халыққа адал қызмет ет, бар қабілетіңді соған жұмса дегенді үйретеді.

Негізінен халықтық шығармалардың балалар мен жасөспірімдерге тигізетін бұдан басқа да тәрбиелік әсері ұшан-теңіз. Халықтық шығарма балаларды адам баласының өткен ғасырлардағы тарихи өмірі, тұрмыс, әдет-ғұрпы, күн көрісі, шаруашылық дәстүрі, мәдениетімен таныстырып отырады. Балалар мен жасөспірімдерге арналған халық өлеңдерінде дүниеге жаңа келген жас нәрестенің болашағын ойлап, қолдан келер мүмкіндіктерін соның жолына бағыштауға тырысады. Халық тәрбиесі баланы жас басынан көпшіл, қоғамшыл, ынтымақшыл, сый-сияпат көрсете білетін өнегелі де әдепті адам болуын көздеген, баладан адамгершілік қасиетті талап еткен. Қолы ашық, алақаны жазық болсын, жұдырығын түйген сұм болмасын дегенді балаға жас басынан ұқтыра беруге тырысқан. Баланы күту, бағу, тәрбиелеу, әлпештеп ақ бесікке салу, оның мәңгілік қамқоршысы болу – ата-ананың борышы, басты міндеті деп білген. Бала туғанда «шілдехана» жасау, жас нәрестенің дүниеге келуін қуаныш ету, оны өздеріне бақыт санау халықтық салтқа, дәстүрге айналған. Бала – ата-ананың бауыр еті, жан дүниесі деп бағаланған.

Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр бойынша қазақ балалары тәрбиені үй ішінен, өзінің көрген-білгенінен, ауыл айналасынан үйренетін. Қарапайым халықтың балалары 6–7 жасқа келісімен-ақ әртүрлі жұмыстарға жегіліп, үлкендердің көмегімен жас төлдерді бағуды, күтуді өз қолдарына алатын. Олар көшпелі тұрмыстың ауыр жағдайына байланысты неше алуан қиынқыстау жағдайларды бастарынан кешіріп, тек мал бағумен күнелткен. Сондықтан қазақ халқы бала жұбатса да, ойнатса да, еркелетсе де немесе оның жақсы қасиеттерін бағалағысы келсе де өзі кәсіп еткен малдардың төлдеріне теңеп айтатын болған. «Қошақаным», «құлыным», «ботам», «ақ маралым», «ақ тайлағым», «ақ тоқтым», «марқа қозым» деп отыратын болған. Балаға деген осындай ілтипат оларды мейлінше кішіпейіл, рақымшыл, ұятты азамат болып өсуіне жол ашқан. Балалар мен жасөспірімдер, тіпті жігіт ағасы болған адамдар да өзінен үлкенді атымен атамай, сый-құрмет көрсету үшін «жақсы аға», өнері бар кісі болса «ақын аға», егер өзінен едәуір үлкен болса «көке», «жәке», «ата», ал жасы сексеннен асқан қарияларды көргенде «о, құдіретіңнен айналайын, баба» деп қол қусырып, иіліп сәлем беретін болған.

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс өрі айқын сөйлеуге үйрететін, тілін дамытуға жаттықтыратын жанр да бар. Ол – жаңылтпаш. Бұл жанр тікелей бала тәрбиесіне арналған бай мұра. Мұнда баланы көркем сөзге әуестендіру, соған ба-

ланы еліктіру арқылы үйрететін, жаттықтыратын шеберлік бар. Бұған басында үлкен кісілер де араласады. Баланың тіліне, оның әрбір тәтті сөздері мен тартымды қылықтарына күле отырып, оларды дұрыс сөйлеуге баулиды. Балалардың көпшілігі жеті жасқа келгенге дейін кейбір сөздерді, не бір жекелеген дыбыстарды дұрыс айта алмайды. Кейбір ерке өскен, шолжаң балалар тіпті он жасқа дейін сақаулана сөйлейтіні бар. Міне, осыларды болдыртпау үшін бабаларымыз баланы жас кезінен дұрыс сөйлеуге үйретуді мақсат еткен.

Бала тәрбиелеуде халық өзінде бар барлық асыл сөз, даналық ойларын балаларға, жеткіншектерге арнаған. Өз өмірінің ғасырлық тәжірибесінен алынған асыл ойларын мақал-мәтел етіп, үлгі-өнеге ретінде өмірінің жалғасы болатын баласына, немересіне қалдырып отырған. «Бала – көздің нұры» деп текке айтпаған. Кім болса да өз баласының білімді, өнегелі азамат болып өскенін қалайды, соны арман етеді. Сол арманын іске асыру үшін қолда бар барлық мүмкіншілігін аямайды. «Ақыл – тозбайтын тон, білім – таусылмайтын кен» деп үнемі оның құлағына құйып отырады. Бірақ мұның өзі де еңбексіз, әрекетсіз жайдан-жай қолға түсе қалатын оңай олжа емес екенін де жасырмайды, ашық айтады. Тек қажымай қайрат көрсету арқылы ғана оның үдесіне жетуге болатынын ескертеді. «Өз білмегеніңді кісіден сұра, үлкен жоқ болса, кішіден сұра», қалайда қолға алған ісіңнің үдесіне жет, шыңына көтеріл дегенді насихат етеді.

Ұл бала тәрбиесі

Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы мәдени құндылықтары қалыптасады. Ата-бабамыз ұл баланы ертеңгі абыройлы әке, қадірлі отағасы, елді қорғайтын батыр, би, ақын, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, парасаттылыққа, өнерге, білімге, салт-дәстүрімізді бағалауға тәрбиелеген. Ұл бала – қазақта шаңырақ иесі, ата-ананың өмірін жалғастырушы болып саналады. Қазақ отбасының ерекшелігі – жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемей, алдын кесіп өтпей, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемейтіндігі. Қазақ отбасындағы үлкенді құрметтеу қағидасы жауапкершілік, адамгершілік сезімдерін туғызады. Дұрыс бағытқа бағдарлау көп жағдайда абыройлы әкеге, үлгілі отағасына, қадірлі ағаларына байланысты.

Халқымыз ұл бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Қай халықта болмасын ұл бала тәрбиесі – әке меншігінде. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дей отырып, қазақ отбасында әкелер өзінің білетін бар өнерін ұлдарына үйретіп, оларды шопан, жылқышы, мерген, аңшы, қолөнер шебері, әнші, күйші, яғни «сегіз қырлы, бір сырлы» жігіт етіп тәрбиелеген. Бала ес білгеннен бастап, оның құлағына «сен ертеңгі шаңырақ иесісің, болашақ әкесің, арқа сүйер жарсың, отбасының

асыраушысысың, сондықтан да жаманнан жирен, жақсыдан үйрен» деген сөздерді құйып отырған.

Халқымыз ер баланы 12 – 15 жасынан бастап, оның алдында өмірдің дайындаған талай қиын-қыстау шақтары мен қуанышты сәттері бар екендігін ескере отырып, «Аты аталмаған жігіттен аты аталған төбе артық!» деп намыстандыратын, «Айтсаң, үйде туып, түзде өлетін жігіттерді айт!» деп жігерлендіретін, «Өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар!» деп қанаттандыратын, «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді!», «Ерлік білекте емес, жүректе!» деп қуаттандыратын, «Ақыл жастан, асыл тастан!» деп сеніміне дем беретін. Қазақтың ұлы ойшыл ғұламаларының бірі Ж.Баласағұни өзінің «Құтты білік» дастанында балаға тәрбиені отбасында бер, «ақ маңдайлы ұл-қыз туса, үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма» деп келер ұрпаққа өсиет ете отырып, баланы жас кезінен білім мен өнерге, еңбекке баулу арқылы жаны мен тәні сабақтас жетілген парасатты ұрпақ өсіретінімізді атап көрсеткен.

Ата-анасын аялай, құрметтей білген баладан жақсы азамат шығады. «Әкесін аман сақтап қалу үшін жанын қиған ұлдың өлімі – ең бақытты өлім болып табылады», – деген Баласағұнидың ұстазнамалық тұжырымдамасында осындай керемет ойлар жатыр. Шығыстың басқа ұлт өкілдерінің отбасындағы сияқты қазақта дүниеге ұл келсе, тұқымымыздың жалғасы, шаңырақ иесі туды деп ұлан-асыр той жасау күні бүгінге дейін сақталған.

Дүниеге ұл әкелу, әсіресе, әке үшін зор бақыт, үлкен мақтаныш. Қазақта бір кісі қайтыс болса, артында қалған баласы бар ма еді деген сауалы болады. Бар деген жауап естісе, «орнында бар оңалар» деп бата береді. Отбасындағы ер баланың өз орны бар. Мысалы, тұңғыш ұл – кейінгі іні-қарындастарының қамқоршысы, ата-анасының көмекшісі, оған «Ағасы бардың – жағасы бар» деп арқа сүйенген. Кенже ұл – шаңырақ иесі. Басқа балалар енші алып, бөлек отау құрып жатса да кенже ұл әке-шешенің қолында қалады. «Ұлға отыз үйден тыйым, мың үйден сын» демекші, ер жігітке айтылар сын көп, қойылар талап жоғары. Халықтың дәстүрлі тәрбиесінде осы баға – «жігіт сыны» деп аталады. Қазақ халқының менің ұлым деп мақтаныш тұтар ұлының қандай болу керектігі былай суреттеледі:

а) кескін-келбеті: «Еңсегей бойлы, өткір көзді, кара қасты, кең маңдайлы, қыр мұрынды, кең иықты, жуан білекті, темір саусақты»;

ә) қадір-қасиеті: «Қырандай алғыр, сұңқардай өр, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қасқырдай өжет, жау жүректі, жылқы мінезді, бұландай алып, сауысқандай сақ»;

б) қабілет-икеімі: «Көсем жігіт» – ел басқаратын жігіт, «Шешен жігіт» – дау шешетін тұлға, «Батыр жігіт» – еліне қамқор, жауына алаберен жігіт, «Сері жігіт» – аттың жүйрігін мініп, иттің алғырын ертіп, қыранның қырағысын баптап, ат құлағында ойнап, ер қаруы – бес қаруды сайлап, мың құбылтып ән са-

лып, күмбірлете күй тартатын өнерлі жігіт, «Жомарт жігіт» – дастарқаны берекелі, пейілі кең, өзі жайдары, «Палуан жігіт» – мойыны жуан, жауырыны қақпақтай, бұлшық еті темірдей, қимылы шапшаң, иненің көзінен өтердей епті, алып күш иесі.

Қазақта «Атадан тағылым алмаған ұл жаман, анадан өнеге көрмеген қыз жаман», «Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас» деген ұлағатты сөз бар. Сондықтан ұлттық тәрбиенің бұрынғы әдістерін бүгінгі күн талабы аясында жаңаша қарастырған жөн. Ата-бабамыз жасап, сомдап кеткен жігіттің моделін одан әрі, бүгінгі күннің талабына сай жетілдіріп, өсіп келе жатқан өскелең ұрпағымыздың бойына дарыту, тағдырдың қандай тәлкегін көрсе де, қайсарлығы мен тектілігін жоғалтпаған дана халықтың ұрпағы екендігін ұғындыру, олардың бойына мақтаныш сезімін туғызу ата-ананың бірден бір-міндеті.

Қыздардың – анасына, ұлдардың – әкесіне еліктейтіні анық. Ұл бала әкесіне ұқсас болғанын қалайды. Ұл үшін әкесінен асып түсер мықты адам жоқ. Қазақта үстелдің төрінде әкенің тұрақты орны бар, оған басқа ешкім отырмайды. Балалары әкесі наннан ауыз тигеннен соң тамақтануға кіріседі, сосын әкелерінің ас қайыруынан соң ғана орындарынан тұрады. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы азамат болса: оның

әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой деп мақтайды. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз».

Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан оң моральдық-психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді. Қазақта ұлдар әкесі немесе атасының бойындағы жақсы қасиеті пен өнерін үйреніп өскен. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр.

Қазақ халқының әріден келе жатқан мәдениетін және білім, тәлім-тәрбие беру жүйесінің негіздерімен жан-жақты танысу бүгінгі күннің басты бағдары, талабы десек те болады. Көне заманнан келе жатқан таным-түсінік, әдеп-тағылымдарын ұғыну, білу және өмірге үйлесімдерін қажетке жарату – жастардың туған халқына деген құрметінің артып, өнегелік тәрбиеміздің рухани түлей түсері даусыз. Былайша айтқанда, елінің өткен жолы мен сан қатпарлы болмыс-білімін ұғыну кейінгі ұрпақтың туған халқына деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімінің зор қарқынмен жетіле түсуіне жан-жақты ықпал етпек.

Қыз бала тәрбиесі

Ұлтымыз бала тәрбиесінде қызды өсіріп, тәрбиелеуге ерекше көңіл бөліп отырған. «Баланы жастан» деп қыз балаға қаршадайынан жан-жақты орнықты тәрбие беруге тырысқан.

1. Алғашқы бағып-өсіру тәрбиесі:

1) бала шыр етіп жерге түскеннен бастап, аналық мейріммен емізіп тамақтандыру, 40 күнге дейін тұз қосқан суға шомылдырып, етін шынықтыру, аяқ-қолын созып, «өс-өс» деп сүйектерінің қыңыр-қисық болып қалуынан сақтандыру;

2) қыз баланы 2–3 жасынан немесе тіл шыққаннан бастап сөйлетіп, тәй- тәйлей қолынан жетелеп, қаз тұрғызып, өздігінен жүруге талпындыру.

2. Еңбекке шынықтыру тәрбиесі:

1) қыз балаға 6–7 жасынан бастап жеңіл ыдыс-аяқтарды жуғызу, үй сыпырту, мосыға немесе ошаққа шәугім іліп, шай қайнату, шамасына қарай көрпе, жастық, киім-кешек жаю сияқты әртүрлі үй жұмыстарына бейімдей отырып, кішкене істен, үлкен іске қарай біртіндеп жетелеп, қағылез, пысық, іскер, еңбекшіл болуға баулу;

2) 8 жасынан бастап жоғарыдағы жұмыстарды өз еркімен істейтін әдет қалыптастыру, қазанға сүт пісіру, жеңіл тамақ істеу, нан илеу, нан жаю, нан дөңгелектеу сияқты жұмыстарды игерумен қатар, кір жуу, шай құю, ыдыс-аяқ жинау, оларды жуып-тазалау, ыдыс-аяқты жинағанда, жуғанда дауысын қатты шығармау, бәрін еппен істеуге үйрету;

3) 15 жасынан бастап мал сауу, сауып алған сүтті пісіріп, ірітпей айран ұйыту, қаймақ түсіру, кілегей-қаймақты шайқап сары май шығару, құрт жасау, ірімшік қайнату, қымыз ашыту, отын бұтау, от жағу, бұзау, қозы, құлын байлау істеріне жаттықтыру;

4) 14 – 15 жасынан бастап-ақ ұршық ұстап, жіп иіру, біз ұстап, кесте тігу, ине ұстап, киім тігуге икемдеу, анасы өзі бастап тақия тігіп, оған өрнек салу, аяққап, жүкжабу, сырмақ, тұскиіз тігу, үй жиһаздарын әшекейлеу, сәндеу арқылы қолөнерге баулып, оларды дәстүрлі салтқа айналдырып, шеберлікке талпындыру;

3. Әдеп-иба тәрбиесі:

1) қыз баланы 3 – 4 жасынан әдептілікке бағыттап, оған ұзын көйлек кигізіп, етегін жауып жүруге әдеттендіру, ар-ұят дегеннің алғашқы белгілерінен түсінік беру;

2) тілі шыққаннан бастап әдепті сөйлеуге, яғни, бәдік, ерсі сөздерді аузына алмауға дағдыландыру, құлағын тек жақсы сөздерге үйрету;

3) 8–9 жасынан бастап үлкендердің алдында өрескел сөйлемей, сөз таластырмау, қарт кісілердің алдын кеспей, қонақтармен бір дастарқанда отырғанда тамақты асықпай-аптықпай ішу, орынсыз күлмей, жөн-жосықсыз әңгіме айтпау, есікті қатты ашып-жаппау, ыдыс-аяқты салдырлатпау, жасы үлкендерге «сіз» деп сөйлеу сияқты ибалық жолына түсіру;

4) аяқ астынан үйге үлкен кісілер, сыйлы қонақтар келіп қалса, ішке кіруге ұсыныс жасау, олармен сәлемдескенде бәсең дауыспен, сыпайы амандасу, қонақтар отырар алдында төрге сырмақ, көрпе салу, анасы жоқта келген меймандарға шай қайнатып, дастарқан жаю, шай құйғанда етегін жауып, қырын отыру, үйдегі кішкентай балаларға қонақтардың көзінше ұрысып-жекімеу секілді қарым-қатынасқа баулиды;

5) 13 жасынан бастап қыз баланың ата-анасының мақұлдауынсыз өз бетімен қыдырып кетпеу, түрлі жұмыс бабымен немесе туыс, дос- жарандарға қыдырып қайту үшін басқа ауылдарға барғанда таза, ұқыпты киіну, барған үйінде өзін салмақты ұстау, орынсыз сапылдап сөйлеп, саңқылдап күлмеу, өрескел сөз айтпау, өсек-аяңға араласпау, ерсі қимылдар жасамау, әсіресе, сол үйде қонып қалғанда, ерлер жатқан үйден басқа жаққа жату, далаға шыққанда жалғыз шықпау сияқты тәртіп-тыйымдарды құлағына құяды;

6) үйден шалғай жаққа барғанда, бейтаныс ер балалармен бірге жүрмеу, орынсыз араласпау, алдауына түсіп қалмау сияқты сақтық шараларын ұстануды қатаң тапсырады.

Ал енді қыз бала бой жетіп, тұрмыс құрар шаққа жеткенде лайықты жар таңдай білуге ақыл-кеңес беріп, дұрыс бағыт сілтейді. Мұндайда әке, қызын шешесінің тәрбиесіне тапсырып, сырттай бақылаумен шектеледі. Алайда қажет деп тапқан

кезде қызына анасы арқылы өз ойын, талап-тілегін жеткізеді.

Әрине, жоғарыда қыз баланың тәрбиесіне байланысты айтылған ғұрып-дәстүрлер өзінен-өзі орындала кетпесі және белгілі. Бұларды жүзеге асыру үшін ерінбей-жалықпай үйретіп, көп тер төгуге тура келеді. Жалпы, қыз тәрбиесінде, әсіресе, ананың өз іс-әрекеті көп жағдайда үлгі-өнеге болмақ. Сол үшін де «шешеге қарап қыз өсер» деп айтылған. Сондай-ақ, «қыз ақылды өсе алмас, ана үлгісін көрмесе» дейді халқымыз. Сондықтан да қызының болашағын ойлаған аналар көп жағдайда өсіп келе жатқан перзентіне өз басын үлгі етеді. Айтқан ақыл-кеңестерін ең алдымен өзі орындап, өзі үлгі болады. Ал мұның өз кезегінде оң нәтиже берері даусыз. Бұл қазақ аналарының сан ғасырлық өмір тәжірибесі арқылы дәлелденген қапысыз ақиқат шындық.

Ұлттық ойындар

Дәстүрлік таным-түсініктен туындайтын қазақ халқының ұлттық ойындары – баланы іс-әрекетке, адамгершілік әдептерді игеруге, ақыл-ойын жетілдіруге, отансүйгіштікке баулуда, салауатты өмір сүруге тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Балалар ойындарында жас ерекшелік, физиологиялық дамуына үйлесімді қимыл-қозғалыс, тіл ұстарту, сөздік қорды молайту жағынан өте бай және педагогикалық заңдылықтар тапқырлықпен үйлесімді қиыстырылған. Ежелден «Адам ақылымен сымбатты» деп білген халқымыз тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған ұлттық ойындарды бала тәрбиесіне лайықтап, шебер пайдалана білген. Балаларға арналған ойындарды тәрбие мәселесінен бөліп қарауға болмайды.

Қазақ халқымен бірге жасап келе жатқан ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізінен екі жауапты қызмет атқарады: біріншіден, жаттығулар жасап, ұлт ойындарын ойнаған кезде дене дамуы жақсарса, екіншіден, ұлт ойындарының мазмұны ұлттық әдет-ғұрпымызды қастерлеуге талпындырады. Балалар ойынының қай-қайсысында да мазмұнына қарай өлең, тақпақ, ән араласады. Тіпті оның тікелей мазмұнында кездеспегенмен жеңіліс тапқан топ ән айтып немесе би билеп, күлдіргі әңгіме айтып, айыбын өтеуге тиіс. Бұл – ұлттық ойындағы басты ерекшелік.

Ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық

ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.э.д. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамымыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады. Бұлардың көбісі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізділген.

Ал «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған».

Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналып, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширектіріп, шынықтырады.

Аңға байланысты ойындар: «ақсерек-көксе-рек», «аңшылар мен қояндар», «қас-құлақ», «ордағы қасқыр», т.б.

Малға байланысты ойындар: «аларман (қойға қасқыр шапты)», «асау көк», «бура-қотан», «көк сиыр», «соқыр теке», «түйе мен бота», т.б.

Зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар: «айгөлек», «айдапсал», «атқума», «аударыспақ», «балтам шап», «бөріктастамақ», «бұғынай», «бұғыбай», «бұқатартыс», «жасырынбақ», «жаяу жарыс», «көкпар», «көрші», «күрес», «қарамырза», «қассың ба, доссың ба», «қындықсандық», «орын тап», «отырмақ», «санамақ», «сұрақ-жауап», «тасымақ», «тасымалдау», «тең көтеру», «тымпи-тымпи», «ұшты-ұшты», «үй үстіндегі кім», «шымбике», т.б.

Енді сол ойындардың кейбірінің ойналу ережелеріне қысқаша тоқталып өтейік.

Омпы. Ойын командалық есепте өткізіледі. Диаметрі 10 м шеңбер сызылады. Шеңбердің ортасына әр ойыншы өзінің асығын тігеді. Асықтардың қақ ортасына бір асықты омпасынан тігеді. Әр ойыншының кеудесінде нөмірі болады.

Ойынның атыс кезегін анықтау үшін төреші жеребе тастайды. Команда ойыншылары белгіленген нөмірінің жүйесімен шеңбер сызығынан 2м қашықтықта қатарға тұрады.

Шеңбер ішінде, асықтың жанында тұрған аға төреші ойын басталғандығын хабарлайды. Хатшы-төреші ойыншыларды бірінші нөмірінен бастап асық атуға сөреге шақырады. Асық атуды әр команданың бірінші нөмірлі ойыншылары бастайды.

Ойын барысында ұстанатын ереже:

1. Әр ойын сайын команда ойыншылары көнге өз асықтарын тигізсе – 5 ұпай, асыққа тигізсе – 1 ұпай алады. Асыққа тигізген ойыншы атуды тимей қалғанға дейін жалғастырады. Егер ойыншының сақасы асыққа тимей, алшысынан түсетін болса, онда ату кезегін қайталайды.

2. Жарыс команда санына байланысты топтарға бөлініп, айналым жүйесімен өткізіледі. Атып алынған асық және омпы қайтадан тігілмейді. Жарыстың жеңімпазын анықтау үшін мәрелік ойында бірінші орын алған командалар өзара айналым жүйесімен қайта ойнайды. Екінші орын алғандар өзара, үшінші – өзара, төртінші... т.т. ойнайды.

3. Мәрелік ойынға дейін командалар бірдей ұпай жинаған жағдайда, сол командалардың арасындағы ойын нәтижесі алынады. Бірдей болмаған жағдайда, артықшылық омпыны алған командаға беріледі. Егер команданың ешқайсысы омпыны атып алмаған жағдайда, бұл екі команданың арасында ойын қайта өткізіледі. Топтағы жиналған ұпай саны мәрелік ойындарда есепке алынбайды.

4. Әр ойын алаңында аға төреші, төреші және хатшы қызмет етеді.

Алшы. Жарыс жекелей есепте өтеді. Көнге әр ойыншы бір асықтан тігеді де, төреші сақаларды иіріп, ойыншылардың кезегін анықтайды. Бірінші кезек алған ойыншы сақасын көннен алыстау жерге иіреді, себебі сақасы «тәйке» түскен жағдайда оны ойыннан шығару үшін, өзінен кейінгі кезектегі

ойыншы көннен тұрып сақасын атады. Егер тигізсе, алдыңғы ойыншы ойыннан шығып қалады. Ал тигізген ойыншы көннен бір асық алады да, сақасы түскен жерден өз кезегі келгенде көндегі асықты атады. Келесі кезектегі ойыншы сақасын иіреді. Егер сақасы «алшы» түссе, көннен бір асық алады да, өз кезегі келгенде, сақасы жатқан жерден асықты атады.

Егер бірінші кезектегі ойыншының сақасы «бүк» не «шік» түссе, сақасы орнында жата береді де, келесі кезектегі ойыншы сақасын иіреді. Ойын осылай жалғаса береді. Мәселен, соңғы ойыншының сақасы «тәйкесінен» түссе, онда бірінші кезектегі ойыншы оның сақасын өз сақасының орнына атып, тигізсе бір асығын алады да, сақасы түскен жерден өз кезегіндегі асықты атады, тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады. Ойыншылар асықты атқан кезде сақасы мен асығы бірдей жағдайда «бүк-бүк», «шік-шік», т.б. түскенде немесе сақасы «алшы» түскенде ғана атқан асығын алады. Егер атқан асығын иесі ала алмаса, келесі кезектегі ойыншы міндетті түрде осы асықты атады.

Хан. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынға қатысушылар өзара келісім бойынша әрқайсысы бестен немесе оннан ортаға асықтарын шығарады да, солардың ішінен біреуін «хан» сайлайды. Сосын кезекпен барлық асықты жинап алып, қос қолдай иіре шашып тастап отырады. Кейде «хан» көп асықтың астына басылып, көрінбей қалуы мүмкін. Мұндайда асықты иіруші:

«Ханды қара басты!» деп жариялайды. Сол сәтте ойыншылар асықтарды бас салып, талап алады. Ал егер «хан» бөлек ашық жатса, онда иірген бала «ханмен» басқа асықты ата бастайды. Мысалы, «хан» бүк түссе, онда «ханмен» бүк жатқан асықты, шік түссе, шік жатқан асықты ату керек. Осылайша ойын жалғаса береді. Ойынның шарты бойынша «ханмен» асықты атқан кезде басқа асықтарды қозғауға болмайды. Сөйтіп, кезек алған ойыншы ойын шартын бұзғанға дейін немесе «ханмен» ататын асық болмай қалғанға дейін атып, ұтқан асықтарын жинап алады. Ортаға салынған асықтар таусылғаннан кейін ойнаушылар қайтадан асықтарын шығарып, ойынды жалғастырады.

Бұл ойын негізінен ептілік пен шапшаңдықты, байқағыштықты аса қажет етеді.

Кетсін бір. Ойынға қатысушылардың саны екіден аспауы керек. Екеуі сақаларын қосып, кезектерін анықтау үшін иіреді. Сосын бірінші кезек алған ойыншы қарсыласының сақасын атқан кезде шамасы келгенше алысқа ұшыруға тырысады. Сөйтіп, сақаның алғаш жатқан жерінен ұшып барған орнына дейінгі арақашықтықты табан ұзындығымен өлшейді. Яғни қанша табанға ұшырса, келісілген шарт бойынша сонша асығын алады. Мысалы, ойыншылар үш табанға бір асық немесе табан басына бір асық деп келісулері мүмкін. Бірінші ойыншы ұтқан асығын алып біткен соң, сақа атуды екінші ойыншы бастайды. Ойын осылайша жалғаса береді.

Алтыбақан. Жастардың кешкілік бас қосып, ән айтып, домбыра тартып, қыздар-жігіттер болып айтысып, бір-бірімен әзілдесіп көңіл көтеретін ойынауығы.

Ақшамшық. Қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны кей жерлерде «сақина салу», «сақина тастау» деп те айтады.

Аударыспақ. Қазақ, қырғыз халықтарының арасында кең тараған ойын. Атқа мінген екі жігіт жекпе-жекке шығып, бірін-бірі аттан аударып тастауға тырысады.

Соңғы кезде қалыптасқан ойындар: әріп таңдау, бригада, мейрамхана, нөмір, пароль, пошта, сымсыз телефон, сыңарын табу. Бұлардың ішінде бірқатар ойындар спорттық, той ойындары болып саналады. Ал енді, қазақтың ұлттық ойындарының ішінде «қуырмаш» тәрізді жас сәбилерге арналған да ойындар бар.

Ат сайысы. Бұл спорттық ойын. Оның «ат омырауластыру», «аударыспақ», «жорғажарыс», «көкпар тарту», «теңге ілу», «қыз қуу», «қыз жарыс», «сайыс», т.б. түрлері бар. Олар үлкен тойларда ұйымдастырылады. Сайысқа түсетін аттар алдын ала жаратылады.

Қыз қуу. Ұлттық ат спорты ойыны. Қазір бұл ойынның тұрақты ережесі жасалып, бір жүйеге келтірілді. Қазақстанда «қыз қуудың» алғашқы спорттық жарыстары 1923 жылы өткізілді. Содан бері мерекелік бағдарламаларға енгізіп келеді

Көкпар. Этнографтардың айтуынша, әуелгі

атауы «көк бөрі» сөзінен шыққан. Бұрындары мал баққан көшпелі халықтар көк бөріні соғып алғанда, өлігін ат үстінде сүйрелеп, бір-бірінен ала қашып, маз-мейрам болған. Кейін ол ұлттық ойынға айналған. «Көкпар» Орта Азия халықтарының да сүйікті ойыны. Ол жаппай тартыс және дода тартыс болып екіге бөлінеді. 1949 жылы елімізде көкпар жарысының жаңа ережесі бекітілді

Тоғызқұмалақ. Бұл ақыл-ойдың ойыны. Соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. «Тоғызқұмалақ» өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын.

Қазіргі таңда республикада оның жеке қауымдастығы бар, облыс орталықтарында «тоғызқұмалақты» үйренемін деушілерге қауымдастықтың бөлімшелері мен үйірмелері ашылған.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бері «тоғызқұмалақ» ойыны да жылдан жылға дамып келеді. Бұл жерде жаңа құрылған Тоғызқұмалақ федерациясының ықпалы зор болып отыр. Бүгінгі таңда осы қауымдастықтың арқасында елдің түкпір-түкпірінде үйірмелер ашылып, «тоғызқұмалақтан» жарыстар жиі өткізіліп келеді.

Соңғы уақыттарда әлемнің көптеген елдерінде «тоғызқұмалақ» жақсы насихатталып жатыр. Мәселен, Моңғолияда «тоғызқұмалақтан» мектеп-

аралық олимпиада өтеді екен. Қытайда, Қарақалпақстанда ғылыми зерттеу еңбектері мен арнайы кітаптар көптеп шығуда. Сондай-ақ, көршілес Алтайда, Қарашай-Шеркеште, Сахада үйірмелер ашылып, Еуропаның біраз елдерінде «тоғызқұмалақтан» жарыстар өткізіліп жатыр.

Жалпы, қазақтың ұлттық ойындары ерлік, ежеттік, батылдық, шапшаңдық қасиеттерімен қатар, әділдік пен адамгершіліктің жоғары ұстанымдарына негізделген. Өйткені, ойынға қатыспай жатып-ақ оған күн ілгері көп адамдардың тер төгіп, еңбек етуіне тура келеді. Мысалы, «бәйгені» алайық. Ол үшін алдымен оған қатысатын атты таңдап алады. Ол атты баптап, бағып-күтуге тура келеді, оның ішетін суы мен жейтін жеміне дейін қатаң қадағалауда болады. Бәйге атын баптаушылар түн ұйқысын төрт бөліп, ауыр бейнет кешеді. Сондықтан қазақтың ұлттық ойындарын тек сауықтық шара деп емес, оны – спорт, оны – өнер, оны – шаруашылық-тәжірибелік маңызы бар үлкен тәрбие құралы деп бағалауымыз керек.

Көшпелі қазақтардың өмір-салты денсаулыққа аса зор мән берген. Атқа міну өнері жас баланы сезімі мен денесін жаттықтырудың басты және ортақ дәстүріне айналды. Бозбала да, қыз бала да жастайынан аттың құлағында ойнауға бейімделді, соған тырысты.

Ұлттық ойындар арқылы салауатты өмір сүруге тәрбиелеудің бірқатар мүмкіндіктері бар:

1) ұлттық ойын бала денесінің дұрыс қалыптасуына мүмкіндік туғызады;

2) ұлттық ойын баланың тек денесін ширатып, денсаулығын жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар мектепте алған білімдерін толықтыра түсуіне көмектеседі;

3) ұлттық ойын арқылы баланың ойлау қабілеті дамиды;

4) ұлттық ойын шыдамдылыққа, төзімділікке үйретеді, т.б.

Ойын-сауық тәжірибе мен тәсіл еркіндігі, тапқырлық пен болжамның қиылысатын шебі, мұрат пен меженің тоғысқан шеңбері. Жарыссыз – ойын, ойынсыз әзіл-қалжың болмайды. Ойын-сауық қара күшінді көрсететін озбырлық немесе біреудің намысын қорлайтын қастандық емес. Ой өтімділігі мен сөз өткірлігі, әбжіл қимыл-әрекеттер баланың асқан шеберлігін, озық тәжірибесін еріксіз мойындатып жатады. Әділ ойын өзіңе адал серік таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Өйткені ойын үстінде адам қарсыласының олқы тұстары мен оң жақтарына ерекше мән береді. Оның олқы тұстарына бас шайқап, оң жақтарын өзіне үлгі тұтады. Ендеше жас ұрпақтың тұғыры мықты болып, дұрыс бағытта жетіле беруіне ұлттық ойындардың ұмытылмай ойналып тұруы да өз үлесін қоса бермек.

Өлшем бірліктері

Ғылым мен техника дәуірлеген бүгінгі таңда еліміздің болашағы, халқымыздың тірегі болар ұрпағымызға сапалы да нәрлі білім берумен бірге ұлттық тағлымдарды бойына сіңіре тәрбиелеу басты міндет. Физиканы және математиканы оқыту кезінде халқымыздың ұлттық ерекшеліктеріне көңіл аудара отырып, математикалық білімінің өмірде қолданылуы басым келетін құнды тәлімдерін пайдаланған абзал. Өмірде қолданылуы басым дейтініміз – халқымыздың этноматематикалық білімі өскен ұясынан, баққан малынан, еккен егінінен, түрлі жасаған қолөнер бұйымдарынан, салған әні мен күйінен, яғни күнделікті өмірінен бастау алып дамуында.

Қазақтың барлық сөзінің шегі, өлшемі болған. Адамдар әрбір өлшемнің атқаратын міндеті бар екенін білген, сөйтіп оны ішкі рухани салмақтың сыртқы көрінісі деп қараған. Заттың сыртқы өлшемі, оның биіктігі мен тереңдігі, қаттылығы мен жұмсақтығы – бәрі түйсікке әсерін тигізетін құбылыстар. Мөлшерсіз дүние жоқ. Өлемнің де, табиғаттың да өзіндік жарасымды өлшемі, мөлшері бар. Өлшем – өндірілетін өнімдердің, күнделікті тіршілік-тұрмысқа қажетті заттардың сандық және сапалық көрсеткіші. Өлшемнің ұзындық, қалыңдық, көлемдік, сондай-ақ, жол сапарға байланысты қашықтық мөлшері бар.

Ата-бабамызда қазіргі замандағыдай дәл өлшейтін аспап-жабдықтары болмаған. Сондықтан да ертеде мөлшер негіздеріне қоршаған орта көріністері, төңіректегі табиғи заттардың бүтін бітімі немесе бөлігі, еңбек құралдарының үлгісі, мал өрісіне байланысты көші-қон шегі, т.б. құбылыстар алынған. Рас, ертеде ата-бабаларымыз қолданған өлшем бірліктерінің атаулары бүгінгі ұрпақ құлағына жат естіліп, ұғымына қабыспауы мүмкін. Әйтсе де кешегі өткен жол – тарихи тәлім, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге екенін ұмытпағанмыз жөн.

Енді кеңінен тараған негізгі өлшем бірліктеріне назар аударайық.

Салмақ өлшемі

Батпан – 300–450 кг

Дағар – 100–130 кг

Найза қап, қанар – 70–80 кг

Бір қап – 50–60 кг

Бір арқа (жүк) – 45–50 кг

Қоржын – 40 кг

Пұт – 16 кг

Бір жамбы күміс – 6 кг

Бір пітір (бидай) – 3 кг

Келі – 1 кг

Бір қадақ (шамамен) – 400 г

Бір ширек шай (шамамен) – 250 г

- Бір әшмөңке шай (шамамен) – 50 г
- Бір таймөңке шай (шамамен) – 25 г
- Бір қайнатым шай (шамамен) – 6,5 г
- Бір шөкім тұз (шамамен) – 12,5 г
- Бір мысқал – 5 г

Қашықтық өлшемі

- Ара қоным жер – 200–250 км
- Күншілік жер – 90–100 км
- Түстік жер – 30–40 км
- Ат шаптырым жер – 20–35 км
- Бір көш жер – 10–15 км
- Құнан шаптырым жер – 8–10 км
- Қозы көш жер – 6–7 км
- Қой өрісіндей жер – 5–6 км
- Тай шаптырым жер – 4–5 км
- Бір бауыр жер – 4–5 км
- Көз ұшындағы жер – 2,5–3 км
- Шақырым – 1 км
- Дауыс жететін жер – 250–300 м
- «Әй » дейтін жер – 100 м
- Таяқ тастам жер – 10–15 м
- Адым (қадам) – 1 м
- Қол созым жер – 60–80 см
- Қарға адым жер – 30–40 см
- Қамшы салым жер – 50–60 см
- Иек астындағы жер – бір қырдың асты

Әудем жер – тиіп тұрған жер
Қара көрінім жер – 1,5–2 км
Қозы өрісіндей жер – 2–3 км
Аяқ жетер жер – жаяу баруға болатын қашықтық
Ит өлген жер – тым алыс қашықтық
Жер түбі – жаяу жету мүмкін емес қашықтық
Алты айшылық жер – Меккеге қажылыққа барар жол

Ұзындық өлшемі

Құлаш – 1,80 м
Аршын – 75 см
Кез – 50 см
Қарыс – 20–22 см
Сүйем – 17–18 см
Сынық сүйем – 14–15 см
Сере – 10–12 см
Тұтам – 8–10 см
Елі – 1,5 см

Тереңдік өлшемі

Қыл елі
Пышақ сырты (қыры)
Шынашақ
Елі

жарты елі

Бармақ елі

Табан елі

Күрек бойы

Құрық бойы

Кісі бойы

Бұл өлшемдер сөз қисынына қарай (өлшенетін затқа байланысты) тиісінше пайдаланылған.

Оқ бойы (жебе ұзындығы) – 1,0–1,5 м

Найза бойы – 3–5 м

Арқан бойы – 10–12 м

Көлем өлшемі

Ине жасуындай

Түйіршік

Түйір

Алақандай

Жапырақтай

Ат төбеліндей

Ұлтарақтай (адам табанының көлемі)

Табақтай (жалпақ)

Тулақтай – мал терісінің көлемі

Үй орнындай – киіз үйдің ішкі көлеміндей

Бір танап жер – гектардың алтыдан бір бөлігі

Бір мойын жер – жарты гектар

Бір айдам жер – бір гектар

Көлдей – өте көлемді

Саба – 180–200 л

Көнек (бие сауғанда пайдаланылатын былғарыдан тігілген ыдыс) – 15–16 л

Торсық (ешкі терісінен тігілген ыдыс) – 8–10 л

Бір шелек – 12,3 л

Шара – 4–5 л

Аяқ – 1 л

Тостаған – 0,5 л

Ожау – 0,5 л

Қасық – 50 г

Мерзім өлшемі

Бір сәт – 1 секунд

Сүт пісірім – 5–10 минут

Бие сауым – 1,5 сағат

Ет пісірім – 2,5–3 сағат

Бір түн, бір күн – 24 сағат

Апта – 7 күн

Ай – 30-31 күн

Тоқсан – 3 ай

Жыл – 365 күн

Ғасыр – 100 жыл

Бір мүшелмен – 12 жыл

Бір мүшел – 13 жас

Екі мүшел – 25 жас

Үш мүшел – 37 жас

Төрт мүшел – 49 жас

Төсек тойы

Қыз өз үйінің оң жағынан екінші біреудікіне келін болып түскеннен кейін келген жері келіннен алдымен ұрпақ – бала күтеді. Бұл – қазақта бір жылдың ішінде орындалуға мөлшерленетін арман. Осы уақыттың алғашқы үш-төрт айында-ақ әйелдер арасында еркектер жағы көп ести бермейтін сыбыстар басталады. «Пәленшенің келіні төсегімен бірдеме көтеретін түрі бар ма?» деп ауылдағыларды қойып, алыстағылар дәметеді бұл арманды. Ал ене бұрынғы келіндерінен, келіннің абысындары жас келіншектің өзінен «Бойыңа ендігі бірдеме біткен шығар?» деп сұрай бастайды. Бөгделер келін жүкті бола бастаса денесі толып, мұрнына нөқта түсетін шығар деп сырттай бақылайды. Қазақ үшін келіннің төсегімен бала көтермеуі онша жақсы емес. Өйткені қазақ халқы өте балажанды екені белгілі. «Ұл туғанға күн, қыз туғанға ай туады» деп, қызын ұзатқан жаққа да, ұлын үйлендірген жаққа да некеден кейінгі ең керек бақыт – бала.

Сондықтан да қазақ халқы қызының некесі оқылғаннан кейін қызының төсек-орнын (күйеу алғаш жататын күні) екі жастың пәк төсегін жақындарының ішіндегі ең көргенді, көп балалы келінге ырымдап салғызады. Қыздың шешесі дайындалған төсекке келіп аршаның түтінімен ырымдайды. Алла Тағалаға құлшылығын айтып, екі баласын пәле-жаладан аулақ болуын, қосақтарымен бірге қартаюын, бұл төсекке екеуінен

өзге жат-жаланың жоламауын Жаратқаннан тілейді. Осы екі шарт біткеннен соң екеуінің той төсегінде бірге жатуға төсек салған жеңге рұқсат етеді. Бұл тәртіп келін ұзатылып барғаннан кейін күйеубаланың дәл сондай көргенді, көп балалы жеңгесі арқылы және қайталанады. Ондағы ене де құдағиының құлшылығын қайталайды.

Қазақтың тәртібінде жоғарыдағы шарттар орындалмайынша қалыңдыққа күйеубаланың жолауы мүмкін емес. Ал егер бұл шарт сақталмаса, көргенсіздік орын алыпты дейді. Қазақта көргенсіз дегенді естігеннен өле қалған әлдеқайда жеңіл.

Осылайша Құдай қосқан қосағына қосылған зайыбы төсегімен жүкті болуы мүмкін. Міне, осыдан кейін жас келін бойына біткен баланы астыртын етене бір абысынына айтады. Ол енесіне жеткізеді. Денесі толып, өңі нұрланып, беті «кірлеп» жүргенін көрген бөгделер де үлкен үйдегі енеге бұл жақсылықты қуаныш ретінде айтып, ол кісінің болашақ қуаныш үшін бірнеше әйелдердің басын құрап, кішігірім той өткізуін, кәде жасауын қолқалайды. Бұл қуанышты асыға күтіп жүрген ене жар салмаса да сыйлас кісілердің басын қосып, еркектер араласпайтын «төсек тойы» делінетін отырыс жасап береді. Бұл дәстүр бір жағынан жақын арада немерелі болатынының қуанышы болса, енді бір жағынан болашақ немеренің өз ұлынан екендігіне деген сенім. Бұл жақсылық хабарды айта барған әйелге келіннің төркініндегі шешесі кәдімгідей сүйінші береді. Екі құдағидың

арасы осыдан соң тіпті жақындай түседі. «Қатын алма қайын ал» деген осы деп күйеубала да қайын жұртын сыйлай түседі.

Керегеге орамал таңу

Қамқор ене келін түскен кезде-ақ ұл немерелі болу үшін оған ырымдап алғаш сойылған малдың ұлтабарын жегізеді. Ал жүкті әйел болса, біреудің үйіне өз дастарқанынан апарған дәмді «қыз тауып қоям» деп жемейді. Ауылдағы тәжірибелі әйелдер келін бойындағы сол өзгерістен-ақ оның жүкті болғанын сезе қояды. Олар «келіннің құрсағы ақ айранға тойыпты, ақ алғысты болыпты» деп, енесіне тұспалдап жеткізеді. Осы емеуріннен-ақ енесі келінінің бойына бала біткенін біліп, қуанышты хабарды жеткізген әйелге ризашылығын білдіреді. «Келінді атамыздың аруағы қолдап жүрсін» деп ауылдағы үлкен үйдің оң керегесіне ақ орамал таңады, осы «керегеге орамал таңу» жасалғаннан кейін келіннің жүкті екенін бүкіл ауыл біледі.

Құрсақ шашу

Егер жас келіншектің асқа тәбеті шаппай, жиі-жиі лоқсып, құсып жүргенін байқаса, оны қазақтар «жерік болу» деп атайды. Осы кезде оның әлде-бір асқа ықыласы, тәбеті ерекше ауады да тұрады. Енесі ауыл әйелдерін шақырып, қонақ етеді. Осы

кішігірім той «құрсақ шашу» делінеді. Бұл томалаққа жиналған тәжірибелі аналар өз үйлерінен бір-бір дәм пісіріп әкеледі. Оның себебі – келіннің жерік болып жүрген асын тауып беру. Егер осы асы таптырмаса, яки «жерігі қанбаса», ол босанғанша ішкен тамағын құса береді, тамағы бойына сіңбейді. Мұны халық «ит жерік болу» дейді. Ит жерік болып дүниеге келген сәбидің ес жиғанша аузынан сілекейі аққыш болады. Жолбарыстың жүрегіне, аюдың етіне, бүркіттің миына жерік болған әйелдерден болашақ алып батырлар, ерен ойшылдар туатындығы туралы көптеген аңыздар ел ішінде әлі күнге дейін сақталған.

Ене келінге қамқоршы

Енесі аяғы ауырлаған келінінің мезгілімен тамақтануына баса көңіл бөледі, оған көбінесе ақтан жасалған тамақтарын береді. Жазды күні келіннің төбетін ашу үшін жуа әкеліп жегізеді. Далада өсетін жабайы жуа мен ит жуаның көбінесе ит жуасы таңдалады. «Іштегі бала шымыр болсын» деген ниетпен келінге сағыз шайнатады. Жерімізде жиі кездесетін құм сағыз, жер сағыз, қарағай сағыздардың ішінен құм сағыз ғана таңдалып алынады. Мүмкіндіктері болса, тауда өсетін рауағаш, қымыздық теріп әкеліп береді. Рауағашты жесе сәбидің көзі көреген, құлағы естігіш болады, ал қымыздық баланың төбетін ашады.

Болашақ сәби еңбектей бастаған кезде жар жағалап, бор жалап, кесек жейтіні белгілі. Бұл сәби организмінде белгілі бір мөлшерде минералдардың жетіспеуінен болатындығы бүгінгі таңда ғылыми тұрғыдан да дәлелденген. Мұны аңғарған халқымыз ежелден сәби құрсақта жатқанда-ақ алдын ала қам жасаған. Сондықтан судың бұрын иірім болған орнын тауып, осы жерден саздың иісі шығатын қайырым топырағын үйге әкеліп қояды да «баланың сүйегінің қалыптасуына керек, кейін бөпең бор іздемейді» деп мөлшерлеп жегізіп отырады. Құрсақты әйелге көбіне жас сорпа ішкізіп, қызыл ірімшік жегізеді. Халық түсінігі бойынша ақ ірімшік жеген әйелдің баласының сүйегі бос, ал қызыл ірімшік жеген ананың сәбиінің сүйегі берік болады.

Келіннің тазалығына да айрықша көңіл бөлінеді: жиі шомылдырады, жұпар иісті көкемарал (марал оты) шөбін пайдаланады, оның иісі іштегі баланың тыныс мүшелерінің жақсы жетілуіне ықпал етеді. Шомылдырар алдына арша әкеліп түтетеді. Жүкті әйелдің беті жарылып, дақ түспес үшін бие сүтінің көбігін бетіне жағады. Ана тісінің таза болуын да әсте естен шығармайды. Түрлі тамақ қалдықтарынан бөлінетін жағымсыз дәм мен иістер іштегі балаға әсер етіп, оның жүрегін айнытпас үшін күніне екі рет – таңертең және жатар алдында қара жусанның қайнатылған суымен, болмаса қаратікен тұзбен аузын шайғызады. Парасатты ене келінінің

әрқашан көтеріңкі көңіл-күйде жүруін қадағалайды, әзіл әңгімелермен күлдіріп отырады. Арагідік «келін көңіл» деп аталатын жастардың қызықты басқосуын ұйымдастырып, келініне жиі-жиі ән-күй тыңдатқызады. Халықта «екіқабат келін жыласа, оның баласы жасық болып туады» деген түсінік бар. Соны ескеріп, шошынбас үшін қайғылы хабар болса, қашан аман-есен босанғанша, естіртпеуге тырысады. Мезгілімен ұйықтатып, таза ауада мейлінше жиі болып, сергек жүруін қадағалайды.

Әйелдің жүкті кезінде ескерілетін халықтық түсінікке негізделген мынандай ырымдар бар: итке «кет» деуге болмайды, бұл толғақты ауырлатуы мүмкін; арқан есуге болмайды, әйел босанар үстінде бала кіндігіне оралып қалуы мүмкін; тең буып, қаптың аузын жабуға рұқсат етілмейді, керісінше жабулы заттарды ашуға, буулы нәрселерді шешуге болады; түйе етін жеуге болмайды, бұлай етсе жүкті келіншек баласын 9 ай емес, 12 ай көтеруі мүмкін. Бұл ырымдардың түп-төркіні көне наным-түсінікке сенген дәуірге барып тіреледі.

Тәжірибелі енелер алдын ала түсікті болдырмас үшін келіннің етегін бүріп қояды, шошымас үшін далаға түнде ешқашан жалғыз шығармайды. Келіннің мезгілі жақындаған кезде мейірбан енесі оған қара жерді басқызып, «кеудесі түкті Жер-Ана, күш бер, қуат бер!» деп жалаң аяқ жүргізеді. Осы ұстанымдар келіннің күш-қуатын шыңдайды. Босануына үш ай қалғанда «ұзын толғақ» басталады.

Бұл кезде көргені көп енелер «бөпең айдай сұлу болсын» деп айлы түнде келінін көлге шомылдырады. Ай сұлу болғанымен қызуы жоқ, сондықтан шомылған көлдің жағасынан шөп жұлып әкеліп, үйіндегі жанған ошаққа тастайды. Тіліміздегі «Айдай сұлу, оттай жылы болсын!» деген тілеу осы ғұрыпқа байланысты қалыптасса керек.

Босануына екі ай қалған кезде «орта толғақ» басталады. «Босану уақыты мезгілінен бұрын болып қалмасын» деп келіннің қолына кескіш, тескіш құралдарды (пышақ, біз, ара, т.б.) ұстатпайды. Жүкті әйелдің босануына бір ай қалғанда оның «ай толғағы» басталады. Бұл кезде «іштегі баланың еті қызылданып кетеді» деп келініне жас ет жегізбейді, «кіндігіне оралып қалмасын» деп ине-жіппен іс тіккізбейді, «түсік тастайды» деп жүресінен отырғызбайды. Сонымен бірге ел ішінде жас келінді ата-енесі жетелеп апарып, жеті бұлақтың көзін аштыру, бұлаққа май құйып, теңге тастау, бастаудың басындағы әулие ағашқа ақ шүберек байлату секілді сенімдер де бар. Қариялар осындай іс-әрекеттер арқылы «сенің ата-бабаң осы жерден су ішкен, толғатқан кезінде сені демеп, жебеп отырады» деп, келіннің күпті көңілін орнына түсіреді.

Аққол ана

Әрбір ескі қазақ ауылында екіқабат әйелдерді босандыруды машық қылған қолы жеңіл кемпірлер болған. Оларды ел ішінде «аққол ана» (қазіргі акушер) деп атайды. Аққол аналар кез келген келіншектің қай күні босанатынын тап басып біліп отырған.

Тоғыз ай, тоғыз күн

Бір айда отыз күн бар. Оның алғашқы үш күнін «аспанда ай көрінбейтін үш күн, өлі күн» деп атайды да, бұл күндері екі жастың ақ төсекте кездесулеріне тыйым салынады. Бұл – халық есепшілерінің болжауына сүйенген дәстүр. Ал аққол аналардың өзіндік есебі бойынша аяғы ауырлаған әйел жердің әрбір айы 27 күннен тұрады. Әрбір айдың, яғни осы әр 27 күннің басы оның еттектірі келген күннен басталады. Бұл алғашқы айдың өзі үш тоғызға бөлінеді: бірінші тоғыз – «етеккір тоғыз», екінші тоғыз – «арылу тоғыз», үшінші тоғыз – «кездесу тоғыз». Халықтық тәртіп бойынша, «бірінші және екінші кезеңде кездессеңдер екеуің де ауруға ұшырайсындар» деп, олардың кездесуіне тыйым салынады. Халықтық түсінік бойынша, үшінші тоғыздың әр тақ күні неке төсекте тән қосылса, олардан ұл туады, ал жұп күндері – қыз туады. Алғысты ана тал бойына біткен баласын тоғыз ай, тоғыз

күн көтереді. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, әрқайсысы 27 күннен болатын тоғыз айда 243 күн бар. Аққол аналар бұған үшінші «кездесу тоғызын» қосып есептейді. Осыдан келіп тіліміздегі «тоғыз ай, тоғыз күн» тіркесі орныққан. Тәжірибелі ана жаңылмас үшін сол сәтті күннен бастап дорбаға 243 құмалақ салып алады да, осы құмалақтың күніне біреуін лақтырып отырады, осылайша жүкті әйелдің күні жақындаған сайын құмалақ саны да азая береді.

Босануға үш ай қалғанда «ұзын толғағы басталады» деп, келіннің аман-есен босануына дайындық жүргізеді. Толғақ үстінде құйымшақ сүйегі ашылмай қалмауы үшін күнде кешқұрым келінінің құйымшағынан бастап жауырынына дейін бес саусақты батырып, құйрық-маймен сылап-сипайды.

Тәжірибелі аналар «орта толғақта іштегі бала жарық дүниеге шығуға дайындала бастайды» деп есептейді. Анасының құрсағының сыртқы порымына қарап, оның ұл не қыз бала екенін де болжай алады: егер ұл болса, іші кішкене, шошақ, үшкір болып келеді; ал қыз бала домалақ, дөңес бітеді; сондай-ақ, ұл жоғары, ал қыз бала төмен орналасады. Әдетте қимылдағанда қыз бала сол жақтан, ұл бала оң жақтан қозғалады. Ай толғақ мерзімі болғанда іштегі бала жиі қимылдап, анасының екі бүйіріне көп салмақ түсіреді. Толғақ қысқанда әйелдің бір мүшесін ерекше ауырта келеді. Мәселен, оның тісі ауруы мүмкін. Тіліміздегі «Әрбір бала

анасының бір тісін алады» деген мақал осыдан туған. Бұл – «тіс толғақ» деп аталады. Осылайша анасының тізесі ауырып белгі берсе, «тізе толғақ», желкесі ауырса, «желке толғақ», т.с.с. ұшырасады. Ананың ай-күні толып, ай толғақ аяқталар тұста оған арнайы жеке үй дайындалады. От жағылып, су жылытады. Егер күн суық болса, киіз үйдің ішіне құрғақ қи төселіп, үстіне қалың текемет жайылады. Үйдің іші-сырты, дүние-мүлкі мұнтаздай тазаланады. Осы істердің басы-қасында аққол анамен қоса-қабат кіндік шеше ұйытқы болып жүреді. Оларға көмекке көрші-қолаң, абысын-ажындар келеді. Бір кереге мен екінші керегенің арасында әйел толғатқан кезде асылып тұратын арқан керіледі, босағасына қамшы, қылыш, қанжар әкеліп қойылады, өйткені бұрын «бұлар толғаққа кедергі келтіретін албасты, марту, жын-перілерді үйге кіргізбей тұрады» деген сенім болған. Немесе қоңыр аю, жолбарыс, қасқыр терісін әкеліп қойған. Бұл дәстүр «киеміз» (тотем) қолдап, қостасын» деген наным-сенімнен туған.

Аққол аналар бала түсер жолдың аузының ашылуын саусағымен өлшеп көреді. Егер бес еліден асып, жеті еліге жетсе, «бес елі ашылса – белге түседі, жеті елі ашылса – жерге түседі» деп, мезгілі жеттіге санайды. Осы сәтте «оң ба-оң» ырымы жасалады. Келіншекті көрпеге орап алып, бір жағындағылар «оң ба?» деп аунатады, «оң» деп қарсы алған қарсы жақ «оң ба?» деп қайтадан,

кері аунатады. Осылайша үш рет аунатып алған келіншекті көтеріп әкеліп, ергенекке (есіктің маңдайшасына) «оң, оң, оң!» деп үш рет тигізеді. Осылай істесе ғана бала оң келіп, келіншек жайлы босанады деген түсінік бар.

Жарысқазан

Қуанышы қойнына сыймай жүрген көңілі күпті енесі дереу ала қыстай сақтаған жылы-жұмсағын қазанға салып, «жарысқазан» асу қамына кіріседі. Самаурын қойылып, табаққа сүт пісіріледі, үй ішіндегі әбдірелер ашылып, теңдер шешіледі, әдейі арнап түйрелген қарыннан май, қаптан құрт алынады. Ұзын арқанды өткермелеп байлап шығады да, екінші ұшынан оп-оңай тарқатып жібереді. Арша тұтатылып, толғатқан әйелдің басынан айналдырып аластайды, етек жағынан күкірт түтеді. Мұның бәрі толғағы оп-оңай – «әбдіре ашылғандай, тең шешілгендей, түйін тарқатылғандай, шай қайнатымда, сүт пісірімде, ет піскенше, жарысқазанмен бірге жарыса тез босансын» деген ниеттен туған салт.

Әйелдің толғағы жиілей бастағанда, ауылдың әйелдері үйдің ішіне қара ала арқан керіп, оған әйелді мықтап ұстатып, өздері етектеріне сүрініп айналасында болады. Кемпірлер толғатып отырған әйелден білген көмектерін, тәжірибелерін аямайды. Жаратушы Иелерінен жалбарынып, тұс-тұстан

медет сұрайды. Бір-екі бала келсаппен жерді айнала төпештеп «түсті ме, түсті ме!» деп зыр жүгіреді. Қалған әйелдер дүниеге есігін ашқалы тұрған бір жапырақ қазақтың игілігіне бола сойылған малдың етінен босанатын әйелге, жиылғандарға ас дайындап жатады. Мұның аты – «жарысқазан». «Жарысқазан» аталатыны мұндайда аяу, ірку, мөлшерлеу деген болмауы керек. Сондықтан қазандар қатар-қатар қайнап жатуы шарт.

Егер әйел босана алмай, қатты қиналса, «бел тарту» әдісі қолданылған. Арнайы шақырылған қарулы ер адам толғатқан әйелдің белін қапсыра құшақтай, ішін төмен басып, босануына көмектеседі. Ал бала көлденең келсе, жаңа сойылған малдың ішегін қолына теріс айналдырып киген аққол ана қол салып, түзетіп жіберетін болған. Кейде баланың теріс келуі де мүмкін. Мұндай жағдайда толғатқан әйелді арқанға екі аяғын жоғары, басын төмен қаратып асып, әйелдің ішін қолмен сылау арқылы баланы оңдап, оп-оңай босандырып алатын.

Кіндік шеше

Бала дүниеге келісімен дауысы шығуы үшін құйрығынан шарт еткізіп ұрады да, кіндігін кеседі. Сәбидің кіндігін кескен әйел «кіндік шеше» аталады. Екі жас үйленіп жатқан кезде-ақ кіндік шеше болуды қалап алатын әйелдер болады. Ол үшін алдымен екі жасты арнайы қонаққа шақырып, өз дастарқанынан дәм таттырады. Осыдан кейін екі үй

арасында қарым-қатынас жиілеп жарастық орнайды. Кіндік шешеге біршама міндеттер жүктеледі: жүкті әйелді күту, босану үстінде басы-қасында болу, баланың кіндігін кесу. Ол нәрестеге қырқынан шыққанда киетін ит көйлек тігіп алып келеді, бала ер жетіп, ел қатарына қосылғанша өз назарынан тыс қалдырмай әрдайым қамқор болып жүреді. Халық ұғымында «баланың мінезі кіндік шешесіне тартады» деген түсінік бар. Егер келіншек қиналмай босанса, әйелдер «кіндік шешесінің қолы жеңіл екен» десіп жатады. Бала ер жеткен соң, кіндік шешесінің бар жақсылығын ескеріп, оған «кіндік кесерін» береді, туған анасынан кем көрмей, өмір бойы сыйлап өтеді.

Кіндік кесу

Кіндікті ақ балтамен кесіп, таза жіппен байлайды, түбіне күл себеді. Кіндік кескен балтаны өзге нәрсеге пайдаланбай, сақтап қояды. Байланған кіндік үш-төрт күнде түседі. Ер баланың кіндігін ырымдап, «үй күшік болмасын» деп қырдан асырып лақтырып жібереді, ал қыз баланың кіндігін «үйдің құты болсын» деген оймен от басы, ошақ түбіне көмеді. Сонымен қатар бала кіндігін оқымысты болсын деген ниетпен кітап арасына сақтап қоятын, ат құлағында ойнасын деген тілекпен аттың жалына байлайтын ырымдар да бар. Тіліміздегі «кіндік кескен жер», «кіндік қаны тамған жер» деген қадірлі, қасиетті сөздер осы дәстүрге байланысты қалыптасқан.

Сәби келді

Сонымен бала іңгәлап жерге түсісімен сырттағы екі көзі төрт болып отырған әкеге, қалған еркектерге желаяқ әйелдің бірі барып қыз болса – «кестеші», ұл болса – «жылқышы» деп хабарлайды, сүйінші алады. Ауыл-аймақ бұл күні бір жырғайды, өте-мөте әйелдер жағы. Сүйіншіні қолма-қол бермесе, бара сала жұлып алған тымақ пен кимешекшылауышты қашан аларын алғанша қайтарып бермей, ата-ененің басын тоқырайтып қояды. Сол күні бір әйел балаға кіндік шеше болады да, ол босанған әйелге қалжа әкеледі, жарыс қазанның бір жағында оның да қазаны қайнап, күтімнің бір жағын сол көтеріп жатады. Алдағы шілдехананың жүгіне де ол ортақ болуға міндетті. Баланың әкешесі мұның есесіне оның қалағанын береді.

Жарық дүниеге келген сәбиді емізбестен бұрын, қайнатылған таза суға малынған қасқырдың немесе сырттанның жүнімен ауыздандырады. Жаңа туған нәрестені бірінші рет сабындап шомылдырады. Шомылдырар алдында тілін жұтып қоймауы үшін баланың тілін тартады. Алдымен баланы төбесінен бастап жуады, одан соң судан шошынып қалмас үшін екі аяғын батырып, денесін үйретеді. Алғаш суға түсірілгенде су тимеген жері қалмай, таза жуылуы қатты ескеріледі. Шомылдырған соң кіндік түбіне қойдың майын жағып, байлап, құндақтап анасының жанына жатқызады.

Шілде қағу

Жас босанған келіншекті енесі үнемі қадағалап, жылы киіндіреді, «шілде қағып кетпесін» деп салқыннан қатты сақтандырады. Келіннің бұтына тізе қап, аяғына кебіс кигізеді, қолын суық суға салғызбайды. «Қырық күнге дейін дене судан шошиды» деп шомылдырмайды. Туған әйелдің созылған іші қалпына келуі үшін белін буғызады, «тісі түсіп қалмасын» деп орамалмен аузын буады, суық су ішкізбейді, «шашы түспесін» деп тас қылып өріп тастайды.

Тымаққа салу

Егер бала күні жетпей туса, оны «шала туған» деп, тымаққа салып, адам көзі түсе бермейтін елеусіз бұрышқа, керегеге іліп, орнын жиі-жиі ауыстырып тұрады. Басқа нәрестелерге қарағанда ерекше күтімге алып, жиі-жиі тамақтандырады.

Сүйіндір

Тұрмысқа шыққан қыз балалы болғанда оған қуанып алдымен қыздың анасы келеді, бұл әрбір қыздың анасына міндет. Бұны әрбір қазақ әйелі білуге тиісті. Анасы қызына ақылын айтып, баланың тәрбиесін, қалай күтуін түсіндіреді. Құда-құдағиының қуанышына ортақтасады. Балаға деген жасауын әкеледі. Қызы босанғанда анасының

арнайы келуі, ана болған қызын көру ертеден келе жатқан дәстүр. Мұны «сүйіндір» деп атайды.

Қалжа

Бұл қой сойып, жаңа босанған әйелге берілетін ет пен сорпа. Қалжаны жақын адамдар, туған-туысқан, дос-жолдастар әзірлейді. Мұны босанған әйелге деген құрмет және денсаулығын қалпына келтіру үшін жасалған ас мәзірі деп түсінген жөн.

Бесікке салу

«Кең жайлау жалғыз бесік жас балаға». Бесік – баланың ұйықтауына, таза болуына өте ыңғайлы жасалған. Бесікке ауылдың өнегелі, ұрпағы өсіп-өнген, ел құрметіне бөленген бәйбішеге салғызады. Баланы бесік жырын айта отырып бөлейді.

Әй-әй бөпем, әй бөпем.
Ән айтайын, бал бөпем.
Ән тыңдағың келсе егер,
Және айтайын, жан көкем...
Бөпем менің ай ма екен?
Шекер ме екен, бал ма екен?
Ойнақтап бір бәйгеден
Озып келер тай ме екен?!
Тас бұлақтар тауда екен,
Жас құрақтар сайда екен.
Көлбең-көлбең ұшатын

Көбелектер қайда екен?!
Әлди, әлди, шырағым,
Көлге біткен құрағым.
Жапанға біткен тірегім,
Жаман күнде керегім!..
Қолымыздан іс алып,
Мойынына күш алып,
Бізді бағар ма екенсің?
Құрығыңды майырып,
Түнде жылқы қайырып,
Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болар ма екенсің?
Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдап,
Сөйлегенде сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің?
Кең балағың түріскен,
Ұлы топта күрескен
Палуан болар ма екенсің?
Бал қайнатып, шай ішкен,
Қазы кертіп, жал жеген,
Асты болар ма екенсің?
Ұзақ жасап, көбірек,
Басты болар ма екенсің?
Қарағай найза қолға алып,

Жауға тиер ме екенсің?
Қашқан жаудың артынан,
Түре қуар ма екенсің?
Қуып ойдың жетігін,
Біліп ғылым тетігін,
Ғалым болар ма екенсің?
Еңбек етіп бар елге,
Өнеріңмен әлемге
Мәлім болар ма екенсің?
Көп қиыннан өтерсің,
Мақсатыңа жетерсің.
Ұйықтай қойшы, бөпешім!

Ат қою

Балаға ат қою – қазақта аса салтанатты жағдай. Әдетте ата-анасы әдемі, атақты, құрметті адамдардың атын қоюға тырысады. Сол атқа лайықты болуын қалайды. Атты сыйлы, құрметті адамға қойғызады. Ат қойған адам сәбиге батасын береді. Ат қою кейде қандай жағдайда, жылдың қай мезгілінде сәйкес келгеніне байланысты да қойылады. Мысалы, наурыз айы болса – Наурызбай, ораза уақыты болса – Ораз, Оразалы, айтта туса – Айтбай, Айткүл, шөп шабу кезеңі болса – Шөптібай. Қыздар бірінен кейін бірі өмірге келсе – Ұлтуған, Ұлболсын, Ұлмекен, Ұлжан деп қояды да, артынан ұл келеді деген үмітте болады. Ылғи ұлдар болса – көз тимес үшін Башай, Қосқұлан, Кептер, Күшік, т.б. деп атайды. Дәл осындай дәстүр қазіргі

кезде де жалғасын табуда. Мысалы, көп адамдар Бауыржан, Абай, Сәкен, Абылай, Фариза, Олжас деген сияқты әйгілі кісілердің есімдерін балаларына қояды.

Қырқынан шығару

Қырық күн өткен соң баланы әйелдер суға түсіріп, шашын, тырнағын алады. Суға түсірген әйелдерге сый-құрмет көрсетіліп, рақмет айтылады. Жиналған адамдарды дастарқанға шақырады.

Асырап алу

Баласы жоқ адамдар ерлі-зайыпты біреулердің (көбіне жақын туыстарының) баласын асырап алады, әрине баланың өз әке-шешесінің келісімі бойынша. Жаңа ата-ана балаға ат қойып, елдің алдында оның оң қолына асықты жілік ұстатады. Содан кейін жиналған адамдарға енді өзінің баласы екенін әйгілеп хабарлайды.

Сатып алу

Өмірге келген балалар бірінен соң бірі шетіней берсе, келесі туылған баланы біреуден сатып алады. Мұндайда дүниеге келген сәбидің үйіне бір кісі келеді де: «Сен менің баламды ұрлап алыпсың, бер өзіме!» – деп ата-анасының қарсылығына қарамай, оны тартып алады. Содан бір-екі күннен

кейін өз ата-анасы баланы «сатып алады». Баланы алған кісі сәбиді керегенің астынан береді. Сөйтіп үй иелері баланы «сатып алдық» деп есептейді. Мұның басқа жолдары да бар. Мысалы, бала ұзақ өмір сүру үшін оны жеті кемпірдің аяғының арасынан өткізеді. Жалпы, қазақ халқы бала өсіруді бақыт деп санаған, сол үшін де әрқашан балалы болуды армандаған.

Бауырына салу

Баланы уақытша тәрбиелеу үшін әдетте атасы мен әжесі, жақын туыстары қолдарына алады. Осылай уақытша тәрбиелеу «бауырына салу» деп аталады. Сөйтіп атасы мен әжесі баланы тәрбиелейді. Олар баланың жақсы азамат болып өсуіне зор мән береді. Оның өнегелі адам болып, туған халқының жақсы қасиеттерін бойына сіңіруіне көмектеседі. Есейген соң бала өз ата-анасына қосылуы мүмкін немесе ата-әжесінде қалады.

Шілдеhana

«Жарыс қазанның» арты іле-шала не сол күні түнде, не ертеңіндегі кеште «шілдеhanaмен» жалғасады. «Шілдеhanaға» көбінесе жастар жиналады. Көлігі барлар барынша сән-салтанатпен сәйгүлік мініп, дүбірлі келеді. Бәсіресі, тай-құнаны жоқ балалар үлкендер мінгескен түйенің өркеш ара-

сына, сыймаса мойнына мініп болса да жетеді. Кейбірі тайыншамен, өгізбен жетеді. Келе жатқандар сай-сайды бастарына көшіріп жеткенше ән шырқайды. Жұрттың бас-аяғы жиналған соң ас аяулы, қымыз қысулы болмайды. Аста-төк қошемет көрсетіледі. Өйткені алды «жарыс қазан», жалғасы «шілдеhana» болып жатқан үйде бәрі бар ғой. Жастар таң атқанша айтысады. Домбыра шертіп, ән салады. «Қара жорғаны» билейді. Сұлулығы ауыл-аймақты тамсандырған кейбір арулар отырған киіз үйге кіре алмаған жастар соның айдай ақ ажарын бір көру үшін киіз үйдің үзіктерін тұс-тұстан тесіп сығалайды. Ол түні жастар таң рауандағанша тарамайды. Қайтқанда да әнге басады.

Жастар осындай думанмен отырғанда «шілдехананың» дастарқанын басқарып жүрген әйелдер «қалжаға сойылған малдың омыртқасынан ауыз тимедік, ең құрығанда бірін мұжуға тісіміз тимеді» деп аяқ астынан өкпелейді. Сол үшін іштеріндегі бір шебері он екі омыртқаның етінен бәріне ауыз тигізу керек, мұнтаздай ғып мұжытуы керек. Таптақыр болған омыртқаларды әбден болған соң бір тобылғыға тізіп, үйдің ең бір жоғары жеріне ілу керек. Бұнысы – баланың мойны тез бекісін деген салт. Бұл тізілген сүйек тамда болса төбедегі арысқа, киіз үйде болса уықтың қарымына ілінуі керек. Сол күні әлгі өкпеші әйелдер төрдегі бас пен жамбастан ауыз тимесе өкпелемейді. Ал омыртқаны мұжуға

қатыспаса ат кекілін кесуге дейін барады. Мұның себебі әйел затының бәрі де бала табуға құштар. Сондықтан қалжаның омыртқасынан ауыз тиюді, өздері де осы әйел құсап тезірек босанармыз деп ырымдайды. Болмаса жайшылықтағы омыртқаға қарай ма олар. Қарамақ түгілі «Сүйек-саяқ беріп қорлауын қара» деп лақтырудан тайынбас еді.

Қалжаға арнайы сойылған мал етінің омыртқадан басқасының бәрін босанған әйел өзі жеуі керек. Өйтпесе белі тез бекімейді. Көшпелі тіршіліктің қатты-қайырымына тез қосыла алмайды.

Бесік тойы

Биесі құлындап, сиыры бұзауласса көтен асып, ырым жасайтын тойшыл-думаншыл қазақ сәбиді бесікке салғанда той жасамай, ойын-сауық өткізбей тұра ала ма? Жиған-тергенін халайық пен қонағына ақысыз-пұлсыз шашатын қазақ бесік тойының шығынына мәу демейді. Қайта аз болады, келгендер ренжіп қайтар деп кем-кетік жібермеуге барынша тырысады. Бесікті арнайы ісмер жасайды. Жөргектен шығарып ит көйлек кигізілген сәбиді бесікке ауылдың кез келген әйелі салмайды. Бұған да ел-жұртына аяулы, ұрпақты бір бәйбіше лайық.

Бұрынғы шаман дінінің отқа табынған салты бойынша әлгі бәйбіше темірді отқа қыздыртып сәбидің маңына пәле-жала, жын-шайтан жоламасын

деп бесіктің арқалығын бірнеше жерден қарайтып тұрып қариды. Басқа бәйбішелер қырандай болсын деп бүркіттің тұяғын байлайды арқалыққа, кейбірі тұмар жаздырып тағады. Бұл бесік дегеніңіз баланың тазалығы үшін, көшпелі елдің көші-қоны, ат үсті үшін табылмайтын қолайлы нәрсе. Баланың кәк етуі үшін, кіш етуі үшін түбектен қолайлы нәрсе жоқ. Түбіне күл салынған осы бір киіз түбектің өзі де тым таза.

Бесіктегі бала көбінесе омыраудан шыққанша жатады. Ит көйлегі тозып, қарын шашы алынған бала талпынып, артынан бақа тірсегі бір бүктеліп, бір созылып еңбектей бастайды. Бұл кезде дөңбекшіп бесікке өзінің де жатқысы келмейді. Бала бұл шамаға келген соң бесікті аса қадірлейтін қазақ әдемілеп тазалап, келешек ұрпақ тезірек келсін, енді сол жатады деп үйдің ең бір сенімді жеріне сақтайды. Бесікті қазақ құрметтейтіні, сақтайтыны соншалық, атасы жатқан бесікке немерелері жатады. Әсілі, қазақтың туған жерін алтын бесікке теңеуі осы ардақтаудан шыққан болар. Сондықтан да бесік тойы қазақ өмірінде үлкен орын алады.

Бесікке баланы қырқынан шыққан соң салады. Оған дейін бала жөргекте болады. Өйткені оған ит көйлекті кигізу қиын.

Тұсау кесу

Бала бесіктен шығып, еңбектеуден өткен соң қаз-қаз баса бастайды. Өз аяғымен туған жерінің топырағын басып, із түсіріп, өз көзімен алдына қарап бет алады. Ұядан өз қанатымен қалықтап ұшқан балапандай бала да ең алғашқы тіршілігін бастайды. Мұны ежелден түсінетін қазақ баласының келешегіне ақ жол тілеп, «тұсау кесер» жасайды. Бұған да мал сойып, жұрт жияды. Баланың анасы ала-құла шуда жіптен екі-үш қарыс дайындап, оны ауылдағы ең бір желаяқ пысық әйелге: «Ал, тұсауды сен кес. Өзіңдей пысық болсын!» – деп ұсынады. Ол кісі ала жіпті баланың екі аяғына тұсамысша байлап, сонан соң ортасынан кеседі. Бала анасына қарай тәлтіректей жөнеледі. Міне, осыдан бастап кішкене қазақтың өмір жолының алғашқы ізі жер бетін шимайлайды. «Тұсау кесу» баланың өмір сапары сәтті болу үшін ақ тілекпен жасаған ниеті, Құдайға деген құлшылығы. Осы арада «Баланың аяғында не себепті ала жіп байланады, қара, қызыл, көк жіп неге байланбайды?» деген сұрақ тууы мүмкін. Бұның мәні мынада: қазақ баласын сөзді естіп ұға алатын, айтқанды істейтін кезінен – тұсауы кесілгеннен бастап ұрлыққа, зорлыққа, жырындылыққа барма, жолама деп баулиды. Біреудің ала жібін аттама, бүлінгеннен бүлдірге алма дегенді әу бастан ақ құлағына сіңісті

етеді. Аяқтағы жіптің ала болуы да, оның кесілуі де жоғарыдағыларға жолама, ондайдың жолын қолыңнан келсе кес, дүниенің азы біреудің бір құлаш жібіне, ең құрығанда бұзауға моншақ болар деп қызықпа, тұсауындағы жіпті кескендей ондай арам ой кезіксе бірден кесіп құртуға тырыс дегені. Бұл – екінші себебі. Ал біріншісі – оның алдында айтқанымыздай, баланың келешегіне жол ашу, ақжол тілеу.

Қаз-қаз, балам, қаз, балам
Қадам бассаң мәз болам.
Күрмеуіңді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.
Қаз-қаз, балам, қаз, балам
Тақымыңды жаз, балам.
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.
Қаз-қаз, балам, жүре ғой,
Балтырыңды түре ғой.
Тай, құлын боп шаба ғой,
Озып, бәйге ала ғой.
Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың.
Өмірге аяқ баса бер,
Асулардан аса бер.
Жүгіре қойшы, құлыным,
Желбіресін тұлымың.
Елгезек бол, ерінбе,
Ілгері бас, шегінбе.

Сүндет тойы

Атқа міну жасына толған, яғни үш жасқа толған ұл балаға төн тағы бір той – сүндет тойы. Баланы сүндетке отырғызу қазақ халқы ислам дінін қабылдағаннан соң салтымызға кіріп, кейін келекеле салтымызға мықтап сіңіп кеткен. Білетіндердің айтуынша, бұл өзі адам денесінің тазалығына арналған шаралардың бірі көрінеді. Баланы сүндетке тақ жасында отырғызады. Яғни үш, бес, жеті, тоғыз жаста, бұдан кешіксе он үш жаста. Одан әрі кешіктіруге болмайды. Өйткені шарифат бойынша ұл бала 13 жаста, қыз бала 9 жаста балиғатқа толады дейді. Балиғат жасына толған ұл баланың да, қыз баланың да некелесуіне болады.

Қазақ даласында жиі қолданылып келген сүндетке отырғызу тәсілінің екі түрі бар. Олар: кесу және шету. Кесу көбінесе ес тоқтата қоймаған кішкене балаларға қолданылады да, шету ес кіріп, марқайып қалған балаларға қолданылады. Кесу тәсілін қолданғанда баланың үрпіне қабығы аршылып, әбден кептірілген жіңішке жұмыр ағашты сұғып, үрпінің ағаш сұғылған бөлігін ыстық суға қайнатылған не болмаса отқа қарсаланған өткір ұстарамен айналдыра кесіп алады. Кесілген жерден қан ақпау үшін шөптің немесе ағаш бұтағының салқын күлін кесеге толтырып алып төңкеріп қояды. Кесе сырғып кетпеу үшін оны таза шүберекпен баланың екі санына таңып тастайды. Баланың

үстіне көрпе жауып, жан-жағын қымтап жанында бір ересек кісі отырады. Бала неғұрлым қозғалмай тыныш жатса, салқын тимесе кескен жері тез қара қотырланып, ұзамай жазылып кетеді. Ол үшін баланың сұраған тамағын, жақсы көретін ойыншығын дайындап көз жазбай аңдып отыру ләзім. Мұндай жауапты іске үй-іші, көрші-қолаң түгел араласады. Біреу ертегі айтып алдарқатса, енді бірі өлең айтып көңілін аулайды. Баланың сүндетінің жеңіл болуы, біріншіден, баланың күтіміне байланысты болса, екіншіден сүндет жасаған адамның қолының жеңілдігіне байланысты болады.

Шету – кесуге қарағанда жеңіл. Мұнда баланың үрпін айналдыра кеспейді, тек оның үстіңгі жағын тік тіле салады. Дегенмен, есейіп қалған бала бұғанда көңісі келмей әлек салады. Егер өзін сүндетке отырғызатынын естіп қойса, атқа мініп қашып кетуден тайынбайтын балалар болған.

«Сүндет тойы» думанды тойдың бірі. Мұнда баланы арнаулы «Сүндет ат» деп аталатын атқа мінгізіп, сәндеп киіндіріп, үкі тағып, ауыл-аймақты аралатады, баланың өз аузымен тойға шақыртады. Дәстүрлі салт бойынша ойын-сауықтың бар түрі көрсетіледі. Баласы сүндетке отырғанда ата-анасы «балам мұсылман санатына қосылады» деп қуанады.

Ашамайға мінгізу

Ұл бала қара табан болып жетіге дейін жерден жейтін таяғынан құтылып, кез келген құрай мен шыбықты ат қып айнала шаба бастасымен өзі құралпы қыздардан бөліне бастайды. Есілдерті түзге, малға ауады. Ал қыздар көбелек қуып, қуыршақ жасап, сұлу көрініске үйір болып, үйден ұзамауға тырысады. Қашан да «мал, малды алған соң ал» деп тағдырын малға сүйейтін қазаққа осы малды бағу үшін бала керек. Бала болғанда – ұл.

«Ашамай» – ердің қарапайым түрі. Ағаштан жасалады. Кеңдігі баланың ауына лайық. Алды-артында ердің қасы секілді сүйеніші бар. Үзеңгісі жоқ. Үстінде жұмсақ көпшігі болады. Осыны жуас атқа ерттеп, үстіне баланы мінгізеді. Ауып қалмасын деп басында екі аяғын байлайды. Сонан соң тізгінді балаға ұстатып, біреу атты алдымен арқан бойы жерге, онан соң онан алысқа жетектейді. Сөйте-сөйте баланың өзі жүреді. Бір-екі күннен соң аяқты байламайды. Бала өз бетімен жүреді. Содан айналасы бір жетінің ішінде атқа жақындық қанында бар қазақ баласы ашамайды тастап, ер-тоқымға мінеді. Үзеңгіге аяғы жетпесе таралғыға салады.

Өмірінің қақ жартысы аттың үстінде өтіп, ауы ерде тозатын, қайсар қазақ алғаш атқа отырған кезде «ашамай тойын» жасайды. Бұл той әр әкешенің шама-шарқына қарай болады. Байлар

ірі қара сойып кәдімгідей той жасайды. Кедейлері бүйрегі бітеу, ұлтабары толатындай майы бар лағын сойып, көршілеріне ықылас танытады. Әулеттілер күзде бие ағытып, сірге жияр бергенде бір құлынға ен салып, ашамайға мінген баласына бәсіре атайды. Жоқтар қолындағы бір биесінің құлынын алдын ала атап қояды.

Қазақ үшін алдымен ашамайға, артынан тайқұнанға міну ат жалын тартты деген сөз. Ат жалын тартты деген сөз – азаматтықтың бастамасы. Өйткені қазақ баласы ұдайы жаугершілікте өскендіктен бе, әлде көшпелі өмірдің өзі қалыптастыра ма өмірге ерте бейімделеді. Ерте үйленеді. Мал соңына ерте ілеседі. Бұл тіршіліктің бәрі қазақта атпен бітеді. Сондықтан ашамайға мінгізу ерекше аталады. Осы ашамайға мінгеннен бастап ат құлағында ойнау, кебенек киіп елдің шеті, боранның өтіне шығу, сауыт киіп, садақ ұстап жаумен шайқасу, бәрі-бәрі ашамайға мінуден кейінгілер. Ашамайға баланы мінгізіп, көрші-қолаң, жақын-жуық жиналғанда бұрынғы даналардың көсем сөздері көп айтылады. Осал ынжықтарға ұқсамасын деп үлкендер балаға бата береді.

Тоқым қағу

Ашамайға мінген соң іле-шала бәсіресіне мінген бала бірінші рет үйінен алысқа жолаушылағанда әке-шешесі бір малын сойып, оның «тоқым қағарын» өткізеді. Ал «тоқым қағу» ақ инеттен, адал көңілден атқарылатын ата-аналық парыз. Міне, осыдан кейін қазақ бұл балаға арнайы айылтұрман, ер-тоқым, жүген-ноқта, шідер мен кісен, арқан дайындайды. Былайша айтқанда, бәсірені жабдықтау шарт. Өйткені осыдан бастап баланы баулу, еңбекке тәрбиелеу, анығырақ айтқанда оқыту басталады. Бұрын қазақта мектеп болмаған. Медіресе аз. Надан, балалары тәрбиесіз деп кеудесімен ат басып кете жаздап жүргендер – шетінен дейдала, пілге үргендер еді. Бірақ олар қанша үрсе де түйенің үстіндегі қазақты қаба алған жоқ. «Тоқым қағу» соларға қапқызбаудың, соғысса жеңілмеудің алғашқы сабағы. Біз осы «тоқым қағарға» дейін баланың он жас айналасындағы кезін сөз еттік. Бұған дейінгінің бәрін қазақ балалық кез дейді. Жүген-құрықсыз дербес шақ дейді де, оннан аса еңбек мектебіне кіргізеді, оқытады.

Қыз баланың құлағын тесу

Екі-үш жасқа келген соң-ақ қыз бала өз табиғатына тартып қуыршақ жасап, үй жасап ойнауға әуестенеді. Жылтырауық заттарға, қызылды-жа-

сылды киімге қызығады. Осы тұста қыз балаға арналған жаңа бір қуаныштың сәті түседі. Ол – қызша киіндіріп, құлағын тесу.

Құлағын тесетін күні қыз балаға қос етек көйлек, кестелі қамзол, үкілі тақия кигізеді. Ауыл әйелдері түгел жиналып, ең қолы жеңіл деп танылған әйелге жол береді. Құлақ тесудің де екі түрлі әдісі болған. Оның бірі – күміс инемен тесу, екіншісі – тарымен тесу. Күміс инемен тескенде иненің ұшын қарсалып, әбден салқындаған кезде бала сезбей қалатындай шапшаңдықпен тесіп, орнына жіңішке жібек жіп, не болмаса жіңішке күміс сым өткізіп қояды. Инемен тескен жер әбден жазылып, жіптің не күміс сымның орны бітеліп қалмайтындай болған кезде жеңіл сырға тағылады. Тарымен тесу ұзақ уақыт алса да оны бала қызық көреді, кейде өзі-ақ тесіп тастайды. Ол үшін ақталған тарының екі түйірін құлақтың майлылығының екі жағына тұспа-тұс келтіріп қойып, бас бармақпен сұқ саусақтың арасына салып жайлап уқалайды. Шеміршегі қатпаған уыз ет пен теріні екі түйір тары лезде тесіп шығады. Мұнда құлақтан қан да шықпайды. Тесілген жерге жібек жіп, не жіңішке күміс сым, кейде тіпті жеңіл сырғаның өзін өткізіп тастайды.

Ұл мен қызды ежелден қос көзінің қарашығындай санаған халқымыз қыз балаға арналған бұл қуанышқа ақтарыла қуанып, ұлан-асыр той жасайтын. Бұл қыз баланың өміріндегі өзіне тән дара қуаныштың алды.

Көгентүп

Қонаққа келген туысқандарына, не жақсы дос-жарандарына деген құрметі мен сыйластығы үшін үй иелері олардың баласына құлын, не бұзау, не қозы береді. Бұл «көгентүп» алғаш есік ашқан балаға туыстық қатынасты таныту үшін істеледі.

Айдар қою

Кейбір ата-аналар ұлдарының төбе шашын ұзарта өсіріп, моншақ араластыра өріп қоятын болған. Оны «айдар» деп атаған. Бұл негізінен тіл көзден сақтау үшін ер балаларға жасалған. Кенесарының інісі Наурызбай батырдың ұзын айдары болғаны тарихтан белгілі.

Кекіл

Баланың шашын әдемілеп алып, маңдай тұсына шаш қалдырады, маңдайына сәл түсіріп қояды. Мұны «кекіл» дейді. «Кекіл» ұлбалаға жарасып тұрады.

Тұлым

«Айдар» мен «кекіл» сияқты әдемілеп алып, екі жағынан бірдей желкесіне қарай азырақ шаш қалдырады. Тұлым негізінен қыз балаларға тән, кейде ұлдарға да қояды.

Аузына түкіру

Қазақ халқы өзінің әйгілі батырларын, ақындарын, би-шешендерін өте жоғары бағалай білген. Әрбір ата-ана өз баласының соларға ұқсағанын қалаған. Сол себепті орайы келгенде сондай адамдардан баласының «аузына түкіруін» өтінген. Яғни, баласының бойынан сол адамдарға тән ерекше жақсы қасиеттерді көргісі келген.

Тыйым

Басқа халықтар секілді қазақтарда да тыйым салудың сан алуан түрі болған. Мысалы: тізе құшақтап отырған дұрыс емес, бұл бұдан былай ешкімді құшақтамайсың дегеннің нышаны екен. Үй ішінде ысқыруға, жер таянуға, бүйір таянуға болмайды. Өйткені әдетте сыңарынан не баласынан айырылған әйелдер ғана бүйір таянады. Табалдырықты басуға, жақын адамдарына пышақ, ит сыйлауға болмайды – екі жақ жауығып кетуі мүмкін. Үлкен адамдардың жолын кеспеу керек – бұл әдепсіздікке жатады.

Қозы жасы

Қазақ ұлды оннан асқанда «қозы жасына» келді деп атайды. Бұл шақта баланың міндеті – қозыны бағу. Бұл еңбекке баулудың бастауыш класы іспетті. «Қозы жасы» аталуы да содан.

Кезінде қағаз-қалам ұстап партада отырған оқушысы болмағанымен, өрісте қолына ақ таяқ ұстап, еңбекпен шыныққан баласы бар қазақ бір жағынан зиян тартса, бір жағынан пайда тауып жатты. Түбінде оқу-ғылым теріс емес қой. Бірақ түйенің өзі – түйе, ал құмалағы түйе болмайтынныңдай оқығанның бәрі ойлаған жерден шыға бермейді ғой.

Кей халықтың қозы жасындағылары сары далада сарылып қозы бақпақ тұрғай, жеңіл-желпі киініп есік алдына шықса ауырып қалады. Тұрмысы жайлы үлкен қалалардың биік-биік үйінен басқа ештеңесін көрмеген он жасты қойып, жиырмадағы жігіті ауылға келгенде отын бұта, не ағаш жар деп қолына балта берсең, өмірінде ондайды істеп көрмеген ақсаусақ пақырлар балтаны ағашқа емес, аяғына тигізіп жараланып жатады. Расында, қазіргі жұртқа қозы жасындағы балаға неше жүз қозыны ит арқасы қиянға апарып жаю өте қиын көрінгенімен, ол кезде сол жастағыларға одан жеңіл жұмыс жоқты. Мал бағудың ең оңай жолы – қозы болатын.

Қой жасы

Қозы жасындағы бала он беске – отау иесі делінетін жасқа келісімен бастауышты бітіріп, жоғары класқа көшкен оқушыдай кәсібін ауыстырады. Отау иесі жасындағы бозбаланы қой бағуға

жарамайды деп қазақ ешқашан ойлаған емес. Сондықтан да он бес пен жиырма бестің арасын «қой жасы» деген. Ал сиыр мен түйеге ие болу кәрі-құртаңның сыбағасы. Қазақтың ертедегі ең көп ұстаған малы жылқы мен қой, онан соң түйе. Он бес пен жиырма бестің арасын «қой жасы» дейтіні бір қора қойды ит-құсқа жегізбей, жоғалтпай бағу. Жауын-шашында, боранда аман сақтау, күн шыққаннан қас қарайғанша жалықпай жайып, кең далада жападан-жалғыз жүру, осы жастағы адамның ғана қолынан келеді. Рас, осынау қиындықтарға төзу оңай емес. Бірақ төзбеуге болмайды. Дала тіршілігіне көндігу – бұлжытпай орындалуы тиіс заң. Осы «қой жасынан» тек еті тірілер ғана, өз-өзіне сенгендері ғана «жылқы жасына» өтеді. Емтиханнан өте алмағандары сол қойдың соңында біржола қалып қояды.

Жылқы жасы

Жиырма бес жас белдің бекіп, қабырғанын қатқан кемел кезі. Жаулары жылқысын айдап, қызын алып қашатын ертедегі қазақтың ең үлкен ауыртпалығы мен ең жақсы рақаты да жылқыда болған. Күні де, түні де азапқа толы жылқыны сеніп тапсыру жиырма бес пен қырықтың арасындағыларға ғана лайық. Ат құлағы көрінбейтін боранда тұмсығына оқтаудай мұз қатқан атпен

бірнеше күн жүріп жылқыға ие болу, алдынан тосып, соңынан қалмайтын қалың қасқырға алдырмау, екі күннің бірінде тұтқиылдан лап қоятын жауға қасқая қарсы тұру, тек жиырма бес пен қырықтың арасындағылардың ғана қолынан келеді. Бұл кезді қазақ халқы сондықтан да «жылқы жасы» деген, бейнелеп айтсақ, мұны еңбекке баулудағы жоғары мектеп десе де болғандай.

Патша жасы

Қазақта патша болыпты дегенді естімедік. Кейбір патшаға бергісіз хандардың болғанын екінің бірі – егіздің сыңары біледі. Ал қазақтағы «патша жасы» деген, әсілі, мынадан шықса керек. Жалпы, шығыс мұсылмандары «әлі ақылы қалыптаспаған» деп қырыққа келмегенді қолдарынан келген жағдайда да патша қойғызбаған. Яғни, қырықты «патша жасы» деуді біз солардан үйренсек керек. Негізінен қазақтар қырықты – қынаптан шыққан қылыштай деп ардақтайды.

Жеті ата

Жеті атаға дейін қазақ туыстық қатынасты үзбейді. Сондықтан жеті атаға дейінгі ұл-қыздарға үйленуге рұқсат етілмейді.


Селтеткізер

Наурыз мейрамымен бірге келетін ұлттық салт-дәстүр. Жүрегін махаббат отымен жаулаған ғашығына бұл күні серілеріміз «селтеткізерге» тазалықтың, пәктіктің белгісі ретінде айна, тарақ, иіссу сыйлаған екен.

Ұйқыашар

Бойжеткен қыздар бозбаланы көңілі хош көрсе, таңдаулысына арнап жас малдың етіне уыз қосып, дәмді тағам дайындаған. Астарлы ниетпен пісірілген дәмнің аты «ұйқыашар» деп аталған.

Тұрмыс- салт дәстүрлері





Жеті ата

Жеті атаға дейін қазақ туыстық қатынасты үзбейді. Сондықтан жеті атаға дейінгі ұл-қыздарға үйленуге рұқсат етілмейді.

Селтеткізер

Наурыз мейрамымен бірге келетін ұлттық салт-дәстүр. Жүрегін махаббат отымен жаулаған ғашығына бұл күні серілеріміз «селтеткізерге» тазалықтың, пәктіктің белгісі ретінде айна, тарақ, иіссу сыйлаған екен.

Ұйқыашар

Бойжеткен қыздар бозбаланы көңілі хош көрсе, таңдаулысына арнап жас малдың етіне уыз қосып, дәмді тағам дайындаған. Астарлы ниетпен пісірілген дәмнің аты «ұйқыашар» деп аталған.

Тұрмыс- салт дәстүрлері



Киіз үй

Киіз үй – қазақтардың көшіп-қонуға ыңғайлы баспанасы. Ол тарихымыздағы ең бірінші сәулеттік құрылыс. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Оның қабырғасы торлап көктелген керегеден тұрғызылады. Кереге әдетте екі түрлі болады. Оның бірі кең көзді кереге «желкөз» деп аталады. Бұл артуға жеңіл, бірақ сүйегі жеңіл болғандықтан желге төзімсіздеу болып келеді. Екінші түрі тар көзді кереге – «торкөз» деп аталады, ол артуға ауырлау болғанымен, желге өте төзімді. Кереге жиналмалы бөлек-бөлек қанаттардан жасалады. Ал керегеден жоғары сидам, жіңішке ағаштан жұмырлап жасалып, қарны иілген уықтардан қаусырыла күмбез шығарылады. Уықтардың басы дөңгелене жайылған керегенің аша басына айқастырыла байланып, ұшы (қаламы) шаңырақтың көзіне шаншылады. Шаңырақ – үй күмбезінің төбесі әрі терезесі. Керегенің сыртынан әр алуан бояулы жүн оралып, өрнек түсіріліп тоқылған шымши немесе жалаңаш шиден тоқылған ши ұсталады. Кереге мен уықтар уықбау, кермебау, басқұр, құр және басқа да бау-шудармен бекітіледі. Үйдің ағаштан жасалғандарын «сүйегі» деп атайды. Үй ағашының сыртынан ар-

наулы үй киіздері – қабырғасына туырлық, үстіне үзік, төбесіне түндік жабылады. Бұл үй киіздері бау-шулар арқылы ұштастырылады. Оған ағаштан оюлап жасалған «сықырлауық» деп аталатын жарма есік орнатылады. Сықырлауық сыртынан ораулы шиден тоқып, оюлы киіз қаптаған жаппа есік түсіріледі. Үйдің ортасында тамақ пісіретін ошағы болады. Үйдің оң жағында төсек, оның тұсына тұс киіз ұсталып, төсекті қоршап, шымылдық тартылады. Үйдің төріне жүкаяқ қойылып, оның үстіне абдыра, көрпе-жастық т.б. жүктер жиналады. Үйдің сол жағына кебеже, қазан-аяқ, саба сияқты ыдыстар қойылып, шыптамен қоршалады. Талай ғасырлық көшпелі тұрмыс тәжірибесінен туған қазақтың киіз үйі – күннің аптабы мен түннің дымсызынан, жауын-шашын мен аңызақтан, бораннан сақтануға ыңғайлы, әрі көші-қонға қолайлы, оны жарты сағат ішінде жығып-артуға да, жарты сағат ішінде көліктен түсіріп, тігіп алуға да болады.

Киіз үй жуық шамамен алғанда кейінгі дәуір б. з. б. VIII – V ғасырларда пайда болуы мүмкін. Киіз үй ғұн дәуірінен белгілі. Кейбір ежелгі көшпенділердің тұрақ үйінің көрсетілімдері жартасқа салынған суретте сақталып қалған.

Киіз үй қолданысы мен үй иелерінің дәулетіне қарай әртүрлі болып келеді:

Орда – салтанатты, жоғары мәртебелі адамдар басын қосып, елдік мәселе шешетін немесе аса құрметті хан, би, сұлтандар отыратын үй.

Мұның да бірнеше түрі бар:

Алтын орда – 30 қанаттан (керегеден) тұратын ханның мәжіліс ордасы;

Алтын үзік – 24 қанаттан тұратын аса лауазымды хан отбасы тұратын үй;

Ақ ала орда – 8 қанатты дәулетті бай үйі;

Ақ үй – 6 қанатты дәулетті бай үйі;

Боз үй, қоңыр үй – 4–5 қанатты орташалар үйі;

Қараша үй – кедей үйі;

Отау – жас жұбайлар үйі;

Жолым үй, абылайша, жаппа – уақытша ғана отыратын шағын немесе жартылай тігілетін үйлер;

Күрке, қос – ас сақтайтын, далада малшылар немесе кедейлер тұратын үйлер.

Осылардан байқағанымыздай, Шыңғыс хан дәуіріндегі Ақ орда, Көк орда, Алтын орда дегендердің өзі кеңейтілген киіз үйдің көшірмесі іспетті.

Киіз үй сүйегі (қаңқасы) арнайы ағаш сырықтар мен бұтақтардан дайындалады. Олар желге, жабылатын киіз салмағына, әсіресе кенеттен пайда болатын дала құйынына шыдамды етіп жасалынуы қажет.

Киіз үй формасының дөңгелек түрде алынуы, барлық бөлшектерінің бір-бірімен айналмалы, қозғалмалы (шарнирлі) етіп жалғастырылуы киіз үйді жел екпініне, жер сілкінісіне төзімді етеді және киіз үйдің бұндай қасиеттері кездейсоқ құйын соғып, не қатты дауылға шыдамай құлаған жағдайда үйлерді аз ғана шығынмен қайта тұрғызуға мүмкіндік береді.

Қазақ үйінің киесі шаңырақтан бастау алады.

Шаңырақ – қасиетті. Шаңырақ – күннің символы. Шаңырақ көтеріліп жатқанда ешкім сөйлемейді. Өйткені ұлы іс атқарылып жатқанда үнсіздік орнауы тиіс. «Жеті уық шаншылғанша жетесіз ғана сөйлейді» деген сөз осының дәлелі. Шаңырақтың төрт күлдіреуіші – төрт тарапты білдіреді. Уықтарды күн шапақтары деп ұққан жөн.

Ертеректе шаңыраққа үрлеген қарын байлап қоятын болған. Оның мәнісі, құт құйылады деп есептеген. Шаңырақтың дәл астында ошақ орналасады. Ошақ – адамның оты. Ежелгі түсінік бойынша, шаңырақтың үстінде Алланың оты маздаса, астында адамның оты лаулайды.

Киіз үйдің есігі әдетте шығысқа қаратылады. Бұл – күннің сәулесі үйге бірінші түссін дегенді білдіреді.

Есікке қарама-қарсы бет – төр. Төрдегі адам төрелік айтады. Төрге ақ пен қара түсті сырмақ төселеді. Мәнісі, төр – ақ пен қараның ара жігін ажырата алатын адамның орны. Төрде отырып, билік айтқандар ел билігіне дейін көтерілген.

Сосын қазақ дәстүрі бойынша төрге қыз бала отырған. Өйткені, қыз – қонақ. Мұны бабалардан қалған «Қыз бала – төр иесі, ұл бала – үй иесі» деген сөзден де байқауға болады.

Киіз үйде босаға – екеу. Оң жақ босаға және сол жақ босаға. Сол жақ босағаға кебеже, саба, мес, күбі, т.б. қойылады. Оны «құт босаға» деп атайды. Өйткені аталған ыдыстарға айран, іркіт, қымыз, шұбат, т.б. құйылады. Демек, сол жақ босаға –

әйелдің символы. Қазақы ұғымға сүйенсек, сол босағадан кірген дүние сыртқа шықпайды, қапқа түседі. Сол үшін де қазақ мұны «қапқа түскен – қатындыкі» деп бір-ақ қайырған.

Ал оң босаға – еркектің символы. Оң жаққа ер-тұрман, ат әбзелдері, бүркіт, т.б. қойылады. Қатты жауын-шашында малдың жас төлін де оң жақ босағаға кіргізетін болған. Босаға аттап келген келінді де оң жақтан қарсы алады. Сол сияқты қайтыс болған адамды да қазақ ақ киізге жатқызып, оң жақтан шығарады. Демек оң жақ бір әлеуметтік сатыдан екінші әлеуметтік сатыға немесе бір әлемнен екінші әлемге өткізетін көпір іспеттес. Олай болса, «Керегең кең болсын, екі босағаң тең болсын!» деген тілектің кейінгі жолдарында әкешешен аман болсын деген астар жатса керек.

Шаңырақты көтергенде бақанның екінші ұшы тиген жерге, яғни үйдің дәл ортасына ошақ орналасады. Ошақ орналасқан соң, қазан асылады. Ал қазан асылған соң міндетті түрде оған бірдеме құйылуы керек. Қазанның бос тұруы жаман ырымға саналады.

Қазанды татулықтың белгісі ретінде мансұқтайтын аңыздар да бар. Оның бірі «жауласқан мың батырдың найзасының ұшы ерітіліп, қазан құйылған екен» деп басталады. Олай болса қазан береке-бірліктің символы ретінде де танылады.

Ертедегі түсінік бойынша, әлем үш сатыдан тұрады. Аспан – киелі рухтар мекені. Ондағылар

белбеуді басынан байласа, жердегілер белінен, ал төмендегілер аяғынан байлайды. Табалдырық сол төмендегі әлеммен байланысқа түсіретін мәнге ие.

Киіз үйдің сүйегін бір-бірімен қиюластыру мақсатында бау-құрлар қолданылады. Олар мыналар:

Таңғыш – екі керегенің сағанағын (жігін) кіріктіріп таңатын өрнекті жіңішке құр. Таңғыш – үй тіккенде керегелерді бір-біріне қосып байлайтын терме бау;

Бас арқан – керегенің басын сыртынан бастыра орап таңатын қыл арқан. Бас арқан – үйдің барлық салмағын ұстап тұратын, кереге басын орай маңдайша бекітілетін берік арқан;

Шалма – уықтарды сырғып кетпеуі үшін шалмалап байлайтын құр;

Желбау – өрнекті, төгілме шашақты құр, шаңыраққа үш жерден байланып, керегеге асылады, киіз үйге сәндік жиһаздық сипат береді. Оның негізгі міндеті – дауыл кезінде шаңырақты салмамен басып тұру;

Желбеу – сәндік үшін шаңыраққа байланатын шашақты баулар. Желді күні үй шайқалмас үшін оған салмақ байланады;

Басқұр – киіз үйдің ішін безендіру үшін, әрі туырлық кереге басына үйкелмеу үшін уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып тағатын, өрнекті жалпақ құр. Басқұр – кереге басы туырлықты тесіп кетпеу үшін айнала жүргізілетін (тартылатын) жалпақ оюлы құр;

Үзік бау – үзіктің екі жиегінен екі немесе үш жерден айқастыра тартып керегеге байлайтын жалпақ терме бау. Үзік – ордада кереге мен шаңыраққа дейін жабатын туырлық бөлігі;

Белбау – туырлықтың керегеге жатық жатуы және жел көтеріп кетпеуі үшін сыртынан бастырып буатын қыл арқан;

Белдеу – жел тұрғанда туырлық көтеріліп кетпес үшін үй сыртынан екі жерден тартылатын арқан;

Киіз үйдің шилері – кереге мен туырлық арасынан айналдыра тұтылатын шилер туырлықты кереге көгінің жылуынан қорғап, киіз үйдің сырт пішінін жұмырлай түседі. Қой жүнін бояп, әшекейлеп орау арқылы тоқылған шиді «шым ши» деп атайды. Ши кейде тамақ қоятын сол жақ босағаға да тұтылады. Ши – киіз үй бөлшегін, тұрмыс бұйымын жасайтын қамыстың түрі;

Есікбау – киіз есіктің бауы;

Тастама – киіз есігін жоғарыдан шаңырақ арқылы маңдайшаға байлайтын бау;

Жел арқан – дауылды күндері үйді бастыра тартатын арқан;

Аяқбау – уыққа сәндік үшін байлайтын түрлі жіптер шоғы;

Балақбау – уықтарды қосып байлайтын баулар;

Түндік бау – түндікті белдеуге байлайтын бау;

Уық бау – уықты керегеге байлайтын жіп;

Киіз үйде жерге сүйеніп, жақ таянып, қолды

төбеге немесе желкеге қойып, айқастырып, тізені құшақтап отыруға болмайды. Сондай-ақ, киіз үйге қолға қамшы ұстап кіру әдепсіздікке жатады. Салт атты адам киіз үйге артқы жағынан келуі керек.

Киіз үй жиһаздары мен бұйымдары

Әбдіре – киім-кешек немесе басқа да бағалы бұйымдарды сақтауға арналған сандық. Оның көлемі әртүрлі болады. Әбдірені мықты, әрі жеңіл ағаштан тегістеп-жонып тақтай дайындап, содан қиюластырып жасайды. Бір түсті сырмен боялып, алдыңғы беті сәнді болуы үшін түрлі өрнектермен әшекейленген жұқа қаңылтырмен қапталады. Қозғауға ыңғайлы болу үшін екі бүйіріне қос-қостан төрт тұтқа орнатылып, қақпағына құлып салынады.

Ағаш төсек – адамның жатып тынығуы үшін пайдаланылатын үй жиһазы. Ағаш төсектің қазақ үлгісіндегі түрі – қайқыбас төсек. Төсекті кептірілген қатты ағаштың (қайың немесе емен) тегістеп, өңделген тақтайынан жасайды. Төсектің басы, аяқтары мен оған көлбей бекітілетін жастықша бөлігі қиюластырылып, біртұтас етіп дайындалады. Сәнді болу үшін оның бетін әртүрлі бояулармен өрнек салып сырлайды не өрнектелген бұйыммен әшекейлейді.

Адалбақан – киім, т.б. үй мүліктерін ілуге арналған жабдық. Адалбақан көбінесе бұтағы көп балапан қайың мен шыршадан (самырсын-

нан) жасалады. Жас ағашты кесіп алып қабығын аршығаннан кейін, оның бұтақтарын түп жағынан бір сүйемдей қалдырып, ұшын кесіп тастайды. Енді сол бұтақ түбірлерін бақанның жоғарғы ұшының бағытымен майыстырып иеді де, ұштарын қайыспен не мықты жіппен бақанның діңіне таңып, көлеңкеде кептіреді. Иілген бұтақтар жазылып кетпейтіндей болып әбден кеуіп қалыптасқан кезде таңғышты шешіп алып, оның ұштарын үшкірлеп жонып ілгек жасайды. Сәнді болу үшін, оның сыртын бояулармен өрнектеп сырлайды, бүршікбас алтын, күміс шегелермен нақыштайды.

Кебеже – тамақ сақтауға арналған сандыққа ұқсас ағаш бұйым. Кебеженің түбі қалың тақтайдан жасалады. Оның қақпағы сандықтың қақпағы сияқты, кейде жармалы да болып келеді. Жармалар не көлденең кергіш ағашпен, не таспамен жалғастырылады. Кебеженің беті де кейде сырмен, кейде сүйекпен ою салып өрнектеледі.

Жастықағаш – жер төсекте жатқан адамның басын биіктету үшін жастықтың астына қоюға ыңғайлап жасалған тиянақ ағаш. Жастықағаш – кәдімгі ағаш төсектің сыңар басы (жоғарғы басы). Оның екі аяғы, жастықты жерге түсірмей тұратын тақтай кермесі және жастықтың астына қоюға лайықтап жасалған көлбеу тақтай төсеніші болады. Жастықағаш тұтас, ағаш төсекке қарағанда әрі ықшамды, әрі жеңіл болғандықтан, көшпелі тұрмыста көп пайдаланылған.

Жүкаяқ – жиған жүктің астына қоюға арналған ағаш тұғыр. Жүкаяқ кепкен, мықты әрі жеңіл ағаштан, өңделген, тегіс тақтайдан жасалады. Ол негізгі үш бөліктен: жанағаштан (алдыңғы және артқы беттер), аяқтан, шабақтан тұрады. Жүкаяқтың пішіні екі түрлі болады:

- үсті тегіс жүкаяқ;
- қайқыбас жүкаяқ.

Қайқыбас жүкаяқ кәдімгі қайқыбас төсекке ұқсайды. Жүкаяқтың алдыңғы беті бір түсті сырмен боялып, оған кейде түрлі-түсті бояулармен өрнек салады не өрнек салған сүйекпен қаптап әшекейлейді.

Сандық – киім-кешек, тағы басқа да заттарды салуға арналған, ағаштан жасалған бұйым. Сандық – тұрмыста ерте кезден пайдаланылып келе жатқан ең ежелгі жиһаздың бірі. Көшпелі қазақ үшін ол өте-мөте қолайлы болған. Сандықтың аузына көбінесе ішкі құлып, кейде аспа құлып орнатылады. Сандықты жерге қойғанда түбі дым тартпау үшін, оның астыңғы төрт бұрышымен үйлестіре тақтайдан бұрыштап аяқ орнатады. Сандықтың беті әртүрлі бояумен сырланып, не өрнектеледі не айшықты қаңылтырмен, кейде өрнекті сүйекпен қапталады. Сандықтың екі бүйіріне тұтқа орнатылады.

Сандыққап – сандықты бүлінуден сақтау үшін сыртына кигізетін киіз қап. Киізді сандыққа өлшеп пішіп, сандықтың қақпағына тура келетін бетінен

сандық сиярлықтай ауыз қалдырады да, қалған қосындыларын шуда жіппен тепшіп тігеді. Жүк жиналған сандық қап кигізілген кезде де сәнді көріну үшін сандыққаптың алдыңғы бетіне кесте тігіледі, түсті бағалы мата тұтылады. Сандыққаптың сандық тұтқасына дәл келетін тұсы өлшеніп тесіліп, тұтқалар сыртқа шығарылып қойылады. Бұл сандықты қабымен көтеруге қолайлы болады. Сандыққаптың аузы матадан ызылған баулар немесе түйме арқылы жабылады.

Асадал – тамақ пен ыдыс-аяқ сақтауға арналған кебеже тектес ыдыс. Асадал мықты әрі жеңіл ағаштан жасалады. Асадалдың түбі оның ішкі жағындағы жиекшелерге тірей орнатылатын қалың тақтаймен, үстіңгі беті жұқалау тақтаймен жабылады. Алдыңғы бетінде топсамен бекітілген бір кейде екі жармалы есігі және суырмасы болады. Асадал сәнді болу үшін оның бетін әртүрлі бояулармен өрнектеп сырлайды не сүйекпен өрнектеп әшекейлейді. Асадалдың үйдегі орны – қазан-аяқ жақ.

Алаша – әртүрлі жүннен немесе әртүрлі түске боялған мақта мен жүннен тоқылған төсеніш. Оны екі түрлі әдіспен: түрлі түсті жіптерді жарыстыра жолақ жасап, әр түстерін көп мәнерлі өрнектер түсіріп тоқиды. Алғашқысын жолақ алаша, соңғысын терме алаша деп, кейде кілем алаша деп те атайды. Алаша еңсіз тоқылғандықтан төсеніш, тұс кілем, қоржындар жасағанда бірнеше ендерді біріктіріп тігеді.

Бөстек – адамдардың астына төсеуге арналған жұмсақ төсеніш. Ол малдың (көбінесе ешкінің) не аңның иленген жұмсақ терісіне киізден астар салып жасалады.

Жастық – адамның басына жастауға арналған үй жиһазы. Жастықтың ішіне көбінесе құстың мамығы салынып, сырты матамен тысталады. Оны «бидай шүберек» деп атайды. Бидай шүберектің сырты әртүрлі маталармен қапталады. Оны «жастық тыс» деп атайды. Жастық тысын шешіп ауыстырып отыруға қолайлы болу үшін, кигізетін аузына түйме қадалады, не бау тағылады. Құстың мамығынан жасалған жастықты «құс жастық» дейді. Жастық көбінде бір кісілік болады. Ал оның салт атқа мінгенде ер үстіне салатын түрін «көпшік» деп атайды.

Көрпе – матаның арасына мақта немесе жүн (әсіресе түйенің) салып тіккен жамылғы әрі төсеніш. Ол жамылғы көрпе және төсек (төсеніш) көрпе болып бөлінеді. Көрпенің астары жай ғана матадан, тысы бағалы матадан тігіледі. Жамылуға арналған көрпе бір кісілік, екі кісілік болады. Төсек көрпенің сыртқы астарын маталардың қиықтарынан құрап тіксе, оны «құрақ көрпе» дейді. Жамылғы көрпенің ұзындығы кісінің бойына лайық етіп жасалады. Баланың бесігіне жабатын көрпені «бесік көрпе», бала орауға арналған көрпені «орауыш көрпе» дейді.

Құстөсек – құс жүнінен (мамығынан) жасалған жұмсақ төсеніш. Құстөсектің үлкендігі оны төсейтін

төсектің үлкен-кішілігіне қарай әртүрлі болады. Қалың матадан ұзындығы мен ені төсекпен бірдей етіп үлкен қанар тігеді де, оның ішіне құстың жүнін толтырады. Құстөсектің сыртын тағы бір бағалы матамен тыстайды. Құстөсектің ішіндегі мамық адамның терімен дымқыл тартып, ұйысып қала береді. Сондықтан оны апта сайын қағып-сілкіп, мамықтың ұйысқанын жазып, күн көзіне жайып, желге қақтырып отырады. Құстөсек тек жұмсақтығымен ғана емес жылу сақтағышымен де құнды.

Сырмақ – киізден сырып, оюлап жасалған төсеніш. Сырмақты түрлі-түсті киізден ойып, өрнек салып та, сондай-ақ, шымқай ақ киіздің бетіне ақ, қызыл, сары маталардан ою бастырып та тігеді. Сырмақ жасау үшін алдымен ою-өрнек салынған үлгісі дайындалады. Сырмаққа керекті ақ, қара киіздер бөлек-бөлек дайындалады, сондай-ақ, олар жұқа, әрі тығыз басылуы керек. Киіз басылып біткен соң, ақ пен қара түрлерін бір-біріне беттестіріп, үстіне алдын-ала дайындалған ою-өрнектерді салып, айналасын сызып, суреттің ізін түсіреді. Түсірілген із бойымен екі киізді бірден ойып шығады да, ақ киіздің ойылған оюын қараға, қарасын ақ киізге салып қиюластырып тігеді. Құрастырылған екі түсті киіздің оюын сол қалпымен тұтас үлкен киіздің үстіне салып жапсырады. Оюлардың құрастырылар жерінің үстін бастыра жиектейді. Біріншіден, жіптің бояуы ақ, қара киіздің түсінен басқа ашық түсті болады, со-

нымен қатар жиек бірнеше жіптерден қабатталып иіріледі. Үй тұрмысында сырмақ, текеметтей емес, тұтынуға мықты, төзімді болады. Сырмақтың оюларын құрастырып, үстінен басып тігіп болғаннан кейін, ақ киіздің үстін ақ жіппен, қара киізді қара жіппен жөрмеп тігеді. Осы әдіспен тігілген сырмақ қатты болып шығады.

Сырмақты сыру үнемі ою өрнектердің бағытымен жүргізіледі, бұдан кейін сырмақтың шеттерін тегістеп қиып, шетіне айналдыра жиек бастырады. Сырмақтың жиегін бастыратын жіпті ақ жүннен иіреді. Жиекке арналған жіпті жалаң қабат түрінде біреуін оңқай, екіншісін солақай етіп иіреді, содан кейін оларды өзді-өзіне қосады да, екі қабаттап, екі бөлек етіп тағы иіріп, бояуға салу үшін төгеді де, жарты метр шамасындай етіп келептейді. Жиек жіптерді қазанға салып, суға ерітілген бояумен бірге аударыстыра отырып қайнатады. Халық арасында жіпке бояу жақсы сіңуі, бояудың түр-түстері ашық болуы үшін, бояу мен суға ашудас, мүсәтір, тұз қосып, аздап май салып бояған. Бояу сіңіп, қайнап боялған жіпті сол қалпында сөреге іліп, сағат сайын аударыстырып кептіреді. Әбден кеуіп болған жиек жіптерді оңқай және солақайын бір-біріне қатар жарыстыра отырып, оны ширатпай-ақ домалақтап орайды. Сонда жиектің қатар түскен ширатындысындағы оңқай иірім мен солақай иірім қарсыласа келіп, біркелкі таңдай өрнегін жасайды.

Текемет – бетіне түрлі-түсті ою-өрнек басылған киіз. Оның күзем жүннен басылған талдырма бетіне ақтай немесе қызылға, көкке, қараға не басқа түске боялған жүнді әртүрлі өрнекпен тартады. Текемет басылатын жүнді де киіз басылатын жүн сияқты көпсітеді. Текеметті де киіз басқандай әдіспен басады. Алғашқы жартылай басылған түрі «талдырма» деп аталады. Бұл әлі толық басылып, қатаймаған кезі. Оны оюлы түр салуға негіз ретінде кептіріп, құрғатып дайындайды. Текемет мықты болуы үшін жартылай басылған екі киізді беттестіріп білектейді. Ою-өрнек негізгі талдырмаға салынады. Текеметтің бірнеше түрі болады. Олардың ішінде шашақты текеметті қымбат маталармен безендіріп жасайды. Мұндай текеметті халық жоғары бағалаған.

Қазақ қолөнері: зергерлік бұйымдар мен ою-өрнектер

Қазақ халқының қолөнерінің тарихы тым тереңде. Ол кеңбайтақ жерімізді мекендеген сақ, үйсін, қыпшақ, ғұн, қарлұқ тәрізді көне түркі тайпаларының мәдениетінен арқау алады. Және де оған Оңтүстік-Сібір, Орта Азия мен Ресей халықтарының да мәдениеті өз әсерін тигізген. Осындай үнемі жаңғыру үстінде болған қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің даму биігіне көтерілген кезі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы.

Археологиялық қазбалар мен жазба ескерткіштерге арқа сүйесек, Қазақстан аймағын мекендеген тайпалар жүздеген жылдар бойы металл, тас, сүйек, саз балшық, ағаш, жүн, тағы басқа да шикізаттарды шаруашылық кәсіптері мен күнделікті тұрмыс қажетіне жаратып, қолөнердің өз ұлтына тән ерекше көркем түрлерін қалыптастырған. Қазақстан жеріндегі қолөнердің көне заманнан келе жатқанына нақты айғақтар: Павлодар өңіріндегі Досыбай жартасынан табылған бейнелер, Өскемендегі жазбалар мен Ұлытау жартасындағы суреттер, Кригельді өзені аңғарынан табылған керамикалық қазындылар. Қазақ халқының қолөнері ерте кезден-ақ әлемдік мәдениеттің көрнекті қайраткерлерін қызықтырған. Геродот тіпті былай деп жазып қалдырған: «Олардың барлық заты алтын мен мыстан жасалған. Айбалталары мыстан істелген. Бас киімдері мен белдік әшекейлері түгелдей алтыннан жасалған. Сондай-ақ, ат омырауындағы өмілдіріктері де мыстан соғылып, жүген сулығы, ауыздығы және басқа бөліктері түгелдей алтынмен әшекейлендіріліп, безендірілген». Геродотпен бірге Ктесий, Страбон да қазақ топырағын мекендеген сақтар мен массағаттардың барлық заттарының әшекейленіп, киімдерінің өздеріне тән үлгілері болғанын айтады. Қазақ халқының қолөнері туралы Ресей ғалымдары да сүйсіне әңгімелейді. Мысалы, М.Леваневский: «Қазақтың қандай кәсіпке болмасын, табиғатынан

қабілеттігіне сүйсінесің, қарапайым құралдармен тамаша ер қапталдарын жасап, алтын, күмістен әсем бұйымдар шығаратындығына таңданбасқа болмайды. Қазақтың тіккен аяқ киімдері өте берік, киюге ыңғайлы», – деп жазады. Ал енді қазақтың ұлттық қолөнерінің таңғажайып туындысы – киіз үй орта ғасыр саяхатшылары Марко Полоны (1230), Плано Карпиниді (1246), Клавихоны (1403), Барбораны (1436) қатты таңғалдырып, олардың тарихи жазбаларынан орын алғаны біз үшін үлкен мақтаныш!

Қазір халықаралық деңгейде қолөнер көрмесі ұйымдастырылмағанымен, бұрын оған айрықша көңіл бөлетін-ді. 1969 жылы 91 жасында қайтыс болған Барлыбаева Рымжанның қолынан шыққан текеметтің кезінде Парижде ұйымдастырылған көрмеге қатысып, талайларды таң қалдырғаны неткен керемет! Сондай-ақ, қазақтың киіз үйі 1861 жылы Парижде өткен халықаралық көрмеге қатысып, 1876 жылы Петербургте ориенталистердің үшінші конгресінің құрметіне ашылған көрмеге, 1890 жылы Қазанда өткен көрмеге қойылған. 1913 жылы Омбы шаһарында Романовтар әулетінің 300 жылдық тойларындағы көрмеге Атбасардан Мейрам қажының киіз үйі қатысқан.

Кезінде бүкіл әлемге танылған қас шеберлеріміз туралы айтқанда, аузымызға ең бірінші Мұрын жыраудың есімі түседі. Оның шын аты Тілеген Сеңгірбаев. Осы бабамыз өзінің жарты ғасырға

жуық өмірін темірден түйін түйіп, алтынды күміске байлап етік тіккен, тас қашаған. Тек әттең, бай іс-тәжірибесін үйреніп, қағазға жазып алып қалмағанымыз өкінішті-ақ...

Қазақстанда кезінде Жүсіп, Мақамбет, Күмбетбай, Тәутен, Әбдіғали, Шаяхмет, Аяған деген атақты шеберлер өмір сүрген. 1882 жылы Мәскеудің өндірістік көркемөнер көрмесінің төтенше комиссиясы қазақ шеберлерінің ыдыстарын «жұмысының мінсіздігімен, өрнектерінің әсемдігімен ерекше көзге түседі» деп атап өткен екен.

Қазақтың осындай мақтаулы ағаш ыдыстарының өзіндік ерекшеліктері оның көлемінде екен. Мысалы, бұрын қазақ ауылдарында бір қойдың еті тұтас сыйып кететін керсен ыдыстар болыпты. Солардың кейбір түрлері қазір де ел ішінде сақтаулы. 1871 жылы Семейдегі көрме ұйымдастыру комитеті өзінің хаттама құжаттарында қазақтың ешбір токорлық станоксыз-ақ қашау мен пышақты пайдаланып, тұтас қайыңнан жасаған ыдыстары өте шебер орындалғанын жазып қалдырыпты. Жалпы, қазақтың қолөнер шеберлері жасаған ыдыстардың 65 түрі, ал музыкалық аспаптардың 18 түрі бар екен.

Зергерлік бұйымдар

Алтын, күміс, платина, палладий, т.б. асыл металдарды әшекейлеп өңдеудің, сондай-ақ жез, мельхиор, т.б. түсті металдарды қорытудың, олардың бетіне, алтын, күміс жалатудың, көп жағдайда қымбат тастармен, эмальмен, т.б. безендірудің нәтижесінде алынатын бұйымдар.

Тұмарша (бойтұмар) – бұл ырымдық зат. Оған кез келген бұйым (ұлутас, сүйек, т.б.) немесе арнайы жасалған қымбат заттар да алынған. Оларға жазу жазылып, бедер суреттер түсірілген. Бойтұмарды алқаға, кішкене қорапшаға, әмиянға салатын болған. Болмаса былғарыдан, шүберектен жасаған қалташаға тігеді. Үлкендігі мен пішіні әртүрлі болады. Ол көз тиюден, пәле-жаладан, апаттан қорғайды деп сенген.

Жүзік, сақина – әйелдердің саусақтарына тағылатын зергерлік бұйымдардың бір түрі. Зергерлер алтыннан, күмістен құйып, қақтап, соғып, шекімелеп, қара ала жүргізіп, шиыршық темірден торлап, небір тамаша өрнектер салып, асыл тас қондырып алуан түрлі жүзіктер жасаған. Олар жасалу түрі мен қолдану ретіне қарай «отау жүзік», «құс мұрын жүзік», «тасбақа жүзік», т.б. деп аталған.

Шолпы, шаш теңге – бұл бұйымдарды қыз-келіншектер шаштарының ұшына тағады. Шаш теңгелер мен шолпылар әсем шиыршықталған күміс үзбе бауларға бекітілген тоғыз теңгеден тұрады. Тоғыз – қазақ ұғымында киелі сандардың

бірі. Олар бір-бірімен ұзыннан-ұзақ жалғасып, шаштың ұшына бірге өріледі.

Шашбау – бір-біріне сым үзбелер арқылы бекітіледі. Орталарына асыл тастардан көз қондырылған теңгелер тізбегінен құралады. Ұшы сәнді шашақпен, күміс әшекейлермен әсемделеді. Шашбау шаштың түбіне бекітіліп, бұрыммен бірге салбырай төгіліп тұрады.

Білезік – сыңар қолға да, қос қолға да тағыла береді. Бірнеше бөлшектен құралған, ашпалы-жаппалы, сом темірден тұтас құйылған жұмыр түрлері болады. Соған орай, оларды «сом білезік», «жұмыр білезік», «бес білезік», т.б. деп әртүрлі атайды. Олардың ішінде шынжырмен жалғасып жататын бірнеше жүзігі бар білезіктер де кездеседі. Оларға неше түрлі өрнектер салып, тас қондырып, қара ала жүргізіп, сіркелеп, бұрала ширатып әсемдейді. Олар көбіне күмістен соғылады.

Сырға – қыз-келіншектердің аса сүйіп тағатын әсемдік бұйымдарының бірі. Қазақ зергерлері жасайтын «ай сырға», «тас көзді сырға», «күмбез сырға», «салпыншақ сырға», «сабақты сырға», «шашақты сырға» деп әр өңірде әрқалай аталатын сырғалардың түрлері өте көп.

Қапсырма – қапсырма бір-біріне топса арқылы бекітілетін екі бөліктен тұрады. Олар үш бұрыш, сүйір, доға тәріздес әртүрлі пішінде болады. Қапсырманың бетіне аң-құстың, ай мен күннің немесе өсімдік пішіндес өрнектер салынып, тастар қондырылып әсемделеді.

Алқа – оны «өңіржиек» деп те атайды. Алқалар бір-біріне шығыршық арқылы жалғасады және бірнеше төрт бұрышты әшекейлерден құрастырылады. Әр әшекейдің ортасына, жиектеріне асыл тастар орнатады.

Ою-өрнектер

Оюшы – әртүрлі өрнек үлгілерін жасаушы, қазақ ою-өрнегінің шебері. Қазақтың ою-өрнектері төрт түрге бөлінеді: өсімдік және жануарлар пішіндес, геометриялық, космогендік (астрологиялық) формада. Бұлардың әрқайсысының өзіндік мән-мағынасы болады.

Мүйіз – қазақ оюының негізі және ең көне кескіні. Ою-өрнектің бұл элементі мүйізді меңзеуден шыққан. «Мүйіз» ою-өрнегі кейде ұсақ, кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік қолөнер саласында пайдаланылады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданады.

Гүл – мұндай ою-өрнек гүлдердің барлық түрлерін тұспалдайды. Бұл өрнектің түрі қолөнер бұйымдарында үш жапырақтан басталып, он екі жапырақты ою-өрнекке дейін кездеседі. Кесте тіккенде және киім-кешектердің жағасына, қалтасына, жиектеріне салады.

Қазақ қолөнерінде «арпабас», «көбелек», «су

өрнегі» деп аталатын кескін түрлері де жиі қолданылады. Ою-өрнек саласында негізінен бояудың қызыл, көк, жасыл, сары, ақ, қара түрлері кең қолданылады. Өйткені бұл бояулардың символдық мәні де бар. Мысалы, көк түс – аспанның, ақ түс – ақиқаттың, қуаныштың, сары түс – ақыл парасаттың, қайғы-мұңның, жасыл түс – жастықтың, көктемнің символы. «Су өрнегі» деп әрбір өрнекті бөліп тұрған жолақты айтады. «Су өрнегі» екі қатар сызық аралығында ирек сызық жасай отырып, дөңгелек, төртбұрыш бейнелер жасайды.

Іс жүзінде көбірек қолданылатын ою-өрнектердің келесі бір түрлері – «қошқармүйіз», «ашатұяқ», «түйетабан», «құсқанаты», «кемпірқосақ», «өркеш», «құстұмсық», «тұмарша» деп аталады.

Қошқармүйіз – қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде жасалып, оның қолтық тұсынан қойдың құлағын долбарлайтын тағы бір шолақ мүйіз тәрізді екі буын шығып тұрады. Одан байқаған адамға қошқардың тұмсық пішіні аңғарылады. «Қошқармүйіз» – текеметте, сырмақта, басқұрда, алашада, кілемде, былғары, сүйек, ағаш, зергерлік бұйымдарының барлық түрінде кездеседі.

Ашатұяқ – кейде «айыр» өрнегі деп те аталады. Ол пішен ашалайтын айырға ұқсас келеді.

Түйетабан – түйенің басқан ізін долбарлайтын күрделі ою-өрнек. Ол кейде «қарта», «қарға»,

«қызылайыр» ою-өрнегіне ұқсайды. Қатар тұрған «S» тәрізді екі сызық қатарласып қосылмайды, түйенің табанына ұқсас екі жарты сопақша дөңгеленіп келеді.

Құсқанаты – мүйіз оюымен не шахмат шақпақтарының ізімен бейнеленген құстың қанаты тәріздес ою-өрнек. Бұйымдарда көп қолданылатын бұл ою қанатын жайып, ұшып келе жатқан құсты тұспалдайды.

Кемпірқосақ – бірнеше түстерден жолақтар жасап, алма-кезек орналасады. Қазақтарда кейбір түстердің символдық мәні бар. Қолөнер бұйымдарын жасауда әрбір түсті белгілі тәртіппен кемпірқосақ іспетті орналастырады. Бұл өрнектер алаша, қоржын, басқұр тоқуда жиі пайдаланылады.

Өркеш – түйенің қос өркешін бейнелейді. Сырмақ, текемет, тұскиіздерге салынатын ою-өрнек композициясында көбірек кездесетін элемент. Қазақ оюында мал мен аңның қос мүйізін, түйенің қос өркешін, биенің қос емшегін бейнелеу береке-бірліктің, көбеюдің символын білдіреді.

Құстұмсық – бұл өрнек құстың тұмсығын тұспалдаудан туған. Ол тармақты мүйіздер мен сызықтардан құралады. Ою-өрнекті қиғанда ою ортасындағы сызық ұшы құстың тұмсығына ұқсас етіп қиылады. «Құстұмсық» пен «топсалы» жүзік сәлемдеме ретінде туыстар арасында дәнекерлік қызмет атқарған. Құс бейнесі халық түсінігінде азаттықтың белгісі.

Тұмарша – үшбұрыш секілді болады. Үш гүл, үш бұрыш тәрізді тұмарлар тіл-көзден сақтау үшін адамдарға ғана емес, үй жануарларына да бойтұмар ретінде тағылады. Кілем бұйымдарының жиегінде киіз, кілем, текеметтің орта тұсын көмкеруде кездеседі.

Ұлттық киімдер

«Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі» деген ұлағаты сөз бар. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де еш халықтан кем болған жоқ. Оның көркем үлгілері әлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған. Ұлт мәдениетінде бағалы киімдер сый-сияпат, дипломатиялық қатынастарда ескерткіш, белгі ретінде жүрген. Ат, шапан сыйлау құрметтеудің жақсы көрінісі деп бағаланған.

Ертеде халық шеберлері қазақтың салт-дәстүріне тән, кигенде ыңғайлы, тұрмысқа қолайлы әртүрлі киім үлгілерін жасаған.

Тымақ – аң, мал терісінен жасалған қыстық бас киім.

Бөрік – жиегіне аң терісін салған, төбесіне үкі қадалған, сырты әшекейленген, ерлер де, қыздар мен жас келіншектер де киетін бас киім.

Бөкебай – түбіттен тоқылған әйелдердің бас киімі.

Тақия – қыздардың үкілеген, әсем зергерлік бұйымдар тағылған бас киімі.

Қасаба – қымбат матадан тігілетін қыздардың бас киімі.

Қалпақ – ер адамдардың бас киімі.

Төбетей – төбеге киетін жаздық шағын бас киім.

Құлақшын (малақай) – қыстық бас киім.

Жалбағай – малшылардың жаздық бас киімі.

Сәукеле – ұзатылатын қыздардың қымбат бас киімі.

Сәлде – молдалардың орап киетін бас киімі.

Желек – сәукеленің немесе қыздар бас киімінің желке тұсынан төгіліп тұратын жібек мата.

Жыға – мойынға су кетпеу үшін дулығаның немесе бас киімнің желке тұсынан тағылған қалың мата.

Күләпара – су немесе қар түспес үшін бас киімнің сыртынан қаптай киетін, брезенттен тігілген бас киім.

Күндік – егде әйелдер басына орай тартатын жаулықтың бір түрі.

Жаулық – тұрмыстағы әйелдердің тартатын бас киімі.

Кимешек – әжелердің тек беті ашық, басын, иығын жауып тұратын бас киімі.

Шалма – түбіттен тоқылған ерлердің мойын-орағышы.

Шәлі (салы) – әйелдердің басқа тартатын шашақты, сәндік орамалы.

Жейде – іштен киетін ерлер киімі.

Көйлек – әйел киімі.

Киіт (кәде) – құдалыққа ұсынатын киім-кешек.

Күрте – ерлердің жейде сыртынан киетін жұқа киімі.

Кеудеше – жылылық үшін кеудеге киетін жеңсіз киім.

Бешпент – ерлердің жазда киетін сырт киімі.

Шапан – тізеден төмен түсетін қалың сырт киім. Оның түрлері – қаптал шапан, қималы шапан, сыр-малы шапан.

Қамзол – әйелдердің көйлек сыртынан киетін киімі.

Шекпен – су өтпес үшін киетін сырт киім. Ең бағалысы түйе жүнінен тігіледі.

Жақы (құлын жақы, тай жақы) – жылқы терісін жүнін сыртына қаратып тігетін кәделі киім.

Жадағай – түйе жүнінен тоқылған астарсыз шапан.

Тон – аң, мал, қой терілерінен тігілетін жылы киімдер. Оның түрлері – қырмызы тон, қамқа тон, т.б.

Тұлып – қасқыр, қой терісінен тігілген, қыста тоңбас үшін киім сыртынан киетін кең киім.

Ішік – аң терілерінен тігілген, қыста киетін сәнді киім. Оның түрлері – қасқыр ішік, бота ішік, түлкі ішік, жанат ішік, күзен ішік, құндыз ішік, қоян ішік, қарсақ ішік, бұлғын ішік.

Күпі – ішіне жабағы жүн салып сырыған шапан түрі.

Кебенек – жауынды, боранды күні киім сыртынан киетін су өтпейтін киім.

Белдемше – үй шаруасын атқарған кезде белден байланатын алжапқыш.

Белбеу – киім сыртынан буылатын, былғарыдан, матадан жасалатын бұйым.

Шалбар – ерлердің балақты бұт киімі.

Дамбал – ұзын балақты іш киім.

Лыпа – балақсыз іш киім.

Жарғақ шалбар – тықыр теріден тігілген шалбар.

Тері шалбар – жүнін ішіне қаратып тігілген қыста киетін шалбар.

Иткөйлек – жаңа туған нәрестеге кигізетін жөрмеп тіккен көйлекше.

Етік – былғарыдан тігілетін қонышы ұзын аяқ киім.

Саптама етік – байпақ салып киетін қысқы етік.

Байпақ – етік ішінен киетін киізден тігілген аяқ киім.

Жым етік – өкшесі аласа, қисық табан етік.

Шоңқайма етік – еркекке де, әйелге де арналған биік өкшелі, түрлі түсті жіппен әдіптелген сәнді етік.

Ұлтарма – жұмысқа киетін оңай тігілетін етік түрі.

Кебіс – былғарыдан қонышсыз тігілетін аяқ киім.

Мәсі – кебіспен киетін қонышты, өкшесіз аяқ киім.

Шоқай етік – жұмысқа киетін аяқ киім.

Ұлтарак – аяқ киім ішіне жылылық үшін салынатын киіз.

Шұлық – жалаң аяққа киетін жүннен тоқылатын киім.

Шәрке – жазда киетін жұқа аяқ киім.

Сандал – үсті ашық, жаздық аяқ киім.

Шұлғау – етік, мәсі ішінен аяққа орайтын жұмсақ мата.

Пима – жүннен басылған жылы, қыстық аяқ киім.

Қолғап – қыста немесе жұмыс жасағанда киетін киім.

Түйме – киім өңірін қаусырғанда бекітетін бұйым.

Құрысқақ – тымақ желкесін төбесіне іліп бекітетін ағаш тиек.

Ұлттық тағамдар

Қазақ халқы асты жоғары бағалап, қадірлей білген. Сондықтан қазақтар адам қажеттіліктерінің ішінде тағамды бәрінен жоғары қойған. Сол үшін де бабаларымыз: «Астан үлкен емессің!» деген. Олар асты құрметтеудің жолын, оны әзірлеудің көзін таба білген. Ел мен елді татуластыруды, жақсылар мен жайсаңдарды құрметтеуді, өздерінің мырзалық, мәрттік қасиеттерін қазақ кең дастарқаны арқылы көрсеткен. Мал шаруашылығымен айналысқан ата-

бабамыздың негізгі асы – ет пен сүт болған. Етті қуырып, асып жеген. Ал сүттен көптеген тағамдар дайындаған. Сиыр, қой сүттерінен құрт, кілегей, қаймақ, ірімшік, сары май, тағы да басқа дәмдер әзірлеген. Негізінен ас даярлау ісін қазақ әйелдері о бастан-ақ өз мойындарына алған. Қазақ әйелдері сан алуан тағамдарды әзірлеудің, оларды жазда да, қыста да бұзбай сақтаудың әдіс-тәсілдерін жақсы білген.

Қазақтар үшін басқа тағамдарға қарағанда, сүттің алатын орны ерекше болған. Себебі, сүт және сүттен жасалатын тағамдар денсаулыққа өте пайдалы. Ол ас қорыту бездерінің жұмыс істеу қабілетін үнемі жақсартып отырады. Оның үстіне сүт өнімдерінің дәрулік қасиеті де бар екен. Олар емдеу, алдын алу, диеталық тағам ретінде де қолданылады. Ал, жылқының сүтінен әзірленетін қымыздың емдік қасиеті ертеден белгілі. Онда жүректің жұмыс істеуін жақсартатын дәрумендер бар. Сонымен бірге, шұбат та денсаулыққа өте пайдалы екен. Осы астардың пайдасын медицина пайда болмай тұрып-ақ білген ата-бабаларымыз нағыз данышпан екен ғой.

Ұннан жасалатын тағамдар

Бауырсақ. Әдетте шай, қымыз, шұбат ішкенде дастарқанға салынады. Бауырсақты бидай ұнынан пісіреді. Оны қамырды ашытып та ашытпай да дайындауға болады. Ашытпай пісірген бауырсақ көпке шыдайды, ал ашытып пісірілген бауырсақ кеуіп қалса, жеуге жайсыз болады. Ашымаған қамырдан бауырсақ пісіру үшін ұнға май, жұмыртқа, сүт, тұз салып илейді (айран құйса да болады). Қамырды иін қандыра қатты илеп қоя тұру керек. Содан кейін қамырды жазып, төрт бұрыштап кесіп немесе жіңішке леу етіп есіп алып, содан кейін кессе да болады. Кесіп дайындаған бауырсақтың бетін кеуіп кетпеу үшін жауып қойған жөн. Қазанға май салып әбден қыздырып алған соң, бауырсақ майдың мөлшеріне қарай салынады. Бауырсақты үздіксіз араластырып тұрса, біркелкі болып піседі. От қатты жанса, бауырсақтың іші шикі болады немесе тым қызарып кетеді. Қызыл-күрең болып піскен бауырсақ сәнді әрі дәмді болады.

Ашытқан қамырдан бауырсақ пісіру үшін жылы суға ашытқы, қант, ұн салып жылы жерге қою керек. Ашытқы көпіршіктеніп ашыған кезде тұз, май, жұмыртқа, ұн салып өте жұмсақ етіп иін қандыра илейді. Жұмсақ иленген бауырсақ жақсы қабарып, жұмсақ болып піседі. Ашытқан қамырды есіп, жұқалап жаяды да, біркелкі етіп кеседі, тақтайға немесе табаққа бір-бірлеп тізіп, 10 – 15 минут

қойып, қабарғаннан кейін пісірсе, іші шикі болмайды. Бауырсақты қалыңдығы бір елідей етіп жайып, қызып тұрған майға пісіреді.

Таба нан. Оны жабу үшін ұнға май, сүт қосып иленеді. Қамырды бір табаның үстіне екінші табаны төңкеріп жауып, шоқтың қоламтасына көміп пісіреді. Егер таба қоламтаға көмілсе, оны аудару керек. Таба нанды ашытып немесе ашытпай пісіруге болады. Ашытылған қамыр жұмсақ, ашытылмаған қамырды қатты етіп, иін қандыра илейді. Ашытылған қамырды орап, жылы жерге қояды, ал ашытылмаған қамырды су шүберекке орап, 20 минуттай салқын жерге (бүгінде тоңазытқыштың астыңғы жағына) қояды. Содан кейін қамырды табаның үлкендігіне қарай бір-екі елі етіп жайып, майланған табаға салады. Қамыр жақсы ашу үшін екі-үш рет көтерілуі керек. Көтерілген қамырды қолды сулап, басып-басып қою керек, ол қайта көтеріледі. Құйрық май қосылған таба нан – май салып қатты иленген қамырды табаның үлкендегіндей етіп бір елідей қалыңдықта жайып, майланған әрі қыздырылған табаға салып отқа (шоқтың ыстық қоламтасына) қояды, немесе пешке салады. Нан табаға салынған соң бармақпен әр жерінен тесіп, сол жерге ұсақ туралған құйрық май салады. Бетіне тағы бір таба жабылады. Құйрық маймен пісірілген таба нан өте дәмді болады.

Салма. Ет тамаққа салынатын ұннан дайындалады. Салманың аты әр жерде әртүрлі: салма,

кеспе, жайма, шелпек, нарын, үзбе, т.б. Салманы сорпаға, не суға қатты етіп қамырдан дайындалады. Ол дәмді болу үшін оның қамырына бір-екі жұмыртқа салу жөн. Қамырды оқтаумен жұқалап жайып, одан соң пышақпен жіңішкелеп кесіп, не болмаса қолмен үзіп, қайнап тұрған сорпаға пісіреді. Салма етке жабысып қалмау үшін оны салардың алдында етті сүзіп алады. Оны салған ет жеуге өте жеңіл, әрі сіңімді келеді.

Май шелпек. Ұнды сары май қосып илеп, онша жұқалап жаймай пісіреді. Май шелпектің арасына қойдың, жылқының шыжығын салуға болады.

Қаттама. Нанның өте дәмді түрі. Май, жұмыртқа, сүт құйып, қатты етіп иленген қамырды жұқалап жайып, жайманың бетіне май жағады, оны оқтауға орап, пышақпен бірнеше бөліп, әр бөлікті қайтадан жаяды. Бөлшектелген нан қазанда қыздырылған майға пісіріледі. Сонда шелпек қатпар-қатпар болып өте дәмді болып піседі. Кейде мұндай қаттаманы қазанға май жағып, қарма тәрізді етіп пісіруге де болады.

Дақылдардан жасалатын тағамдар

Талқан. Қуырылған бидайдан, арпадан, жүгеріден ұнтақтап дайындалады. Ерте кезде талқан дайындаудың екі тәсілі болған. Бірі – қол диірменге тарту, екіншісі – келіге түю. Екі тәсілмен дайындағанда талқанның майдаланбай қалып

қоятын түйіршіктері болады, оны «талқанның сағы» дейді. Талқанның сағын бөліп алу үшін жайпақ табаққа салып екшейді. Сонда сағы талқанның бетіне бөлініп шығады да, ұнтағы астында қалады. Бетіндегі сақты алып тастай отырып, талқанның ұнтағын бөліп алады. Талқан өте дәмді әрі құнарлы тамақ. Оны майға, кілегейге, қаймаққа араластырып жеуге де, шайға салуға да болады. Талқан салған шай қою болады әрі тез суиды. Оны жентке қосады. Талқаннан әзірленетін тамақты «сарталқан» немесе «майталқан» деп атайды. Сарталқан дайындағанда талқанды қойдың құйрық майына немесе жылқының майына араластырып, баяу жанған отқа қойып қуырады. Талқанды құмшекер салып дастарқанға құрғақ күйінде қоюға да болады. Оны кебегі көп тазартылмаған бидай ұнынан әзірлеуге де болады. Ол үшін аздап май жағылған қазанға шақтап ұн салып ақырындап қуырады. Қуырылып қызыл-күрең тартқан ыстық талқанға сары май және құмшекер қосады, сонда ол өте дәмді болады. Оны балалар да сүйсініп жейді. Талқанды майға, кілегейге, сүтке араластырып жеуге болады.

Бидай көже. Оны әзірлеу үшін бидайды шаңтозаңнан тазартып, аздап су сеуіп, келіге салады да, түктеп кебегінен ажыратады. Кебегін желпіп кептіру үшін түктелген бидайды 10 – 15 минут кептіріп, астауға салып желпіп кебегінен тазартады. Содан кейін бидайды сулап, келіге салып

түйеді. Осылай жаншылған бидайды суға немесе сүтке қосып, жайлап қайнатады. Біраз қайнаған соң қазанның қақпағын жауып, 30 – 40 минут бұқтырып қояды. Содан кейін көженің піскен-піспегенін, тұзын татып қарап, тағы бір рет қайнатады. Піскен көжеге қатық-айран, сүт қосып ішуге болады.

Тары көже. Ақталған тарыны суға қайнатып дайындайды. Суығаннан кейін үстіне сүзбе, қатық, сүт құяды.

Жент. Өте кәделі дастарқан дәмі. Ол қыста қатпайтын, жазда бұзылмайтын өте дәмді тағам. Жент былғау шеберлікті талап етеді. Ақталған тарыны келіге түйіп ұнтақтайды. Оған құмшекер, ұнтақталған ірімшік салып араластырады. Содан соң қазанға жылқының майын құйып ысытып, жаңағы араластырған тары мен ірімшікті салып, оттың болмашы табында араластырады. Жент майды бойына сіңірген соң ыдысқа салынып, салқын жерге қойылады. Әдетте жент ешкінің немесе қойдың қарнына салып сақталады. Ол ауа өткізбейді де, жент өзінің иісін, дәмін жоймай, ерімей жақсы сақталады. Жылқы майы болмағанда, сары майға былғаса да болады. Жент көбінесе соғым сойған кезде әзірленеді. Майға илеп пісіріп кептірген бауырсақтың ұнтақталғанын, не бидай талқанын және аздап мейіз қосуға болады.

Майсөк. Ақтаған тарыны (сөкті) майға қуырып дайындалатын тағам. Майсөкті дайындағанда қойдың құйрық майын турап шыжғырып, шыжығын

алмаған күйінде ақтаған тарыны салып қуырады. Майсөкті сол күйінде немесе шайға салып жеуге де болады. Қойдың құйрық майы болмағанда жылқының майына, сары майға, тортасын айырған майға, кейде тіпті тоң майға да қуырып әзірлейді. Майсөк дастарқан сәнін келтіретін тағам ғана емес, жолаушылар жиі пайдаланатын тұз тағамына да жатады.

Бидай қуыру. Бидайды қуыру үшін алдымен әбден тазартады. Бірнеше рет желпиді. Содан соң жылы сумен мұқият жуады. Қазанды отқа қойып, ұсақтап туралған май салып шыжғырады. Май қатты қызығанда бидайды салып қуырады. Бидай күрендегенде отын сөндіріп, қазанның бетін жуып, 10 – 15 минут бұқтырады. Оны шаймен бірге береді.

Бөкпе. Ақтаған тары сүтке бөрттіріп дайындалады. Кілегейі алынбаған шикі сүтке ақталған тары салып, түбі қарылмайтындай етіп жайлап қайнатады. Сүт суала бастағанда үстіне сары май салып, аздап құмшекер сеуіп, оттың табына бөктіреді. Сүт әбден суалып болғанша тары да піседі. Бабымен піскен бөкпенің беті қабыршақтанып, бауырдай дірілдеп тұрады. Бойына сүт пен майды сіңіріп былбырап піскен бөкпе аса дәмді болады. Бұл үй ішінің күнделік тағамы ғана емес, сонымен бірге сыйлы қонақтарға тартуға жарарлық кәделі ас.

Сүт тағамдары

Айран. Ұйытылған сүттен жасалады. Оны қаймағы алынған сүттен де, қаймағы алынбаған сүттен де ұйытуға болады. Ол үшін сүтті 5 – 10 минут қайнатып, қанжылым қалыпқа түскенше суытады. Содан соң ұйытқы (ашытқы) қосып араластырады да, ыдысты жақсылап бүркеп тастайды. Ол 1 – 2 сағат аралығында ұйып болады. Ұйыған айран ашып кетпеуі үшін оны бетін ашып, салқын жерге қояды. Айранды сусын ретінде, тағам ретінде де пайдалануға болады.

Қатық. Сиырдың, қойдың, ешкінің қаймағы алынбаған сүтінен ұйытып әзірленеді. Қатық піскен сүттен де ұйытылады. Қатық ұйыту үшін жылы сүтке ұйытқы құйып, ыдыстың бетін жауып, күн түспейтін жылы жерге 2 – 3 сағаттай қояды. Қаймағы алынбаған сүттен ұйытылған қатықтың бетіне қалың қаймақ тұрады. Ал кілегейі алынбаған шикі сүттен ұйытылған қатықтың бетіне қалың кілегей жиналады. Аса құнарлы сүттен ұйытылған қатықтың қаймағы мен кілегейі қалың болады. Піскен сүттен ұйытылған қатықты сол күйінде ішеді не болмаса кенеп қапқа құйып сүзіп, сары суын шығарып, сүзбе жасайды. Сүзбені тұздап «сүзбе құрт» жасауға да, немесе қарынға салып сүзбе күйінде пайдалануға да болады. Қатықты ұйытылған күйінде де, сүзбе жасағаннан кейін де сорпаға, көжеге қосса астың дәмін келтіреді.

Қойыртпақ. Қатық, айранға, т.б. сүт қосып іше-
тін тоқ сусын. Оны жолаушылар торсыққа құйып,
қанжығаларына байлап жүрген. Қанжығадағы қо-
йыртпақ көп шайқалады. Соған орай қанша ашыса
да ашуы білінбейді.

Шалап. Көбіне жаз айларында шөл басатын
бірден-бір пайдалы сусын. Шалап дайындау үшін
алдымен айран немесе шұбатты үлкен ыдысқа
құйып алады да, үстіне су қосады. Оған бұлақ не-
месе құдық суын қосқан дұрыс. Өйткені олар өте
таза, мөлдір, әрі салқын болады. Су қосқан соң
қасықпен жақсылап араластырады. Шалап түйе
сүтінен ашытылады. Бұл әрі сусын, әрі тағам.
Өйткені бие сүтіне қарағанда түйе сүті өте майлы
келеді. Оның емдік қасиеті де бар.

Шұбат. Ашыту технологиясы қымыз ашытуға
қарағанда оңай. Өйткені оны бір қорландырып
алса, одан әрі ешқандай ашытқысыз аши береді.
Қымыз секілді мезгіл-мезгіл пісіп отырудың да
қажеті жоқ. Тек кісіге құйып берерде ғана шайқап-
шайқап жіберсе, ол жақсы араласып, көпіршігі
азаяды. Шұбат құйылған ыдыстың тығынын алып
немесе местің пұшпағын шешіп, газын шығарып
отыру керек. Әйтпесе тығынды ұшырып, месті
ісіндіріп жібереді.

Қымыз. Биенің сүтінен дайындалатын денсау-
лыққа шипалы әрі жұғымды сусын. Қымыз қазақ
халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құр-
метті дастарқан мәзірінің бірі. Сары қымыз дерт-

ке шипа, денеге күш. Қымыз негізінен жылқы терісінен тігіліп, әбден тобылғы түтінінің ысы сіңген сабада не болмаса ағаш күбінде ашытылады. Қымыздың ашытқысы «қор» деп аталады. Дәкеге түйген қорды сабаға не күбіге салып, оның үстіне бір шелектей жаңа сауған салқын саумалды құйып, ыдыстың сыртын жылылап орап тастайды. Қор езіліп саумалға тегіс тарағанда, саумалдың дәмі қышқылданады. Сөйтіп, жаңа қор жасалады. Жаңа қордың үстіне салқындатылған саумалды құйып, әр жолы саумал құйылған сайын піспекпен жарты сағаттай пісіп араластырып отырады. Қымыз ашытылатын ыдыстың ішіне қойдың сүр құйрығын не болмаса жылқының сүр қазысы мен семіз жаясын салып жіберсе, қымыз майлы әрі жұмсақ болады. Әдетте қымыздың өзінен де май шығады. Ол май қаралтымданып, қымыздың бетінде қалқып жүреді. Іңірде пісілген қымызды жылылап қымтап қойып, келесі күні биенің бас сауымы сауылып болғаннан кейін ғана қотарады. Саба мен күбіні ең кемі аптасына бір рет әбден жуып кептіріп, ыстап отыру қажет. Дер кезінде тазартып, ысталмаған ыдыс өңезденіп, қымыздан «ескі» дәм шығып тұрады.

Қымыздан бір күнге жетерлік мөлшерде қотарып алғаннан кейін, оның орнына қайта саумал құйылады. Бұл үдеріс бие ағытылғанға дейін осылай жалғаса береді. Қымыз қотарғанда ыдыстың түбіне жетерлік мөлшерде қор қалуға тиіс. Қымыз дайындау шеберлігіне, сүттің тегіне, уақыт мезгіліне

қарай бірнеше түрге бөлінеді. Осыған орай, оның аталуы да алуан түрлі. Оның ең бастылары мыналар: уыз қымыз – биені алғаш байлағанда ашытылатын қымыз, мұны «бие бау» деп те айтады; бал қымыз – әбден пісілген және бойына жылқының не қойдың майы сіңген бапты жұмсақ қымыз, мұндай қымыздың өңі әдеттегі қымыздан гөрі сары әрі қою болады; бесті қымыз – төрт түн асып, ашуы мейлінше бабына жеткен қымыз; дөнен қымыз – үш түнегеннен кейін қотарылатын, мейлінше ашуы жеткен қымыз; жуас қымыз – үстіне саумал қосып жұмсартылған қымыз, бұл ішуге татымды болу үшін істелінеді; құнан қымыз – екі түнегеннен кейін ғана қотарылатын қымыз, бұл түнеме қымызға қарағанда күштірек болады; қысырақ қымыз – бірінші рет құлындаған құлық биенің сүтінен ашытылатын қымыз, бұл жылда сауылып жүрген сары қарын мама биелердің сүтіне қарағанда әлдеқайда қуатты болады, оны әдетте «ту қымыз» деп айтады; қысырдың қымызы – бие ағытылып кеткеннен кейін, жем, шөбі бар адамдар қысыр биелерді іріктеп алып қалып, қыста қолда ұстап сауады; сары қымыз – шөп пісіп, биенің сүті қойылған кезде ашытылатын қымыз, ол жазды күнгі қымызға қарағанда қою әрі өңі сары болады; сірге жияр қымыз – бие ағытылар кездегі ең соңғы қымыз, әдетте, бие алғаш байланып, уыз қымыз ішерде бір той болса, бие ағытылып, сірге жияр қымызды ішерде тағы бір той болады; түнеме қымыз – ескі

қымыздың үстіне саумал құйылып, келесі күні (тағы бір күн асқаннан кейін) қотарылған қымыз.

Қорықтық (тасқорықтық). Тек қой-ешкінің сүтінен қойшылар өрісте жүргенде пісіріп ішетін тамақ. Ағаш тостаққа не саптыаяққа сауылған қой сүтіне отқа әбден қыздырылған малта тасты бір-бірлеп салып отырады. Шикі сүт 2 – 3 минутта қайнап піседі.

Балқаймақ. Шұңғылдау ыдысқа құйылған шикі қаймақ (кілегей) баяу жанып жатқан отқа қойылып, бетіне майы шыққанша араластыра отырып пісіріледі. Әбден қайнаған кезде үстіне құмшекер себіледі, бал салынып, ұн қосылады. Содан соң араластырып, тағы да қайнатылады. Дайын болған қоспаны ыдысқа аударып, дастарқанға әкеле беруге болады. Ол көбінесе дастарқанға шаймен бірге беріледі.

Кілегей. Шикі сүттің бетіне жиналатын маңызды қаймақ. Кілегей сиыр сүтінен алынады. Жаңа сауған жылы сүтті кең ыдысқа қотарып құйып, салқын жерге қояды. Сонда сүттің бетіне сары түсті маңызы қалқып шығып, қабыршақтанып жиналады. Оны қасықпен жайлап қалқып алады. Кілегей шайдың өңін ашып, дәмін келтіретін болғандықтан, оны көбінесе шайға қосады. Кілегейге тары, талқан, қуырған бидай, кептірілген қызыл ірімшік пен ақ ірімшікті араластыруға болады.

Қаймақ. Сиырдың, қойдың, ешкінің пісірілген сүтінің бетіне жиналатын маңызын (майлы құра-

мын) «қаймақ» дейді. Пісірілген сүтті бетін ашып, салқын жерге қойса, сүт салқындаған сайын оның бетіне қабыршақтанып қаймақ жиналады. Қаймақ қалыңдығы сүттің құнарлығына (нәріне) байланысты. Сонымен бірге сүттің пісірілуіне де байланысты болады. Қойдың сүті қою болғандықтан, оның қаймағы да сиыр мен ешкі сүтінің қаймағынан қалың болады. Қаймақ қалың болу үшін, сүтті тасытпай, шымырлатып қана бабымен пісіру керек. Сүт әбден суығаннан кейін қаймағын қасықпен қалқып алады. Қаймақты ағаштан, қайыңның тозынан (қабығынан), ысталған темірден жасалған қақпағы бар ыдыста сақтайды. Бабымен пісірілген сүттің қаймағы майлы да жұмсақ болады. Сарқылдап қайнатылған сүттің қаймағы әрі дәмсіз, әрі шандырланып тұрады. Қаймақты езіп шайға қатса, шайдың дәмі келіп, өңі ашылады. Бидай мен тарыны қаймаққа араластырып жеуге болады.

Құрт. Малдың сүтінен дайындалып, ұзақ уақыт сақтауға болатын тағам. Сабаға сүтті жинап, сүт ашығаннан кейін піседі, сүт іркітке айналып, майы бетіне қалқып шығады. Майын бөлек алып тұздап қарынға салады да, іркітті қазанға суы сарқылғанша қайнатады. Құрт қайнап жатқан кезде қазанның түбін, ернеуін қырып, әлсін-әлсін араластырып отырады. Құрт қайнап, әбден қойылған соң қапқа құйып, керегенің басына немесе ашаға іліп, сары суын ағызады. Құрт қапта бір тәулік тұрған соң, суы әбден сарқылып құрғайды. Бұдан кейін

құртты қаптан алып, сықпалап бөліп, шиге, тақтаға жайып кептіреді.

Қайнатқан құрт екі түрлі болады: бірі – ақ құрт. Ол көп ашымаған және пісуін жеткізіп, майдан әбден арылған іркіттен қайнатылады. Кейде аздап тұз қосып кептіреді. Ол көбіне жазда, күзде желінеді. Екінші – қара құрт. Ашуы жеткен іркіттің пісуін қандырмай, майын жартылай алады немесе алмай қайнатады. Құрттың осы түрін қыста езіп, дәмді құрт көже даярлайды. Езілгеннен қалған қиыршық құрт «малта» деп аталады. Астауға салып қолмен езуге немесе қойдың бас сүйегімен (азу тістерімен) үгуге болады. Құртты ыстық суға, сорпаға езеді. Езген құртты сол күйінде ішуге де, сорпаға не көжеге қосып ішуге де болады. Құрт аса қуатты әрі жағымды тағам.

Сары май. Сиырдың, қойдың, ешкінің сүтінен алынады. Сары май ірі қараның не серкенің терісінен тігілген саба-торсықта не болмаса ағаш күбінде дайындалады. Шикі сүттен ұйытатын айранды, қатықты, кейде іріген сүт пен шикі сүттің өзін сабаға не күбіге құйып, әбден толған кезде піседі. Іркіттің пісуі жеткен кезде, май ыдырап бөлек шығады. Бірден екі-үш қабат мәрліге салып бүктейді де, қолмен сығымдап майды сүзеді. Бұрындары майды қыл-қыбырынан тазарту үшін пышақпен «қылшықтайтын». Сүзгіден тазарып шыққан майды суық суға салып, іркітінен арылтып, тоңазытады. Сонан кейін жайпақ ыдысқа салып, қолмен мытып, алақанмен шапалақтап суын шыға-

рады. Содан кейін тұздап, ыдысқа салады. Сары майды қойдың, ешкінің қарнына, бүйенге сақтайды. Қарынға салынған майлардың да әртүрлі атауы бар. «Атан қарын май» – ата қой мен атан серкенің қарнына салынған май. «Қозы қарын май» – қозының не лақтың қарнына салынған май.

Тұзы бар майды жақтырмайтын адамдар сары майды тортасынан айырып алады. Ол үшін сары майды қазанға салып қайнатады. Қайнаған кезде оның ішіндегі тұзы майдың бетіне қалқып шығады. Бетіндегі тұзын қалқып алып, майдың өзін суытса тұзы жоқ, сап-сары май шығады. Мұны «тортасынан айырған май» деп атайды.

Сүзбе. Айраннан немесе қайнаған іркіттен дайындалады. Ашыған айранды, қатықты немесе қайнаған құртты кенеп дорбаға құяды да, іліп қойып сорғытады. Содан ол өзінен-өзі сүзіліп, сұйығы ағып кетеді де, сүзбе түбінде қалады. Сүзбені тұздап, малдың қарнына салып кептіреді. Оны жылдың кез келген уақытында езіп сорпаға, көжеге қосуға, сондай-ақ, сүт, су қосып шалап етіп, сусын ретінде ішуге болады.

Уыз. Жаңа төлдеген малдың желініне жиналатын қою сүт. Уыз «сары уыз», «ақ уыз» деп екіге бөлінеді. Сары уыз әрі қою, әрі желім сияқты жабысқақ болады. Ақ уыздың өңі сары уызға қарағанда ақшыл, әрі сұйықтау келеді. Сары уызды төлдің өзіне емізіп, ақ уызды сауып алып пайдаланады. Інген мен биенің уызын бота мен құлынға

емізеді. Ал сиырдың, қойдың, ешкінің ақ уыздарынан әртүрлі тағамдар пісіреді.

Қатырған уыз. Мұны дайындау үшін уызды бүйенге, ащы ішекке немесе металл ыдысқа құйып, қайнап жатқан судың ішіне салып пісіреді. Бір бұрқ етіп қайнағанда, ыдысқа құйылған уыз шеміршектеніп қата бастайды. Одан соң оны ыдысымен бірге ыстық судан алып, салқын суға салады. Сонда уыз қайнап піскен жұмыртқадай болып шығады. Қатырған уызды сүр еттің үстіне турап салады. Төлбасы (алғашқы төл) туған күні соғымның етінен, шұжық асып, уыз қатырып, көрші-қоланды шақыратын дәстүр болған.

Пісірілген уыз. Оны әзірлеу үшін уызға сүт қосып, сұйылтып пісіреді. Уыз іріп кетпеу үшін оны ожаумен сапырып отыру керек. Уызға тары салып пісіруге болады.

Іркіт. Сиырдың, қойдың, ешкінің сүтінен дайындайды. Піскен сүттен ұйытылған айранды немесе шикі сүттен ұйытылған қатықты сабаға не күбіге жинайды да пісіп, оның майын қалқып алғаннан кейін, ыдыстың ішінде іркіт қалады. Іркіттің ащы не тұщы болуы оның дайындалған сүтіне ғана емес, дайындау тәсіліне де байланысты. Іркіт құйылған ыдыс күннің көзінде тұрса, іркіт божып ащиды да, дәмі қышқылданып кетеді. Іркіт құйған ыдыс көлеңкеде тұрса, іркіттің дәмі бұзылмай тұщы болады.

Ірімшік. Сиырдың, қойдың, ешкінің сүтінен қайнатып әзірленетін сүт тағамы. Ірімшік – ақ ірім-

шік, қызыл ірімшік деп екіге бөлінеді. Ақ ірімшікті дайындау үшін ыдысқа құйылған шикі сүттің үстіне азырақ айран құйып, сүтті ірітеді. Одан соң іріген сүтті отқа қойып қайнатады. Ірімшіктің сары суы бөлінген кезде оны шыптаға сүзеді. Ақ ірімшікке сары май, қаймақ, кілегей сияқты майлы тағамдарды қосса, дәмді әрі құнарлы ас болады. Ақ ірімшікті шыптаға орап сүзіп алғаннан кейін жұқалап тіліп, өреге жайып кептіреді. Шала кепкен ақ ірімшікті келіге түйіп жаншыса, тары сияқты қиыршық ұнтаққа айналады. Мұны тары орнына шайға, майға, қаймаққа, кілегейге салып жеуге де болады. Қызыл ірімшікті дайындағанда қазанға құйылған жылы сүтке мәйек немесе үлкен қойдың ұлтабарына уыз толтырып кептірген ұйытқы салып, сүттің бетін қымтап жауып қояды. Жарты сағат тұрғанда сүт ұйып, дірілдеп тұрады. Содан кейін мәйекті сүттен алып, қазан астына от жағып қайнатады. Қайнай бере бауыр сияқты дірілдеп тұрған ұйыған сүтті «қылыш» деп аталатын арнаулы ағашпен шақпақтап тіледі. Ірімшіктің өңі біртіндеп қызара береді. Реңі қан қызыл түске еніп, сары суы қойылған кезде қазанды оттан түсіріп салқындатады да, одан соң шыптаға салып сүзеді. Сүзілген қызыл ірімшік бір-біріне жабыспай жеке-жеке бытырап тұрады. Қызыл ірімшікті де өреге жайып кептіреді. Оның аса жағымды өзіндік дәмі болады. Кепкен қызыл ірімшік үгітіліп тұрады. Қызыл ірімшікті жеке өзін жеуге де, майға, қаймаққа,

кілегейге араластырып жеуге де болады. Қызыл ірімшікті жентке қосады. Қаймақ не кілігей қосып келіге жанышқан қызыл ірімшік дастарқан мәзірінің ең кәделі түрлерінің бірі болып есептеледі.

Ет тағамдары

Қазақша ет. Әдетте ет асқанда ең алдымен жіліктеп, қазанға салынатын етті адам санына қарай мөлшерлейді. Тойға немесе қонақасыға көбінесе қой сойылады. Қой еті жіліктенгенде 13 мүшеге бөлінеді. Олар жамбас – 2, ортан жілік – 2, асықты жілік – 2, беломыртқа – 1, сүбе – 2 (сүбемен бірге бүйректен жоғарғы 5 қабырға кетеді), қабырға – 2, төс – 1, омыртқа -1, жауырын – 2, тоқпан жілік – 2, кәрі жілік – 2, бұғана – 1, мойын – 1. Осылай асуға дайындалған етті жуып-шайып тазалап, қазанға салады да, ет батып тұратындай етіп суық су құяды. Содан кейін қазанды қатты жанған отқа қойып, сарқылдатып қайнатады, бетіне шыққан қанды көбігін алып тастап, шамалап тұз, 1 бас пияз салып отын басады да, 1 – 1,5 сағат ет әбден піскенше шымырлатып қайнатады. Ет әбден піскен соң табаққа сорпасынан бөлек қотарып алып, тартылған табақтың санына қарай мөлшерлеп тұздық әзірлейді. Ет туралып болған соң тұздықты еттің үстіне құяды. Әдетте кәделі жіліктермен бірге сыйлы қонақтарға малдың басын (қой), ірі қараның шекесін, қазы, қарта, жал-жаяны табаққа бірге са-

лып береді. Сонымен бірге қамыр, бітеу пісірілген картоп қосуға да болады.

Қазы. Жылқы етінің кәделі мүшелерінің бірі. Ол жылқының қабырғалары мен белдемелерінің етегіне жиналатын аса шұрайлы, майлы ет. Қазы жасау үшін екі бұғана қабырға, екі тілше қабырғадан басқа қабырғалар алынады. Қазыны ішекке тығады. Әр қос қабырғалардың ішкі жағындағы шеміршегін кесіп тастайды. Ішекке тығу үшін қабырғалардың арасын ажыратып тіліп, әр қабырғаға май мен етін тең етіп бөледі, бірақ ет пен май қабырғадан сылынып қалмауы керек. Қазыны ішекке тығар алдында тұздап, 2 – 3 тәулік тұзын бойына сіңіріп қояды. Содан кейін 1 – 2 сағат суық суға салады. Содан кейін ішекке тығып, екі басын біріктіріп байлайды. Содан соң сырыққа немесе керілген жіпке 8 – 10 сағат іліп, жел қақтырады. Қазы және қос қазы формасы жағынан жарты шеңберге ұқсас болып шығады. Қазыны ыстау, сүрлеу үшін түтінге 13 – 27 сағат ыстайды. Қазыны 2 – 2,5 сағат жайлап пісіреді. Қазыны сыйлы қонақтарға басқа етке қосып береді. Қазыны ыстық күйінде де, тоңазытып та жеуге болады.

Қарта. Жылқы етінің ең кәделі мүшелерінің бірі. Жылқы сойғанда ең алдымен қартаны ішіндегісінен босатып айналдырады да, салқын суға жуып тазалайды. Қартаны дәміне келтіру үшін тұздайды, бұрыш сеуіп, пияз турап қосады. Бұдан соң ыстап сүрлеуге арналған қартаны бойына тұзын сіңіріп, салқын жерге 1 – 2 күн қояды. Қартаны 12 – 18

сағат бойы түтінге ыстайды. Содан кейін қоңыр салқын температурада 2 – 3 күн сақтап кептіреді. Қартаны пісіру үшін салқын суға жуып, қазандағы жылы суға салып, отты баяулатып әбден піскенше 1,5 – 2 сағат қайнатады. Қартаны асқан етке қосып береді.

Жал. Бұл да жылқы етінің ең кәделі мүшелерінің бірі. Ол жылқының шоқтығы мен ауыз омыртқасының арасында, мойын омыртқаны ұстап тұратын желкемен жымдаса бітеді. Жылқы сойғанда терісі сыпырылғаннан кейін жалдың өзін мойын омыртқадан сылып (желкені қоспай) алады. Семіз жылқының жалы үлкен кісінің шеңгеліне әрең сиярлықтай жуан болады. Жал шоқтыққа тақау ұшы жуан болып, екінші ұшына қарай біртіндеп жіңішкере береді. Семіз жылқыны халық «Жалы құлағынан асады» деп дәріптейді. Жалдың жуан бөлігінің арасын – екі елідей, жіңішке бөлігін үш елідей етіп жартылай кертеді де, майда тұз себеді. Соғымға сойған жылқының жалын арша ағашқа іліп, ыстап сүрлейді. Сүрленген жал ұзақ уақыт бұзылмай, дәмі өзгермей сақталады. Жалды бас табақ, қос табақ, сый табақ секілді аса құрметті табақтарға салады. Оны тоңазытып жеген де жақсы.

Жая. Жылқы етінің аса кәделі мүшелерінің бірі. Жылқының терісін сыпырып алғаннан кейін жаяның етін тұтастай бөлек сылып алады. Содан кейін оны қалыңдығын бір қарыс етіп жұмырлай

тіледі. Содан соң оны тұзы сіңуі үшін 1 – 2 сағат қойып қояды да, түтінге ұстап, 14 – 18 сағат бойы ыстайды. Жаяны сыйлы қонақтарға асылған етке қосып береді, яғни оны бас табаққа, қос табаққа сондай-ақ, сый табаққа салады. Ал жайшылықта жаяны тоңазытып жейді.

Сорпа. Әдетте ет желінген соң сорпаны әкеледі. Сорпа деп қазақ ұғымында малдың, аңның, балықтың, құстың қайнатып пісірілген етінің суға шыққан селін, маңызын айтады, яғни еттің ең күшті нәрі. Ең дәмді сорпа сиыр етінің сорпасы, содан кейінгі орынды қой және ешкі етінің сорпасы алады. Жас жылқы мен сиырдың, сондай-ақ, қойдың сорпасы өте дәмді болады. Асылған ет мол болса және ол қайнап жатқанда көбірек сапырса сорпасы дәмді және жұғымды болады. Жас сорпа жаңа сойылған еттен әзірленеді. Ұсақ тұз салынған соң араластырып, бірнеше рет сапырады. Қазан астындағы от баяу жануы тиіс. Қазанның беті жабулы болады. Қайнауға таяғанда және одан кейін анда-санда қазанның қақпағын ашып, көбігін алады. Еттің ең алғашқы қан көбігін алған соң екінші рет көбігін алмай, оны сапырып таратқан жөн. Бір қайнағаннан кейін сорпаның тұзын татып көріп, татымсыз болса үстемеленеді. Жас ет әрі кеткенде 2 сағатта піседі. Етті түсіріп алғаннан кейін қазанның қақпағын жауып, сорпаны шамалы демалдыру керек. Содан кейін дастарқанға әкелуге болады. Сорпаның дәмін келтіру үшін әртүрлі сүт тағамдары (құрт, қатық, сүзбе) қосылады.

Бас. Қойдың, ешкінің, сиырдың басын үйтіп, қырып, жылы суға бірнеше рет мұқият жуып тазартады. Басты үйткенде таза болуы үшін кей жерлерде тісін қағып тастап үйтсе, ал кей жерлерде езуін тіліп үйтеді. Содан кейін жағын айырып, тазалап жуады. Қой, ешкінің басы тұтас күйінде, ал жылқының, түйенің басын бөліп асады. Сиырдың басын көз қуысына таяу кеңсірігінен бір шауып, маңдайынан қақ жарып, үшке бөледі. Сиырдың әр шекесі бір бастың орнына жүреді. Жылқының шекесін кәдеге жүрмейтіндіктен сый қонақтарға тартпайды. Бас асқан етпен бірге беріледі.

Сүр. Ыстап кептірілген ет. Етті ұзақ уақыт сақтау үшін ыс салып сүрлеу дағдыға айналған тәсіл. Ол әсіресе соғым етін сақтау үшін кең пайдаланылады. Соғымның етін ұшалап, жіліктеп бұзғаннан кейін аударылған қазы, қарта, шұжық қатарлы кәделі мүшелердің бәрін арса ағашқа іледі де, астына отынды (табылса тобылғы) жалындатпай жағып түтін салады. Түтін етке молырақ тию үшін ет ысталатын үйдің есік-терезесі түгел жабылады. Арсаға ілінген жас еттің ең алдымен сәлі ағып, біртіндеп құрғайды. Түтін сіңген сайын еттің сырты қарайып тотығып, қатая бастайды. Түтін көп салынса, семіз еттің майы еріп тама бастайды. Сондықтан алдымен еттің сәлі құрғағанша ғана түтін салып, біраз уақыт ыстауды тоқтатып қояды. Одан соң еттің екінші бетін төңкере іледі де, қайта түтін салады. Бұл жолы түтінді ұзақ салудың қажеті

болмайды. Өйткені, сөлінен ажыраған ет тез тобарсиды. Жазғытұрым тоң жібiген кезде арсадағы ет те жiби бастайды. Осы кезде екiншi рет қайта ысталады. Бұл ең соңғы ыстау. Осыдан кейiн соғым етi мейiздей сары боп сүрленедi. Мұндай сүрдi қанша уақыт сақтаса да бұзылмайды. Ыс сiңген еттiң хош иiсi, жағымды кермек дәмi болады. Бiрақ оның сорпасы жайсыздау келедi. Сүрдiң сорпасы iшуге жарамды болу үшiн жас ет қосып асады. Сүр ет пен жас ет араласқанда сорпа дәмдi болады.

Жаубүйрек. Бұл ұлттық тағамды малшылар, жолаушылар көп пайдаланады. Қойдың терiсiн сыпырған соң құйрық майын бiлемдеп кесiп алады. Iшiн жарып, өкпе-бауырын суырып алып бауыр мен құйрықты жұқалап жапырақтап, iстiкке бiр май, бiр бауыр етiн кезектеп шаншып, үстiне майда тұз, бұрыш сеуiп отқа қақтап пiсiредi. Бауыр қосылған май жүрекке тимейдi, әрi бұл тоқ болады. «Жаубүйректi» мал сойған кезде үйде пiсiредi. Оны дайындағанда татымына қарай тұз, бұрыш, жуа, дөңгелектеп туралған пияз қосады. «Жаубүйректi» асқан етпен қосып жеуге болады.

Борша. Көбiне iрi қара етiнен дайындалады. Кәуәптiң бiр түрi. Санның, қолдың, жауырынның қара кесек еттерiн ұзыншалап кесiп алады. Әрбiр еттiң бөлегiн пышақты көп батырмай жұқалап тiлiп тұз, бұрыш себедi (тұздалған ет болса, тұз себудiң қажетi жоқ). Еттi темiр тордың үстiне салып, жалындатпай шоққа қақтап пiсiредi. Пiсiрген кезде ау-

дармалап отырады. Шоққа қақталып қызыл-күрең тартқан «борша» өте дәмді болады. Оны әсіресе қымыз, шұбат ішкенде жеген жөн.

Қарын бөртпе. Ел арасында сирек дайындалатын өте дәмді тағам. Көбінесе жаңа сойылған малдың етінен, майынан, бауырынан қосып, ұнмен араластырып, қарынға салып пісіреді. Сойылған қойдың іш майын, етін, бауырын өте ұсақтап турайдды. Сосын үстіне бидай ұнын, сарымсақ, бұрыш, тұз салып жақсылап араластырады. Дайын болған етті қарынға не бүйенге салады. Бүйенге салса бір шеті тұйық болады да, екінші ашық ұшын жіңішкертіп жонылған ағаш істікпен түйреп байлайды. Қарынға салса да бір шеті солай түйреліп байланады. Бұжы қайнап жатқанда оны аудармалап, әр жерінен істікпен шаншып, желін шығарып отырады. Ол қазандағы суға толық батып, баяу жанған оттың табында 1,5 – 2 сағат қайнауы керек. Дастарқанға «қарын бөртпені» жылыдай да, суытып та қоюға болады.

Әсіп. Ең алдымен қойдың бүйенін айналдырып, жақсылап жуып тазалайды. Ет, жүрек және бауырды ұсақтап турайдды. Оған бір бас пияз турап, бұрыш, тұз, күріш салып, аздап су құйып араластырады. Содан кейін барлығын ішекке тығып, аузын байлайды да қайнаған суға салып, бір сағаттай қайнатады. Қайнап жатқан «әсіпті» істікпен түйрелеп, желін шығарып отырады. Оны

дастарқанға қоярда дөңгелектей кесіп, ыстықтай береді. Ішек болмаса, қойдың бүйенін пайдалануға болады.

Жөргем. Малдың ащы ішегі мен тоқ ішегінен еріп жасалады. Мал сойғанда ащы ішегі пен тоқ ішегін жуып, тұздағаннан кейін оны айналдырып тағы бір рет сумен шайқайды. Қазанға салып асуға қолайлы болу үшін ішектерді өткермелеп өреді. Ащы ішекжіңішке, әрі өте ұзын болатындықтан, оны тоқ ішек секілді жалаң қабат өре салмай бірнеше еселеп шумақтайды да, одан соң әлгі шумақтың белінен айналдыра шандып орап, ішектің ұшын бекітеді. «Жөргемді» асуға да, турап қуыруға да болады. Майға қуырған «жөргем» дәмді болады. Әдетте дәмін келтіру үшін оған тұз, бұрыш себеді, дөңгелектеп туралған пияз қосады.

Қимай. Соғымға сойылған сиыр етінен дайындалатын кәделі тағам. Сиырдың тоқ ішегін тұздап, айналдырып, оның ішіне кесек етіп туралған төстік пен төстің етегін, бұрыш, тұз, жуа қосылған етті салады. «Қимайға» төс етінен басқа сан, қол еттері де пайдаланылады. Шұжық сияқты «қимай» салынған ішектің екі ұшы істікпен түйреліп, ыстап келтіріледі. «Қимайды» асып жеуге де, жазғытұрым ет азайған кезде қуырып жеуге де болады. «Қимайдың» ерекшелігі, оның майы мен қара кесек еті тең болады. Оны кейде «сиырдың қазысы» деп те атайды. «Қимайды» салқындатып, асқан етке қосып береді.

Шұжық. Шұжық жасайтын етті тұздап, бұрыш сеуіп, салқын жерге 1 – 2 күн сақтайды. Шұжық жасауға сан, қол, жон еттерін алады, мойын еті жарамайды. Содан кейін майды да, етті де ұсақтап турап, қара бұрыш, сарымсақ қосып, бәрін араластырады. Содан кейін ішекке салып толтырады. Ішектің екі ұшын істіктеп түйрейді де, жіппен біріктіріп байлайды. Дайындалған шұжықты сырыққа немесе керілген жіпке араларын бір-бірінен алшақтау етіп іліп, салқын жерде 3 – 4 күн дегдітеді. Артынан 12 – 18 сағат ыстайды. Шұжыққа пиязды дөңгелектеп кесіп қосуға болады.

Шыртылдақ. Жылқы етінің сорпасынан қалқып алынған май. Көп жерлерде тортасы айырылған сары майды да осылай атайды.

Сірне. Жас бағланның етін қазанға жілік-жілігімен қуырып даярлайтын өте дәмді ас. Ол көбіне сыйлы қонақтарға арналып әзірленеді. Үйітілген бас-сирақ, ішек-қарын, мүшеленіп бұзылған ет түгелдей қазанға салынып, малдың өз іш майына және еттің өз сөліне бұқтырылып пісіріледі. Ол үшін қазанның бетіне бу шықпайтындай етіп ыдыс төңкеріп, от мейлінше баяу жағылады. Қазанның түбі күймес үшін азырақ су құюға болады.

Ми палау. Ұлттық тағамдардың ішіндегі дәмді де сүйкімді тағамдардың бірі. Оны жасау үшін піскен бастың миын, желке-шүйдесін, екі көзін, бастың құйқасын алып, майдалап турайды, үстіне шамалап сорпа құйып барлығын араластырады. Сондай-ақ, «ми палау» дәмді болу үшін оған

бұрыш, ұсақтап тұралған пияз қосып, тұзды татымына қарай салады.

Құйрық-бауыр. Қазандағы су жылығанда азырақ құйрық майын салып, отты баяу жағып, 15 минуттай қайнатады. Содан кейін бауыр салып, тұз, бұрыш, пияз қосып әбден піскенше қайнатады. Піскен құйрық-бауырды табаққа салып алып, суытады. Бұдан кейін бауырды жұқалап турап, оның үстіне құйрық майын турап салады және дәміне келтіру үшін дөңгелектеп туралған пияз, бұрыш салған тұздық құяды. «Құйрық-бауырды» асқан еттен бөлек береді.

Қуырдақ. Оны жаңа сойылған малдың өкпе-бауырынан, мойын, төстің етінен, жүрек-бүйрегінен, сондай-ақ ішек-қарнынан ұсақтап турап әзірлейді. Ол үшін қазанға іш майды немесе құйрық майды салып шыжғырып алады да, алдымен үстіне туралған өкпе, жүректі, ішек-қарынды, мойын, төстің еттерін салып, қазанның отын қатты жағып 15 – 20 минут қуырады. Содан кейін бауырды салып, үстіне бұрыш, пияз қосып, әбден піскенше қуырады. Тұзды татымына қарай салады. Әбден піскен қуырдақты табаққа салып, дастарқанға қояды.

Бал қуырдақ. Көбінесе жас малдың жұмсақ етінен даярланады. Басқа қуырдақтан мұның ерекшелігі – етті майға емес пісірілген сүттің бетінен түскен қаймаққа ғана қуырылуында. Өте жұғымды, жүрекке көп тимейтін қуырдақтың бұл түрін көбіне қарт кісілерге, сыйлы қонақтарға беретін болған.

Жоңқа қуырдақ. Тоңазып қатқан соғым етінен дайындалатын қуырдақ. Мұның «жоңқа қуырдақ» деп аталуының себебі, пышақпен не балтамен қырнап жонғанда ет ағаштың жоңқасы сияқты жұп-жұқа болып туралады. Қуырдақтың бұл түрін де суға қайнатпай-ақ майға қуырып әзірлеуге болады.

Картоп қосқан қуырдақ. Мұны әзірлеу үшін сиыр етін ұсақтап турап, тұз, пияз салып, сырты қызарғанша қуырады. Содан кейін ұн сеуіп қыздырады да, туралған картоп салып, баяу жанған отқа 30 – 40 минут қайнатады.

Қара қуырдақ. Кілең өкпе мен бауырдан, жүрек пен бүйректен әзірленеді. Бауыр тез пісетін болғандықтан, сәл кешірек салынады. Мұның «қара қуырдақ» деп аталатын себебі, бауырдың қаны майға қуырылғанда қуырдақтың өңін қарайтып жібереді.

Соғым қуырдақ. Ет піскенге дейін соғым сойған, ішек-қарын аршыған адамдарды тамақтандыру үшін дайындалады. Қуырдаққа көбінесе ірі қараның мойын еті, мүшеленген кезде түсетін ойынды, қиынды еті, аздап өкпесі мен бауыры қосылады. «Соғым қуырдағы» соғымға сойылған малдың өз майына қуырылады. Оны дәмдендіре түсу үшін, оған татымына қарай тұз, бұрыш, дөңгелектеп пияз турап салады. «Соғым қуырдағын» дастарқанға шаймен бірге қояды.

Үкпе қуырдақ. Оны әзірлеу үшін, етті өте майдалап турап қуырады. «Үкпе қуырдақтың» еті майда болғандықтан, оны суға бөктіріп қайнатпай-ақ, бірден майға қуырып пісіруге болады.

Қазақтың дәстүрлі шаруашылығы

Қазақтар негізінен мал шаруашылығымен айналысты. Жекелеген аймақтарда егіншілік пен балық аулау кәсібі дамыды. Олар көбіне шағын елді мекендерде – ауылдарда тұрды. Қыруар көп малды бағу үшін ата-бабаларымыз шағын ауыл болып тұруға мәжбүр еді. Әр ауылдағы шаруашылық 5 – 20 отбасынан аспады. Әдетте ауыл ең жақын туыстардан құралды. Әр отбасындағы жан саны орта есеппен 5 – 7 адамнан келді. Ауылды ең беделді кісі, би немесе құрметті ақсақал басқарды. Әр ауыл көп жағдайда белгілі бір рубасының атымен аталды. Ауыл орманның шетінде, өзеннің не көлдің жағасында, таулы жерлерде шатқалдың ішінде орналасты. Орман мен тау қысқы суықтар мен борандар кезінде малды аман сақтаудың табиғи қорғанысы саналды. Ол жерлерден отын мен құрылыс материалдарын жинап алуға да мүмкіндік мол еді. Қоныс таңдаған кезде қазақтар су көздерінің – өзендер мен көлдердің, мол сулы бұлақтардың болуын мұқият ескерді. Олардан ауыз су алды, мал суарды. Ондай су көздері болмаған жағдайда құдық қазып алуға тырысатын.

Қазақтар жаз кезінде киіз үйлерде тұрды. Киіз үй кей жағдайларда кедей қазақтардың қысқы баспанасы да болды. Мұндай кезде ол үйді бірнеше қабат киізбен қымтап, іргесін қармен бастырып тастайтын. Ал елдің оңтүстіктегі жылы аймақтарында киіз үйде қысы-жазы бірдей тұра беруге болатын. Бұл жөнінде неміс ғалымы Ф.Шварц былай деп жазды: «Қырғыз-қайсақтардың қысы-жазы бірдей тұра беретін бірден-бір баспанасы киіз үй болып табылады. Киіз үй адамның қашаннан бергі ойлап тапқан ең ғажайып өндірістік өнер табысының бірі екенінде дау жоқ». Киіз үйдің ағаштан жасалатын бөліктерін арнаулы шеберлер – үйшілер, ал киізден жасалатын жабдықтарын киіз басатын әйелдер әзірлейтін. Үйдің бау-шуларын құрастыру, тігу мен жығу да әйелдердің үлесіне тиетін.

Қазақтардың қалмақы төбесі шошақ үйлері де болды. Бірақ олар өте сирек пайдаланылды.

XIX ғасырдың 30 – 50 жылдарында қазақтарда отырықшы өмір салтына көшуге байланысты тұрақты баспана салу үрдісі орнықты. Қазақтар қыста тұратын баспанасын «қыстау» деп атады. Қыстау топырағы құнарлы жерлерге салынды. Оған жақын жерде, әдетте, рулық зират тұрғызылды. Қыстаудың маңында егістік және шабындық жерлер болды. Далалықтар қыстауды адам өлімі көбейіп кеткен немесе мал қырылып, жұт болған кездері ғана тастап кететін. Қыстау әртүрлі құрылыс материалдарынан: тастан, ағаштан, шымнан және шикі кесектен салынатын.

XIX ғасырдың соңына қарай қазақтар төбесі екі жақты беткейлі шатырмен жабылатын үй салуды үйренді. Үйдің ішіне қазан асылатын, әрі үйді жылытатын пеш орнатылды. Терезенің көздері малдың тақыр қарнымен керіп тасталды. Қысқы баспана екі бөліктен тұрды. Олардың арасында пеш болды. Оның бір жағы кіре берістегі ауыз үй, екінші жағы адамдар тұратын төр үй деп аталды. Төр үйдегі жер еденнің үстіне нарағаштан салынған аласа орын жасалды. Ауқатты қазақтардың үйіндегі бөлмелердің саны 3 – 4-ке дейін жетті. Кейін ағаштан қиып салынатын, ағаш едендері бар үйлер де пайда бола бастады. Әдетте ондай үйлерді орыс ұсталары салатын. Қазақтар киіз үй мен қысқы тұрғын үйдің ішін қамыс пен құраған ағаш және тезек жағып жылытатын. Қазақтарда өсіп тұрған ағашты кесуге қатаң тыйым салынатын.

Тұрғын үйлер мен мал қоралары бір-бірімен жалғасып жатты. Құрылыстың мұндай жинақылығы қысқы суық пен боран кезінде ыңғайлы болатын. Аулада шаруашылыққа арналған төбесі күмбез тәріздес шошала тұрғызылды. Онда ет және басқа да азық-түлік өнімдері сақталды, ас пісірілді. Қыс кезінде қолға қарап қалатын мал түн мезгілінде мал қораға қамалатын. Мал қораның үстіне көбінесе пішен жиналатын.

Мал шаруашылығы. Қазақтардың негізгі шаруашылық кәсібі мал өсіру болды. Олар көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұстанды.

Қазақтардың көші-қонының қашықтығы әртүрлі болып келетін. Жаңа қонысқа көшуден бұрын ауылдың тәжірибелі адамдары жер шолып, малға жайлы жайылым іздестіретін. Онда жерінің шөбі шүйгін, міндетті түрде су көзінің болуы қарастырылды. Аталас туыстар әдетте белгілі бағытта бірлесіп көшетін. Қыс кезінде үйір-үйір жылқылар ашық далада қарды тұяғымен аршып, тебіндеп жайылатын. Жылқы тебіндеп жайылған соң ол жерлерге мүйізді ірі қара, түйе және уақ мал жіберілетін.

Мал басы көшпелі қазақтарды ішіп-жем, тағаммен қамтамасыз етті. Қой мен құлын, ешкінің иленген терісі түрлі сырт киімдер мен аяқ киім тігуге пайдаланылды. Қойдың және түйенің жүнінен киіз басылды, жіп иіріліп, шекпен тігілді, арқан-жіп есілді, бау-шулар жасалды, кілем тоқылды. Ешкінің түбіті әдемі де жылы шәлілер тоқуға пайдаланылды. Малшылар серкенің, өгіз бен жылқының терісінен құдықтан су тартатын ыдыс – қауғалар, қымыз ашытатын сабалар мен сусын құятын торсықтар жасады. Қазақтар малдың тезегін отын ретінде пайдаланды. Көшпелі қазақтардың өсіретін малының негізгі түрлері қой-ешкі, жылқы мен түйе болды. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтарда сиыр өсіру де елеулі түрде дами бастады.

Жазғы жайлаудан қайтқан қазақтар әдетте құраған күзгі шөпке өрт қоятын. Кейде мұндай өрт ерте көктемде де қойыла беретін. Далалықтардың пікірі бойынша ондай өртенді жерде көктем кезінде

шөп қалың шығады. Оны жеген мал тез қоңданып, семіреді де, салмағын арттырады. Рас, ондай өрттердің бой бермей кетуі салдарынан, әсіресе желді күндері, талай ауыл, қысқа дайындап қойған мая-мая пішендер өртеніп те кететін. Күзде және көктемде ондай өрттердің болуына жол бермеу үшін қазақтар қыстаулардың төңірегіндегі қураған шөптерді күзге қарай өртейтін болды.

Қазақтар үшін ең ауыр кез жұт жылдары болды. Кейде көктайғақ мұздардың немесе шөп шықпай қалудың салдарынан бүкіл мал қырылып қалатын. Өйткені мал көкпеңбек болып қатып қалған қалың мұздың қабатын бұзып, шөп жей алмайтын. Ондай жұт кезінде мал мың-мыңдап қырылатын. Ең сұрапыл апатты жұт 1880 жылы болды. Сол жылы тек Торғай облысында ғана 1,5 миллионнан астам мал аштан қырылды. Қазақтардың байқауынша, мұндай ауыр жұттар әрбір 10 – 12 жылда бір рет қайталанатын «қоян» жылына сәйкес келеді. Ондай жұттардан аман қалу үшін қазақтар шекара шебіндегі казактар мен орыс шаруаларына жақын келіп қонуға тырысатын. Станицалар мен деревня тұрғындарынан пішен мен сабан сатып алатын. Жұттан кейін күйзеліп, қайыршыланған қазақ шаруашылықтары ендігі жерде егіншілікпен айналысуға мәжбүр болды.

Қой. Негізінен ет-жүн бағытындағы және биязы, жартылай биязы жүн бағытындағы қойлар болып екіге бөлінеді. Ет-жүн бағытындағы қой ша-

руашылығы ылғалы жеткілікті және климаты біршама жұмсақ аудандарда, ал биязы жүнді қой шаруашылығы неғұрлым құрғақ аудандарда таралған. Нақтырақ айтқанда, ет-жүн бағытындағы қой шаруашылығы Солтүстік және Оңтүстік Американың, Аустралия мен Оңтүстік Еуропаның, Орталық және Орта Азияның, Оңтүстік Африканың қоңыржай және субтропиктік белдеулерінің құрғақ аудандарында жақсы дамыған.

Қой сүтқоректілердің жұптұяқтылар отрядының күйіс қайыратындар тобына жатады. Қой мен ешкілерді ұқсастық белгілеріне сәйкес бір топқа біріктіреді. Екеуін төрт түліктің бірі деп есептейді.

Қой бұдан 10 – 11 мың жыл, ешкі 11 – 12 мың жыл бұрын қолға үйретілген. Қойдың жабайы арғы тегі – жабайы қой муфлон және арқар таулы алқаптарда таралған. Қойдың алғаш қолға үйретілген орталықтарын Жерорта теңізінің маңы, Орта Азия, Қазақстан, Орталық Азия, Оңтүстік Африка.

Мал шаруашылығының басты саласының бірі – қой шаруашылығы. Қойдан күнделікті тұрмысқа қажетті жүн, тері, елтірі және тағамдық өнімдер – ет, май, сүт алынады. Қой өсіру адамзат тарихында неолит дәуірінен басталады. Қола дәуірінде Орталық Азия тайпалары қылшық жүнді қой өсірген. Биязы және биязылау жүнді қой тұқымдары осы кезеңде Кіші Азияда шығып, дүние жүзіне тараған.

Қой өсіру қазақ халқының ата кәсібінің бірі бо-

лып табылады. Төрт түлік малдың ішінде жылқымен қойға ерекше мән берген қазақ халқы қой жаюдың, оны көбейту мен тұқымын асылдандырудың өзіндік әдіс-тәсілдерін қалыптастырған. Мал шаруашылығына қолайлы табиғи ортаның мол болуы, соған орай қыстау, көктеу, жайлау, күзеумен байланысты көшпелі өмір салтының орнығуы қазақ халқының дәстүрлі қой шаруашылығын берік қалыптастырғандығының айғағы. Қазақстанда негізінен қылшық жүнді қазақы қой өсірілді.

XIX ғасырдың соңына қарай Ақмола, Семей, кейінірек Торғай және Жетісу өңіріне орыс шаруалары меринос қой тұқымдарын ала келді. 1913 жылы қазіргі Қазақстан жерінде 19,6 миллион уақ мал болды. Азамат соғысы жылдары өзге түліктермен бірге қой саны да барынша азайып (1920 жылы – 8,8 миллион), елдегі мал шаруашылығына үлкен нұқсан келтірілді. Кеңес өкіметінің жаңа экономикалық саясатына байланысты 1928 жылға дейін дәстүрлі мал шаруашылығының ерекшеліктері ішінара сақталып қалды. Сол жылғы үкімет қаулысынан кейін елдегі ірі байларды жаппай кәмпескелеудің соңы мал шаруашылығын, соның ішінде қой шаруашылығын да қатты күйзеліске ұшыратып, 1930 – 1932 жылдардағы ашаршылыққа алып келді. 1936 жылы республикада небәрі 4,3 миллион қой қалды.

Күштеп ұжымдастыру науқанынан кейін қазақ халқының дәстүрлі қой шаруашылығының қарқынды

дамуына тежеу салынып, 1928 – 1985 жылға дейінгі аралықта қой шаруашылығының кеңестік жүйесі қалыптасып, дамыды. Қой тұқымдарының санымен қатар сапасын да көтеру шараларының нәтижесінде 1960 жылы республикадағы барлық қойдың 84,6%, 1974 жылы 99,99%, 1980 жылы 100% асыл тұқымды мал тобына жатқызылды. Сондай-ақ, 1966-1970 жылы уақ малдан алынатын ет өнімдері орта есеппен – 471,3 мың тонна, 1981–1983 жылы – 493,3 мың тоннаға жетті. Қойдың мол өнімді жаңа тұқымдары – қазақтың биязы жүнді қойы, қазақтың арқар-мериносы, солтүстік қазақ мериносы, қазақтың оңтүстік мериносы, дегерес қойы, тағы да басқа шығарылды. 1984 жылдың басында Қазақстанда 36567,8 мың (барлық шаруашылық түрлерінде) қой болды. Сол жылдары қой саны жағынан Қазақстан КСРО бойынша 2-орын (Ресейден кейін), қаракөл елтірісін дайындау жағынан 1-орын алды. Қой шаруашылығы, әсіресе, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан (Семей), Жамбыл, Алматы облыстарында қарқынды дамыды. Жаңа тұқым шығару мақсатында Қазақстандағы таңдаулы қой тұқымдары мен шетелдік тұқымдар: австралия мериносы, австралия корриделі, линкольн қойы, ромни-марш қойлары, тағы да басқа қойлар пайдаланылды.

Қазақстанда қой шаруашылығының дамуында негізгі үш бағыт айқындалды. Олар елдің табиғи климаты, жем-шөп, жайылым жағдайы, қойдың

биологиялық ерекшеліктері, тағы басқа жайттарға байланысты үш аймаққа бөлінді: 1) далалық, қуаң-шөлейт аймақтар мен оңтүстік таулы өңір. Мұнда биязы және биязылау жүнді қой тұқымдары (барлық қойдың 65%) өсірілді; 2) шөл және шөлейт аймақ. Бұл жерлерде негізінен етті-майлы, ұяң не қылшық жүнді қойлар (барлық қойдың 16%) шоғырланды; 3) қаракөл қойлары өсірілетін оңтүстік және батыс аймақтар.

1990 жылдың басында елімізде 1250, соның ішінде 702 арнайы мамандандырылған ірі қой шаруашылықтары болды. Алайда экономиканың өзге салалары секілді қой шаруашылығы да кеңестік науқаншылдыққа ұрынып, қой санын 50 миллионға жеткізу туралы елдің нақтылы мүмкіндіктеріне сай келмейтін қисынсыз жоспарлар жасалынды. Жоспарды орындау мақсатында қойды қолдан жасанды ұрықтандыру тәсілі кең етек жайып, асыл тұқымды қойлардың азып-тозуы мен миллиондаған елтірінің шын мәнінде жарамсыз қалуына, кеңестік жалған ақпардың белең алуына алып келді. Мал өнімдерін өңдеу, жаңа технологияларды игеру, тағы да басқа мәселелер кенже қалды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдардағы экономикалық дағдарыстар мен қой шаруашылығындағы кейбір сәтсіз реформалар нәтижесінде қой шаруашылығы елеулі түрде құлдырады. Қазіргі уақытта Қазақстанда 12,3 млн уақ мал бар (2004 жылғы есеп бойынша). Мұның

негізгі бөлігі жеке меншік иелікте өсіріледі. Республикада қой шаруашылығы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен Қазақ қаракөл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Қазақ қой шаруашылығы технологиялық ғылыми-зерттеу институты, Қазақ ветеринария ғылыми-зерттеу институты, тағы да басқа мекемелер айналысады.

Ертеде кең тараған қойдың қолтұқымдары етті-майлы бағытта өсірілген. Тарихи деректер бойынша Қазақстанның әрбір табиғи аймақтарына бейімделіп, қолтұқымдар өсірілген. Халықтық сұрыптау арқылы шығарылған қолтұқымдарға – еділбай, баданалы, ырғыз, сарысу, қарқаралы қойлары жатады. Еділбай қойы Бөкей ордасында өсірілген. Денесі ірі және салмақты. Жетісу мен Шу өңірінде кетпен құйрықты қоңыр қой өсірілді. Әрбір аймақтық табиғи жағдайына бейімделген қолтұқымдарын халық ғасырлар бойы іріктеп, сақтап отырған. Моңғолиядағы Баян-Өлгей аймағында VI ғасырдан әйгілі болған қолтұқым – қазақы қызыл қой. Ол басқа мал шыдамайтын қыстың қатаң аязына бейімделген. Оны жергілікті халық өте жоғары бағалап, әлі күнге дейін сақтап, өсіріп келеді.

Халқымыздың тұрмыс тіршілігі, күнкөріс көзі қой шаруашылығымен тікелей тамырласып жатыр. «Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деген сөздерде терең ұғым бар. Көшпелі қазақ үшін қой киелі түліктің бірі. Оның пірі – «Шопан ата» (кейде «Қошқар ата») деп аталады. Сондықтан Шопан

атадан тілеу тілегенде «малды берсең, қойды бер» деп өтінген. «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» дегенді айтқан да біздің бабаларымыз ғой.

Жылқы. Қазақстандағы қазіргі археологиялық қазбалардан табылып жатқан жылқы сүйектерін шартты түрде екіге бөлуге болады: біріншісі – шоқтығына дейінгі биіктігі 130 – 140 см, бұлар жабы тұқымынан еш айырмашылығы жоқ, екіншісі – шоқтығына дейінгі биіктігі 150 см астам, бұлар сирақты жылқылар, оларды арғымақ тұқымдас деп атауға болады. Яғни, көшпенділер сақ-скиф заманынан бермен қарай жылқының осы екі түрін қатар өсіріп отырған әрі жылқы тұқымдарын асылдандыру сол кездері-ақ басталған. Біздің заманымыздың басында Парфияның, Бактрияның, Ферғананың асыл текті сұлу арғымақтары әлемге әйгілі болды, бұлар араб жылқысының негізін қалады. Қазақ халқы өз жылқысын жақсарту үшін көрінген жылқы тұқымдарының айғырларын әкеп сала бермеген. Қазақ жылқысы үшін ғасырлар бойы халықтың аналитикалық тәжірибесінен өткен тұқымдар: араб және түркмен тұқымының асыл тұқымды айғырларын алу үшін ештеңесін аямаған. Мысалы, араб айғыры үшін бай қазақ жүздеген қой, оншақты қазақ жылқысын, ең әдемі күнді, бір құшақ асыл бұйымдарды қуана-қуана бере салатын. Ал қазақ жылқылары өз кезегінде Ресей жылқы шаруашылығының негізін қалады. Ол туралы көрнекті жылқы тарихының маманы Виль-

кинс: «Барлық жұмысқа жарамды бесаспап қазақ жылқыларын біз назардан тыс қалдырмауымыз керек, сонымен бірге бұлар бүкіл орыс жылқыларының арғы тегі болып табылады...» – деп жазды. Алайда өкінішке қарай, бүгінде қазақтың ежелгі арғымақ, қазанат, қарабайыр, қазмойын, сауран сойы, шекті, найман-қарабайыр сияқты тұқымдарын табу өте қиын.

Жылқы бағудың қиын да жауапты кезі қыс және құлындайтын уақыты көктем. «Жазда жылқыны сері бағады, қыста ердің ері бағады», «Жылқыны жылқының тұяғынан да қатты адам бағады» дейді халық даналығы. Сол себепті қазақ қоғамында жылқышының әлеуметтік дәрежесі де жоғары болды. Атақты жылқышылар сұлтанның, байдың оң жағынан орын алатын. Жылқысын жаудан айырып, жұттан аман алып қалған жылқышыларға байлар қалыңсыз қызын ұзатқаны жайында қазақ арасында әңгімелер көп.

Жылқы жайылатын шөптердің ішінде «тарлау» ерекше жұғымды, оны халық «атқұтыртқан» деп те атаған. Ол туралы өлең-жырлар да айтылатын:

Жылқыны мыңнан өсірген,
Арқаның тарлау бозы екен,

немесе:

Аттың кердең өспегі,
Алтайдың шалғай нуы екен.
Жігіттің кердең өспегі,
Бақ дәулеттің буы екен.

А.Загряжский «Шу жазығы мен Сырдария көшпенділерінің тұрмысы» деген еңбегінде ботаник маман ретінде бір қазақтың аузынан 31 түрлі жылқы жейтін, 65 түрлі қой, 9 түрлі ірі қара, 17 түрлі түйе жейтін шөптердің атын таңдана отырып жазып алған екен.

Ғасырлар бойы жылқының санын көбейтіп қана қоймай асылдандырып, жаңа тұқымдар алып, әскерді жорық аттарымен, елді ет-майымен, соғыммен, мейрамдарды азық-түлікпен қамтамасыз еткен байлардың рөлі ерекше. Көшпенділер қоғамында бай тек есепсіз байлықтың иесі ғана емес. «Бай» терминінің мәнін дұрыс көрсете білген Л.П. Потапов: «бай» сөзін этнографтар «богатый» деп аударып жүр... бұл қанағаттанарлық балама емес, «бай» әлеуметтік ұғымнан жоғары құдіреттілік мағынасы да бар», – деген. Қазақ қоғамының негізгі тірегі ру десек, ру болу үшін елді ұстайтын биі, жерін қорғайтын батыры, елін бағатын байы болу керек. Байдың атқаратын міндетінің өзі елді басқаратын биден, елді, жерді қорғайтын батырдан кем болмаған. Себебі, ол кезде мемлекеттік зейнетақы қоры жоқ, рудың кедей-кепшігін, кемтар-кембағалын бай баққан, бәрі байдың қолына қараған.

XIX ғасырдың аяғында қазақ байларының жылқы бағу әдісін орыстың пысық, өсімқор, шаруақор адамдары да қолданып, жылқылы бай атанғандары бар. Табынды жылқы шаруашылығының тиім-

ділігін жете білген жайық орыс-казагі П.Овчинников балаларымен бірлесіп, құлындарын есептемегенде жылқы санын 2500 басқа жеткізіп, 6 табынға, 90 айғыр-үйірге бөлген. Оның жылқы бағудың сырына қаныққаны соншалық, қазақ байларындай әр табынды түр-түске бөліп бақтырған. Сол сияқты Зайсан-Тарбағатай аймағының орыс көпесі Е.Сорокиннің 12 мың жылқысы болған. Осындай толық емес мәліметтердің өзі халықтың жылқы бағу әдісінің өміршеңдігін және қазақтың жылқы бағу этномәдени үрдісінің басқа халықтарға үлгі-өнеге болғанын көрсетеді. Көптеген статистикалық мәліметтерді архив құжаттары бойынша тексеріп, Моңғолия мен Қазақстандағы қазақтардың жылқысын қосқанда барлығы 7 миллионға дейін жеткен деп айтуға толық негіз бар.

Қазақтардың сонау ежелден-ақ көрші елдермен жасасқан негізгі саудасы – төрт түлік мал, соның ішінде жылқы болды. Әсіресе көршілеріміз Ресей мен Қытай мемлекеттері қазақтың екі нәрсесіне асық болды, бірі – ұлан-байтақ жеріміз, екіншісі – есепсіз жылқымыз. Қытай ілкіден өзінің жүз мыңдаған әскерін дала жылқысы есебінен қамтамасыз етсе, Ресей XIX ғасырда қазақ жерін тұтас басып алып, шекарада айырбас керуен-сарайларын ашып, жылқы саудасын қарқындатты. Азды-көпті орыс-қытай мәліметтерін саралай отырып -XVIII ғасырдың ортасынан бастап, 1917 жылға дейін қазақ жерінен 150 жылда 15 млн жылқы әкетілген деген болжам бар.

Ер-тұрманның пайда болуы мен жабдықта-ры. Атты басқару үшін оның құрал-жабдықтарының, ер-тұрман бөлшектерінің қаншалықты маңызды екенін қазақтың мына мақал-өлеңінен байқауға болады:

Екі тізгін жоқ болса,
Ат басын адам бұра алмас.
Екі тартпа жоқ болса,
Ат үстінде тұра алмас.
Екі үзеңгі жоқ болса,
Атқа адам міне алмас.
Бәрі бірдей сай болса,
Шайтан түгіл жын алмас...

Зерттеушілер үзеңгінің пайда болу кезеңін VI ғасырда Шығыс Еуропа елдеріне тараған көне түрік мәдениетімен байланыстырады. Олар: «...VI ғасырдың екінші жартысынан бастап Еуропаның кең байтақ далаларында үзеңгі жиі кездесе бастады. Қытай археологы Лю Хань және басқа да ғалымдар жылқы үзеңгісімен қоса басқа да жабдықтары Қытайға солтүстіктегі көшпелі түріктерден (түрік қағанаты) тараған», – деп жазады.

VI–VII ғасырлар аясында көшпелі түркілер әлемінде ер-тоқым қатты, қасы тігінен жасалып, негізінен жаугершілікте қолданылатын болған. Осылайша, үзеңгілі қатты ер-тоқым өз дамуында екі кезеңді бастан өткерді:

- 1) IV–VI ғасырлардағы қарапайым нұсқалар;
- 2) VII–VIII ғасырлардағы дамыған және кең тараған нұсқалары.

Бұл кезеңдерде көшпенділердің ер-тұрман жабдықтарын жасауды жақсы игергені сонша, осыған сай ат үстіндегі айқас тәсілдері де өзгеріске түсіп дамыды. С.Вайнштейн бұл туралы: «...Үзеңгілерді тұңғыш рет кең көлемде Алтай түркілерінің қолданғанына барлық негіз бар. Олар өмірінің көпшілігін ат үстінде өткізген көшпенді жылқышылар ғана емес, сонымен қатар темір қорыту мен өңдеу ісін өте жоғары шеберлікпен атқара білді. Орталық Азияның көшпенділері ортасында олардың «темір балқытушылар», «теміршілер» деген атпен белгілі болғаны тегін емес».

Үзеңгі ат үстіндегі адамның шаршағанын бірнеше есе азайтты, тепе-теңдігін сақтады, адамның құйрығы, саны, жіліншігі қажалмайтын болды. Үзеңгілі қатты ер-тұрманның жасалуы материалдық мәдениет тарихында өте үлкен жаңалық болды. Салт атты адам енді аз уақыт ішінде алыс қашықтықтарды бағындырды. Көшпенділердің атты әскерінің қуатын күшейтті.

Қазақтың ер-тұрман жабдықтары сақ, ғұн, көне түркі тайпаларының жасап-пайдаланған ер-тоқымдарының тікелей жалғасы. Қазақ халқының XX ғасырдың басына дейін пайдаланып келген ерлерінің үлгі-нұсқаларының саны 20-дан асады екен. Қазақ ерінің ең көп тараған түрі негізінде бес бөлек етіп, көбіне қайың ағашынан жасалады. Бұл туралы халық өлеңінде:

Көшкенде жылқы айдаймын жиыстырып,
Ер қостым бес ағаштан қиыстырып, –
деп жырланады.

Тұрман – аттың жабдығы, қазақта әр аттың өзіне ғана арнап тұрман жасату ертеден келе жатқан дәстүр. Оны Қобланды жырынан да байқауға болады:

Өзіне өлшеп Бурылды,ң,
Алтыннан тұрман қақтатты...

Ал енді бұрыннан белгілі «төрт тұрман» мен «бес тұрманның» қандай айырмашылығы бар және тұрман неден тұрады дегенге тоқталайық. Бұған жауапты халық фольклорынан табамыз. Мысалы, Шернияз ақын Исатайдың батырлығын дәріптегенде:

Қарадан халқы сүйіп «ханым» деген,
Жігіт еді төрт тұрманы түгел сайлы... –
дейді.

Ал монғолиялық ақын К.Қашқынбайқызы «Бес тұрман» деген өлеңінде тіпті тұрманның қандай жабдықтардан тұратынын ашып көрсетеді:

Ақ күмістен ақталған,
Мұра болып сақталған.
Сәйгүлікке жарасар,
Ежелгі әбзел бес тұрман.
Өмілдірік, құйысқан,
Бес тұрманға сыйысқан.
Ері сары ағаштан,
Қасқа жүген, бір пыстан...

Демек, бес тұрманға жататындарды маңызы жағынан орналастыратын болсақ: 1) ер; 2) жүген; 3) өмілдірік; 4) құйысқан; 5) пыстан болып шығады.

Ал Шернияздың жоғарыда келтіргеніміздей Исатай батырды «төрт тұрманы түгел сайлы» деуі батыс қазақтарында «пыстан» көп қолданылмайды. Ат жабдықтары тұрман, жасау әдісіне қарай: былғары, өрмелі, түймелі, ызбалы болып бөлінеді.

Қамшы – ер жабдықтарының ішіндегі ажырамас бөлігі және көнеден келе жатқан құралдардың бірі. Адамзат жылқыны қолға үйретіп мінісімен, аттың өзін жүргізу және алдындағы малды айдау үшін қандай да бір құрал қажет болған. Сөйтіп «қамшы» құралы дүниеге келген. Көненің көзі ретінде Есік обасынан табылған «Алтын адамның» қабірінің сол жағына қойылған қамшыны атауға болады. Сондай-ақ, алтындалған қамшының үлгілеріне б.з.д. IV–III ғасырларға жататын Берел обасынан табылған екі қамшының саптарының қалдықтары куә. Қамшылардың сабы ағаштан жасалған, сырты алтынмен қапталып, мысық тектес жыртқыш аңның басы бейнеленген. Жалпы қамшының сабын аттың басы, бөрінің басы, т.б. аң-құстардың басы түрінде бейнелеп ағаштан, мүйізден жону қазақ дәстүрінде де болған үрдіс.

Еуропа елдерінде ат тағалауға ерекше маңыз бергені соншалық, «бір мемлекеттің тағдыры бір шегеге байланысты» деген мәтел де болған. Себебі, шеге тағаны сақтайды, таға атты сақтайды,

ат батырды сақтайды, батыр қамалды қорғайды, қамал бүкіл мемлекетті қорғайды.

Қазақта жаппай ат тағаламаған. Біріншіден, қазақ жылқыларының қатты құйма тұяғы тағаны керек етпеген, екіншіден, темірдің, металдың жетімсіздігінен болуы мүмкін. Бірақ хан, сұлтан, батырлар аттарын көбінесе сәндік үшін алтын, күміс тағалармен тағалағаны халық эпосында кездеседі. Қазақта арқардың, таутекенің мүйізінен жасалған мүйіз тағалар да болған. Мүйіз тағаның салмағы жеңіл, 100 – 120 гр. Ал темір тағаның салмағы 350 – 400 гр. Оның үстіне мүйіз тағалар морт сынбайды, серіппелі келеді. Сондықтан бір жылға бір атқа 2 мүйіз таға жеткілікті, ал темір таға небәрі 3 – 4 айға ғана шыдас береді. Сосын мүйіз таға аттың табанымен бірге тұяғының жиектерін де қорғайды, себебі аттың аяғына сандалша киіледі.

Батысеуропалық тәсілде ер-тоқымның арт жағы салмақты, ортасы (отыру нүктесі) шұңғылдау болып келеді. Ондай ер-тоқымға отырған кезде тақымды мықтап ұстау басты назарда болады. Салт атпен жүрудің батысеуропалық тәсілінде, адам ерге тереңдеп отырады да, адамның жамбасы, дәлірек айтқанда, құйымшағы тіреу (отыру) нүктесі рөлін атқарады, сөйтіп бүкіл салмақ ер-тоқымның арт жағына түседі. Қазақы (шығыстық) атқа отыру тәсілі мүлдем өзгеше. Ер биік болады, әсіресе алдыңғы қасы, ердің арты отыруға жайпақтау келіп, артқы қаспен бітеді. Ердің үстіне

салынған кең көпшік (аткөрпе) отырған адамның тақымын кең ашып, ердің артқы және алдыңғы қастарына шіреніп отыруға мүмкіндік туады.

Аттың сыны мен бабы. Қазақстанның қай аймағында болмасын, жүйріктерді жақын жерге және алыс қашықтыққа (аламанға) шабатын деп екіге бөліп айтады. Кейде жақын жерге шабатындарды тыз етпе – ұшқыр десе, алысқа шабатындарды – қыза шабатын аламан-бөйге жүйрігі деп жатады. Ал шетел қазақтарында жүйріктерді түрге бөлудің бірнешеуі ежелден қалыптасқан, кейде жеке сыншылардың да өзіндік жүйесі болады. Қайсыбір атбегілердің сөзіне қарағанда жылқы үш түрге бөлінеді:

1) ақалақ жылқы – жауға мінетін ат шығады, жауға мінетін жылқы бұқпа болады;

2) ақсақал жылқы – жүйрік, тұлпарлар осы топтан шығады;

3) бақал (мұзбүйрек) жылқы – ең төменгі топ, шабан, шобыр аттар. Мал қайырып мінуге, жүк тасуға, тартуға, шаруаға пайдаланылады.

Ал енді ақсақал жылқының өзі 10 түрге бөлінеді:

1) арқар жүйрік – ой-қырға бірдей жүгіреді;

2) жайран жүйрік – ой-қыр демей шабады;

3) қоян жүйрік – өрге шабады, арты биік, алды аласа келеді;

4) түлкі жүйрік – жазыққа шабады;

5) күдір жүйрік – өзі күшті әрі өрге шабатын жүйрікті тау-тасқа жүгіретін күдір аңға ұқсатқан. Екі мықын – жая мен қабырғаның ортасы бір сүйем

ғана болады, ал жазыққа шабатын жүйріктердің жая мен бұғанасының ортасы бір қарыс. Күдір жүйрік әдетте құйрығын көтеріп шабады;

6) шаңтимес – бірден шаба жөнеледі, зу етіп алға шығады, тыз етпе, ұшқыр;

7) аламан жүйрік – алдыңғы атты қуып жетіп, басып озып отырады, алысқа шабады;

8) төңірек жүйрік – бұрқырап шабады, оны кейде тесік өкпе деп те атайды. Екі өкпесінің тұсындағы орайының ортасындағы тесіктен, аяз күндері бу шығып тұрады;

9) желбегей – алдыңғы екі аяғы ширатылған арқан тәрізді, артынан қарағанда шабынған бурадай төңкерілген тұрпаты ұзын, шойыннан құйғандай келісті келеді;

10) қызбел (босбелбеу) – жайран бас, көзі отты, мінезі ұшқалақ, жеңілтек. Жал-құйрығы жұқа, құндыздай жылтылдаған жұмсақ жүнді. Ұшасы мен төбе сүйегі биік, түлкі тұмсық, теке мұрын, танауының ауқымы тар. Қызбелдер бәйгеге жармайды, нағыз көкпардың аты.

Созақ елінің (Оңтүстік Қазақстан облысы) атбегілері бәйге аттарын үш топқа бөледі:

1) арынды жүйрік – шүү дегенде жарқырап алға шығады, көзге тез көрінеді. Оны ұшқыр деп те атайды. Арынды жүйріктердің бағы көкпарда жанады. Салым салатын аттар сол арынды жүйріктер тобына жатады;

2) ағынды жүйрік – бірқалыпты, ағып шабатын жүйрік. Ол алғашқы шабысынан танбайды, ұзаққа

сілтейді, аламан бәйгеде көзге түсіп, көпшіліктің мақтауына ілігеді;

3) сарынды жүйрік – үдемелі жүйрік, айқайшуды естігенде, дүбірлі шабыс тақалғанда еліре-екілене шабатын, құлағын үнемі сарынға тігіп отыратын, бүйірі дуда қызатын жүйрік. Мұндай жүйріктер қолға сирек түседі.

Қазақтың ат жарату өнерінде сыншылардың орны ерекше. Сыншы жылқының сыртқы тұрпатынан, ішкі құрылысына дейін – анатомиясын, мінез-құлқынан бастап, көңіл күйіне – психологиясын бір қарағанда білетін, қазіргі тілмен айтсақ, интеллектуалды маман. Сондықтан қазақ қоғамында сыншылардың әлеуметтік мәртебесі де жоғары болған. Қазақстанның әр жерлерінде, сыншыларды әрқалай атайды. Мысалы, Орталық, Шығыс Қазақстанда – «атбегі», Батыс Қазақстанда – «атсейіс», болмаса «сейіс», Оңтүстік Қазақстанда – «бапкер», Шыңжаңда – «тапкер», «сайыскер», «дадагер» дейді.

Ал енді ат сынына тоқталсақ, басының пішініне қарай олардың түрі: тәует бас, шал бас, бөкен бас, құлан бас, қу бас, үйрек бас, сүйрік бас, ұзын бас, қысқа бас, доғал бас, ешкі бас, бұлан бас, түйме бас, дорба бас, қоян бас, бақа бас, орақ бас, т.б. деп 20-дан асып кетеді екен. Жалпы, үнемі мал бағып жүрген қазақ халқы жылқы мінезінің қыр-сырын өте жақсы білген. Қазақ өзін жылқы мінезді халықпыз дейді. Қазақтың жылқыны «есті жануар», «тілсіз адам», «жылқының бір-ақ кемістігі бар, Құдай оған

тіл бермеген» деуі бекер емес. Қазақ жылқымен кәдімгідей сөйлескен. Биені сауып жатқанда, әсіресе егде әйелдер «қарағым», «шырағым» деп еміренсе, атын бәйгеге қосарда иесі жүйрігімен тебірене тілдескен. Атпен сөйлескенде қасында ешкім тұрмауы керек, жеке сөйлесу керек деп жатады үлкендер. Расында, жылқыда ерекше бір қасиет бар. Мысалы, бір топ жылқыны айдап бара жатсаң, балалар таңырқай ұзақ қарап тұрады. Ал сол балалар мыңдаған қой, жүздеген сиыр, түйе айдап бара жатсаң, бір қарайды да ойынын қайта жалғастыра береді. Оларға жылқыға көз тіккендей көп қарап тұрмайды.

Ат иесі бір нәрсеге душар боларда, жер тарпып кісінейді, байлауға көп тұрмай пысқырады. Жақсы ат иесіне келетін пәлені үш ай бұрын біледі, білген соң өледі. Бұрын қазақтар иесінің жақсы аты ауырмай-сырқамай өлсе, иесі отбасына туған-туысына, еліне дайындала беріңдер, атымның артынан мен де көп кешікпей кететін болармын дейді екен.

Қазақтың ат баптау өнері – білімділік пен қажымай-талмай еңбексүйгіштікті талап ететін бірнеше сатыдан тұратын үрдіс:

- 1) құлын, тай кезінен жүйрікті тану;
- 2) құнанында үйретіп, құнан бәйгеге қосу;
- 3) дөненінде пішіп, табынға қоя беру;
- 4) бестісінде жарату, әртүрлі жеммен күш-қуатын молайтып жемдеу, жаттығулар жасау (аяң, қара жарыс, шабу, т.с.с.);
- 5) терін алу.

Қазақта бәйге аттарын баптаумен қатар жорға шығару өнері де едәуір қалыптасқан. Ата-бабаларымыз жорғаны: екі аяқты жорға, шалдыр жорға, үш аяқты жорға, төрт аяғы тең жорға, қой жорға, жол жорға, кекірек жорға (жортақы), шапқын жорға, түйе жорға, бес құлаштық жорға, он құлаштық жорға, су жорға, су төгілмес жорға, табақ тартар жорға, төкпе жорға, айдама жорға, шайқалған жорға, тайпалған жорға деп бөлген. Жорға аттары негізінен бүкіш бел, бота тірсектеу болып келеді. Жорға – туа біткен қасиет. Жорға тудыру үшін екі аяқты, не үш аяқты жорғасы бар айғырдан қою керек, не енесінің мықты жорға болғанынан қояды, көбінесе жорға енесіне тартады.

Жорға аттың үзеңгісі қысқа болу керек, үзеңгі ұзын болса, кәрі жілік пен жауырынның басына тиіп зақым келіп, қанталап, жорға әлсірейді. Жорғаға үш айыл дұрыс: төс айыл, орта айыл, шап айыл тізгінді тең ұстайды, бір қолмен ұстап тік отырады. Адам бір жағына ауып, екі жағына қисайып отырса, ат жорғалап бара жатқанда жорғасынан жаңылып қалады. Сондықтан қисаймай, шалқаймай, еңкеймей, екі аяғы мен екі қолы тең, денесін тік ұстап отыруы керек.

Қазақ жылқысының әлемдегі басқа тұқымдардан өзгешелігі және артықшылығы сол, оның ерекше төзімділігі мен шыдамдылығы. Қазақ даласында ғасырлар бойы жаздың аптап ыстығы мен қыстың аязды қарлы боранында, көктемнің қара суығы мен

жауын-шашынында ашық далада өз қорегін өзі тауып жеген жылқы тұқымдарының әлсіздері құрып, тек мықтылары ғана қалып отырған. 1877–1878 жылдары орыс-түрік соғысындағы Аустрия атты әскерінің қолбасшысы Ленейзен Орал казактары мінген қазақ жылқыларын көргенде былай деген екен: «Нағыз жылқылар, кавалерия үшін бұлардан артық не керек, сауыры жалпақ, еті тығыз әрі өте шапшаң ылдым-жылдым, тез бұрылады». «Австрия атты әскер маманының осы қысқа да нұсқа және өте дәл берілген бағасы бүкіл қазақ жылқысының табиғатын көрсетеді», – деп жазады А. Попов өзінің естелігінде. Шын мәнінде, 1877 – 1879 жылғы орыс-түрік соғысынан кейін қазақ жылқысының ерекше шыдамдылығы мен күй талғамайтындығы алыс қашықтықтарға мойымайтындығы Еуропа елдеріне мәлім бола бастады.

Түйе. Қазақтың жылқыдан кейін қадірлейтін малы – түйе. Тіпті көшіп-қону барысында жылқыдан да артық бағаланған. «Бақырауық демесең, бағалы көлік түйе ғой», «Нары бардың малы бар», «Көтерем деп түйеден безбе, салтанатың емес пе?» деген мақалдардың өзі-ақ түйенің көшпелі тіршілікте аса құнды түлік болғанын анықтай түседі. Түйенің жүні мен терісі – киім, сүті – сусын, еті – ас. Әсіресе, түйе көш көлігі ретінде бағалы. Ол сиырдай емес, сирақты мал. Қыста суыққа, жазда ыстыққа төзімді, әсіресе шөлге, аштыққа шыдамды. Түйе алпыс күн аштыққа, отыз күн шөлге шы-

дайды. Осынша шыдамдылығына, қуаттылығына қарамастан, «шөк» десең, шөге қалатын, «айт-шу» десең, атып тұратын «тіл алғыш», жуас, қайырымды мал. Түйе түлігі негізінен жайылымда бағылып, күтімді, құнарлы азық пен құрылысы күрделі, жылы қора-жайды аса қажет етпейтіндіктен, басқа ауыл шаруашылық малдарымен салыстырғанда тиімді сала болып табылады. Түйе түлігі күй таңдамайды, басқа мал жемейтін қатты, тікенді шөптермен қоректене береді. Түйе күндіз жайылып, түнде жатып, күйіс қайырады. Бірнеше тәулік су ішпеуге шыдайды. Бұл кезде өркеш майларынан бөлінген суды пайдаланады.

Түйе шаруашылығы Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарында жақсы дамыған. Түйелер – ірі табандылар отрядының түйе тұқымдасына жататын ашатұяқты сүтқоректілердің бір түрі. Қолда өсірілетін түйелердің арғы тегі – жабайы түйелер. Түйе бұдан 4 – 5 мың жыл бұрын қолға үйретілген. Оның екі туысы бар: бірі – түйе, екіншісі – лама.

Түйелер мен таутайлақтардың башпайларында мүйізді тұяқтары болмайды. Тұяқтың орнында башпайларының ұшында ғана доғаланып, қисық біткен кішкене тырнақ өседі. Табаны жалпақ және астыңғы жағы сүйелді, жұмсақ көнмен қапталған. Сондықтан бұл жануарларды көнтабандылар деп атайды. Түйенің кеудесінде, тізесі мен тілерсегінде сүйелді, сірілі, түксіз тықыр жерлері болады. Түйе

шөккен кезде сүйелді жерлері ыстық құмның әсерін сезбейді. Осыған байланысты түйе ыстық құмда шыдап, шөгіп жата береді. Түйенің дене тұрқы ірі. Оның салмағы 700 – 800 кг, мойны иір және ұзын. Денесінің әр жерінде ұзын шудалы жүндері болады. Құрғақ далалы, шөлейтті және шөлді аймақтарда тіршілік етуге бейімделген. Сондықтан халық түйені «шөл дала кемесі» деп атайды. Айыр өркешті түйенің қолға үйретілген жері – Орта Азия. Сыңар өркешті түйенің қолға үйретілген жері – Африка өңірі. Қазіргі кезде сыңар өркешті жабайы түйе жойылып кеткен. Айыр өркешті жабайы түйе Монғолияның Гоби шөлінде ғана сақталған. Түйені – төрт түліктің төресі, киелі түліктің бірі деп есептеген. Түйенің пірін – «Ойсылқара», кей жерде «Қаусыл-қазы» деп атайды.

Қазақстанда түйенің екі түрі бар: біріншісі – жалғыз өркешті түйе. Оның жалпы аты – «нар». Ұрғашысы – «мая» немесе «аруана», еркегі – «үлек». Сыңар өркешті түйе ыстыққа төзімді, бірақ қатты аязға шыдамайды. Екіншісі – қос өркешті түйе немесе айыр өркешті түйенің жабайы түрі «қаптағай» деп аталады. Айыр өркешті түйенің ұрғашысын – «іңген», еркегін – «бура» дейді.

Қазақстанда қос өркешті түйенің Астрахан түйесі, Қазақстан түйесі, Монғол түйесі деп аталатын негізгі үш тұқымы өсіріледі. Ол құрғақ далалы, шөл-шөлейтті жерлердің табиғи жағдайларына жақсы бейімделген. Аңызақ ыстыққа, үскірік аязға

төзімді келеді. Түйенің еті мол, жүні биязы болады. Түйе 30 – 35 жыл жасайды. Үй түйесінің екі түрі бар. Мұның біреуі қос өркешті, екіншісі сыңар өркешті. Қос өркешті түйенің таза қандысын – «бактриан», сыңар өркешті түйенің таза қандысын «дромедар» деп атайды. Бактрианның биіктігі (өркешінің арасынан) 178 см, тұрқы 158 см, түсі қара қоңыр. Дромедарлардың биіктігі (шоқтығынан) 210 см, тұрқы 155 см, түсі қызыл сұр болып келеді. Түйенің күйіс қайыратын жануарлардан ерекшелігі – үстіңгі жақ сүйегінде екі күрек тісі болады, өт қабы жоқ. Жыныстық жағынан 2 – 3 жылда жетіледі, бірақ інгенін 3 – 4 жасында қайытады, бурасын келеге 5 – 6 жасында түсіреді.

Түйенің ерекше қасиеті – шөл және шөлейт жерлердің қатаң жағдайларына төзімділігі. Ол шөл өсімдіктерін талғамай жеп, ащы су іше береді. Соның нәтижесінде жаз айларында қыстық май қорын ішіне, өркешіне жинап алады да, қиын-қыстау кезде ұзақ уақыт азықсыз, сусыз жүре алады. Түйенің бұл ерекшелігі оның қатаң табиғат құбылыстарына жауабы. Мал организмінің мұндай ерекшеліктері «ксерофит» деп аталады. Жазда-күзде жайылым жағдайының жеткілікті кезінде жинап алған қорын азық жеткіліксіз кезде денесінен үнемдеп жұмсау малдың өмірін, ұрпағын сақтап қалудан шыққан генетикалық инстинкт. Сондай қиын-қыстау кезеңде түйенің несеп, нәжіс шығаруы азаяды, тыныс алуы сиреп, өкпеден бу аз шығады. Түйеде тері

бездері сирек болады. Түйенің бұл қасиеттері оны алыс жайылымда жаюға, ұзақ жолға шыдауына мүмкіндік береді. Қазақстанда қалмақ тұқымды түйелер де өсіріледі. Ол қос өркешті түйелердің арасында айрықша орын алады. Бұл тұқым өте ірі, дене бітімі келіскен, бұлшық еттері қуатты әрі серпінді. Басы кішкене, мойны сіңірлі, етсіз, тарамыстары жақсы жетілген. Түсі қоңыр және қара қоңыр болып келеді, бірақ кейде қуқылсары және ақ түстілері де кездеседі. Қалмақ түйелерінің бураларының тірілей салмағы 650 – 700 кг, інгендері 600 – 650 кг тартады. Бураларының биіктігі 191 см, тұқымының ұзындығы 165 см, кеуде орамы 241 см, жіліншігінің орамы – 25,4 см. Ал інгендердің өлшемдері тиісінше 181, 172, 255, 20,9 см.

Қалмақ түйелері ширақ, жуас және адамды жақсы тыңдайды. Олар әртүрлі ішкі шаруашылық жұмыстарына жегуге, жүк артуға және салт мінуге ыңғайлы. Жұмыс қабілеті жөнінен түйелер аттардан да, өгіздерден де кем емес, ал жүк артуға олардан әлдеқайда артық екені белгілі. Жаз, күз кезінде түйелер тез семіреді, осы кезде оның салмағы 30 пайызға дейін артады. Қоңды түйелердің өркештерінде 100 кг астам май жиналады. Жүні сапалы, біркелкі жақсы өседі. Түйенің жынысы мен жасына қарай әртүрлі мөлшерде жүн алынады. Мәселен, буралардан 6 – 14 кг, інгендерден 4–8 кг, тайлақтардан 3–6 кг жүн түседі. Қалмақ тұқымы

аруанаға қарағанда сүтті емес. Бірақ 18 айлық сауын маусымы ішінде орта есеппен 1170 л сүт сауылды. Майлылығы жоғары – 5,4%. Бураларын 18 – 20 жасқа, інгенін 20 – 25 жасқа дейін пайдалануға болады. Жаңа туған ботаның салмағы 51 кг немесе анасының салмағының 7 пайызына ғана тең болса да, ол бір жылдың ішінде 5 есе көбейіп, 250 – 260 кг жетеді. Екі жарым жылда сақа түйенің 85 пайызына дейін жете алады. Осындай жақсы өнімдік көрсеткіштерінің арқасында қалмақ тұқымы басқа қос өркешті түйелердің тұқымын жақсартушы болып саналады. Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарында қалмақ түйесінің бураларын қазақы інгендермен шағылыстыру әдісі кеңінен қолданылады. Мұның өзі түйенің салмағы мен жүнін жоғарылатуда жақсы нәтижелер беріп келеді.

Қазақ бактрианы, қазақтың қос өркешті түйесі барлық түйе тұқымдарының ішінде көп тарағаны. Бұл тұқымның малдары Қазақстан, Өзбекстан, Түркменстан, Қырғызстан елдерінде, Қытай Халық Республикасының батысында өсіріледі. Қазіргі кезде бұл тұқым Қазақстанда жұмыс көлігі ретінде ғана емес, негізінен өнім малы (ет, сүт, жүн) ретінде кеңінен пайдаланылады.

Таза қанды қазақы түйелердің дене бітімі тығыз, жалпақ және жуан, тік мойын, кеудесі кең, терең, бұлшық еттері жақсы жетілген, тұрқы сәл ұзындау, өркештерінің арасы кең, жүні қою болып келеді. Қазақтың қос өркешті түйесі қалмақ түйелерінен

кішірек болғанмен, жалпы салмағы олардан кем түспейді. Мәселен, қоңды кезінде буралары 550–600 кг, інгендері 500–550 кг тартады. Ал кейбір аса ірілері 1000 кг жетеді. Олардың денесінің өлшемі климат жағдайына және азықтандыру мөлшеріне қарай өзгеріп отырады. Інгендерінің биіктігі 174–179 см, тұрқының ұзындығы 147–157 см, кеуде орамы 226–238 см, жіліншігінің орамы 19,5–21 см болады. Ең ірі түйелер Батыс Қазақстан, ал тұлғасы кіші түйелер Маңғыстау облысында өсіріледі. Бураларынан орта есеппен 8,5–10 кг, інгендерінен 5,5–6 кг, тайлақтарынан 3,5–5 кг жүн түседі. Жүн талшығының ұзындығы 7–9,5 см, алынатын таза талшық шығымы 68–95 пайызға дейін жетеді. Інгендерінен алғашқы жеті ай сауым маусымы ішінде орта есеппен 1200–1500 кг сүт сауылады.

Шөл-шөлейт, құмды жерлерде түйені баяғыдан көлік малы ретінде пайдаланып келген. Оны салт мініске де, жүк тиеуге де кеңінен қолданып отырған. Себебі түйе малы шөл далада жүруге төзімді, суға, шөпке шыдамды, құмайт жерлерде жалпақ табаны жүруге қолайлы. Бір түйеге, салмағына қарай 150–200 кг жүк тиеуге болады. Ал қаны толысқан, сүйегі қатқан 8–10 жастағы түйеге 250–300 кг жүк тиеуге де болады. Түйе сонымен бірге арбаға жегу, жер жыртуға, шыңырау құдықтардан су көтеру үшін де пайдаланылған.

Түйені қолға үйреткен кезде, оның адамдар үшін басты өнімі – ет болатын. Кейін оның күш-қуатын

көлік ретінде, сүтін азық ретінде, терісін және жүнін қажетіне жаратуды меңгеріп, түйе малының адамға беретін пайдасының ауқымын кеңейтті. Дегенмен ет өнімі түйенің қазіргі заманда да адамға беретін өнімінің бастысы болып келеді. Қазақстанның кең байтақ даласындағы басқа малдар жете пайдалана алмайтын, жей бермейтін табиғи шөптерді қорыта отырып, түйе малы жап-жақсы ет өнімін береді және көзін тауып ұйымдастырған азаматтар үшін түйе шаруашылығы аз шығын жұмсап, арзан өнімдер беретіні сөзсіз. Түйе жыл он екі ай жайылымды пайдаланып, басқа мал жей бермейтін жантақ, жусан, көкпек, қияқ, қамыс, изен теріске сияқты шөптерді қорытып, одан ет, сүт, жүн сияқты өте жоғары сапалы өнімдер береді. Соның ішінде түйенің еті жоғары сапалы, сиыр етіне өте жақын азық түрі. Майының еру-қату температурасы, йод саны, басқа да көрсеткіштері сиырдікіне жақын. Түйе ет малы ретінде тез жетіледі. Ботасының өзі туған жылы бір жасына дейін 5,5–6 есе өсіп, екі жасында союға жарайтын мал болады. Сол кезде сойғанда 170–200 кг таза ет береді, ал үш жасында сойғанда еті 200–250 кг болады және мұның сыртында 15–30 кг өркеш майы болады. Түйе етінің берекелі екені «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» деген мақалдан-ақ байқалып тұрған жоқ па.

Түйе сүті мен оның сүтінен жасалатын тағамдар – көшпелі халықтың негізгі тамағы болып, жал-

пы ішетін астың 80–90 пайызын құраған. Түйе сүті сиыр, бие сүттеріне қарағанда сіңімдірек болады. Оның майлылығы да сиыр сүтінен жоғары. Түйе сүті витаминдерге өте бай, сонымен бірге минерал заттар да жеткілікті. Сонымен қатар түйе сүтінде бактерияларды өлтіретін, оларды өсірмейтін заттардың да кешенді құрамы болады. Осының нәтижесінде түйе сүті жақсы сақталады және ішкен адамның организміне жан-жақты пайдалы азық әрі сусын болады. Түйе сүтінің құрамында адам ағзасына қажетті нәурыз, дәрумендер мол. Сүті 24 сағатқа дейін ашымайды. Түйе сүтінен шұбат дайындалады (қымыран деп те аталады). Шұбат өкпе, асқазан, ішек ауруларына бірден-бір шипа, қанды толықтырады. Шұбаттың радиацияға қарсы әсері болатыны да анықталған. Қазақтар шұбаттан басқа түйе сүтіне басқа малдың сүтін қоса отырып әртүрлі сүт тағамдарын дайындайды: қатық, сүзбе, уыз, құрт, ежегей, іркіт, шалап. Шұбаттан күшті сіңімді құрт дайындалады. Құртта белок, май және углевод көп болады. Маңызды құрамды бөліктерінің (белок, май, углевод) мөлшері және калориялылығы жағынан құрт еттен де, ірімшіктен де асып түседі. Сондықтан оны калориялылығы жоғары тағамдық өнім деп есептеуге болады.

Түйеден өндірілетін жүн сапасына байланысты өте жоғары бағаланады. Ол өнеркәсіп үшін таптырмайтын шикізат болып табылады. Өйткені жүннен тоқылған матаға деген сұраныс көп. Оның

мықтылығына, жеңілдігіне, жұмсақтығына, жылылығына ешқандай жүн жетпейді. Түйенің жүнінен тоқылған орамал, кеудеше, киімдер суық өткізбейді, жиырылып, ұйпалақтанбайды, өзінің сырт көрінісін көп уақытқа жақсы сақтайды. Біздің халқымыз да баяғыдан түйе жүнінен ең қымбат киімдер, шекпендер жасаған. Түйе жүнінің құрамында түбіт, аралық талшық, қылшық болады. Ең ірі қылшықтардан түйенің шудасы құралады. Түйе жүнінде өлі қылшық және жүн шайыры болмайды. Ең жақсы жүн тайлақ жүні. Олардың түбіті аса жіңішке болады. Одан есейген сайын түйе түбіті өзгеріп, жуандап 15–18 мкм дейін болады. Мұның өзі де ең жіңішке меринос жүнінен биязы. Сондықтан да түйе жүнінің қасиеті жоғары, таза талшық шығымдылығы да жақсы (84–85%). Түйе жүні сапасына қарай төрт сұрыпқа бөлінеді: ең жоғарысы, 1-сұрып – аса жұмсақ түбіттен тұрады, бұл түйенің екі жақ қабырға бүйірінен, мойнынан екі жағынан алынады; 2-сұрып қылшықты жүн – өркештерінен алынады; 3-сұрып – шуда мойнының астыңғы жағы мен алдыңғы сандарында өседі; 4-сұрып – ұйысқан-ұйпаланған жүн түйенің төстігі мен қарнында болады.

Алайда түйенің қай жүні болмасын тұрмыстық қажетке жарамды. Түйенің шудасы да қымбат бағаланады. Оны буын, құяң, бүйрек ауруларына және радиация сәулелеріне қарсы ем ретінде пайдаланады. Шудадан бағалы тоқыма бұйымдар

жасалады. Түйе жүнінен неше түрлі өрмек жіптерін иіріп, шекпен, қап, белбеу, кілем, қоржын тоқиды. Сол сияқты түйе жүні айыл-құйысқан, өмілдірік, ноқта жасауға және көген, бау-шу есуге өте қолайлы. Түйе жүні көрпеге салуға, шапанға тартуға өте жақсы, жеңіл, әрі жылы болады, қылшық шықпайды.

Ертеде түйелі көш «сахараның салтанаты» деп аталған. Төрт түліктің бойында болатын жақсы қасиеттердің бәрі түйе малының бойынан табылады. Ауыз әдебиетінің көптеген үлгілерінде түйеге қатысты теңеу сөздер, даналық нақылдар, мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Бұл ой-тұжырымдар түйенің тіршілік ерекшеліктерін айқын аңғартады. «Түйесі бардың – киесі бар».

Түйе түлігін қастерлеп «ұлық» деп те атайды. Түйешіні «ұлық баққан» деп құрметтеп, оған көпшілік жиналған жерде төрден орын берген. Кейбір аймақтарда түйені «кәуіс» деп атайды. Түйе түлігіне арналған аңыздар бойынша шығарылған күйлер де ел арасына кеңінен таралған. Сүгірдің «Бозінгені», Ықыластың «Желмаясы», Тәттімбеттің «Бозінгені» және т.б.

Еліміздің тұрғылықты халқы ықылым заманнан бері түйе шаруашылығымен айналысады. Төрт түліктің ішінде түйе малын байлық ретінде де, көлік ретінде де, азық ретінде де қатты қастерлеген. Қазақ елінің түйесіз тіршілігі болмаған. Қазір де түйе өсіруге аса қолайлы Қазақстан жерін түйесіз

елестету мүмкін емес. Түйе біздің еліміз үшін бұдан былай да аса маңызды шаруашылық көзі болып қала бермек.

Сиыр. Ірі қара өсіру – мал шаруашылығының өнімді көп беретін саласы. Ірі қараның арғы тегі ертеде Еуразия құрлығының далалы, орманды-далалы өңірінде таралған жабайы тур. Ол бұдан 7–10 мың жыл бұрын Жерорта теңізі маңындағы елдерде қолға үйретілген. Ірі тұлғалы, денесінің биіктігі 2 м шамасында, мүйізі алға қарай бағыттталып, ұзын болып келеді. Ерте кездерде көп аулағандықтан, турлар саны азайып, XVII ғасырдың басында бір-жола жойылып кеткен.

Сиыр – сүтқоректілер класының жұптұяқтылар отрядына жататын күдір тұқымдастар өкілі. Қазіргі кезде дүние жүзінде сиырдың 250-ге жуық әртүрлі қолтұқымдары өсіріледі.

Сиырдың еті, сүті және терісі басқа да өнімдері күнделікті тұрмысымызда қажетімізді өтеп келеді. «Сиыр – бір үйдің асыраушысы» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Сиырдың пірі – Зеңгібаба. Мүшелдік жыл санауда сиыр – екінші жыл.

Қазақ жерінде сиыр басқа түліктерден кейін қолға үйретілген мал. Алғаш сиырды Ресеймен көршілес аймақтардан айырбастау тәсілімен әкелген. Ғалымдардың пікірі бойынша, ерте кезде Қазақстанның көптеген аймақтарында жергілікті қазақ сиырларының қолтұқымы өсірілген. Сиыр-

дың етін, сүтін пайдаланған. Қазақ байлары өз сиырларын ежелгі дәстүр бойынша кедейлерге сауын ретінде таратып беретін. Кедейлер сиырдың сүтін сауып ішетін. Оның есесіне ол сиырларды жем-шөппен қамтамасыз етіп, бағып-күтуді, төлін аман өсіруді өз міндеттеріне алатын. Мәселен, Перовский уезінің атақты байы Біләш жыл сайын өзінің 700-ге тарта сиырын тап осылай «сауынға» беріп тұрған.

Сонымен қатар сиыр малын тек сүт пен еті үшін ғана емес, оны көлік ретінде де пайдалану орын алған. Өгізді тек арбаға жегу ғана емес, соқаға жегіп жер жырту үшін, тіпті кейде ат құсатып ерттеп міну салты бар. Ол үшін өгіздің мұрнын түйенің мұрнын тескендей тесіп, оған шығыршық орнатып басқарып отырады. Сиыр малын көлік ретінде пайдалану шаруашылықтың одан әрі дамуын талап етеді. Мысалы, өгізді арбаға жегу керек. Ол үшін арба жасау керек, арба жасау үшін ағаш өңдеу керек, онымен шектелмейсің, енді темір тетіктер де қажет. Сонымен отырықшы мекендерде ағаш ұсталары, темір ұсталары пайда болады. Олар тек арба ғана емес, есік, терезе, ағаш соқа (омаш), орақ, пышақ, күрек, кетпен, шот, балта сияқты қажетті аспаптарды жасайды.

Сонымен, сиыр бағу көшпелілердің отырықшы өркениетіне ауысуына бірінші қадам болып табылады. Бұл жолда ең әуелі еңбек түрі өзгереді. Сиырды жаю басқа малды жаюдан өзгешелігі ша-

малы болса, шөп шабу, пішен жинау, оны кептіру, маялау, қыстауға тасу – мүлде өзге еңбек түрі.

Егер қой-ешкі, жылқы, түйе жаз айларында ғана сауылса, сиыр бұзаулағанға екі-ақ ай қалғанда ғана суалады, демек, он ай бойы сауылады. Мұндай сүт бұлағы сарқылмау үшін қандай да болсын еңбекті ешкім аямас.

Сиыр бұзаулағасын бір жетіге дейін сүті қою – уыз болады. Бұл сүт өте құнарлы – бұзаудың тез жетілуіне себі мол тиеді. Уызға тойған бұзау ауруға шалдықпай, мықты болып өседі. Қазақ сиырды басқа мал сияқты төлін емізіп отырып сауады. Бұзау еме бастағанда сиыр ииді, сол кезде оның сүтін сауып алады. Бұзау бір емшекті еміп жатса, адам қалған үшеуін сауып жатады, кейде бұзау оттыққасын оны байлап қойып, түгел сауып алады.

Жартылай көшпелі шаруашылықтардың қыста бораннан, желден ықтасын, микорклиматы жақсы жерде салынған қыстауы болады. Онда тұрғын үй, жабық қора, бастырма, ықтырма, пішен жиятын жер, тамақ сақтайтын шошала, т.б. шаруашылыққа қажет құрылыстар болады. Сонымен қатар жартылай көшпелі шаруашылықтардың киіз үйі жайлауға көшкенде сиыр саууға және сүт өнімдерін іске жарататын, сақтайтын жабдықтары болады. Олардың көшпелі шаруа тіршілігінен өзгешеліктері де жоқ емес. Мысалы, саба, мес орнына күбі сияқты ыдыс пайдаланады. Жартылай көшпелі шаруашылықтар көктем шыққасын, күн жылығасын жайлауға көше-

ді. Бұлардың жайлауы қыстаудан онша алыс болмайды, онымен байланысын үзбейді, ондағы шаруаны да қолы тигенде істеп жатады. Ал ең бастысы, бұлар жаз кезінде шөп шауып, малының қыстық азығын әзірлеуге күш салады. Жартылай көшпелі шаруашылықтардың малының құрамы да таза көшпелі шаруашылықтардікінен өзгеше келеді: жылқы мен қой көп, түйе аздау, оның есесіне сиыр малы жеткілікті.

Қазіргі кезде де ірі қара шаруашылығы – еліміздегі мал шаруашылығының ең дамыған саласы. Ірі қарадан алынатын негізгі өнім сүті мен еті болғандықтан, сиырдың қолтұқымдары бүгінде 2 бағытта өсірілуде. Етті бағыттағы қолтұқымдар. Бұл бағытта Қазақстанда кеңінен таралған қолтұқымға қазақтың ақбас сиыры жатады. Қолтұқым жергілікті қазақ, қалмақ сиырларын Англиядан әкелінген геррефорд бұқаларымен жұптастыру арқылы шығарылған. Түгі қызыл, басы ақ, бүкіл денесінде ақ түсті дақтар бар. Жазда жүні қысқа және біртегіс жалтылдап тұрады. Қыста жүні ұзын, әрі тығыз болып өседі. Бұқаларының салмағы 850 – 1000 кг, сиырлары 500–550 кг тартады. Күтімі жақсы болса, 1,5 жастағы тайыншаларының салмағы 450 – 470 килограмға дейін жетеді. Сиырдың бұл қолтұқымы Батыс Қазақстан өңірінде көбірек өсіріледі.

Әулікөл сиыры да етті бағытта шығарылған сиырдың жаңа қолтұқымы. Бұл Қостанай өңірінде қазақтың ақбас сиырымен шеттен әкелінген шароле, абердин-ангусс сиырларының бұқаларымен

жұптастыру арқылы шығарылған. Қолтұқымның өнімділігі қазақтың ақбас сиырынан 15–20 пайыз көп.

Ірі қараның етті бағыттағы қолтұқымдары шет елдерде көптеп өсіріледі. Мұндай қолтұқымдарға – абердин-ангусс, герефорд, шортгорн, галловей, шароле, лимузин, санта-гертруда, т.б. жатады.

Сүтті бағыттағы қолтұқымдар. Бұл бағытта өсірілетін ірі қара қолтұқымдарынан сүт алу мақсаты көзделеді. Қазақстанда қырдың (даланың) қызыл сиыры, әулиеата, алатау, қарала, симменталь қолтұқымдары өсіріледі.

Қырдың қызыл сиыры. Оның қолтұқымы XVIII ғасырдың соңында Украинаның далалы аймағында (Запорожье өңірінде) шығарылған. Сиырлардан жылына орта есеппен 3 800–4 500 л сүт сауылады. Сүтінің майлылығы 3,6–3,8 пайыз. Жаздың құрғақ ауа райына бейімделген. Қырдың қызыл сиыры Қазақстаннан басқа Ресейдің еуропалық бөлігінің оңтүстігінде, Батыс Сібірде таралған.

Қазіргі кезде ірі қара қолтұқымдарын асылдандыру шараларына ерекше көңіл бөлінуде. Сұрыптау жұмыстарында басты орын асыл тұқымды бұқаларды таңдап алуға тікелей байланысты. Сондықтан шет елдерде асыл қолтұқымды бұқалар өте қымбат бағаланады.

Қазір Қазақстанда сиырдың қолтұқымдарын асылдандыру мақсатында игі шаралар қолға алынды. Кубадан әкелінген зебу бұқаларын әулиата

сиырларымен жұптастыру арқылы сүтті бағыттағы қолтұқым шығару көзделуде. Зебу бұқаларын қазақтың ақбас сиырларымен ұрықтандыру арқылы етті бағыттағы қолтұқым алу жұмыстары жүргізілуде. Жалпы, сиыр малын өсіру қазақ тіршілігінде алдағы уақытта да басты назарда болып қала бермек.

Мал емдеу тәсілі. Қазақтар мал емдеу ісінде орасан зор тәжірибе жинақтады. Қазақ даласы әрбір тұрғынының мал емдеуден едәуір хабары болды. Мәселен, олар күйдіргі, шешек, қарасан және оба сияқты жұқпалы ауру пайда болған кезде тез арада басқа жаққа қоныс аударады, мал жайылымын өзгерте қояды. Мұндай аурудан өлген малды жерге терең етіп көміп тастайды. Ал аусыл болған малдың ауыз қуысы мен тілін қыздырылған ас тұзымен және мыс тотығымен, яғни тотияйынмен қаны шыққанша ысқылайды. Кейде тілінің астындағы күре тамырынан қан алады. Ауру малды көлеңкеде ұстап, оған жаңа орылған жұмсақ шөп салады, қалағанынша тұз жалатады. Қотыр болған малды жілік майымен емдеген немесе тұзды көлге тоғытқан. Қотыр малды кейде улы өсімдік тамыры қайнатылған судың арнайы тұнбасын жағып та жазып алған. Мұндай ауруларды емдеу кезінде керосин мен темекі қосып қайнатылған судың тұнбасы да пайдаланылған.

Шөп шабу ісі. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтар шөп шабумен айналыса бастады. Алайда көшпелілердің шабындық жерлері Ресейден

қоныс аударып келген шаруаларға, казактардың станицаларына, әскери бекіністер мен жаңадан салына бастаған қалаларға беріле бастады. Мыңмындаған мал басын қырып салатын жұт жылдары жиі қайталанатын болды. Ал ондай кезде мал басын алдын ала дайындалған шөп қоры мол болған жағдайда ғана аман сақтап қалуға болатын еді. Қоныс аударып келген орыс шаруалары қазақтардан сиырды көптеп сатып ала бастады. Мұның өзі мүйізді ірі қараның санын арттыра түсу қажеттігін тудырды. Ал сиырды қолда ұстап бағу мал азығын дайындауға деген ынта-ықыласты күшейтті.

Шөп темір шалғылармен шабылды. Қоныс аударып келген орыс шаруаларынан үлгі алған ауқатты қазақтарда негізінен атқа жегіліп, шөп шабатын машиналар да пайда болды. XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанның солтүстік, орталық, солтүстік-шығыс аймақтарында шаруашылықтардың 90 пайызға жуығы шөп шабумен айналысуды кәсіп етті.

Егіншілік кәсібі. Сырдарияның екі жақ өңірінде, Жетісу жерінде, сондай-ақ, Қазақстанның Солтүстік, Солтүстік-шығыс және Орталық аймақтарындағы кейбір өзендер мен көлдердің жағалауларында қазақтар егіншілікпен сонау ерте заманның өзінде айналысқан болатын. XIX ғасырдың аяқ кезінде елдің Орталық, Солтүстік және Солтүстік-шығыс аймақтарында егіншілікпен айналысуға жаппай бет бұру байқалды. Ішкі Ресей-

ден қоныс аударушы шаруалардың көптеп келуіне және Қазақстандағы қала халқы санының арта түсуіне байланысты мал жайылымдарының көлемі қысқара бастады. Отбасы мүшелерін асырау мен қолда бар малды жем-шөппен қамтамасыз ету ендігі жерде егін егуді ұйымдастыру мен дамытуға байланысты болып қалды. Отырықшы егіншілік кәсібімен айналысуға көшу қазақтарды ежелден қоныстанған жерлерінен күштеп көшіру және басқа жаққа қуып шығу әрекеттеріне тыйым салатын еді. Патша үкіметі қазақтардың тұрақты отырықшы өмір салтына көшуге деген ынтасын қолдап отырды. Сөйтіп, қазақтар бірте-бірте орыс шаруаларының үлгісімен егін егуді игере бастады. Негізгі еңбек құралдары соқа, тырма, қол орақ, ағаш айыр, күрек пен кетпен болды. Егістік жерді суару үшін әртүрлі құрылғылар (атпа, шығыр) қолданылды. XIX ғасырдың аяқ кезі мен XX ғасырдың бас кезінде қазақтар мен орыс шаруалары қатар қоныстанған аудандардағы шаруашылықтарда темір соқалар мен тырмалар пайда болды. Уезд және кейбір болыс орталықтарында ауыл шаруашылық техникасының паркі ашылды.

Суармалы егіншілік Шығыс Қазақстан, Жетісу, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аймақтарында жақсы дамыды. Қазақтар негізінен бидай, тары, сұлы, күріш және жүгері дақылдарын екті. Шымкент және Перовск уездерінде мақта, Верный уезінде азын-аулақ темекі, Қазақстанның

оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарында бақша дақылдары – қарбыз, асқабақ, пияз бен сәбіз өсірілді. Орыс-украин халықтарымен қатар алқаптарда тұратын қазақтар аздап болса да картоп, қияр және басқа да көкөніс түрлерін егумен айналысты. Мал азықтық дақылдардан жоңышқа егу кеңінен етек алды. Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы қазақтар өз шаруашылықтарында бау-бақша дақылдарын өсірумен айналысты.

Аңшылық-саятшылық. Қазақтың аңшылық дәстүрі әрі кәсіп, әрі өнер. Түркі тектес халықтар, оның ішінде қазақтар бағзы заманнан бері аңшылықпен айналысып келеді. Бастапқыда ол күн көру амалы болса, кейін қызықты демалу, атақ-даңқты шығару, ұлттық өнер түріне де айналды. Уақыт көші алға жылжыған сайын ұлттық аңшылық дәстүріміздің түр-тәсілі жаңарып, жетіле түсуде.

VII–VIII ғасырлардың өзінде-ақ мал шаруашылығымен қатар жыртқыш құс ұстап, аң аулаған халқымыздың саятшылығы мән-маңыз бен мазмұнға бай. Ең бірінші, саятшының кім екеніне тоқталсақ, ол – аңшылық кәсіптің маманы. Құс салып, ит жүгіртіп, қыран құстарды балапанынан аңшылыққа баулып, осы істі кәсіп етеді. Саятшы қасқыр мен түлкі ізін, қоян жымын, аң мен құстың өрісін, түнегін, жайылымын барлап, бағдарлайды да, аңның жүні жетілгенде, құс ет алғанда аңға шығады. Саятшының аңға шығатын мезгілі негізінен ұлы Абай атамыз: «Қан сонарда бүркітші

шығады аңға, Тастан түлкі табылар аңдығанда. Жақсы ат пен тату жолдас бір ғанибет, Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға», – деп жырлағанындай, жерге алғаш қар жауған мезгіл – қансонар.

Саятшылық тарихынан бертінде анықталған бір дерек: көне мысырдың XVIII династиясы дәуірінде (б.э.д. 1580–1350 жж.) жазылған магиялық мәтіндер арасындағы бір кестеде басына томаға тәрізді бір нәрсе кигізілген, тұғыр сипатындағы бөрене үстінде отырған, қарақұйрық жотасына «қонған» бірнеше сұңқардың бейне-тұлғасының кескінделуі. Тарихшылардың түсіндіруінше, мұның сыры, мысырлықтарда сұңқар патшалық биліктің рәмізі саналғандығында, Хорус құдайының бейнесі ретінде танылуында, иероглиф таңбасының орнына жүргізілуінде. Осы айтылған ойларға қосымша тағы бір дерек: Түркия жеріндегі Боғазқан қалашығы қиратындылары арасынан табылған саздан жасалған барельефте бір қолына сұңқар ұстаған (балақбау сияқты бауы төмен қарай салбыраған), екінші қолында шабатын қаруы бар екі жігіттің бейнесінің бедерленгендігі. Зерттеушілердің анықтауынша, бұл ескерткіш б.э.д. XIII ғасырда жасалған, хеттер мәдениетіне жатады. Яғни, бұл сұңқаршылықтың 3300 жылдық тарихының куәсі. Сондай-ақ, Саргон II патша заманында (б.э.д. 722–705 ж.ж.) Ассирия барельефінде осыған ұқсас деректер бейнеленген ескерткіштің табылғаны, кейін оның Лувр мұражайына қойылғаны жұрттың есінде болар.

Жалпы, адамзат тарихындағы аушы құстарға қатысты айғақ заттар аз емес. Солардың жұлдызды бір шоғыры: Месопотамия жеріндегі Нойон ула тауынан табылған б.э.д. 2400 жылдардан бұрын жасалған атақты ғұн қазынасы арасындағы кілем, сырмақтарда тауешкіге түсіп жатқан жыртқыш аң айқасының өрнектелуі, Есіктегі сақ обасынан қазып алынған «Алтын адам» қазынасының жәдігерлерінде де дәл осындай көрініс бейнеленген алтын тоғаның кездескені. Бұл негізінен Орта Азиялықтарда аушы құс культінің ежелден келе жатқандығын аңғартқандай. Естуімізше, біздің ата-бабаларымыз бұрындары Хас тұлпарын ғана емес, қыран құстарын да киелі санап, иесі қайтыс болғанында сұңқарын, бүркітін, қаршығасын оның мәйітімен бірге жерлеген. Қазақ жерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде орта ғасырда жерленген адамдардың мүрделерімен бірге қыран құстардың да қаңқаларының табылуы соны дәлелдеп отыр. Яғни, Атыраудағы Құлсары кентінің солтүстік шығысындағы атақты Бекет Ата – Ақмешіт кешенінен алты шақырым жердегі Аралтөбе қорымындағы үш қорғанның бірінен еркек пен әйел мүрделерімен қоса аң үлгісінде жасалған алтын бұйымдар да, мүрделермен қоса жерленген бүркіттің де қаңқасы табылған. Тіпті, Тарбағатайдың Шілікті жазығындағы ертедегі темір дәуіріне жататын қорғандардан алтын әшекейлер табылғанда, арасындағы құйма қапсырмаларда

бастары артқа қайырылған, жанары мен шеңгелі перуза тастармен көмкерілген 36 дана жыртқыш құс кескіні белгілі болды. Ал енді Алтайдағы әйгілі Берел қорымындағы көсем табытының төрт бұрышында «мәйітті күзететін» грифон бейнесі бар болып шықты. Бұл да ертедегі көшпелілер өмірінде жыртқыш құсқа деген сол замандағы халықтың таным-түсінігін аңғартқандай.

Тағы бір айтар дәйек, Өскемен қаласынан қырық шақырым жердегі Құрық қорғанының (б.э.д. IV–II ғғ.) бірінен мәйітпен бірге 4 бүркіттің қоса жерленгені белгілі болып отыр. Мұның бәрі жөне Есіктен табылған «Алтын адам» бас киіміндегідей стильденген құс бейнелі өрнектердің көне археологиялық жәдігерлерден көптеп кездесуі, жыртқыш құстарды баулып, аңға салудың, оларды киелі санаудың тым ертеден келе жатқандығынан хабардар етеді. Қазір анықталып отырғанындай, VI–XI ғасырларда оғыздарда, IX ғасырда Моңғолияда, Қытайда, Орта Азия аумағында халықтар құсбегілікпен, саятшылықпен айналысқан. X ғасырда селжүктерде көптеген құсбегілер болған, сол әулеттің бір көсемінің есімі Тоғрұл деп (мағынасы Алтай сұңқары), екінші билеушісі Тұйғыншах (құсбегілікке қатысты ұғым) деп те аталған, 1032–1083 жылдары жазылған «Кабуснаме» кітабының бір тарауы да құсбегілікке арналған, Шыңғыс хан да сұңқар салған. Ал енді атақты Гильом де Рубруктың 1253–1255 жылдардағы сая-

хат күнделігінде мынандай да естеліктер бар: «Оларда (көшпелілерде) ителгі және сұңқар құстар өте көп. Олар құстарын оң қолдарына отырғызады және сұңқарлардың мойындарында құс кеудесінің ортасына дейін салбырап тұратын жіңішке қайыс тағады». Атақты жиһанкез Марко Полоның кезінде Күйік ханның ордасында 4 айға жуық өмір сүргені тарихи деректерден бізге белгілі. Осы саяхатшының жазбаларынан белгілі болып отырған жайт, ұлы ханның Баян, Минган есімді екі ағайынды бектерін халық Куничи деп атапты, олар ханның қол астындағы 20 мың құсбегілер мен аңшыларды басқарыпты. Және де Минган басқарған 10 мың құсбегі, аңшылар қызыл түсті, Баян басқарған 10 мың құсбегі, аңшылар көк түсті киім киіп, ханмен бірге саятшылыққа шығыпты. Бұл он мыңдықтардың әрқайсының 2 мыңы тазы мен төбет иттерді жетектепті. Күйік ханның осылайша топ-топ болып саят құруын – салбурын жасауын Марко Поло одан әрі былайша баяндап суреттейді: «Ұлы хан өз ордасында үш ай болып, наурыз айында ол нөкерлерімен екі күншілік жерге аттанады. Ол өзімен бірге 10 мың құсбегін және 500 ақсұңқарын алып жүреді. Әр жерге бір-екіден аралары алшақ тұрған құсбегі мен тосқауылшыларда құс шақыратын ысқырық және түрлі үлгіде тігілген томағалар бар. Ал ұлы хан қолынан ақсұңқарын ұшырған кезде тосқауылда тұрған құсбегілер сұңқардың қай жерге олжасын алып түсетінін

бақылап тұрады». Күйік хан тәрізді түрік сұлтаны І Баязид те үлкен саятшы болған адам. Оның алты мың сұңқаршысы болған көрінеді. Ал енді Ұлы Моңғол империясының негізін қалаушы Темір өулетінің ұрпағы Захир-ад-дин Мұхаммед Бабыр (1483–1530) «Бабырнама» еңбегінде жұт жылы азық-түліктен тарықпау, жау қоршауда ұстағанда аштықтан әлсіремеу үшін Рабатек-и Урчини ауданында қыстағанын айтады да: «Бұл өлке аң аулауға таптырмайтын жер. Айламыш өзенінің маңындағы ну толған бұғы, марал, қабан шошқа, қамысы сиректеу жерінде қырғауыл, қоян жыртылып айырылады. Қыс бойы екі-үш күнде бір рет аң аулауға шығып тұрады. Қалың жынысты өртеп, бұғы, марал ауласақ, қамысты жерден киік аулап, құс ұшырып, қырғауылға қаршыға салдырдық. Мұнда қырғауылдың көптігі соншалық, осында қыстаған жылы қырғауылдың етіне қарық болдық», – деп әңгімесін одан әрі жалғастырады.

Бүркіттің жасын айыру ғылыми деректерде бүркіт жасының 80–100 аралығында болатындығы айтылады. Алайда қазақ құсбегілерінің 15–41 түлекке дейін бүркіт салғандығы жөнінде де мәліметтер бар. Халқымыздың салт-дәстүріне сәйкес бүркіт жасы былайша анықталып, соған орай әр өңірде ол әртүрлі аталады. Бір жастағысы: «бала», балапан, «балапан құс». Екі жастағысы: қан түбіт, тірнек. Үш жастағысы: тастүлек, тірнек, қана. Төрт жастағысы: ана, тастүлек, құмтүлек. Бес жас-

тағысы: қана, мұзбалақ. Алты жастағысы: жаңа, көк түбіт, қана. Жеті жастағысы: құмтүлек, қана, қу түлек. Сегіз жастағысы: сұмтүлек, жаңа, баршын, қу түлек. Тоғыз жастағысы: қоңыр түлек, май түбіт. Он жастағысы: кәрі түлек, барқын. Он бір жастағысы: ақ түлек, баршын. Он екі жастағысы: ақырғы түлек, шөгел. Бүркітке 20 жасына дейін де ат қойылған дейді қариялар, құсбегілер. Олардың ішінде бозым, оба, мола, шау деген де атаулар бар екен.

Бүркіт сыны қазақ халқының ішінде көріпкел, білгір ат сыншылары жүйрік аттарды қалай сынаса, қыран құстарды, соның ішінде бүркіттерді де солай сынап, әрқайсына өз бағасын беріп жатады. Бұл орайда тарих ғылымдарының докторы, этнограф Биқұмар Көмәләшұлы былай дейді: «...Әдетте кәнігі құсбегілер бүркітті жүйрік аттай сынайды. Сыналған құстың келешегі сынақ кезінде берілген бағаларға, ақыл-кеңестерге тоғысып жатады. Бүркітті әрбір дене мүшесінің сынына қатысты атаулардың кейбірі мыналар:

1) бүркіттің басы мен тұмсығының сыны – бақабас, жыланбас, кешкілбас, торсықшеке, тереңқабақ, айқабақ, иіржақ, жыланезу, қайырылған езу, қоңқытұмсық, көктұмсық, жұқатұмсық, қылыштұмсық, иіртұмсық, шығырықтұмсық, қысқатұмсық, т.б.;

2) бүркіт көзінің сыны – жайнаған көз, шатынаған сарғыш көз, шырадай жанған көз, тоғайлықөз, қандыкөз, шүңіреkkөз, қаракөз, қысықкөз, құмкөз, дүзкөз, жадағайкөз, қанқызыл көз, ақ шегер, ал-

тыншегер, жезшегер, көкшегір, күреңшегер, кіші-рекшегер, қаншегір, т.б.;

3) бүркіттің қанат, құйрық, қауырсын сыны – қайқықанат, солқылдақ қанат, қарақанат, жеңіл қағысты қанат, аққанат, салқықанат, алақанат, сөлбеңқанат, құлаштықанат, абдыра қанат, дөңгелек қанат, қияққанат, құтқанат, кездейқұйрық, ақ құйрық, келте құйрық, шолақ құйрық, тарлан құйрық, ұзын құйрық, күрек құйрық, ағаш құйрық, майысқақ құйрық, қамыс құйрық, сұңқар қалып, ірі қауырсын, доғал қауырсын, т.б.;

4) бүркіттің саны, аяғы, саусағы, тұяғы, табанының сыны – сидасан, серкесан, шоқпарсан, қаттысан, домалақсан, түйір сан, долана толарсақ, жуансіңір, жуан аяқ, үкі аяқ, күшіген аяқ, қисық аяқ, ақ аяқ, сұңқар аяқ, кек аяқ, тоғысай аяқ, кек болатты саусақ, быштығыр саусақ, болат тұяқ, үкі тұяқ, ұзын тұяқ, алғыр тұяқ, қара табан, бүршік табан, ақ табан, сартабан, т.б.;

5) бүркіттің өң-түсі, жүн ретінің сыны – қара ала, сары ала, ақ ала, ала, қаракер, қоңыр, көк сұр, құла сұр қызғылт, жирен ақиық, қоңырала қара, шұбар, ақ, кесек жүнді, жапырақ жүнді, ала жүнді, қабырақ жүнді, көк шаңғыттай жүнді, тура жүнді, қияқ жүнді, қызыл балақ, қанды балақ, қызыл шуда, т.б.;

6) бүркіттің ұлы денесінің сыны – ұзын құс, кербез құс, жапырақ құс, төртбақ құс, домалақ құс, қайқы төс құс, жатаған құс, шомбал құс, т.б.».

Құсбегілердің баяндауынша, қыран бүркіттің

94 түрлі аты белгілі болғанымен, оның мұнан да көп болуы мүмкін, алайда ел арасына кең тараған атауларының бір шоғыры мынандай: ақиық, ақ балапан, аққанат, ақбұршақ, бақабас, бұқатана, барқын, баршын, қандыбалақ, қырансары, құлакер, кершолақ, саршолақ, сөпелексары, жапыраққара, мұзбалақ, Алтайдың ақиығы, Қобданың қаракері, Нарынның сарысы, тақыр тірнек, мартулы қыран, шомбалсары, ішжарғыш, көрішөгел, жанбауыр шөгел, шегір паян, жыланбас, жарық жемсау, көксарша, сауырдың сарысы, кебесары, қарағайдың қызыл балақ сарысы, түменнің сары құсы, ақкөз қоңыр ала, су көз қоңыр ала, алдамбал қоңыр ала, ұзын шуда, үзбе шуда, күйсіз қоңыр, көлкөз ұршықбас, қойкөз қызыл, қанаттылар ханы, аспан перісі, көк тәңірісі, құс патшасы, дала сермендесі, тау тағысы, жатаған сары, жемайырғыш, қашаған қара, қобданың қанды көзі, құртырнақ, қос қыран, шырғашыл, жөлер, туырдақтай сары ала тірнек, құс алғыш, шұбарбалақ, т.б.

Аң-құс аулайтын жыртқыш құстар – бүркіттер. Олардың көптеген түрлері бар. Мысалы: дала бүркіті, ергежейлі бүркіт немесе құм бүркіті, қыранқара, бақалтақ қыран, қаршығарақ қыран, шаңқылдақ қыран, қарақұс. Бүркіт – дене тұрқының ұзындығы 90–91 см, сарша бүркіттікі (еркегінің) – 85 см дейін, қанатының жайғандағы ұзындығы 2,7 м дейін жетеді. Бүркіт 30–50 жыл, тіпті одан да көп жасайды. Бүркітпен 15–20 жыл аң аулауға

болады. Ірі аңдардан сілеусінді, қасқырды, ілбісті, түлкіні, қарсақты, мөлінді, қоянды, арқарды, киікті бүркітпен аулап алады.

Қыранқара – дала бүркіті, саршасының қанаты 51–59 см, ұябасарынікі – 53–64 см, салмағы 3 келідей. Балапаны 55 күнде ұшуға жарайды.

Бақалтақ қыран – Қазақстанның оңтүстігіндегі таулы өңір мен үстіртте кездесетін ең кішкентай бүркіт түрі. Саршасының салмағы – 500–700 гр, ұябасарынікі – 800–900 гр, қанатының ұзындығы – 45 см кем емес.

Қаршығарақ қыран – кішірек, оңтүстікте және Қаратау өңірінде ұшырасады. Қанатының ұзындығы – 45–60 см, салмағы – 1,5–2,5 келі шамасында.

Шаңқылдақ қыран – бүркіттің ірілеу келген түрі. Солтүстік Қазақстанның ормандары мен Алтай тауында, Сыр даласында кездеседі. Қанатының ұзындығы саршасында – 49–53 см, ұябасарында – 52–56 см, салмағы – 2–3,2 келі.

Қарақұс – қазақ жерінің барлық аймағын мекендейді. Қанатының ұзындығы саршасында – 54 – 62 см, ұябасарында – 57–67 см, салмағы 3 келідей.

Қаршыға тектес құстар: қаршыға, қырға, мықи. Қаршығаның сипаты: жыртқыш, қыстап шығады. Аталығының дене тұрқының ұзындығы – 53,2 – 60 см, аналығының дене тұрқының ұзындығы – 61,5–66 см. Қанатын жайғанда аталығыныкі –

96–110 см, аналығыныкі – 111,6–130 см. Еркек қаршығалардың салмағы 838–1050 гр, ұрғашы қаршығалардың салмағы 1000–1470 гр. Өңі сұрғыш, кейде қаралтым, арқасы қара қоңыр жолақты, тұяғы қара, құйрығының ұшы дөңгеленген. Қаршығаның 205–218 түрі бар деп айтылады.

Сұңқар тектес құстар: ақ сұңқар, ителгі, бидайық, лашын, жағалтай, тұрымтай, бөктергі, күйкентай, ақ түйғын. Қазақтар сұңқарды бүркіт, қаршығалардан кейін қояды. Сұңқар тектес жыртқыш құстардың дүниежүзінде 58 түрі бар. Соның он шақтысы қазақ даласын мекендейді. Ертеде хан, қаған, батыр, билердің салт-дәстүрлері, саят-серуені сұңқарсыз өтпеген. Сұңқармен ұсақ аңдарды, ұсақ құстарды аулаған. Сұңқар – көшпелілердің батылдықы, өжеттік белгісі де.

Саятшылықта шарифат шарттары ескерілуі тиіс. Мысалы, шарифат бойынша, құс иесінің көз алдында ғана аң аулауға тиіс. Сонымен қатар алған аңын иесі барғанша жеп қоймауы қажет. Құсты әрбір аңға немесе құсқа салғанда Алладан рұқсат сұрайды, иесі. Қыран құс алған аң-құсты «Сенің жазығың жоқ...» деп барып бауыздайды. Қолда үйретілген сұңқарды жөн-жосықсыз аң-құсқа салмайды. Хадисте: «Қолдағы қыран құсыңды еш уақытта азықтан қысып, ашықтырма, қарны тоқ болсын және оған дұрыс тәрбие бер», – деп айтылған. Және де қолда ұстаған сұңқарды бес-алты жастан кейін бостандыққа жіберу қажет. Өйткені, ол да ұрпақ қалдыруы тиіс.

XIX ғасырда аң аулауға мылтық пайдаланыла бастады. Содан кейін-ақ қасқыр, түлкі, қарсақ ату кеңінен етек алды. Қазақтар қымбат бағалы аң терілерін жәрмеңкелер мен сауда орындарына шығарып сататын болды.

Балықаулау. Ірі көлдер мен өзендерде, сондай-ақ, Арал және Каспий теңіздерінде балық аулау кешеуілдеп барып дамыды. Негізінен бұл кәсіппен кедей қазақтар айналысты. Олар балықты тағам ретінде тұтынды және сату үшін аулады. Ішкі Ресейден қоныс аударып келген орыс шаруаларының көбеюіне байланысты балыққа деген сұраныс арта түсті. Балық Ертіс пен Жайықта көп ауланатын. Бірақ онда балық аулауға қазақ офицерлері қатаң бақылау орнатты. Қазақтардың бұл кәсіппен айналысуы үшін ендігі жерде солардың рұқсат қағазын алуына тура келді. Балық аулау әсіресе Сырдария өзені мен Арал теңізінде күшті дамыды. Мәселен, XX ғасырдың бас кезінде онда 10000-ға дейін балықшы қазақтар болды. Балық аулаудың қарқынды дамуына Орынбор–Ташкент темір жолының салынуы қатты ықпал етті. Балық аулау және оны темір жолмен жөнелту үшін 1905 жылы арнайы Арал кенті салына бастады.

Қарсы алу

Қашаннан қонақжай халқымыз дастарқаннан дәм, төрінен жан кетпегенін тілеген, «қонақ келсе – құт», «құтты қонақ келсе – қой егіз табады» деп ең тәтті тамағын қонағына сақтаған. Ұрпағына ұлағат болар осындай ғұрпы бар ұлтымыз үйіне келген қонағын қадірлей білген, сый-құрмет, қошемет көрсетіп, кішілік танытқан.

Бұрындары қонақ арнайы шақырумен де, шақырусыз да келе берген. Шақырусыз келген бейтаныс қонақ үйге: «Құдайы қонақпын!» – деп ескерте кіреді. Кешке келген қонақпен Қызыр Ілияс бірге келеді деген сенім бар. Егер кімде-кім қонақты қуана қарсы алып, ерекше құрметтесе, оған риза болған қонақ шын ықыласпен бата берсе әлгі үйге Қызыр дариды, байлыққа, бақытқа кенеледі. «Ал кім де кім келушіні қонақ қылмай қайтарып жіберсе, қайғы-қасіретке қалады. Қайғы-қасірет жалғыз өзінің басында болмай, бүкіл тұқымына төнеді екен...» деген наным да бар.

Шақырумен келген қонақты үйге жақындағанда алдынан шығып қарсы алу – міндет. Қазақтың бұл әдеті мақал-мәтелде, өлең-жырда орындалуға міндетті ереже ретінде айтылады:

Қырықтың бірі – Қызыр-ды –
Қонақ келсе есікке,
Жүгіре шыққын, кешікпе,

Қарсы алмасаң қонақты,
Кесір болар несіпке...

(Бөлтірік Атыханұлы).

Аттан түсіріп, атын байлап, оған азық береді:

Қонақ келсе – құт, алмағын тынышын,
Тойсын аты – бер жем-шөбін, сұлысын....

(М. Қашқари).

Үйдегі кішілер, әсіресе балалар келген қонақпен қол беріп сәлемдеседі. «Ассалаумағалейкум», «Хош келіпсіздер!» айтылып, жамбасына қалың қабылған құрағы әдемі қонақ көрпе төселіп, қолтығына қос жастық қойылады. Егер сырт киіммен келсе шешуіне көмектесіп, өз қолына алып адал бақанға (киім ілгішке) іледі. Жайғасып отырған соң «ат-көлігіңіз, ауыл-аймағыңыз, мал-жаныңыз аман ба, дені-басыңыз сау ма» деген сұрақтар қойылып, жауабын ілтипатпен тыңдайды. Қонақ та, үй иесі де осы қарсы алудан бастап «қонақ» және «үй иесі» арасындағы айтпаса да түсінікті, айтқызбай білетін, жазбай танитын қалыптасқан әдептерді сақтауға тырысады.

Қолға су құю

Қонақты дастарқан басына шақырмас бұрын қолын жууға мүмкіндік жасалады. Ес біліп қалған

ересектеу бала іші-сырты жуылған құманға жылы су құйып, оң қолына ұстап, таза шылапшынды сол қолымен көтеріп, иығына орамал (сүлгі) асынып, отырған қонақтардың шетінен бастап қолдарына су құяды. Оқтын-оқтын іркіп, аса шорылдатпай, байыппен бір қалыпты құяды. Қолын жуған қонақ су құйған балаға алғысын айтады: «Тәңір жарылқасын!», «Үлкен жігіт бол!», «Бақытты бол!», «Мерейің үстем болсын!» т.б. Мұндай алғыстар қысқа да нұсқа болады. Су құюшы бала әрі қарай жылжып, келесі қонақтан да сондай бата алады. Қазақта «қонағыңның алтынын алма, батасын ал» деген мәтел, «көптің батасы тисін» деген тілек бар. Сол көптің батасын алу, үлкенге ізет, көпке құрмет көрсету осындай кішігірім қызметтен басталады.

Дастарқан басына шақыру

Қалыптасқан әдеп бойынша дастарқан басына әуелі жасы үлкендерді шақырады. Оларлық жас ерекшелігі мен жол-жөніне қарай рет-ретімен алатын орны – төр. Келген қонақтар дастарқан басына орналасқаннан кейін әлдебір себептермен кешігіп келетіндер болады. Әдетте арнайы шақырылған қонақ кешікпеген. Ал, кешігіп келсе қазақ «неге кешіктің» деп сөкпеген. Кешігіп жатса тиісті сыбағасын сақтап қойған. Ал себепсіз келмей қалса, «Сыбағаңды ит ішкір (жегір)» деп ренжіген. «Шақырғанға бармасаң, шақырғанға зар боларсың», «Шақырусыз тойға барғанша,

таяқ ал да қойға бар», «Шақырған жерден қалма, шақырмаған жерге барма» деген мақал-мәтелдер осындайдан шықса керек. Ретіне қарай, дастарқан басына орналасқан қонақтардың жасы кішісі өзінен кейін келген жасы үлкенге төр жақтан орын береді. Лұқпан айтты деген сөз бойынша жас адам өзінен кейін келгендердің үшеуіне ғана орын бере алады. Одан кейін келгендерге орын бермейді. Берсе өз беделін, өз қадірін, құрметін түсіреді. «Тойға барсаң бұрын бар, бұрын барсаң орын бар» деген ғой қазақ. «Қонақ – қойдан жуас, май берсе де жей береді» дегенде оның момындығын емес, әдеп сақтағышын, көргенділігін, инабаттылығын айтқан. «Қонақ аз отырып, көп сынайды» дегенде үй иесіне үлкен жауапкершілік арқалатқаны. «Жаман үйдің қонағы билейді» дегенде қонақ күтуде сынға түсіп, ұятқа қалмасын дегені.

Шай құю, шыны әперу

Қонаққа шайды бабымен құйған лазым. «Самауыр суымай, шай сұйылмай» немесе «самаурдың ызыңын кетірмей, шайдың қызылын кетірмей» дегенде сақырлаған суды, қою шайды айтса керек. Шайды ернеуі бүтін шыныға құяды. Қонаққа кетік, шытынаған шыны, майысқан қасық ұсынуға болмайды. Шай құйылған шынының бүтіндігі, тазалығы былай тұрсын, ернеуінде, кенересінде сама (шәмбі) немесе қаймақ жабысып жүрмеуге тиіс. Шыныға самаурыннан құйғанда шорылдат-

пай, дыбысын шығармай, шыныларды бір-біріне соғыстырмай құю да сын. Шай құйылған шыныны қонақтарға әперу үшін үй ішінен арнайы бір адам отырады. Ол дастарқан басындағылардың сұранысын, талап-тілегін орындап, шынылардың ауысып кетпеуін, бос болмауын, тұрып қалмауын қадағалайды. Шай әпергенде бос қолының білегіне тигізіп тұрып ұсынады. Жалғыз қолымен ғана әпергенін қонақ «сыйламай отыр» деп түсінеді. Кей аймақта шыныны сол қолымен ұсынса да көңіліне алып қалады.

Табак тарту

Қонақжай қазақ: «Қонақ қонса ет пісер, ет піспесе бет пісер», «Бар болса сойғанның жөні бар, бір қойда он кісінің құны бар» деген секілді ұлағатты сөздер қалдырған артына. Мал етінен қазақтың ұлттық тағамының ең бастысы ет асылып, “бесбармақ» дайындалады. Құтты қонақтардың алдына арнайы табақтар тартылады. Табақ жасау – ол да өнер. Қазақта еттен табақ тартқанда оның ерекше құрмет дәрежесін білдіретін бірнеше табақ аттары бар. Осындай табақтарды жасау үшін, осы табақтарды жасағанда әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді білетін адам болғаны жөн. Әр табақ атына, маңызына қарай жасалады. Малдың әр мүшесінің атаулары, сол мүшелерден қонақтарға бөлінетін сыбағалары бар. Сыйлы қонақтарға ең жақсы жерін салады. Қонақ келсе қазан көтерген қазақ халқы қазанға еттерін атап салып, табақ жасағанда ата-

лып жасалып, сый табақтары тартылады. Табақ бас табақ, орта табақ, сый табақ, аяқ табақ деп төртке бөлінеді. Әрқайсысы табақ иелеріне қарай жасалады. Ет пісіп дайын болған соң, ет бөлуші кісіге қай қонаққа табақ тарту керектігін айтады. Табақ жасаушы кісі қамыры салынған дайын табаққа қадірлі қонаққа арнап бас, жамбас, қазы-қарта, жал-жая, құйрық, сүбе, әсіпті бөліп-бөліп адам санына қарай жасап береді.

Құда табаққа – жылқы, сиыр, қой еттері кіреді. Мүшелі еттерден тоқпан жілік, жамбас, мырза омыртқа салынады. Құдаларға құйрық-бауырды жеке дайындайды. Бауыр мен құйрықты тілшелеп кесіп, пияз, қаймақ, айран араластырып жасайды.

Құдағи табаққа – жақ, қазы-қарта, қарын, тоқ ішек, асықты жілік, жылқы, сиыр, қой еттерін салады. Қазақ халқы малдың жағын құдағидың сыбағасына жатқызады.

Жеңге табаққа – асықты жілік, сүбе, қабырға, мойын омыртқа, қазы-қарта, құйрық, өкпе, ұлтабар салынады. Ұлтабар келіндердің сыбағасы деп есептеледі.

Беташар табаққа – сүбе, төс, тоқпан жілік, қабырға, жауырын, қой еті кіреді. Төсті қазақта күйеудің сыбығасы дейді. Күйеу болып қайын жұртына бірінші рет келген «Күйеу табаққа» төлем беріп, сатып алатын салт бар.

Қыз табаққа – тоқпан жілік, омыртқа, сүбе, қабырға, қазы, құйрық.

Аяқ табақ – еттің басқа мүшелерінен жаса-

лады. Бұл табақты ауыл адамдары мен көмекші адамдарға тартады.

Бала табаққа – бел омыртқа, қабырға, бүйрек, бақай, асықты жілік, жылқы, сиыр, қой еттері салынады.

Әйелдер табағына кейбір ерекше жағдайларда болмаса, бас салына бермейді. Басты жасы үлкен адам немесе қадірлі қонақ ұстайды. Бас табақтарды адамдар әуелі бас алынбай тұрып табаққа қол салмайды. Қалыптасқан дәстүр – бас ұстаған қонақ әуелі өзі бір кесіп ауыз тиеді де, содан кейін табақтастарына құйқа үлестіріп, тегіс ауыз тигізеді. Осыдан соң жарым-жарты құйқасын сақтай отырып, орта табақтағы жасы үлкен адамға ұсынады. Әр қонақтың өзіндік сыйы сияқты мүше ұстау рәсімдері бар. «Қонақ асыңа емес, қабақ-қасыңа риза» дегендей үй иесі қонақтарын сыйлағанын табақ тартысымен білдіреді.

Асату

Бұл туралы С.Мұқанов өзінің «Халық мұрасы» деген кітабында кеңірек жазған. Дастарқан басында ет жеп отырғандар тоғая бастағанында, төрде отырған ақсақал қалған етті қолымен қонақтарға, жас балаларға асатады. Бұрындары ауыл балалары ет асаймыз деп қонақ келген үйдің қасында жүретін-ді.

Ақ алып шығу

Сүт, қымыз, шұбат, айранды қазақтар «ақ» деп атайды. Ақта қасиет бар деп есептейді. Ақ түс – адалдықты, сенімділікті білдіреді. Жаңа көршілерін ақ алып шығып, қарсы алады, бұл қарым-қатынастарының таза, әділ, қиянатсыз болғанын қалайтындығының белгісі. Жаңа көшіп келген көршіні қонаққа шақырады, бұл «ерулік» деп аталады. Көршіні ерулікке шақырмау әдепсіздік, дәстүрді бұзу болып табылады.

Ақ жол

«Ақ жол» – әйелдерге сын. Өзінің еріне адал, шын берілген, өтірік айтпаған әйел ауырған адамның үстінен үш рет аттаса, ол адам жазылып кетеді деген наным бар. Науқас адам расында жазылып шықса, ол әйел шын қасиетті деп есептелген. Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романы оқыған адам мұны жақсы біледі.

Ат мінгізіп, шапан жабу

«Ат мінгізіп, шапан жабу» – өте жоғары құрмет. Қазақ мұны аса қадірлі қонағына, талантты ақынына, әйгілі батырына, жамбасы жерге тимеген күрескеріне, т.б. жасаған. Бұл салт бүгін де жалғасын табуда. Бұл қазақтың құрметтеп жүрген дәстүрлері.

Айып төлеу

Бұл істеген қылмысы үшін қолданылатын жаза. Қазақ арасында кез келген қылмыс міндетті түрде өзінің жазасын алып отырған. Ұрыс, барымта, малын айдап әкету, көпшілік ортасында беделін түсіру, дәстүрді, әдет-ғұрыпты өрескел бұзу, т.б. бәріне де айып төленеді. Салынған айыпты міндетті түрде төлеу керек.

Айыптың түрлері әртүрлі. Кінәлі адамдар айыбы үшін атынан не шапанынан айырылған. Аса үлкен қылмыс үшін тоғыз айып: түйеден бастап 9 мал (3 түйе, 3 жылқы, 3 сиыр), не жылқыдан бастап (3 жылқы, 3 сиыр, 3 қой) 9 мал берген. Ал ұрлық үшін аяусыз жазаланып, 3 тоғызды 3 есе не одан да көп айып салынған. Және бұдан өзге де айып түрлері болған.

Айырылысар көже

Тату тұрған көршілердің біреуі жайлауға не қыстауға көшер болса, бірін-бірі «айырылысар көжеге» шақырған. «Айырылысар көже» деген шартты түрде айтылған. Іс жүзінде мол құрмет көрсетіліп, мал сойылып, кең дастарқан жайылған. Көршілер алдағы уақытта да сыйластықтың жалғасатынына сеніммен қарап, қимастықпен қоштасқан.

Аманат

Қымбат, бағалы заттарын уақытша біреуге қалдыру – «аманат» деп аталады. Аманатты сақтау үлкен адамгершілікке жатады. «Аманатқа қиянат қылма» бұл сөз сеніп тапсырған адамға аса адалдықты, адамгершілікті сақтау керектігін білдіреді. «Аманат» рулар мен жүздер арасындағы ауызша келісім-шарт болып, үлкен сенімділікті көрсетеді. «Аманат» достықты, бірлікті, келісімге келуді танытады. Жаугершілік заманда соғысып жатқан ел өзара келісімге келіп, татуласудың белгісі ретінде бір-біріне бала берісіп, бала алысқан.

Ауызбастырық

Адамның атына кір келтіретін сықақ өлең, лайықсыз сөз, ерсі іс-әрекет әдетте көпшілік арасына тез жайылып кететіні бар. Міне, сондай жағдайда көпшілікке күлкі-мазақ болып қалмау үшін, әлгі жайттарға куә болған адамға «ауызбастырық» беріп, көрген-білгенін сыртқа таратпауға өтініш жасалады. «Ауызбастырық» ретінде ұсынылатын сыйлық құнды заттар, әшекей бұйымдар болуы мүмкін. Мұнан кейін «ауызбастырық» алған адам көрген-білгенін елге жаюға қақысы жоқ. Бұл былайша айтқанда, анттың бір түрі,

Абысын асы

Ағайынды, жақын туыстардың әйелдері «абысындар» деп аталады. Бұрын үлкен кісілер, күйеулері үйде болғанда абысындар жинала алмаған. Үлкендер жағы (күйеулері) тойға не басқа бір шаруаларымен жолаушылап кеткенде, абысындар бір үйге жиналып, ет асып, самауыр қойып, дастарқан басында күліп-ойнап, әзіл-қалжыңға ерік беріп, арқа-жарқа болған. Есесіне мұндай отырыстар оларды жақындастырып, өзара ұйымшыл болуға көп септігін тигізіп, татулыққа жол ашқан.

Ақтық

Бұл белгілі бір қызметіне қарай ақы төлеуді білдіреді. Сатқындық үшін, айтылмайтын сөзді басқа біреуге айтқаны үшін сыйлық алуды – «ақтық» деп атайды. Негізінен мұндай істі халық жаратпаған, ондайлар әшкереленіп қалса, үлкен айып төлеген. «Ақтық» – айғырын биеге салғаны үшін де төленген. Бұны түйеге қатысты да қолданған, яғни бураның иесіне «ақтық» төлеген.

Ат майын сұрау

Қазақтың қазағына көмек көрсетпейтін күні жоқ. Әсіресе, күн көріс жағдайлары ауыр адамдардың от басына, жетім балаларға, жесір әйелдерге үнемі көмектесіп отырған. Соның бірі көрінісі, аты жоқ кісі

жағдайы жақсы адамнан «ат майын сұрап» алатын. Кейде жақсы көршілерінен, жақындарынан да сұрайды. «Ат майы» – уақытша біреудің атын пайдалану деген сөз. Сұраушы адам «ат майын» алады. Бұл да қазақтың бір-біріне деген жанашырлығы, қамқорлығы болса керек.

Дәмету

Дәметудің әр түрі бар. Соның ішінде жас келіншектердің дәметуінің жөні бөлек. Жас балалар мен келіндер ата-енелері қонақтан келсе, олардан тәтті-пәтті дәмететін әдеті бар. Әсіресе, балалы жас келіндер дәметсе, оның меселін қайтаруға болмайды. Өйткені, дәметіп отырып ойындағысы болмаса оның емшегі ісіп кететін көрінеді. Сондықтан үлкен кісілер, ата-әжелер үйлеріндегі жас келін дәметіп қалар деп, бір жақтан қайтқанда қашанда қалталарына тіске басар бір нәрсе сала келеді.

Ақсарбас атау

Адамдар қауіп-қатерге ұшырағанында: «Алла Тағала, мені осы қиындықтан құтқара гөр! Ақсарбас!» – деп құдайы атайтын болған. Мұндай жағдайда «Ақсарбас!» деп үш рет айқайлаған. Сосын қауіп-қатерден аман қалған әлгі адам ауыл-аймағын шақырып құдайы берген. Ақсарбасқа шалынатын малдар: бозқасқа (қой), көкқасқа (жылқы),

қызылқасқа (сиыр). Адам «ақсарбас» атағанда қай малын айтса, соны құдайыға союға тиіс.

Ақ құйып шығару

Халқымызда: «Үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады» деген мәтел бар. Қазақтың «ақ» деп атайтыны: сүт, қымыз, шұбат, айран. Қалың өрт келіп қалғанда алдынан ақ шашады, үйге жылан кіріп кетсе басына сүт не айран құйып үйден шығарып жібереді. Бұл қазақтың үйіне келген жауына да жамандық жасамайтын ұлттық мінезінен шыққан ұстаным.

Ат тергеу

Бұл адамды сыйлауға арналған ізеттілік дәстүрі. Ұлттық болмыс бойынша әйелдер атасының, қайнағасының, қайнысының, қайын сіңлісінің есімдерін атамау үшін оларға жанама ат қояды. Мұны «ат тергеу» деп атайды. Мұндайда қойылатын аттардың кейбірі мынандай: «мырза қайнаға», «бай атам», «би аға», «тентегім», «еркежан», «шебер шешей», «ақ әже», «сырғалым», «шашбаулым». Кейде жеңгелері қайындарына әзілдеп, егер бойлары тапал болса «сұңғақтым», жайбасар болса «жүйрігім» деп те ат қояды. Ер адамдар да өзінен үлкендердің есімін тіке атамай көбіне «пәленшеке», «түгеншеке» деп құрметтейді.

Анттасу

Жаудан кек қайтару үшін, адамдар бір-біріне деген адалдықтан айнымау үшін, еларалық тату келісімді сақтау үшін ант айтатын салт-дәстүр бар. Халық алдында айтылған антын бұзған адамды «ант атқан» деп жек көріп, «Уа, айтылған ант, серт-тескен уәде, алысқан қол қайда?!» – деп, кінәлаған.

Араша түсу

Дауласқан, жанжалдасқан адамдарға басу айтып ажырату, сабасына түсіру – «араша түсу» деп аталады. Бұрындары мұндай жанжалда ауылдың, елдің абыройлы абызы: «Араша! Араша!» – деп, от шыққалы тұрған ортаға барып, қарсыласқандарға басу айтқан. «Араша, араша» деген сөзді естігенде, олар ұрысты тоқтату керек. Тыңдамаған жағдайда оларға айып салынады.

Аяғына жығылу

Кешірім сұраудың ең үлкен, кішіреюдің ең ауыр түрі – осындай талап болған. Оны орындағанда айыпты адам жанына абыройлы, қадірлі кісілерді ертіп алып, тиісті адамның үйіне рұқсатпен кіріп, кешірім сұрайды. Айыбы үлкен болса, айыпкер өзі кінәлі болған адамның аяғына жығылып, оны құшақтаған қалпы жылап, кешірім сұрап, жалынған. «Аяғына жығылу» – әрі ғұрып, әрі жазаның бір түрі.

Ат құйрығын кесу

Әртүрлі себептермен қайта-қайта керісіп жүрген адамдар ақырында бір-бірімен жауласып кетеді, айналасындағы туыстарынан безеді. Ең соңында бет көріспеске бел буған мұндай адам өзінің мініп жүрген атының құйрығын кесіп, екі қолын төбесіне қойып, басқа жаққа безіп кетеді. Бұл кері бұрылмаудың белгісі болады. Сол себепті ата-бабаларымыз «атыңның құйрығын кеспе, қолыңды төбеңе қойма» дейтін. Мұнысы жамандықты шақырма дегені екен де.

Асар жасау

Үй салу, қой қырку, тай таңбалау, киіз басу, егін ору, шөп шабу тәрізді қауырт жұмыстарды көптің күш-қайратымен, көмегімен тез атқару үшін ру басының, үй иесінің ауылдастарын, туған-туыстарын шақырып, бірлесе қимылдауын «асар жасау» деп атайды. Оның басқа бір атауы – «үме», «серне». Үй иесі жәрдемдесуге келгендерге тамақ дайындап, сый-құрметін көрсетеді. Асарға келгендер атқарған жұмысына, көмегіне ақы алмайды.

Аунату

Қазақтар үйіне келіп қонақ болған, қонып кеткен адамдардың отырған, жатқан жеріне «баламыз осы атасына тартсын, бойына осы атасының қасиеттері

қонсын» деп балаларын аунатып алатын болған. Елге, ағайынға сыйлы азамат кіндік қаны тамған туған жеріне келгенінде халық, туған-туыстары, дос-жарандары оны сол жердің топырағына аунатып алған. Шыңғыс Айтматов үйіне Мұхтар Әуезов келгенде, ол отырған орындыққа ұлын аунатып-аунатып алған көрінеді.

Ауыз тию

Алыс сапарға аттанарда сол адам ауылындағы немесе әулетіндегі үлкен үйге кіріп дәм татып, жолға шыққан. Сонда ол «осы қара шаңырақтың киесі қолдайды» деп сенген. Отбасы тамақтанып отырғанда дастарқан үстіне келген адам ондағы дәмнен ауыз тиюге тиіс. Әсіресе, таңғы астан ауыз тимеуге болмайды. Астан ауыз тию – үй иелерінің қонаққа, қонақтың дастарқандағы асқа деген ыстық ықыласының бір белгісі болып саналады.

Байғазы беру

Үлкеннің кішіге, яғни балаға беретін сыйы. Жас ұл-қыз, бойжеткен, бозбала жаңа киім кигенде, жаңа зат алғанда аға, апа, ата-әжесінен, туған-туыстарынан оған байғазы сұрайды. Олар байғазыға ақша, мал, мүлік, әйтеуір бір зат беріп, құтты болсын айтады.

Базарлық әкелу

Алыс сапарға шыққан, қыдырып қайтқан, сауда жасап келген адамдар туған-туысқандарына, көрші-көлемдеріне, дос-жарандарына ірілі-ұсақты сыйлықтар әкеліп береді. Мұны «базарлық» деп атайды. Ол жақсы көргеннің, сыйлағанның белгісі.

Бастаңғы жасау

Үйдегі үлкендер жолаушылап кеткенде қалған жастар өздері бас қосып (келіндер, абысындар, күйеулер, балдыздар болып), немесе замандастарын шақырып ойын-суық өткізеді, әңгіме-дүкен құрады, әртүрлі дәмді тағамдар жасап ішеді. Бұл дәстүрді «бастаңғы жасау» деп атайды.

Әдеп сақтау

Үлкендермен, өзінен кішілермен дұрыс қарым-қатынас жасау әдептіліктің белгісі. Сыпайылық, әдептілік ұлттық қасиеттерімізге тән. Үлкеннің кішінің алдында, әйелдің ер адамның алдында, сондай-ақ, ер адамның әйел алдында, ата-енесі келінінің, келіні ата-енесінің алдында әдепті болуы мүлтіксіз орындалатын шарт. Сол сияқты мешітте, басқа да көпшілік орындарда әдептілікті ұмытпағаны жөн. Адам бойындағы кішіпейілділік, әдептілік адамға абырой әпереді.

Байлау

Тапқан олжасын біреуге сыйлау – «байлау» деп аталады. Мысалы, аңнан қайтқан аңшы алған түлкісін, қасқырын, қарсағын ауылдың үлкен ақсақалына байлаған. «Байлау» – мырзалықты, сыйластықты білдіреді. Алайда солай бола тұра, алғаш қолға түсірген аңын аңшылар ырымдап ешкімге бермейді екен.

Баутағар

Аңнан қайтқан адам алғанын біреуге байлайды. Ал «байланған» кісі байлаушыға ақша не соған пара-пар зат береді. Бұл «баутағар» деп аталады. «Байлауды» алған адам «баутағар» бермесе, екінші рет оған «байлау» жасалмайды. Ел арасында «баутағар» бермеген адам малынан айырылады деген наным да бар.

Бармақ жалау

Шақырылған қонақ өзінің сый-құрметін достарымен бөліскісі келуі мүмкін. Ал кейде керісінше, елдекімдер қонақтың сый-құрметін бөліскісі келгендіктен үй иесіне хабар жіберуі мүмкін. Дәстүр бойынша бұның ешқандай әрескелдігі жоқ. Қайта, үй иесі бұған қуанып қалады. Енді бір жағдайларда үй иесі өзі бастамашылығымен біреулерді қонағының қасында бірге болуға шақырып жатады. Әдетте,

мұндайда көбіне жастарды шақырады. «Біздің үйге бір үлкен сыйлы ақсақал келе жатыр, «бармағын жалтауға» келіндер!» – дейді. Бұл арнайы шақыру емес, тек құлаққағыс қана. Негізгі мақсат, жастар үлкен сыйлы кісінің әңгімесін естісін, өнеге-үлгі алсын деген ниет қой.

Барымта

«Барымта» көзінде қаруланып келген қарсы жақтың адамдары табынымен жылқыны айдап кетеді. Соңынан іздеп келгендерге есе қайтарылмаса «барымтаны» сіңіріп кетеді. «Барымта» ұрлық деп саналмайды. Көп жағдайда «барымтаның» арты үлкен дауға айналып жатады. «Барымта» есе қайтару үшін, не өш алу үшін істеледі. М.Әуезовтың «Абай жолы» романында «барымта» өте жақсы суреттелген. Онда жауласқан Базарәлі мен Тәкежанның арасындағы «барымта» жеріне жеткізе баяндалады. Ертеректе «барымта» қазақ даласында кең етек жайған болатын.

Бәйге

Қазақтың тойы, асы, басқа да мейрамдары күрессіз, ақындар айтысынсыз, ат жарысынсыз өтпеген. Мұндай жарыстарда «бәйгеге» қомақты сыйлықтар тігілген. Мысалы, күресте жеңген палуанға – түйе, кілем, ақынға жақсы ат, шапан сыйлаған. Осы дәстүр біздің халықтың рухын, мәдениетін көтерген.

Байлау

Тапқан олжасын біреуге сыйлау – «байлау» деп аталады. Мысалы, аңнан қайтқан аңшы алған түлкісін, қасқырын, қарсағын ауылдың үлкен ақсақалына байлаған. «Байлау» – мырзалықты, сыйластықты білдіреді. Алайда солай бола тұра, алғаш қолға түсірген аңын аңшылар ырымдап ешкімге бермейді екен.

Баутағар

Аңнан қайтқан адам алғанын біреуге байлайды. Ал «байланған» кісі байлаушыға ақша не соған пара-пар зат береді. Бұл «баутағар» деп аталады. «Байлауды» алған адам «баутағар» бермесе, екінші рет оған «байлау» жасалмайды. Ел арасында «баутағар» бермеген адам малынан айырылады деген наным да бар.

Бармақ жалау

Шақырылған қонақ өзінің сый-құрметін достарымен бөліскісі келуі мүмкін. Ал кейде керісінше, әлдекімдер қонақтың сый-құрметін бөліскісі келгендіктен үй иесіне хабар жіберуі мүмкін. Дәстүр бойынша бұның ешқандай өрескелдігі жоқ. Қайта, үй иесі бұған қуанып қалады. Енді бір жағдайларда үй иесі өзі бастамашылығымен біреулерді қонағының қасында бірге болуға шақырып жатады. Әдетте,

мұндайда көбіне жастарды шақырады. «Біздің үйге бір үлкен сыйлы ақсақал келе жатыр, «бармағын жалауға» келіңдер!» – дейді. Бұл арнайы шақыру емес, тек құлаққағыс қана. Негізгі мақсат, жастар үлкен сыйлы кісінің әңгімесін естісін, өнеге-үлгі алысын деген ниет қой.

Барымта

«Барымта» кезінде қаруланып келген қарсы жақтың адамдары табынымен жылқыны айдап кетеді. Соңынан іздеп келгендерге есе қайтарылмаса «барымтаны» сіңіріп кетеді. «Барымта» ұрлық деп саналмайды. Көп жағдайда «барымтаның» арты үлкен дауға айналып жатады. «Барымта» есе қайтару үшін, не өш алу үшін істеледі. М.Әуезовтың «Абай жолы» романында «барымта» өте жақсы суреттелген. Онда жауласқан Базарәлі мен Тәкежанның арасындағы «барымта» жеріне жеткізе баяндалады. Ертеректе «барымта» қазақ даласында кең етек жайған болатын.

Бәйге

Қазақтың тойы, асы, басқа да мейрамдары күрессіз, ақындар айтысынсыз, ат жарысынсыз өтпеген. Мұндай жарыстарда «бәйгеге» қомақты сыйлықтар тігілген. Мысалы, күресте жеңген палуанға – түйе, кілем, ақынға жақсы ат, шапан сыйлаған. Осы дәстүр біздің халықтың рухын, мәдениетін көтерген.

Белкөтерер

Бұл қарт адамдарға көрсетілетін құрмет. «Белкөтерер» дәмді, жұмсақ, колориясы мол қазы, сары май, жент, қымыз, ақ ірімшік, т.б. дайындалған. Көп жағдайда «белкөтерер» тағамдарды көршілері, балалары, жақын туыстары әкелген. Естеріне алып құрметтегендеріне риза болған кәрілер жақсы тілектерін айтып, бата берген. Бұл дәстүр кейінгі жастарға керемет үлгі болған. Қарт адамдарға қалай күтім көрсету керек екені жөнінде. «Белкөтерер» науқасынан айығып келе жатқан адамдарға да жасалады.

Бес жақсы

«Бес жақсы» берілетін адамдар атына заты сай ерекше құрметке лайықты азаматтар болу керек. Құдалар арасында «бес жақсы» қалың мал, киіт ретінде де берілген. «Бес жақсы» зор құрметтің, сыйластықтың, достықтың белгісі болған.

«Бес жақсыға» – қара нар, жүйрік сәйгүлік, парсы кілем, бұлғын ішік, алмас қылыш жатады. Бұлардың құны 4 – 5 ат болған.

Бетке түкіру

«Бетке түкіру». Сөзбен, қол жұмсамай өзінің жек көретін, көңілі қалған адамның «бетіне түкіреді» – қолынан басқа ештеңе келмейтін шамасыз адам

осыған барған. Бетіне түкірілген адамға бұл аса ауыр болған. Намыстанып қиналған.

Дау шешу

Қазақтар арасында көбіне жер мен жесір дауы орын алған. Дауласқан адамдар биге жүгінген. Даулы мәселе үлкен жиында талқыланған. Сол жерде екі жақтың адамдары дауласудың себебін түсіндіреді. Сөз сұраған адам қамшысын ортаға тастап сөз алады. Қорытынды сөзді төбе би айтады. Оның түпкі мақсаты – екі жақты татуластыру. Төбе бидің байламы қайта қаралмайды. Дау шешілген соң төленетін айыптың оннан бір бөлігі «төбе биге» беріледі. Көп жағдайда айып мал басымен есептеледі.

Дүре соғу

«Дүре соғу» – жаза түрі. Аса ауыр, кісіні ұятқа батыратын жаза. Дүре соғуды қамшымен орындайды. Жаза кесілген адамға қылмысына қарай 25, 50, 75, 100 дүре соққан. Бұл жаза – ұрлық істеген, біреуге қиянат жасаған адамдарға қолданылған. Жаза көпшіліктің алдында жүзеге асады. Дүреден өлген адамға құн төленбейді. Бұның тәрбиелік мәні зор. Осыны көрген адамдар мұндай қылмысқа еш уақытта бармайды.

Ен салу

Ен – малдың құлағына салынатын белгі. Қазақтың басты шаруашылығы мал өсіру болған. Әр отбасының, ауылдың, рудың өз белгілері болған. Белгі кейде қара малдың мүйізіне салынған. Ені бойынша жоғалған малын тауып алған. «Енді» өшіріп не басқа түрге ауыстыру мүмкін емес еді. Еннің түрлері өте көп болған: қиықша, түзу, дөңгелек, үшбұрыш, тілік, т.б. Кейде «ен» ретінде малдарға сырға салынған. Сонау ертеректе «енді» үйде қызмет ететін құлдарға да салатын болған.

Ерулік

«Ерулік» – ауылға жаңа көшіп келген отбасын құрметтеп қонаққа шақыру. Олар жаңа ортаға тез үйреніп кетулері үшін, қоныстанушыларға қажеттеріне қарай әртүрлі көмек көрсетілген: отын-су әкелу, шөп шабу, т.б. Бұл адамдардың сыйластығын күшейтіп, бірліктерін, қарым-қатынастарын жақсартады.

Емге сұрау

«Емге сұрау» – ауырған адамға ем болу үшін тамақтың өзінде жоқ түрін сұрау. Мысалы, қазы, май айындағы сары май, т.б. Салт бойынша емге

сұраған затты міндетті түрде беретін болған. Халқының осынау қамқорлыққа негізделген дәстүріне ешкім қарсы шықпаған.

Емшегін көкке сауу

Баласының істеріне риза болмаған анасы «емшегін көкке сауады». Ата-ананы тыңдамау, оларға қол көтеру, балағаттау кешірілмес күнәға жатқызылған. Мұндай іс-әрекеттері үшін баласына теріс батасын береді. Сол теріс батаның ең ауыры – «ананың емшегін көкке саууы». Бұл қарғыс түрін өзгертуге, кері қайтарып алуға болмайды.

Есекке теріс мінгізу

Қылмыскерді, ұрыны, жеңіл жүрісті ер-әйелді дала заңы бойынша жазалаған. Әдетте жазаға кесілген адамды қара есекке не қара сиырға теріс мінгізіп, аяғын есектің не сиырдың қарнына байлап, мойнына ескі қара киізді кигізіп, әр үйдің есігінің алдына жетелеп апарған. Көрген адамдар оның бетіне түкірген. Осындайды көрген балалар мен жастар бұдан үлкен сабақ алған.

Жазалау

Билер кеңесінен соң қылмысты адам бидің шешімі бойынша жазасын алған. Жазаның «есекке теріс мінгізу», «дүре соғу» сияқты түрлері жоғарыда сөз болды. Жазаның және бір түрі – ішкілікке салынып көз жұмған адам ауыл бейітінен 100 қадам ары бөлек жерленген. Ал егер әйел ерінің көзіне шөп салған болса, оны «қарабет» деп шашын кескен. Мұндайда оны күйеуі «талақ» етіп тастаған (айырылысқан). Егер адам дінін өзге дінге ауыстырса, оның дүние-мүлкі тәркіленіп, басқа адамдарға бөліп берілген.

Жеті ата

Қазақта «бір атадан тараған жеті жұрттың қамын жер» деген нақыл сөз бар. Бұлай деу жеті атаға дейін тараған ұрпақ туысқан, жақын адамдар болып саналады. Сол себепті жеті атаны білу керек. Жеті атаға толмай қыз алып, қыз беріспеген.

Жиен құрық

Бұл қыздан туған балаға берілетін сыйлық. Қыздан туған бала «жиен» деп аталады. Біздің халқымызда дәстүр бойынша жиенге «жиен құрық» беріледі. Нағашы жұрты (анасының туыстары) «жиен құрықты» беруге қарсы болмауы ке-

рек. «Жиен құрық» үш рет жасалады. Қазақ жиенді ешуақытта өкпелетпеген, үнемі сыйлап жүрген.

Жолаяқ

Ұзақ жолға шығатын адам үйінде қой сойып, көршілерін, туыстарын дастарқанға шақырады. Мұны «жолаяқ» деп атайды. Келушілер оған шын көңілден тілектес екендіктерін білдіріп, бата береді.

Жылу жинау

Тұрмыстық қажеттіліктен туындайтын дәстүр. Табиғат апатына ұшыраған (өрт, су тасқыны, жер сілкінісі), тағы басқадай бақытсыздыққа душар болған адамдарға көрсетілетін көмек – «жылу жинау» деп аталады. Бұл жерде тек туыс, жақын адамдар ғана емес, сол өңірдің басқа да тұрғындары көмек қолын созады. Мұндайда мұқтаж отбасыларына мал, үй, киім, тамақ жағынан көмек көрсетіледі. Біздің елімізде «жылу жинау» мәселесіне қатты көңіл бөлінеді. Жұртшылық айрықша бір нұсқауды күтпестен-ақ «жылу жинау» ісіне ұйымшылдықпен кірісіп кетеді. Қазақтар өзгелердің қайғысын әрдайым өз қайғысындай сезінеді. Сезіне отырып, көмек қолдарын созуға асығады.

Көрімдік

Әдетте қалыңдығын алғаш көргені үшін күйеу «көрімдік» береді. «Көрімдік» нәрестені алғаш көрген кезде де беріледі. Негізінде бұл табыс табу жолы емес, «көрімдік» адамдардың шын қуанышын, туысқандық қарым-қатынасын білдіреді. «Байғазы» мен «көрімдік» екі түрлі нәрсе. «Көрімдік» – адамды, мал түлігін көру үшін берілсе, «байғазы» – жаңа киілген киімге, алған затқа беріледі.

Күн санау

Қазақ халқы күн санауды сенбіден бастаған. 7 күн бір жұма деп аталады. Жұманың әр күннің өзіндік тәрбиелік мәні бар. Сәрсенбі күн – сәтті күн. Бұл күні жақсы киініп, үлкен кішіпейілділікпен өмірден өткендерге дұға қылып, құран бағыштайды. Жұманың жеті күні – сенбі, жексенбі, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі.

Ай санау

Бір жылда 12 ай бар, «ай санау» ертеден келе жатқан дәстүр. Әрбір айдың аты табиғаттың құбылысына, адамдардың түсінігіне байланысты аталған. Далалық білімді адамдар айлардың шаруашылыққа, тұрмыс қажеттілігіне астрологиялық тұрғыдан айрықша маңызы бар деп есептеген.

Астрономиялық мәні бойынша әрбір айдың өзіндік климаттық ерекшелігі бар. Бұл құбылыс «ай амалдары» не «амал» деп аталған. Халық арасында кейбір есепшілер ай өзгерістерін есептеп, болатын өзгерістерді шығарып отырған. Қазақ халқында ай санау (жыл басы) наурыз айынан басталады.

Халық әр айға сәйкес ұлттық ұғымдар, наным-сенімдер, мақал-мәтелдер қалдырған. Мысалы, «сәуір болмай – тәуір болмас», «қараша – қауыс, кәрі-құртаңды тауыс», «күн қаңтарда қарға адым, ақпанда ат адым ұзарады», «сүмбіле туса – су сиыр», т.б.

Жыл санау

Жердің Күнді бір айналып шығуына кеткен уақыт «жыл» деп аталған. Жыл он екі айға бөлінеді. Қазақша ай аттары: наурыз, көкек, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан. Жыл басы – наурыз айы. Әрине, бұл ежелгі қазақша жыл санау бойынша. Өйткені бұл айда күн мен түннің көктемгі теңелуі (21 наурыз) болады. Мұнан әрі күн тез ұзарып, жер беті жылына бастайды, бүкіл жан-жануарлар, өсімдік атаулы, яғни, табиғат оянады. Қазақтың халық тәжірибесінде жыл санаудың негізіне мүшел алынады. Бір мүшел 12 жылдан тұрады. Жыл есебін бұлай жүргізу өте ежелгі кезден басталған және ешқандай діни қағидамен байланысты емес. Ша-

масы, табиғат құбылыстарының қайталама заңдылығына негізделген болу керек. Қазақша мүшелдік жыл санау тышқан жылынан бастау алады. Одан әрі қарай кезекпен сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз келіп отырады. Жыл аттары не себепті жануарлардың атымен аталатыны және жыл басы неге тышқаннан басталатыны туралы халық арасында аңыз-ертегі бар. 12 жылдық қайталама негізінде мүшелмен жыл есебін жүргізуді қазақ халқы «жыл қайыру» деп атайды.

«Жыл қайыру» арқылы адамның қашан туылғанын анықтауға болады. Мысалы, адамның мүшел жасы –13. Әрмен қарай туған жылды 12-ге бөлу керек. Егер қалдықсыз бөлінсе – мешін жылы туған болады. Ал егер қалдық 1 болса – тауық жылы, қалдық 2 болса – ит жылы, 3 – доңыз, 4 – тышқан, 5 – сиыр, 6 – барыс, т.с.с.

Қалау

Бұл көңіліне ұнаған затты қалап алуды білдіреді. Қалағаныңды алу үшін қарымтасына жақсы сыйлық апару керек.

Қазан шегелеу

Жақсы таныстар, жақын адамдар аяқ астынан жиналып, жақын жолдастарының үйіне барады да: «Қазан шегелеуге келдік!» – дейді қалжыңдап. Мұны түсінген үй иелері: «О-о, дұрыс-ақ, қазанымызды шегелетуге біреуді іздегелі отыр едік, өз

деріңнің келгендерің тіпті жақсы болды!» – деп, «қазан шегелеуге» келгендерді дастарқанға шақырады, дереу қазан көтереді. Бұл әрине қазақтың қонақжайлылығын әрі мырзалығын танытса керек-ті.

Қара шаңырақ

«Қара шаңырақ» атадан балаға қалатын мұра. Қара шаңырақтың үлкен балалары отау тігіп жеке шыққан соң, кенже, ең кіші ұл қара шаңырақтың иесі болады. Әкесінің орнын басатын ұл қара шаңырақтың барлық жауапкершілігін мойнына алады. Егер осы үй батырға, биге, молдаға тиесілі болса, ұзақ жолға шыққан адамдар, дін жолында жүргендер, әдейілеп осы қара шаңыраққа соғып, сәлем беріп, батасын алып тұрады. Қара шаңырақты иесін, ел сыйлаған абыройлы адамдарды көпшілік еш уақытта ұмытпайды.

Қап қағар

Қыстың аяғында, көктемге қарай «соғым» еті бітеді. Қыстан қалған етті қап түбіне салып, азын-аулақ артылған етті асып, жақын сыйлы кісілерді шақырып, қонақ етеді. Бұл дастарқанды «ет қайтар» деп атайды. Ал қап түбіндегі етті көршілерін шақырып, құрмет көрсетеді. Ол «қап қағар» деп аталады.

Қонақасы

Қазақ халқы өте қонақжай екендігін әрдайым көрсете білген. Мұны шет елден келген қонақтар да ауыздарынан тастамай үнемі айтып жүреді. Қазақ қонағын құрметпен қарсы алып, бар тәтті-дәмдісін қонағының алдына қойған. Тәуір асын қонағына сақтаған. Негізінен қонақтар үш түрлі болады:

- арнайы қонақ – әдейілеп шақырылған қонақ;
- Құдайы қонақ – өз шаруасымен сапарлап жүрген адам;
- қыдырма қонақ – ауыл адамы, әдетте ас піскен кезде келе қалады.

Кейбір бай, лауазымды атқа мінерлер қонақасы бермеген үйге айып салып кеткен. Айып түрі жылқы, түйе болған.

Қонақкәде

Үй иесі келген қонақтан «қонақкәде» сұраған. Мұндай сәтте әлгі адам ән не қисса (батырлар жыры, не ғашықтық жырлар), немесе домбырамен күй орындап не өлең айтып берген. Өлең-жырға жақын қазақ үшін бұл қолқалау пәлендей қиындық тудырмаған. Сол жерде ән-күй орындалып, арты көңілді отырысқа айналған.

Құн төлеу

Барымта, ұрыс-жанжал үстінде адам өмірі қиылса, оған құн төленетін. Мұндайда кінәлі жақ пен

құн сұраушы жақ биге жүгінеді. Ақсақалдар кеңесіп, шешімін айтады. Сол жерде қандай мөлшерде құн төлеу керек екендігі нақтыланады. Егер «қанға қан» деген шешімді кісі өлген жақ талап етпесе, онда «құн» төленеді. Тәуке ханның «жеті жарғы» заңында ер адам үшін – 100 жылқы, 50 түйе, 1000 қой белгіленген. Бұл ердің құны. Ал өлген адам әйел болса осының жартысы болады. Егер әйел адам түсік тастаса кінәлі адам – 1 жылқы, 1 түйе береді. Ұрыс-жанжалда адамның бас бармағы сынса – 100 қой. Егер әйел күйеуін өлтірсе, ол өлім жазасына кесілген. Өлген күйеуінің туыстары кешірім жасамаса, онда жаза жүзеге асырылған.

Құтты болсын айту

«Құтты болсын» қуанышқа байланысты айтылады. Ертеден келе жатқан дәстүр. Дүниеге сәби келсе, ұл үйленсе, қыз тұрмысқа шықса, жаңа үйге көшсе, т.б. жақын туыстар, дос-жарандар сол қуаныштарға ортақ екенін байқатып, «құтты болсын» айтқан. Мұндайда «Сәбиің өмірлі болсын!», «Келін құтты болсын!», «Қыздың бағы ашылсын!», «Қоныс жайлы болсын!» деген сияқты жағымды тілектерін білдірген.

Құрдас қалжың

Бір жылда туылған адамдар «құрдас» деп аталады. Құрдастар бір-бірімен тату, әзіл қалжыңдары жарасымды болады. Өзіл-қалжыңға ренжуге бол-

майды. «Түйдей құрдас» – бір жылда, бір айда, бір күнде туылған адамдар. «Әйелі құрдастың – ері де құрдас», «Әкесі құрдастың – баласы да құрдас» деген мәтел де бар. Қазақ ауыз әдебиетінде құрдастар қалжыңы жақсы суреттеледі.

Сал-серілік

Сал-серілік – қазақ халқының өнері мәдениетті екендігін көрсетеді. Бұл ақындық, әншілік, сөз өнері. Сал-сері деген атақ – өзі мырза, адал, ақ көңіл өнерлі адамдарға беріледі. Сал-сері бір өзі халықтың алдында өнерін көрсете алатын адам. Ол әдемі киінеді, жүрісі, тұрысы ерекше көзге түседі, өзгелерден бөлек болып көрінеді. Мысалы, Біржан сал суырып салма ақын. Сері – бұл да әнші, импровизатор ақын, серілігіне қоса ол аңшы, балуан, құралайды көзге ататын мерген, құсты да, жүйрікті де қолға үйретеді, қолынан іс келетін шебер, сөзге шешен. Әрине кез келген адам сал, сері бола алмайды. Сал Біржан, Ақан сері сияқты бұл адамдар бай болулары керек, өнер туындыларын бағалап сүйетін, он саусағы өнерлі болып. Ол адамдардың жүрген жерлері мереке, көңілді күй, ән, жыр, той болады. Халық оларға зор құрметпен қарап сыйлаған. Халықтың мақтанышы болған.

Сауға

Өлім жазасына немесе басқадай ауыр жазаға кесілген адамның жазасын жеңілдету үшін, не босатып алу үшін айыптаушыдан «сауға» сұраған. «Сауғаны» негізінен беделді адамдар ғана сұраған. Көп жағдайда «сауға» сұраушы адам кінәлі адам үшін «құн» төлеген. Екі жақты келісімге келтірген.

«Сауға» – кінәлі адамның жазасын жеңілдету үшін де қолданылған.

Сарқыт

«Сарқыт» – тойдан, астан, айттан қалған тамақты, бауырсақ-тәттілерді, т.б. әйелдердің үйдегі балалары мен немерелеріне алып кетуі. Мұндайда егер үй иесі қарсы болмаса табақта қалған етті де алуға болады. «Сарқыттың» тәрбиелік мәні – қалған тағамдарды ысырап етпеу.

Сәлемдеме

«Сәлемдеме» – екі жақтың бір-біріне деген құрметі. Көптен көріспеген сыйлас, жақын адамдар бір-біріне сыйлықтар жіберген. Бұл ретте көбіне соғым малын, бағалы заттар, т.б. ұсынған. Сәлемдемені алған кісі үлкен ризашылықпен батасын берген. Оны айналасындағы достарымен, көршілерімен бөліскен.

Соғым басы

Қысқа қарай соғым сою ертеден келе жатқан ғұрып. Шамасы келгендер соғымға бір емес, бір-неше мал сойған. «Соғым басын» беру міндетті түрде орындалатын дәстүр. Ауыл ақсақалдарын, көршілерін, достарын «соғым басына» шақырып құрметтейді. Жаңа сойылған соғымның етін жеп, дастарқан басында әңгіме-дүкен құрады. Соғым иесіне жақсы тілектерімен бата береді.

Сүйінші

«Сүйінші» – жақсылық, қуанышты хабарды жеткізу. Әдетте «сүйінші» сұраушыға сыйлық беріледі. Оның жеткізген хабарына жүрегі жарыла қуанған адам: «Не қаласаң, соны ал!» – деп мырзалық танытатын болған. Негізінде жұрт «Сүйінші!» деген бір ауыз сөзден оның қуанышты хабар екенін білген.

Таңба

Таңба – әр рудың, жүздің белгісі. Таңба зиратта жатқан адамдардың қай ру, қай жүзден екенін білдіреді. Таңба батырдың туында, кейде қару-жарағында да болады. Өз Тәукенің «Жеті жарғысында» әр рудың өз таңбасы болуы керек деген заң болған. Соған байланысты әр ру өзінің таңбасын шығарған.

Ұлы жүз руларының таңбалары: қаңлы – жүген, көсеу; шанышқылы – қойылған қол; жалайыр – тарақ; шақшам – садақ оғы; шапырашты – ай, тұмар; албан, дулат, суан – шеңбер; ысты – көсеу, жүген.

Орта жүз руларының таңбалары: арғын – көз; қыпшақ – абаб алфавитінде қос әріп; найман – сырғауыл, ожау; қоңырат – табалдырық; уақ – қада, сырық, сырғауыл, бақан; керей – екі өркеш.

Кіші жүз руларының таңбалары: шеркеш, алаша – сырғауыл; тама – көсеу, тарақ; таз – қамшы; адай – садақ; есентемір – қада, сырық, сырғауыл, бақан; төлеу – балға, жүген; рамадан – ожау; керейт – жүген, қылыш; табын – тарақ, көсеу, ожау; жағалбайлы – балға.

Тәбәрік

«Тәбәрік» – бәйгеден не құдалықтан алған сый-сияпатынан, кәдесінен бөлісу. Мұндайда сыйлық алған адам міндетті түрде бөлісуі керек. Бұдан бас тартқан адам дәстүрді бұзушы болып есептеледі. Оны көпшілік алдында күлкі етеді, айыптайды.

Мүшел

Ертеде адамның жасы «мүшелмен» есептелген: бір мүшел – 13 жас, әрмен қарай әрбір мүшелден кейін 12 жыл қосылып отырады. Мысалы, 25 жас – екі мүшел, 37 жас – үшінші мүшел, 49 жас – төртінші мүшел, т.с.с. Бұрынғы адамдар

жасын сұрағанда: «Менің жасым 5 мүшел және 2 жыл» деген, яғни 63 жаста деген сөз. 7 мүшел – 85 жас. Әр мүшел өткен сайын адам бойында өзгерістер болып тұрады. Оны адамдар былай атаған: 1 мүшел – балалық шақ, 2 мүшел – жастық шақ, 3 мүшел – жетілу, 4 және 5 мүшел – даналық, әрмен қарай – қарттық.

Халық арасында мүшел жасында кездейсоқ қауіп-қатерден сақтану керек, ұзақ жолға, сапарға шығуға болмайды деген наным да бар. Бұл адамды сақтандыру белгісі болса керек-ті.

Тойбастар

Той өлеңмен, әнмен басталады. Бұл – «тойбастар» деп аталады. Той иесі «тойбастар» әнін айтқан ақынға құрмет көрсетіп, сыйлық берген. Ертеде Баймағамбет сұлтан Ақылқанкей сұлуға үйленгенде «тойбастарды» атақты ақын Шернияз айтқан екен.

Тойтарқар

Той біткен соң жұрт тарай бастайды. Сөйтіп, ел аяғы басылған сәтте тойда қызмет еткен адамдарға дастарқан жайылып, құрмет көрсетіледі. Той иелері оларға алғыстарын айтады. Тойтарқарға көрші-қолаң, ауылдастар түгел жиналады. Тойдың жақсы өтуі ауыл адамдарының ынтымақ-бірлігін, ұйымдастырушылық қабілеттерін паш етеді..

Топырақ шашу

Қазақтар аса ауыр қылмыс жасаған, ел-жұртын сатқан жексұрын адамдарды орталарынан қуып, онымен ат құйрығын кесіскен. Ауылдан біржола бездіріп жіберген олардың артынан топырақ шашқан. «Көзіңді жоғалт, елден кет!» – деп бетіне түкірген. Бұл қарғыс атаулының ең ауыр түрі. Жайшылықта бұл туралы мүлдем сөз қозғамаған, себепсізден-себепсіз ауыздарына алмауға тырысқан.

Тізе бүгу

Қазақ дәстүрі бойынша біреудің үйіне кіргенде асығыс болып, отыра алмаған жағдайдың өзінде тізе бүгу керек. «Тізе бүгу» сол үйдің иелеріне деген құрметті танытады. Келген кісі тізе бүкпей шықса, үй иесі онысын көңіліне алып: «Тізеңді неге бүкпедің, біздің үйдің сиыры түрегеп тұрып бұзауласын дегенің бе?» – деп өкпелеген.

Туған жерге аунату

Туған ауылында ұзақ уақыт болмаған адам ел-жұртына келгенде, оны туған жердің көкмайса шөбіне аунатып-аунатып алған. Бұл негізінен ер адамдарға жасалған. «Туған жерге аунатудың» үлкен тәрбиелік мәні бар. Бұл туған жерді қас-терлеу, естен шығармау керек деген сияқты

қасиетті ұғымдармен астасып жатады. Туған жер сенің отаның, ол сенің әкең-шешең дейтініміз де сондықтан болса керек. Сондай-ақ туған жердің асыл қасиеттері сенің бойыңа дарысын дегенді білдіреді екен. Ал бұл өз кезегінде, осының бәрін өз көздерімен көріп тұрған жастарымызды отансүйгіштікке, туған жерді бағалай білуге тәрбиелейді емес пе!

Туырлығын тілу

«Туырлығын тілу» – өзара жауласқан адамдардың ортақ келісімге келе алмауынан туындайды, яғни, бір-бірінің туырлығын тіліп кетеді. Бұл өштесудің, ашық жауласудың белгісі. Мұның арты көп жағдайда кек алуға ұласып жатады.

Үй сынығы

Ер адамның үйленген әйелі бірінен соң бірі өле берсе, қайта үйлену оған ауыр да қиын болады. Көбіне адамдар өз қыздарын ондай адамға бергісі келмейді. Тіпті беретін болған күнде де одан «үй сынығын» сұрайды. Бұл дәстүрлі қалың малға үстеме сый-сияпат жасау деген сөз. Оның мөлшері қалың малдан кем болмайды. Құда түсушілер бұған келіспеске басқа лажы жоқ. Өйткені әлденеше рет үйленген кісі жас жағынан қыздан көп үлкен болады ғой. Сондықтан бұл талап жас қыз үшін өте әділ шешім болып есептелген.

Ұран

Қазақта әр рудың, жүздің өз ұраны болған. Ұран ретінде бұрын өткен әйгілі, даңқты бабаларының есімдерін де алған. Елге жау шапқанда ер-азаматтар ұран салып, жауға қарсы аттанған. Ұран шайқасқа түскен жігіттерге күш-қуат, жігер берген. Ұраны арқылы қас батырдың кім екенін, оның соңына ерген сарбаздардың қай рудан екенін айыра білген.

Мысалы, ұлы жүзге жататын рулардың ұраны: қаңлы – Бәйтерек, Айырылмас, Жалайыр; шақшам – Қабылан; сіргелі, сарыүйсін – Байтақ; шапырашты – Қарасай; ысты – Жауатар; албан – Райымбек; дулат, ошақты – Бахтияр.

Орта жүзге жататын рулардың ұраны: арғын – Ақжол; қыпшақ – Ойбас; найман – Жалғабай; қоңырат – Алатау; керей – Ошыбай; уақ – Жаубасар.

Кіші жүзге жататын рулардың ұраны: кете – Майлыбай; шемекей – Дейт; шеркеш – Шағырай; ысық – Бәйтерек; масқар – Қаратай; алаша – Байбарақ; тана – Тана; қызылөрт – Жиенбай; таз – Төремұрат; беріш – Ағатай; адай – Бекет; есентемір – Алдоңғар; алтын, жаппас – Баймұрат; телеу – Арғымақ; рамадан – Дулат; тама – Қарабура; кердари – Қожахмет; керейт – Ақсақал; табын – Тостаған; жағалбайлы – Малату.

Шаң басты

Ертеде қазақ дәстүрі бойынша ауыл жанынан өткен жолаушы ішке кіріп сәлемдесіп кетпесе, ол адамға айып салынған. Ауыл ақсақалдары жүргіншіні сұрақтың астына алып, қатаң ескерту жасаған. Сондағы оның кінәсі – ежелден келе жатқан «шаң басты» дәстүрін, яғни сәлемдесу салтын орындамағаны.

Шүлен тарту

Байлар мен билер тұрмыстары нашар жақын туыстары мен ауылдастарына үнемі қамқорлық жасап отырған. Бұл әсіресе күзге қарай, жиындерім кезінде кең етек алған. Қайырымдылық жасаушылар мұқтаж жандарға мал, ақша, тұрмыстық заттар, ас-ауқат берген. Мұны «шүлен тарату» деп атаған. Әрі бұны олар жақсы атану үшін емес, өздерінің міндеті деп есептеген.

Шөміш қағу

Көктем келе қар кетіп, жер жіпсіп, көк шыға бастайды, бәйшешек гүлдейді. Аспанды бұлт торлап, күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. Үлкендер бұл мезгілді қуанышпен қарсы алған. «Күн күркіреді, көк дүркіреді!», – деп қуанған. Сөйтіп, қолдарына ағаш ожау алып, табалдырыққа қойып, маңдайшаға тигізіп: «Сүт пен айран мол болсын!

Аштық пен қиыншылық алысқа кетсін! Халық тоқ, көңілді жүрсін!» – деп сәуірдің мамық жаңбырын жадырай қарсы алған. Бұл «шөміш қағу» деп аталған.

Шөп сындыру

«Шөп сындыру» – бұл біреудің әлдебір күтпеген жерден жасаған жақсы ісіне ризалық білдіру ұғымынан туған. Мысалы, сараң адам әлдеқалай мырзалық танытса, немесе қорқақ адам аяқастынан бір ерлік іс жасаса, т.б.

Хан сарқыты

«Хан сарқыты» – басқа халықтарда жоқ болса керек-ті. Ал қазақтар хан билік Ордасына кіріп, таққа отырған соң: «Енді ханға малдың керегі жоқ, халықта болса – хандікі болады!» – деп, ханның малын бәрі бөлісіп алған. Өйткені жұрт, ханның халықтың қамын ойлағаннан басқа жұмысы жоқ деп есептеген. Ал бұл хан үшін зор абырой болған.

Хан талау

Халық сенімін ақтамаған мейірімсіз ханды халық өзінше жазалаған. Ханға тиесілі, оның меншігіндегі мал-мүлкін, билігін тартып алған. Мұндай дәстүр «барымта» емес, «хан талапай» деп аталған. Бұл ашынған, ханнан әбден көңілі қалған

халықтың шешімі болатын. Тап осындай шешім әділетсіз сұлтандарға, атқамінер белсенділерге, төрелерге де қолданылған.

Биебау

Сәуір айында қазақ ауылдарында бие сауу басталады. Әр отбасы оған ерекше дайындалады. Ауыл адамдары «желі» (қазық қағылып, оған жіп байланады) бойында жиналады. «Биебау» – көкорай шалғынды, шөбі шүйгін құтты қоныс. Ондай жерде сауын бие жайылып семіретін болғандықтан «биебау» аталған. Бұл «бие бағы» деген ұғымды білдіреді. Осындай көк шалғынға келіп қонғанда, көпшілік «мынау бір «биебау» екен» дейді. Әдетте, желінің басына жиналғандар қазықты майлап: «Сүтті бол, өсімтал бол!» – деген тілектерін айтады. Осыдан кейін бие сауу басталады, бие сауу уақытын қатты қадағалап отырған. Бие сауу «бие байлаған кез», «бие сауым», «бие ағытар кез» деп бөлінеді. Мұндағы «бие байлаған кез» – таңертең, «бие ағыту» – кешке. Алғашқы қымыз «қымыз мұрындық» деп аталған. «Қымыз мұрындыққа» ауыл ақсақалдарын шақырып, үлкендердің батасын алған. Қазақ қымызды еш уақытта сатпаған, үйіне келген адамды қымызбен сыйлаған. Кейбір жерлерде «биебауды» – «қазық майлау» деп те атайды.

Қымыз ашытудың түрлері көп. Қымыз тек

жазда ғана емес, қыста да ашытылады. Бұл қымыз «қысырдың қымызы» деп аталады. Ол қысыр қалған биелердің сүтінен ашытылады. Бұл қымыздың емдік қасиеті өте жоғары, әсіресе, өкпе ауруына бірден-бір ем.

Күзем шай

Қазақтар кез келген шаруаның басталып-аяқталуын ескерусіз қалдырмаған. Мысалы, қырықтық аяқталғанда бір үйден соң бір үй «күзем шай» берген. «Күзем шай» – қырықтық мейрамы. Бұл мейрамды ауыл адамдары өте көңілді өткізген: ән салып, түрлі ойындар ұйымдастырған. «Күзем шай» – жастарды еңбекке, ұйымшылдыққа баулыған.

Кеусен

«Кеусен» – егіннен мол өнім алған уақытта туысқандарына, дос-жолдастарына, ауылдастарына өзінен артылғанын бөліп беру. Бұл да қазақтың мырзалығын көрсетеді.

Келі түбі

Бұрын егін орағы, май айыру кезінде көмек көрсеткен ауыл адамдарына сый-сияпат көрсетілген. Мұны «келі түбі» деп атаған. «Келі түбі» ретінде алынған өнімнен азын-аулақ үлес (май, ұн, бидай, т.б.) беріледі.

Көген той

«Көген той» – көктемде мал төлдеп, көк шыққан уақытта өткізіледі. Ауылдың үлкен-кішісі көктемді қуанышпен қарсы алып, дастарқан жайып, бір-біріне жақсы тілектер айтады. Мал басының көбеюін, жақсы көңіл-күй болуын тілейді. Үлкендер өзара кеңес құрып, малды қай жайлауға шығару туралы әңгіме-дүкен құрады.

Қазақ тамаққа байланысты үш түрді атайды: ақ – сүт, сүт тағамдары; көк – бау-бақша өнімдері, жеміс-жидек, көкөністер; қызыл – ет, ет тағамдары. «Көген тойында» әйелдер ақ түсті таңдайды. Сондықтан тойға жиналғандар байлауышты ақпен байлайды. Бұл – ақтың мол болуына, мал басының аман болуына тілектестікті білдіреді.

Жылқы күзеу

Ежелден келе жатқан дәстүрдің бірі – «жылқы күзеу». Ол әдетте көктемде басталады. Күзеуге жас жылқы малы: құлын, тай, байтал жатады. Ал үлкен мініс жылқылары мен шаруаға жегілетін жылқылар жатпайды. Жас байталдар қысқа әрі сатылап қырқылып, құйрық түбі қысқартылады, ал құйрығының ұш жағы шыбын үркітуге керек болғандықтан оған тиіспейді. Оны «шыбын қағар» деп атайды. Тайдың құйрығын қырықпайды, жалын ғана қырқады. Кей жерлерде буаз биелерді де қырқады. Оны «бой түзеу» деп атайды. Құлындар

еркек, ұрғашы демей бәрі қырқылады. Жоғарыда айтқанымыздай, мініс аттары мен жұмыс аттарын қырықпайды. Себебі, ол жаман ырым, егер олар қырқылса иесіз қалады деген наным бар. Ат иесіз қалса оны «тұлдап», иесінің жылына сояды. «Тұлдау» – қаралы (азалы) болғанның белгісі.

Қол кесер

Дәстүр бойынша шаруашылыққа көмекке келген адамды еңбекақысыз жібермеген. Шаруаның ауыр-жеңіліне қарамастан тиісті ақысын берген. Оларды «келі түбі», «қол үздік» деп атаса, «қол кесер» де солардың қатарына жатқызылады. «Қол кесер» соғым сойған, етті мүшелеген адамға беріледі. Әдетте оның үлесіне сойылған малдың ауыз омыртқасы тиесілі болған.

Соғым сою – отбасы үшін үлкен қуаныш, мереке күн болған. Соғым сойылған күні қуырдақ жасалып, көрші-қолаң шақырылады. Сөйтіп, бұл бас қосу арқын-жарқын көңілді отырысқа айналады.

Қол үздік

Мал сою, киім тігу, киіз басу, алаша тоқу кезінде көмектескен адамға «қол үздік» беріледі. Мұндайда көмектескен кісінің еңбегі үшін ине-жіп, жүн, ет, т.б. ұсынылады. Ең бастысы, сенің үйіңде де осындай тірлік болсын, осындайға жет деп, үй иесі зор алғысын айтады.

Қол ұшын беру

Ауыл адамы біреудің үйінің жанынан өтіп бара жатып, шөп үйіп, кірпіш құйып, үй салып жатқандарды көрсе, қастарынан «көз жұмып» өте шықпаған. Міндетті түрде арнайы бұрылып, азынаулақ болса да көмектескен. Мұны «қол ұшын» беру деп атаған. «Қол ұшын беру» – адамды қайырымдылыққа, жанашырлыққа үйреткен.

Қой басты

Кигіз басу – өте қиын, ауыр жұмыс. Алдымен жүнді сабаумен сабайды, сосын оны бояйды, қайнатады, құрғатады, орайды. Ораудың астынан арқан өткізіп, жіптің ұшынан ұстап, аяқпен теуіп отырып, үй-үйдің арасынан өткізеді. Кез келген үйдің жанына келгенде «қой басты, қой басты» деп дауыстайды. «Сенің үйіңде қой көбейсін!» – деген тілек айтылады. Мұны естіген үй иелері сыртқа шығып, киіз басушы әйелдерге қымыз, бауырсақ, құрт, т.б. береді. Бұл негізінен әзіл-қалжың түріндегі дәстүр. Өкінішке қарай, қазір «қой басты» мүлдем ұмытылып барады.

Тулақ шашу

«Тулақ шашу» – жүн сабау кезінде орындалатын дәстүр. Үй иесі әйел жүн сабау біткен соң, көмектесуге келген әйелдерге дастарқан жасап, сый-құрмет көрсеткен. Мұны – «тулақ шашу» деп атаған.

**Әлеуметтік-
мәдени
салт-дәстүрлер**



Қол ұшын беру

Ауыл адамы біреудің үйінің жанынан өтіп бара жатып, шөп үйіп, кірпіш құйып, үй салып жатқандарды көрсе, қастарынан «көз жұмып» өте шықпаған. Міндетті түрде арнайы бұрылып, азынаулақ болса да көмектескен. Мұны «қол ұшын» беру деп атаған. «Қол ұшын беру» – адамды қайырымдылыққа, жанашырлыққа үйреткен.

Қой басты

Кигіз басу – өте қиын, ауыр жұмыс. Алдымен жүнді сабаумен сабайды, сосын оны бояйды, қайнатады, құрғатады, орайды. Ораудың астынан арқан өткізіп, жіптің ұшынан ұстап, аяқпен теуіп отырып, үй-үйдің арасынан өткізеді. Кез келген үйдің жанына келгенде «қой басты, қой басты» деп дауыстайды. «Сенің үйіңде қой көбейсін!» – деген тілек айтылады. Мұны естіген үй иелері сыртқа шығып, киіз басушы әйелдерге қымыз, бауырсақ, құрт, т.б. береді. Бұл негізінен әзіл-қалжың түріндегі дәстүр. Өкінішке қарай, қазір «қой басты» мүлдем ұмытылып барады.

Тулақ шашу

«Тулақ шашу» – жүн сабау кезінде орындалатын дәстүр. Үй иесі әйел жүн сабау біткен соң, көмектесуге келген әйелдерге дастарқан жасап, сый-құрмет көрсеткен. Мұны – «тулақ шашу» деп атаған.

Әлеуметтік- мәдени салт-дәстүрлер



Шешендік өнер

Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры – шешендік өнер. Халық даналығының үлгісі болып танылатын шешендік сөздер – ғасырлар бойы өмір сынынан өткен құнды мұра, асыл қазына. Шешендік өнерге ерте замандарда-ақ үлкен мән берілген. Тіпті ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді «риторика» деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері Пратогор, Демоссфен, Цицерон, Квинтилиан сияқты өз заманының мемлекет қайраткерлері, елді аузына қаратқан ойшылдары болған. «Риторика» ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. М.Ломоносовтың 1748 жылы басылып шыққан «Шешендікке қысқаша басшылық» атты еңбегі бұл өнердің Ресейде дамып, қалыптасуына бірден-бір түрткі болды.

Ал қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII–XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асан қайғы (XIV–XV ғғ.) есімдерімен қалыптасып, өркендеу үстінде болды. Бұл тізім кейін Шалғез, Бұхар (XV–XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қазыбек, Әйтекелерге жалғасты. Шешендік өнерінің жан-жақты дамып, асқақтай биік-

теген кезеңі – XV–XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді.

Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз әңгімелерден, өлең-жыр, дастандардан ұшыратамыз. Осы сөз өнерінің кең қанат жайып, орнығып дамуында тапқырлық пен шешендіктің тамаша нұсқалары – жыраулар толғаулары, айтыстар мен мақал-мәтелдердің орны ерекше.

Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауызекі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздері ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласың», – деп, әсіресе, қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Сондай-ақ, қазақтың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерін жинап жариялағандардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол халық даналығының жас өспірімдерді тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбие құралы екенін жете танып, өз еңбектеріне орнымен енгізіп, пайдалана білді.

Шешендік сөздерді алғаш зерттеушілердің бірі – М.Әуезов. «Қазақ әдебиеті тарихы» еңбегінде (1927 ж.) «Билер айтысы» деген арнаулы тақырыппен шешендік сөздердің кейбір түрлеріне мысалдар келтіреді. Ауыз әдебиетінде алатын орны мен халықтық сипатына дәлелді ғылыми тұжырымдама береді. Ауыз әдебиеті мұраларын зерттеп, жинап, ерекше еңбек сіңірген ғалым-лингвист А.Байтұрсынов шешендік өнерді жеке алып қарастырып, құнды пікірлер білдірді (1926 ж.). Шешен сөз, көсемсөз, дарынды сөз деп үш топқа бөліп, әрқайсысын қолданыс орнына қарай (саясатқа қатысты, сотта сөйлеу, қошемет сөздер, ғалымдардың ғылыми тақырыптағы сөзі, діни уағыз сөздер) іштей тағы беске бөліп, әрқайсысына қысқаша түсініктер, тың анықтамалар берген.

Нағыз шешен үшін сөзге шебер болуы жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет.

Шешендік сөздерге тән ерекшеліктерге тоқталсақ: біріншіден, қазақ шешендерінің сөздері жазбаша емес, ауызша айтылып дүниеге келеді де, одан кейін бірден-бірге жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Екіншіден, шешендік сөздердің айтыла келе бастапқы нұсқасы өзгеріске ұшырап, қажетіне қарай қолданылып отырған.

Шешендік сөз ақындар айтысы сияқты сөз тартысы үстінде, ел тағдыры талқыланған ұлы жиын

кезінде, оңаша ой толғау не сұхбат, әңгіме-дүкен барысында арнау, сәлем, өсиет түрінде де өмірге келген.

Әдетте шешендік сөздер көбінесе түсінік сөзден басталады. Түсінік сөзде айтылмыш шешендік сөздің немен байланысты, қандай жағдайда туғандығы мен кім айтқандығы баяндалады. Шешендік сөздің, айтылар ойдың негізі – мазмұн. Сөз нақтылы, нені айтса да сендіретіндей, иландырып қарсыласын мойындататындай дәлелді айтылған. Жазба әдебиетіміз дамыған кейінгі дәуірде шешендік сөздер саптан шыққан жоқ. Заманға сай жаңа мазмұн, жарасымды түр тапқан шешендік сөз нұсқалары көбейді.

Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады. Халық мақалдарында: «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Қылыш жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді», «Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды» деп сөзді айтушыға да, оған құлақ қоюшыға да биік талап қойған. Демек, шешеннің ең негізгі құралы – сөз. Ол тыңдаушының жүрегіне жетіп, ерекше сезімге бөлеген.

Сөз туралы Бәлтірік шешен: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Кімге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтініңді біл», – деп толғайды. Бұлар ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін, жауласқан

елдің арасына бітім айтатын, күлгенді жылатып, жылағанды жұбата алатын даналық сөздер иесі. Мұндай сөз білетін, жөн білетін адамға ел ісіне араласуға, халық атынан сөйлеуге құқық берілген. Шешендік өнер – көрген-білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында талай айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер. Шешендік өнердің қиындығы туралы Бұқар жырау:

Көш бастау қиын емес –
Қонатын жерде су бар.
Қол бастау қиын емес –
Шабатын жерде жау бар.
Шаршы топта сөз бастау қиын –
Шешімін таппас дау бар, –

деп өте дұрыс аңғартады.

Ертеден-ақ, халқымыздың өзіндік басқару жүйесі болды. Ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеген, әділін айтқан шешендері, білімпаз билері болды. Би – халықтың көкейіндегісін айтқан, ойын жарыққа шығарған әділет жоқшысы. Қазақтың атақты билері Төле, Қазыбек, Әйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес.

Ш.Уәлихановтың: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған өкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болған. Би

атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған», – деген сөздерінен би халықтың көкейіндегісін айтқан, жарыққа шығарған әділет жоқшысы екенін танимыз.

Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді», – деді. Демек, бұл қастерлі мұра – шешендікпен айтылған билер сөзі ұмытылмайды, қай кезде болса да халық жадында.

Мыңдаған, жүздеген жылдар өтсе де, Бәйдібек, Қазыбек, Байдалы билердің, Домалақ ана, Гауһар, Ақбикеш, Айбике аналардың, Қабанбай, Бөгенбай, Ағынбай батырлардың есімін жұрт әлі де мақтанышпен айтып отырады. «Шаршы топта сөз бастау қиын: Тауып айтсаң, мереке қылады, Таппай айтсаң, келеке қылады», – дейді Досбол шешен. Қазақ шешені – судай сарқыраған ділмар халық, түгел сөздің түбін түсірген, аталы да, баталы да сөз қалдырған түп атасы Майқы бидің ұрпағы. Қазақ – «Сылдырап өңкей келісім» деп Абай айтпақшы, өлең сөзге дес бермеген, ауылдың алты ауызын аңыратып, ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен бітіретін данышпан халық. Ата-бабамыз жаудан қаймықпаған, сөзден тосылмаған. Ерттеулі атына міне сала жауға шапқан, шынайы шешендік өнерге

машықтанған. Қазақ – шешендік өнерді сүйетін де, оны бағалай білетін де халық.

Иә, көпті көрген, көп жасаған қазақ қариялары оқымаса да көкейге тоқығандарын, одан жасаған қорытындыларын құймақұлақ жастарға үйретуден жалықпаған. Талапты жастар үлкендерден, қариялардан өнер-білім үйренуді өздеріне міндет, мұрат тұтқан, жақсының атын ерттеп, қасына ерген. Олардан үлгі-өнеге алуды ар-намыс санамаған. Қазақтың оқу жасына толмаған баласынан бастап, қол бастаған батырларына дейін бақылап, шешен-билерін тыңдаған поляк саяхатшысы Янушкевич халқымыздың ақыл-ой қабілетін ерекше бағалайды. Бір көргенін үйреніп, лезде жаттап ала қоятын, өзінің білгенін біреуге жеңіл де тез түсіндіре қоятын қабілетіне, зеректігіне жат жерлік саяхатшы да қайран қалады.

Айтыс

Бұл ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. Айтыс – синкреттік жанр, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан. Айтыста осыған орай лирикалық, эпикалық, драмалық сипаттар мол ұшырасады. Сол арқылы бұл жанр ауыз әдебиетінің өзге түрлерімен қанаттаса дамып, бір-біріне елеулі әсер-ықпал

жасап отырған. Батыр және лиро-эпос жырларына да әсерін тигізіп, өзі де арнасы кең мол салаға айналған.

Қазақтың ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан айтыс жанрының туу негіздері мен өзіне тән ерекшеліктері, даму тарихы бар. Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Айтыс қазақтан басқа арабтың бәдеуилер тайпасында және түркі тілдес елдердің бірқатарында, ірі ақындар айтысы Үндістан халықтарында бар. Кейбір зерттеушілер айтыстың алғашқы шығу тегі өте ерте заманнан келе жатқанын айтады. Оның әуелгі элементі көркемөнердің түрлері сараланып, бір-бірінен әлі ажырамай, бәрі бірігіп бір бүтін өнер саналып, әні де, өлеңі де, оны шығару да, орындау да, қимыл, бет құбылысы, тағы басқалары да қосыла жүрген дәуірде туса керек деп топшылайды. Айтыстың алғашқы адымы осы кезеңде басталса керек.

Айтыстың ескі түрі деп есептелетін бәдік айтысының негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету мақсаты жатса, басқа айтыстардың ішінде қайсысы ерте, қайсысы кеш туды, оны айту қиын. Дегенмен, кейбір айтыстардың мазмұнына, лексикасына, сөйлем құрылыстарына қарап, қай заманда пайда болғанын топшылауға болады. Мысалы, жануарлар айтысына, өлі мен тірінің айтысына қарағанда, жұмбақ айтысының анағұрлым кеш туғандығы анық.

Салт айтысының ескі түрі қыз бен жігіт айтысында негізгі тақырып – жастық көңіл күйі мен өнер

сынасу болса, ақындар айтысында өнер салыстыру, сөз сынарудың үстіне әр ақын өз руын дәріптей жырлаушылық келіп қосылғанын көреміз. Әсіресе бұл ХІХ ғасырда етегін кеңірек жайған. Осы дәуірде өмір сүрген атақты ақындар: Шөже, Балта, Орынбай, Кемпірбай, Тезекбай, Сүйінбай, Түбек, Омарқұл, Тәбия, Мұрат, Сүгір, Жаскілең, Бала Омар, Біржан, Сара, т.б. түрлі тақырыпта шығарған қысқа өлеңдерімен қатар, айтысқа түсіп, сан алған сөз тартыстарын бастарынан кешірген және тарихта көпшілігінің аттары осы айтыс арқылы сақталған. Айтыс жанры қазақ ауыз әдебиетінде саны жағынан да, сапасы жағынан да айрықша орын алады. Тек қазақта ғана емес, бүкіл Шығыс елінде бар айтыс қазір өзінің жанрлық қасиетін, түрін қазақ әдебиетінде ғана сақтап қалып отыр.

Қазақ қоғамында ақынның ақын болып танылуы да тек айтыс арқылы жүзеге асқан. Көбіне-көп айтыста жеңілген ақын өткен айтысты ел арасына таратуға міндетті саналған. Сөйтіп, бір-біріне логикалық ой-жүйемен терең жымдасқан екі ақынның өлеңдері біртұтас дүниеге, қисса, дастан секілді желілі шығармаға айналған. Айтыс ақындарының ұғымында өлең белгілі бір кісіге қонатын өнер саналған. Кемпірбай, Базар, Бұдабай, Бақтыбай, Сүйінбай, Жамбыл тәрізді ақындар өлеңнің “киесі бар, иесі бар” деп білген. Мысалы, Бұдабай, Бақтыбай, Жанақ ақындар түсінде бір ақсақалды әулиенің «өлең аласың ба, көген аласың ба?» деген таңдатуынан соң, өздерінің өлеңді қалағандарын

айтады. Бұл табиғатынан осы өнер түріне бейім жаратылған ақындардың ой-қиялының жемісі болуы да ғажап емес.

Айтыс – ақынның талантын шыңдайтын үлкен өнер жарысы. Өткен ғасырда Жанақ, Сабырбай, Шөже, Сүйінбай сияқты ғажайып айтыс ақындары болған. Бұл үлкен дәстүрді қазір Әсия, Әселхан, Қонысбай, Баянғали, Әлфия, Абаш, Мұхамеджан сияқты айтыс ақындары жалғастырып келе жатыр.

Бата беру

Дәстүрлі қазақ мәдениетінде байырдан келе жатқан ұғымдарының бірі – «бата» бүгінде көп жағдайда тек алғыс, тілек ретінде қолданылып жүр. Алайда алғыс-тілекті кез келген адам айта алады, ал батаны ертеректе тек батагөй қариялар, ақсақалдар берген. Негізінен бата ақ тілек, ізгі ниетпен береке-молшылық, аман-саулық, жақсылық тілеп, жалбарыну түрінде айтылады. Және ол ерекше қасиетті деп саналған. Әдетте батаны көпшілікке де, жеке адамға да арнап беретін болған. Топ алдында батаны көбінесе елге сыйлы, жасы үлкен ақсақал көпшіліктің атынан үй иесіне және барлық жиналған қауымға арнаған.

Қазақтың бата сөздері – тамыры тереңде жатқан, тарау-тарау халық тарихымен тағдырлас, қиын уақыттың небір талқысына түссе де, елдің тұрмыс-салтында тайға таңба басқандай айқын із

қалдырған, талай-талай ұрпақ үшін тәлім-тәрбие болған тағылымы мол тамаша мұрамыз.

Бата сөзінің қазақ қоғамындағы көрінісін қарастыра отырып, оның ұғымының тек тілек немесе жүреқжарды сөздер ғана емес, қолдану аясы әлдеқайда кең әрі рухани қазына екенін аңғаруға болады. Бата беру қазақ халқында әртүрлі жиындарда орындалып отырған. Мысалы, қыз ұзату кезінде қызға үлкендер бата берген. Бата айту арқылы қызға рухани күш-жігер беріп, бақыт тілеген. Барған жеріндегі қызға келін болудың қыр-сырын түсіндіретін болған.

Батагөйдің бата сұрай келген немесе белгілі бір адамның өнеріне, батылдығына немесе басқадай жақсы қасиеттеріне тәнті болғанда бата беретін кезі болған. Батаның бұл түрі қазақ қоғамында кең таралған. Мысалы, Қойкелді батыр Аңырақай шайқасында ерлік көрсетеді. Көрсеткен ерлігіне тәнті болған Төле би батырға батасын берген.

Аса жауапты іс басталар алдында (жауға қарсы аттанарда, алыс сапарға шығарда) соңғы шешімін айту үшін сөз әдетте батагөйге тиеді. Егер ақсақал бата сұраушының қолға алмақ болған әрекетіне ризашылығын берсе, сол батасында көрініс тауып отырған. Батаның мұндай түрі батырлар жырларындағы бас кейіпкерлердің жауға аттанар кезінде жиі көрініс береді.

Кең пейілді қонақжай қазақ халқы дастарқан басында да бата беруді дәстүрге айналдырған. Батаның бұл түрі көп жағдайда ас ішіліп болған

соң айтылатын болған. Астан соң айтылған батада, үй иесінің қонақжайлылығы мен жомарттығына қатысты мадақ айтылған. Егер дастарқан иесіне батагөйдің көңілі толмаса өткір сөздермен сынап та отырған.

Ата-бабаларымыз бата, тілек арқылы Жаратушы Иемізге жалынып- жалбарынып ықпал етуге болады деп түсінген. «Жаңбырмен жер көгереді, батамен ер көгереді» дегенді айтқан да солар болатын. Осы орайда фольклорист-этнограф А.Васильев өзінің 1905 жылы Орынборда шығарған «Образцы киргизской народной словестности, молитвенных благожеланий» деген мақаласында: «Кімде-кім қазақ даласында болса, ол батаның халықтың қандай ерекше назарында болатынын жақсы біледі», – деп жазған еді. «Бата қазақ поэзиясының ерекше түрі, онда бата беруші адамның үй иесіне деген шын жүректі жарып шыққан ықылас-пейілі, ақ ниеті, Алладан тілер тілегі поэзиялық өлең түрінде ақтарылады», – дейді ол алдыңғы сөзін жалғастырып. Сосын батаның қандай жағдайда, кімдерге арналып айтылатынын, олардың мазмұнын, түрі жағынан бір-біріне ұқсамайтын ерекшеліктерін жан-жақты талдайды.

Қазақ халқының ұлттық мәдени игіліктерінің ішінде, елдің рухани қазынасында бата сөздердің мән-мағынасы, қадір-қасиеті айрықша бағалы. Өйткені жанымызға жұғымды, ой-санамызға нұрлы шуақ сыйлап, марқайтып қанаттандыратын осынау ақыл, нақыл сөздер тәрбиенің бастау бұлағы.

Аталардың қасиетті өсиеті – замандар мен ғасырлар бойы біртіндеп жиналып, ақыл елегінен өткізіліп, тексерілген өмір тәжірибесінің, тарихи санасының даналық қорытындысы, адамгершіліктің ереже-қағидасы іспетті.

Халықтың тілек-бата сөздері жас ұрпақты әдепті, сабырлы, зерделі, арлы болып өсуге баулиды, малды-басты, дәулетті-бақытты, кекшіл емес кешірімді болып жетілуге тәрбиелейді. Белгілі бір этикалық, эстетикалық, педагогикалық жүйемен құрылған тілек-бата сөздер халықты өзімен бірге келе жатқан ежелгі мұрасы. Бұлар – рухани өмірінде тұтастық-бірлігін, салт-дәстүрін, адамгершілік қасиеттерін сақтауда ерекше қызмет атқарады.

Ата-бабаларымыздың өсиет батаның шығу тарихы әлі терең зерттелген жоқ. Алайда бірқатар тіл мамандары: «Бата – арабтың «фатеке» деген сөзінің қазақша айтылу түрі», – дейді. Ал «фатекенің» мағынасы – алғыс айту, ақ ниет, ақ тілек білдіру.

Сөз – бүкіл адамзат тарихындағы құдіретті күш. Қазақ халқы ақ батаның ізгі сөздеріне сүттей ұйып, оның құдіретті күшіне шексіз сенеді. Басқаға тілек айтып, бата бергенде оның қабыл болуын Алла Тағаладан сұрайды. Олай болса, тілек айту, бата беру – Алла Тағалаға жол іздеудің, онымен байланысудың ғаламдық күш-құралы, дүниетанымымыздың ұлттық бір жүйесі. Ақ бата қазақ үшін – ой, ниет, тілек, іс жиынтығы, барлық наным-сенімнің бірлігі. Сол себепті, қазақ халқы

көне көк түрік заманынан бері өзінің барлық ізгі істерін ақ батамен бастап келеді, және келешекте де әр қадамын ақ батамен жалғастыра бермек.

Бата – негізінен, намаздың соңында қол жайып айтылатын дұға. Қазақ баталары соның үлгісінде айтылатын бір түрі. Батаның мазмұны ақсақалдың шешендігіне, ақыл-ой, парасатының дәрежесімен тығыз байланысты. Бата екі қолды ілгері қарай жоғары созып, екі алақанды өзінің жүзіне қарата бұрып тұрып беріледі. Бата беру «әумин» деген сөзбен аяқталады.

Бата шаңырақ көтеріп, жеке үй-жай болғандарға да беріледі. Қазақтар өздерінің балаларына атақты кісілерден, құрметті қонақтардан бата алып қалуға тырысқан. Ислам дінінің таралуына байланысты бұл дәстүр бұрынғысынан да күшейе түсті. Қайтыс болған адамның үй-іші мен туған-туыстарына көңіл айту кезінде де бата беріледі, марқұмның өзіне де, артында қалған үрім-бұтағына да ізгі тілектер айтылады.

Қазақта «теріс бата» деген де болған. Теріс бата – қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі. Мұндай батаны әке-шешесі сенімін ақтамай, үлкен ұятқа қалдырып, әулетін, ата-тегін масқаралаған, өздеріне қолы, тілі тиген, дінін, тілін, отанын сатқан, жауыздық, ауыр қылмыс, кешірілмес күнә жасаған баласына қолдарын теріс жайып тұрып бата берген. Батаның бұл түрі ел ішінде өте сирек қолданылады. Теріс бата ұрпақтан ұрпаққа қара таңба болып қалады. Ата-анасының теріс бата-

сын алғандарды халық жек көрген, оларға сенім артпаған, қонаққа шақырмаған, қыз беріп, қыз алыспаған, дос болмаған. Теріс батаны қайтару, қайтып алу үшін алқалы жұртты жинап, Жаратушыдан теріс батаны өзгерту сұралып, жалбарыну рәсімдері жасалынған. Тірі болса, ата-анасы: «Теріс батамды қайтып алдым», – деп айтқан. Жалпы, адамдар қаншама ашуланып, қорланып, намыстанса да, теріс бата беруге асықпағаны, теріс бата беруден сақ болғаны, теріс батаға мән бермей, айтып қалудан бойын аулақ ұстағаны абзал. Ең бастысы, «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» дегенді ұмытпаған жөн. Теріс батаға мысал ретінде әйгілі «Қыз Жібек» жырындағы Төлегенге берілген теріс батаны айтуға болады. Теріс бата алу арқылы Төлегеннің ісі құпталмай, ақырында өлімге ұшырады.

Әдетте, бата беру ауылдың үлкендерінің, қадірлі қариялардың, атақты батырлардың, ақындарының, би-шешендерінің, ақсақалдарының, жолы үлкен адамдардың, құдайы қонақтың үлесіне тиген. Қонақтар ішінде үлкен адам болмаса, көптің рұқсатымен, жас болса да бас боларлық жолы, жөні бар жігіттер береді. Ерлер отырғанда әйел бата бермейді. Әйелдер арасында сөз білетін бір ер бала отырса, сол бата беруге тиісті.

Қазақ дәстүрінде, бата жасап, дастарқан басында малдың басын алдына алған қария алдымен өзі ауыз тиіп, сосын бастың оң жақ құлағын кесіп алып, үйдегі жасы ең кіші балалардың

біріне: «Мә, балам, құйма құлақ бол, сөз тыңда, үлкендердің лебізін жерге тастамайтын жақсы азамат бол!» – деп береді. Бұл «құлақ беру» деп аталады. Қариялардың балаларға құлақ кесіп беруінің үлкен тәлім-тәрбиелік мәні бар, яғни, жасынан қариялардың қолынан құлақ жеп, өсиеттерін тыңдап өскен бала үлкенді сыйлап, кішіні аялағыш, сөз тыңдағыш, сөз қадірін түсінгіш, ақылды, білімді азамат болып есейеді. Әдепті, ибалы болуға дағдыланады.

Батаның негізгі түрлері: балаға берілетін бата, тұсау кесер батасы, жас талапкерге бата, ас батасы, ас қайыру батасы, жол батасы, көші-қон батасы, жаңа ай батасы, соғым батасы, наурыз батасы, жарапазан батасы, жас отау иелеріне арналған бата, өлім шыққан үйге айтылатын бата, т.б.

Серттесу батасы – құдалықта, серт пен уәдеде, елшілікте, ел арасындағы маңызды үлкен шараларда жасалатын жол. Ол – хан, ақсақалдар мен билер алдында қол алысып орындалатын ғұрып. Оны бұзу, яғни, «бата бұзу» – қарғыспен тең.

Сақтық батасы – сыйды алғаннан кейін айтылатын бата. Мысалы:

Ынтымақсыз туыстан сақта,
Қара жүрек баладан сақта.
Көк айыл қатыннан сақта.
Кеудесін керген келіннен сақта.
Мезгілсіз келген өлімнен сақта.

«Бата сыйы» дегеніміз – бата берген адамға

рақмет айтып, сый кәде жасау, немесе мал түрінде сыйлық беру.

Қазақта: «Өз ісінің шеберінен бата алса, соған тартып, батасын алған жас та шебер болады» – деген сенім бар. Бұл орайда Х. Досмұхамедұлы былай дейді: «...Қазақ қауымы арасында өз ісінің шын шебері, мәселен, би, ақын, зергер т.с.с. табиғат сыйлаған дарын-өнерін басқа біреуге ақ батасы арқылы мирас етіп қалдыра алады деген сенім кең таралған. Сондықтан да осындай атаққа немесе өнерге ыңғайлы, икемі барлар сол саланың атақты өкіліне аттанады және қайтсе де оның көңілін тауып, ақ батасын алуға тырысады. Қазақ арасындағы белгілі бір би, атақты ақын, аруақты бақсы не зергер пәленшеге, түгеншеге өзінің ақ батасын беріп, ақыл-өсиетін айтыпты, сонан соң ол да би, ақын, бақсы не зергер болыпты, дегендей аңыз-әңгімелер орасан көп».

Сондай-ақ, бата билік басына келген хан, патшаларға, елбасына да беріледі. Оны құрметті әрі елге сыйлы ақсақал адамдар берген. Мәселен, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 1991 жылы алғаш рет Президент болып сайланған кезде өзінің таққа отыру рәсімінде Елбасымыз үлкен ақсақалдың ақ батасын алып барып, ел басқару ісіне кірісті. Батаны бүкіл қазақтың данышпан ақыны болған, аты әлемге жайылған ұлы Абайдың ұрпағы Шәкір ақсақалдан алды. Ш.Әбенев жай адам емес, ол – қазақтың халық ақыны, сазгері, сөз білетін, жөн білетін дана ақсақалы еді. Осындай аузы дуалы

ақсақалдан бата алған Елбасымыз Қазақстанды үлкен биіктерге көтерді. Бұрын-соңды болмаған дәрежеге жеткізді. Ақсақалдың берген батасы елімізге құт болып, жақсылық болып келді.

Аспандай ашық қазақтың ғибрат сөздерінде әсемдік пен тапқырлық, ойшылдық пен сыршылдық, ақылдылық пен данагөйлік, шынайылық пен сыйпаылық бар. Тәрбиелік мәні терең, ғибраты зор. Мысалы, «аспандай берме, жерден ұзап кетерсің, жерден ұзап кетсең, елден ұзап кетерсің, елден ұзап кетсең, барса келмеске кетерсің» дейтін өсиет сөзде қаншама мағына жатыр десеңші! Осындай тағылымы мол өсиет-тілектер ұрпақтан-ұрпаққа өз тағылымын жалғастыра бермек.

Ән-күй

Қазақ халқының ән-күй өнері қыз ұзатудағы сыңсу, келін түсірудегі жар-жар мен беташар, сәби дүниеге келгендегі бесік жыры, шілдехана, өмірмен қоштасудағы жоқтау, той-томалақтар, жырмен көркемделген көңілді отырыстар, ұзақ жолды қысқарту үшін ыңылдап ән айту мен суырып салма айтыстар қазақ өмірінің ежелден келе жатқан өшпес мәңгілік дәстүрі, поэтикасы. Қуанышта да, шабыттанғанда да ән айтылады. Ән құдіретімен көңіл серпіледі, не жұбатылады. Расында, Ахмет Жұбанов айтқандай: «Ән-күй десе қазақ ішкен асын жерге қояды».

Қай дәуірде болмасын қазақ халқы өлеңнің,

әннің, тапқырлық және нақыл сөздің, мақал-мәтелдің, ұйқастырып шумақ құрудың шебері. Оған табиғат сұлулығы, ат жүйріктігі, аң аулаушылық, саятшылық мысал бола алған. Батырлық және лирикалық жырлар, аңыздар, ертегілер айту, әсіресе айтыстарға қатысу, осылардың бәрі қазақ халқының табиғатынан дарындылығын байқатады. Қазақ жыршылары ұзақ сарынды байырғы ерлік және лирикалық поэмаларды жатқа айтып, ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткізе білді. Асан Қайғы, Бұхар жырау, Сыпыра жырау, Маңғыстау өңірінен шыққан Мұрын, Қашаған, Сәттіғұл және тағы басқа ірі-ірі тұлғалар талай жырларды өмірге әкелді.

Қазақтың музыкалық аспаптары да ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан мәдени мұра. Қазақ музыкасының, ән-күй өнерінің атасы деп VII –VIII ғасырларда өмір сүрген Қорқыт ата аталады. Оның ел ішінде сақталған «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт толғауы», «Арыстан-баб», «Тәңіркүй» және тағы да басқа шығармалары бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

Ғұлама философ Әбу Насыр әл-Фараби кезінде музыкатанушы да болды, өзі саз аспабында ойнап, ән салған, сонымен қатар ән-күй шығарған. Оның «Музыканың ұлы кітабы» атты шығармасы музыка әрі физика мен математика туралы қағидаларын да қамтиды. Ол музыканың тәжірибелік және теориялық негіздерін, музыка теориясын жаңадан қалыптастырды. Қылқобыз қазақтың ысқылы, ішекті музыкалық аспабы болып есептелінеді. Қобыз ту-

ралы түп нұсқа деректер Қорқыт ата есімімен тығыз байланысты. Д.Тезекбаев қобыздың ішектерін екіден төртке дейін жеткізді. Қобыз-прима, қобыз-альт, қобыз-контрабас болып дамытылды.

Қорқыт атадан кейінгі белгілі қобызшы сазгер, кыл қобызда ойнаудың асқан шебері Ықылас Дүкенұлы 1843 жылы Қарағанды облысының Жаңарқа ауданында туды. Әкесі Дүкен оны осы өнерге баулыған. Ықылас қобыздың дыбыс көлемін байытты, ырғағына ұтымды өзгерістер енгізді. Оның күйлері – «Ықылас күй», «Қоңыр күй». «Кертолғау», «Ерден күй», «Жез киік», «Қамбар – Назым», «Аққу» және тағы басқалар. Ықыластың ұлы Түсіпбек те әке ізін жалғастырып, шебер қобызшы болған. Ықыластың қобыз аспабында ойналатын күйлер мұрасын ХХ ғасырға Дәулет Мықтыбаев пен Жаппас Қаламбаев жеткізген. Д. Мықтыбаевтың шеберлігін Ахмет Жұбанов «Ғасырлар пернесі» және Болат Сарыбаев «Қазақтың көне аспаптары» кітабында атаған. Жаппас Қаламбаевтың «Кертолғауы», «Жұман күй», «Қазақ маршы», «Еңбек маршы», «Амангелді маршы» және тағы да басқа ән, романс, күйлері бар.

XIX–XX ғасырларда Біржансал Қожағұлов, Ақансері Қорамсаұлы, Мұхит Мералиев, Абай, Балван Шолақ Баймурзин, Жаяу Мұса Байжанов, Мәди Бапиев, Ыбырай Сандыбаев, Құлтума Сармұратов, Естай Беркімбаев, Әсет Найманбаев, Нартай Бекежанов, Кенен Әзірбаев, Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Қасымжан Бабақов,

Темірболат Арғынбаев, тағы да көптеген әнші-сазгерлер өмір сүрді.

Өз әндерін орындаған сазгерлер қатарына Ғаббас Айтбаев, Жарылғапберді Жұмабаев, Шашубай Қошқарбаев, Қалқа Жапсарбаев, Құдайберген Әлсейітов, Сәтмағанбет Ахметов, Мария Рекина да (халық оны Мариям Жагорқызы деп атайды) қосылады. Асқақ әншілер қатарында Әміре Қашаубаев, Күләш Байсейітова, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов, Елубай Өмірзақов, Қалыбек Қуанышбаев, Манарбек Ержанов, Ғарифолла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебеков, Мәжит Шалқаров, Ілияс Шәймерденов, Нұғыман Әбішев, Жүсіп Сейілов, Рахия Қойшыбаева, Жамал Омарова, Байғали Досымжанов, Әнуар Үмбетбаев, Кәукен Кенжетаев, Шабал Бейсекова, Рабиға Есімжанова, Мәжит Шалқаров, Тамты Ибрагинова, Нағима Әбілова есімдерін атап өту لازым. Бишілердің ең басында Шара Жиенқұлова, Нұрсұлу Тапалова, Сара Көшербаева тұрары сөзсіз.

А.В. Затаевич қыруар еңбек атқарып, қазақтың әр аймақтарын аралап, «Қазақ халқының 1000 әні» және «Қазақ халқының 500 ән мен күйін» жинады. Кейбірін нотаға түсірді. «Менің қымбатты жігіттерім, бұл ашаршылық, суық жылдарда және жұқпалы аурулар кезінде сіздермен бірге жинаған еңбекті өздеріңізге қайтарып отырмын. Сіздер білесіздер, тамаша халық әндеріңізді тек мен ғана жинаған жоқпын, сіздердің тікелей қатысуларыңызбен, ұлттық жетістіктеріңіздің ұмытылмауы және бұзыл-

мауы үшін оларды бірлесе отырып жинадық», – деп А.В. Затаевич ағынан жарылып. Одан кейін де әлі қағаз бетіне түспеген әндер мен күйлер аз емес-тін. Оларды нотаға түсіру қажет еді. Міне, осы игілікті істі, қыруар еңбекті терең ізденіспен академик Ахмет Жұбанов іске асырды. Қазақтың классикалық домбырашылары, композиторлары Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина Нұрпейісова, Тәттімбет, Қазанғап, Байсерке, Абыл, Ықылас шығармашылықтарын түбегейлі зерттеді. Ол «Ғасырлар пернесі» атты монографиясында: «Кең даланы мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы да қасиетті музыкалық аспабы – домбыраның бірде күмбірлеген, бірде тыңқ-тыңқ шертілген ойлы дыбысы құлаққа жағымды, жүрекке жақын, оның күмістей сыңғырлаған үні талай сырдың басын қайырады», – деп жазды.

Академик Ахмет Жұбанов Қазақтың мемлекеттік Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің негізін құрды, күйшілердің және сазгерлердің шығармашылығын, өмірбаянын ұзақ жылдар зерттеді, осы бағытта «Құрманғазы» және «Ғасырлар пернесі» кітаптары жарық көрді. «Замана бұлбұлдары» атты монографиясында қазақтың әнші-композиторларының, ән орындаушыларының өмірбаянын, шығармаларын, орындаушылық шеберлігін ел-жұртқа кеңінен танытты. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ұзақ жылдар бойы басшысы болды, көптеген шәкірттерді қанаттандырды. Қаныш

Сәтбаевпен бірігіп, Қазақтың Ұлттық ғылым академиясын құрушыларының бірі болды.

Д.Кабалевский ол туралы: *«Жұбанов – олицетворение того удивительного по стремительности роста казахской музыкальной культуры, вызывает справедливое удивление и конечно огромное восхищение»*, – деп жүреқжарды сөзін жазып қалдырды. З. Кедрина болса: *«Если Мухтар Ауэзов в дни моей молодости, в начале 30-х годов, открыл для меня увлекательный мир казахской культуры, поэзии, народного эпоса, современных писаний казахских советских писателей, то Ахмет Жубанов расширил этот мир, раскрыв передо мной глубины казахской народной музыки»*, – деп таңданысын жасырмады. Ал Н. Жиганов: *«Трудно представить культуру казахского народа без имени талантливоего ученого А. Жубанова»*, – деп оның еңбегін өте жоғары бағалады.

Алматының музыкалық-драмалық техникумы жанынан 1933 жылдың 22 сәуірінде ғылыми-зерттеу және музыкалық тәжірибе шеберханасы ұйымдастырылды. Оны басқару Ахмет Жұбановқа тапсырылды. Бұл жұмыстарға Евгений Брусиловский, домбырашылар Махамбет Бөкейханов, Лұқпан Мұхитов музыка аспаптарының шебері ағайынды Романенколар тартылды.

Көптеген ән-күйлерді Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Махамбет Бөкейханов, Лұқпан Мұхитов және Манарбек Ержановтардың орындауымен жазылып алынды. Ахмет Жұбанов Құрманғазының,

Дәулеткерейдің, Абылдың, Тәттімбеттің, Қазанғаптың, Ықыластың, Сармалайдың және Сейтектің күйлерін таспаға түсірді. Өнердің шалқыған айдынына Дина Нұрпейісова, Махамбет Бөкейханов, Лұқпан Мұхитов, Науша Бөкейханов, Қали Жантілеуов, Меңдіғали Сүлейменов, Әбікен Хасенов, Смағұл Көшекбаев, Жаппас Қаламбаев, Мұрат Өскенбаев, Дәулет Мықтыбаев және көптеген өнерпаздар шықты.

Музыка зерттеушісі Б.Ғизатов: «Қазақ оркестрінің тууы 30 жылдардың еншісіне тиеді», – деп жазады өз еңбегінде. Бастапқыда ансамбль құрамында он жеті адам өнер көрсетті. Бұл ансамбль қазақтың ұлттық оркестрінің негізін қалады. Оның жетістігі 1934 жылы халық өнері қайраткерлерінің жалпы қазақстандық байқауында қоғамдық танымалдыққа ие болды. 1934 жылдың тамыз айында оркестрді ұйымдастырудағы еңбек жемісті аяқталды. Оркестрдің алғашқы дирижерлігін Ахмет Жұбановтың өзі атқарды. Бұл оркестр 1935 жылдың жазында Қазақстан облыстарына өнерлерін көрсетуге аттанды. 1936 жылдың 25 мамырында Мәскеудің Үлкен театрында Ахмет Жұбановтың басқаруымен Құрманғазының «Сарыарқа», «Адай», «Серпер», «Балбырауын», «Көбік шашқан», Дәулеткерейдің «Қосалқа», халық әні «Қызыл бидай» орындалды. Сонда «Правда» газеті: *«Позавчера вечером мы были в степи. Вдали синели снежные горы. Спокойная, как песня, струилась река. Был праздник!»*, – деп қуана жазды. Оған

қоса «Известия» газеті де Қазақстан әртістерінің, соның ішінде халық аспаптары оркестр ұжымының үлкен жетістігін жалпақ елге паш етті.

1933 жылы Алматыда музыкалық студия, ал 1934 жылы музыкалық театр құрылды. 1937 жылдан бастап музыкалық театр Қазақ опера және балет театры деп аталды. Оған 1941 жылы академиялық мәртебе, 1945 жылы Абай есімі берілді. Осы жылы театрда Е.Брусиловскийдің халық музыкасы негізінде жазылған тұңғыш ұлттық операсы «Қыз Жібек» қойылды. Оған ілесе композитордың «Жалбыр» (1935 ж.) және «Ер Тарғын» опералары сахналанып, үлкен жетістікке ие болды.

Қазақстанның кәсіби балет өнері ХХ ғасырдың 30-жылдарында қалыптасты. 1934 жылы музыкалық студияда М.Арцбишеваның жетекшілігімен балет группасының шымылдығы түрілді. 1935 жылы Қазақ музыка театры құрылғанда оның жанынан балет бөлімшесі бағдарламасына классикалық би сабақтары енгізілді. Осы кезде Ш.Жиенқұлова, Н.Тапалова, Қ.Қарабалинова, Х.Байзақов және басқалар кәсіби бишілер қатарына кірді. 1938 жылдың 24 маусымында тұңғыш ұлттық туынды З.Великановтың «Қалқаман – Мамыр» балетінің тұсауы кесілді. Балеттің либреттосын Мұхтар Әуезов жазды, қойылымның балетмейстері Л.Жуков, суретшісі О.Таңсықбаев болды.

40-жылдарда Алматы опера және балет театры қабырғасында классикалық балеттер – «Аққу көлі», «Коппелия», «Шопениана», «Жизель» иге-

рілді және В.Великановтың «Қамбар – Назым» балеті қойылды.

Дәурен Әбіров Алматы хореография училищесінде, Мәскеу театр өнер институтында білім алған қазақтың тұңғыш балетмейстері. Ол Қазақстан хореографиясының қалыптасуына үлкен үлес қосты. 50 жылдардың ішінде М.Чулакидің «Жастық», Ч.Пунви, Р. Глиэр мен С.Василенконың «Эсмеральда», Ф. Ярулиннің «Шурале», Н.Тілендиев, Л.Б. Степанов пен Е.М. Манаевтың «Достық жолымен» және тағы да басқа балеттер сахнада қойылды. Ғазиза Жұбанова мен Зәуірбек Райбаев бірлескен «Ақ құс», Евгений Брусиловскийдің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», А.Аданның «Жизель», Б.Асафьевтің «Бақшасарай хауызы» балеттері жетістіктерге жетті. Қазақ өнерінде дарынды композитор Ғазиза Ахметқызы Жұбанованың «Хиросима» операсын жұртшылық аса жоғары бағалады.

Симфониялық жанрда В.Великановтың «Қазақ симфониясы», Е.Брусиловскийдің бірнеше симфониясы, С.Мұхамеджановтың «Ғасырлар үні» ораториясы, М.Төлебаевтың «Жастық» сюиталары, Ғ.Жұбанованың «Жігер», «Дала қызы», «Жалғыз емен» шығармалары музыка мәдениетінің биік жетістіктері. Б.Байқадамов, Н.Тілендиев, С.Керімбаев, Ш.Қалдаяқов, Ә.Есбаев, Ә.Бейсеуов және тағы басқа композиторлардың әндері көпшіліктің қалаулысына айналды.

Әрбір облыс орталықтарында филармониялардың, Алматыда «Қазақ концерт» бірлестігінің,

«Гүлдер» ән-би ансамблінің, Қазақстанның мемлекеттік вокалды-хореографиялық ансамблінің, Қазақстан хор капелласының, Қазақстанның үрмелі оркестрінің, Қазақ радиосы хорының, сондай-ақ музыкалық оқу орындарының Алматыда және облыстар мен кейбір аудан орталықтарында дарынды балаларға арналған музыкалық мектептердің (училищелер, колледждер), Алматы хореографиялық училищесінің, Т. Жүргенев атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының, ұйғыр және корей музыкалық-драма театрларының құрылуы, Астанада Қазақ ұлттық музыка академиясының, Ж. Елебеков атындағы эстрада-цирк училищесінің шаңырақ көтеруі – Қазақ топырағында музыка өнерінің өркениетті дамуына тікелей пәрменді ықпал етті. Музыка туындыларын орындайтын ұжымдар мен өнерпаздардың шығармашылық жолымен Республика қауымын кеңінен таныстыруда, насихаттауда Қазақ радио және телевизия арналары зор әсерін тигізді, әрі ең қуаныштысы, бұл бағыт өрмен қарай да өрлей түсуде.

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі осы үрдісті жалғастырып, халқымыздың мақтанышы, сарқылмас мәдени қоры болып бағаланатын 1000 күйлерден тұратын ұнтаспаны жарыққа шығарды. Мұны мәдени мұрамызды мәңгілікке сақтауды мақсат тұтқан үлкен бастама, зор жанашырлық деп түсінгеніміз жөн. Әрі бұл іс те өз жалғасын тапса нұр үстіне нұр болар еді.

Би өнері

Би – халықтың рухани байлығын, ішкі сезімін, көңіл-күйін, мұң-мұқтажын, арман-тілегін, мақсатын, салт-сана, дәстүрін мың бұрала билеген қимыл-әрекеті арқылы көрсетіп, бүкіл адамзаттың тілсіз ұғысуына жол ашатын эстетикалық байлыққа ие өнердің ерекше бір түрі. Би өнері тамаша әуендер мен ғажайып күйлерге, музыкалық ырғаққа дене қимылын сәйкестендіріп, оларға жан бітіріп, тартымды да әсем қимылдарымен көрермендеріне рухани байлық пен жан лаззатын сыйлайды.

Әр халықтың өзіне тән би өнері болады. Олардың барлығы туған халқының ішкі жан дүниесін, салт-дәстүрін белгілі бір ритмді қимыл арқылы бейнелейді. Би өнері, әсіресе ұлттық бояуы арқылы ерекшеленеді. Сондай-ақ, әр өңірдің өзіндік ерекшеліктері болатыны және белгілі.

Жалпы, қазақ билеріндегі ұлттық бояудың бейнеленуін үш орын, төрт нүктеге жинақтауға болады.

Ұлттық бояуды бейнелейтін үш орын:

1) мимика – бишінің кірпік қағуы, көзін ойнатуы, басын бұлғақтатуы, үкі ойнатуы, күлуі, ымдауы арқылы бейнеленеді. Бұл ішкі сезімді бейнелеудегі өте маңызды факторлардың бірі;

2) «би тілі» екі білекте (қолда) болып, биші екі білегі, саусақтары, қолы арқылы ішкі сезімін, бейнелейді;

3) дене қимылына ерекше назар аударыла-

ды, балет биі сияқты керілген қалыпты ұстамай, қайта денесін бұрау, иілу, бүгілу қимылдарын жасайды. Білек, саусақ, аяқ қимылдарын сәйкестіріп, тебіренген ішкі сезімін бейнелейді. Мәселен, биші қайғылы көңіл-күйін, мұң-мұқтажын, азаптану сезімін бейнелеуде қолын құлағының тұсына әкеліп, белін иіп, денесін бұрап айналады. Керісінше, қуаныш, шаттық көңіл-күйін секіру, жорғалап жүгіру арқылы бейнелейді;

Ұлттық бояуды бейнелейтін төрт нүкте:

1) бидің қимыл формасы негізінен төрт мүшеге, яғни, бас, білек (қол), бел, аяққа жинақталады;

2) ерлердің би қимылы мен әйелдердің би қимылы бір-біріне сәйкес болады;

3) ән, би, музыка сияқты үш фактор тығыз бірлестікте болады;

4) би бір жүйеге түскен қимылдардан құралып, білек, қол, аяқ қимылы біршама молдау болады.

Қазақ билерінің пайда болу тарихын б.з.б. 6000 жылдан басталған деуге толық негіз бар. Осынау тұжырымды растайтын мәліметтерді таңбалы тастардан, жартастағы суреттерден, археологиялық қазба жұмыстарынан көптеп кездестіруге болады.

Қазақтардың би өнерінің даму тарихын тарихи деректерге негіздей отырып, төрт кезеңге бөлуге болады:

1) ежелгі дәуір билері;

2) ерте дәуір билері;

3) орта ғасырдағы билер;

4) жаңа дәуір билері.

Ежелгі дәуірде аңшылық, жабайы жеміс-жидектерді теру – адамзаттың ең басты еңбек қимылы болатын. Демек, көркемөнер мен би өнері ежелгі адамдардың өзара тәжірибе алмасу, өз тайпасындағы жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатында қоғамдық еңбек негізінде пайда болған әрі дамыған. Жер-жерден табылған жартас бедерлері адамзаттың сол кезеңдегі өндіріс еңбегінің қысқа да нұсқа бейнесі әрі би өнерінің ең алғашқы естеліктері. Мысалы, жартас бедеріндегі адамдардың билеп тұрған суреті, сондай-ақ, кейбір жартас бедеріндегі билеген адамдармен бірге арқардың суреті қоса салынуы олардың сол уақыттағы аңшылық тұрмысының өшпес көрінісі болса керек.

Ерте дәуір қазақтарды қалыптастырған ежелгі этностар таптық қоғамға өткен шаман діні, несториан дінін қабылдаған кезең болып, бұл қоғам дамуы бір сатыға ілгерілеп, таптық қоғамға кірген дәуірге тура келеді. Табиғаттағы апаттар – жер сілкінісі, су тасқыны, өрт апаты, күн мен айдың тұтылуы сияқты құбылыстарды, адамдар арасындағы әртүрлі ауру-сырқауды, өлім-жітімді, жаугершілік соғысты Құдайдың қарғысына ұшырау деп түсінген ата-бабаларымыз сахаралық рулық формацияда ұзақ өмір сүрді. Сондықтан бұл дәуірдегі көркемөнер және би өнері халықтың осы тұрмысын бейнеледі. Мысалы, қыз қуу, көкбар тарту ойыны мен биі, Үйсін хандығында ойналған хулардың биі, Құдайдан, тылсым күштерден медет тілеу, тасаттық беру қимылдарын бейнелейтін арнайы билер, жын-

шайтандарды қуатын бақсы биі, от биі сияқтылар сол дәуірдегі билерге жатады.

Орта ғасырда ата-бабаларымыз ислам дінін қабылдаған кезең болды. Араб шапқыншылығы, Шыңғысханның жорықтары, хандықтар арасындағы соғыс би өнерін аздап тоқырауға ұшыратты. Алайда би өнері мүлдем дамымай қалған жоқ. Алқа қотан биі, орман биі осы кезең билеріне жатады.

Жаңа дәуірде қазақ би өнерінің кәсіби деңгейге көтеріліп, сахна төріне шығуы Қазақ мемлекеттік музыка театрының (қазіргі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры) шығармашылық тарихымен тығыз байланысты. Халық бишісі Ысқақ Быжыбаев Мәскеу қаласында өткен КСРО халықтары билерінің Бүкілодақтық фестивальдеріне қатысып, 1936 жылы екінші жүлдені, ал 1940 жылы бірінші жүлдені иеленді. Биші осы өнер сайысында домбыраның сүйемелдеуімен «Насыбайшы» және «Масқарампаз Қара жорға» билерін билеген. Халық биін тұңғыш кәсіби сахнаға шығарған таланттардың қатарында Ш.Жиенқұлова мен Ә.Ысмайлов болды. Бұл екі өнерпаз да арнайы би мектебінен өтпей-ақ кәсіби би өнерін шебер меңгерген. Қазақ халқының алғашқы кәсіби бишісі Жиенқұлонадан бастау алған би өнері бірнеше ұрпақтың рухани байлығына айналды. Ш.Жиенқұлова 1936 жылы Мемлекеттік филармония жанынан би ансамблін құрды. Халық биінің тез қарқынмен

дамуына 1955 жылы құрылған Мемлекеттік ән-би ансамблі зор үлес қосты. Ансамбльді режиссер-хореограф Л.Чернышова, композитор Б.Байқадамов, балетмейстер А.Бекбосынов ұйымдастырды. Ал 1989 жылы құрылған «Салтанат» би ансамблі М.Төлебаев, Байқадамов, Л.Хамиди, С.Мұхамеджанов, Н.Тілендиев, Е.Рахмадиев, Ғ.Жұбанова, т.б. композиторлардың шығармаларын сахнада бейнеледі. «Саяхатта», «Алатау баурайында», «Жайлауда», «Аққу қыздар» вокалды-хореография композициялармен бірге «Кілемшілер», «Жігіттер биі», «Бүркітші», «Қос алқа», «Асатаяқ», «Биші қайың», «Шолпы» және «Салтанат» билері ансамбльдің шығармашылық бет-бейнесін айқындады. Қазақстан ән-би ансамблі ТМД елдерінде, АҚШ, ГДР, Венгрия, Швейцария, Франция, Англия, Түркия, Корея, Қытай, т.б. елдерде өнер көрсетті. ҚР еңбек сіңірген әртістері: Б.Черноусов, З.Розмухамедова, Р.Есламғалиева, Ә.Ысмайылов, Б.Байжұманова, Н.Әлдібеков, У.Усина, Д.Нұрғалиева (Андасбаева), Н.Ножкин әр жылдары осы ансамбльде өз өнерлерін көрсетті. Қазақтың фольклорлық-этнографиялық билерінің кәсіби сахнаға шығуында мемлекеттік «Алтынай» би ансамблінің де рөлі зор болды. Ансамбль репертуарынан аңыз-ертегілерге, салт-дәстүр мен еңбек тақырыбына, ойын түрлеріне қойылған ұлттық би өнерінің алуан үлгісін көруге болады.

Біз шаншар

Ертеректегі қазақтарда қонақ үй, асхана, көлік дегендеріңіз тегін болды ғой. Тегінді қойып дұрыстап күте алмағандар сөгіс естіп, айып төлеп жататын. Табақтағы етке салынған жамбастың ақ тамыры, не қол еттің безі алынбай асылып, қонағына тартылса, тегін ет бергенінің сыртында айыбын қоса төлейтін.

Осы көп тегіннің бірі – түстік. Қазақта бұл ас түсте, жаз кезінде таяқтың көлеңкесі жоғалып, күн шаңырақтың үстіндегі кезде болады. Бұл уақытта келгендер шайын ішіп, етін жеген соң аттанып кетеді. Осы аралықта кейбірі атын шалдыртады, не суытады. Мұндайлар қонбайды. Ал «біз шаншуға» келгендер ешкіммен сөйлеспей, аттарының ертоқымын бір жерге жиып, түскі асын ішкен соң да кетпей жатып алады. Үй иесі қонақасыға кешінде мал сояды. Қонғандар ертеңінде сиыр түсте үн-түнсіз аттанып кетеді. Әдетте мұндайда келетіндер кілең шалдар болады. Қонақтар кеткен соң үйдегілер гәпті түсіне қойып, дереу сырмақ қағады. Қайрағын іздейді. Содан сырмаққа шаншылған бізді көреді, қайрақтың жоғалғанын біледі.

Бұл «ұл ержетті, қыз бойжетті, қосқұлақ бала бізде бар, қаса сұлу сізде бар, жекжат болайық» дегені. Қазақтың балаға деген үлкен қамқорлығы, қамы, міне, осыдан басталады. Қызы бар үй егер қайрақты сұрамаса, бір жетіден соң әлгі шалдар қайта келіп құда түседі.

Жалпы, қайрақ ұлдар (еркектер) қолданатын сайман. Ал ине – қыздардікі (әйелдердікі). Яғни, қайрақ – қайырымға керек те, инесі кестеге, киім-кешекке, жеңіл-желпіге қажет қой. Шалдардың сырмаққа біз шаншуы бізде бір ұл бар еді, сол осы шаңыраққа да ұл болса, қалай қарайсыздар деген жұмбағы. Ал енді қайрақты өкетуі «бізді құп көрсеніздер, құдандалы болайық» дегені. Бұны бұрыннан білетін қазақ енді екі жақ болып құдалыққа дайындалады.

Қыз айттыру

Ұлына лайықты қызды таңдау ата-ананың басты мұраты болған. Сондықтан өзіне тең, үлгілі, абыройлы, көпшілік көңілінен шығатын отбасын іздейді. Егер көңіліне алған отбасында тұқым қуалайтын аурулы адамдар болса, олардан аулақ болуға тырысқан. Өздеріне тең дәрежелі жанұя болса солармен жақын туыстық қатынас жасауға көңіл білдірген.

Қыз айттыру әртүрлі болған. Егер ұл мен қыз әлі жас, мүмкін әлі дүниеге келмеген күнінде адамдар бірін-бірі жақсы білетін, дос, жолдас, дәрежелері тең адамдар, бірінікі ұл, бірінікі қыз болса құда болуға келіседі. Бұл «атастыру» деп аталады. Тумаған балаларымен құдаласу – «бел құда», бесіктегі балалары барлар құдаласса – «бесік құда» деп аталады.

Кейде қызын алып отырған құда өзінің қызын құдасының баласына беріп «қарсы құда» болады. Бір-екі рет қайта құда болғандар «сүйек жаңғырту» деп аталады. Қазақ жеті атадан асқанша қыз беріп, қыз алмайды. Егер әйел ерінен сегіз жас үлкен, жігіт әйелден жиырма бес жас үлкен болса үйленулеріне рұқсат бермейді. «Қыз айттыру» жастардың үлгілі, тәрбиелі отбасы болуына негіз болады. Мұндайда қыз бен ұл әлі жас, бірін-бірі жақсы тани білуіне уақыт болады, сол себепті келешекте олардан жақсы отбасы шығады деп есептейді.

Қыз көру

«Қыз көру» кейде «қыз таңдау» деп те аталады. Дәстүр бойынша белгілі, атақты адамдардың балалары қыз таңдаған. Егер алыс-жақын ауылдарда әдемі, сұлу қыздар бар деп естілсе, жігіттер сол жерге барып, қызды көреді. Қазақта «қызды кім көрмейді, қымызды кім ішпейді» деген мақал бар. Бұл мақал жігіттерге жол ашады. Қыз таңдауға келген жігіттерге ешқандай өкпе, қарсылық болмайды. Бұл жігіттерді жақсы қарсы алған. Бостандықты сүйетін, жасы жеткен, еркін сөйлей алатын қыздар өз ойларын «қыз көретін жігітті біз көрелік» деп өз ойын білдірген. Жігітке деген көзқарасын ашық айта білген. Мұндай кездесуде кейде айтыс ұйымдастырған, қыз бен жігіттің айтысы. Бұл кездесуден кейін қыз бен жігіт бір-біріне сенім білдіріп,

түсініскен жағдайда жігіт қыз ауылына құда түсуге келісім берген. Бұдан түйетініміз, ертеде қыз бен жігіттің таңдауына көңіл бөліп, жастарға ерік те берген. Әрине мұндай таңдау екінің біріне беріле бермеген. Бұл көптің алдында беделді адамдардың балаларына, атақты жігіттерге берілген. Бұл жайт туралы Т. Жомарбаевтың «Қыз көрелік» романынан кеңірек оқып білуге болады.

Шеге шапан

Шеге шапан – сыйлық. Қыз бен жігіттің ата-анасы келісімге келген соң бір-біріне сыйлық жасайды. Жігіт жағынан келген бұл сыйлық – «қарғыбау» деп аталады. Ал қыздың әкесі жаушының (жігіт жақтан келген кісі) иығына «шеге шапан» (жаңа шапан) жабады.

Қарғыбау

Қызға құда түсерден бұрын қыздың ауылына жігіт жақтан жаушы келеді. Ол алдағы болатын құдалыққа келісім жүргізіп, қалың малдың мөлшерін, той өткізетін уақытын белгілейді. Жаушы қыздың әкесіне «қарғыбау» (қарғы – жүген, бау – шылбыр) береді. Содан кейін жігіттің әкесі өзі келеді. Құдалық туралы нақтылы сөйлеседі. Қыз жағынан бұл кеңеске болашақ құда, жақын туысқандары қатысады.

Өлтірі

«Өлтірі» деген сөз қосылып жазылғанымен мазмұны – өлі, тірі. Яғни, «алдыдағы құдалық баянды болуы үшін екі жақ өлі мен тірінің алдында ант етеміз» дегенді ұғындырады. Сондықтан «өлтіріге» әкелінген мал осы мақсатпен сойылады. Бұны қыздың үйі емес, басқа біреу (көршілері, туыстары) алып сояды. Мұнда да мән бар. Өйткені екі жақтың антын растау үшін куә керек. Сонда бәрі заңды болады. «Өлтірі» тойы өтіп болған соң екі жақ бірін-бірі «құда-құдағи» дей беруге қақылы.

«Өлтіріде» құдалар жақтан сыбаға ас әкелінеді. Бұдан қалыңдық ауыз тимейді. Себебі әлі оң жақтан аттаған жоқ. Бұл бір. Екіншіден, келін болып түскенше әлі талай кәде, уақыт бар. Келін болып бармай жатып татқан дәм күнә.

Бұдан соң құда жақтың әкелетіні – үкілі құнан, не дөнен. Кейбірі ат әкеледі. Бұл арада мәселе жылқыда емес, оның кекіліндегі үкіде. Үкі – бұл жерде төлді меншіктеп, ен салғанын, осы қызды – болашақ келінді – өздеріне иемденгенін, үкілегенін білдіреді.

Құда түсу

Құдалық ертеден келе жатқан дәстүр. Күйеу жігіттің әкесі баласымен, өзінің жақындарымен (кейде жігіттің әкесінсіз де) құда түсуге келеді. Құда түсу – өте қызықты өтеді. Құдалардың келуі «құда түсер» деп айтылады. Алдын ала ескерту

бойынша қыз әкесі өз туыстары мен жақындарына, сыйлас адамдарына хабарлайды. Құдаларды аса құрметпен, салтанатпен қарсы алады. Екі жақтың құдалары бірі-біріне сыйлықтар тапсырып қуанышқа бөленеді. Бұл отырыста құда аттанар, құда тарту, ат байлар, құйрық-бауыр, т.б. салт-жоралар жасалынады. Жігіт жағынан келген ең сыйлы адам – бас құда, күйеудің және қыздың әкелері – бауыздау құда деп аталады. Бас құда жаңа жерге түскен келін үшін әр уақытта қымбат та сыйлы адам болады. Жас келін оны «ағеке» деп атайды, әрқашан құрметтеп жүреді. «Құда түсу» – өте мағыналы дәстүр, қазақтың нағыз ұлттық болмысын көрсетеді.

Бата аяқ

Құдалардың соңғы байламдары – «бата аяқ» деп аталады. Яғни, құдалықтан кейін жігіт әкесі қыздың ауылына келіп, ұзату уақыты, қалың мал мөлшері, кәде-жоралары туралы ортақ келісімге келеді. Бұл дәстүр кей жерлерде «сырға тағар» не «баталасу» деп те аталады.

«Бата аяқтың» екі түрлі болған: кесімді бата (қорытынды шешім) – ұзату тойының айтылған уақытта өтуі, мұнда шығарылатын қаражат, малдың саны нақтыланады; келісімсіз бата – мал санының есебі, шығатын қаражаттың мөлшері белгісіз. Той өтілетін уақыттың жағдайға байланыстылығы.

Бай, қуатты, атақты адамдардың сыйлықтары өте жоғары болған: олар – бес жақсы, орта жақсы, аяқ жақсы деп бөлінген. Бес жақсы – боталы түйе, құлынды бие, аса бағалы зат не алтын, күміс. Орта жақсы – түйе не жылқы. Аяқ жақсы – жылқы, сиыр, қой т.б.

Құда тартар

Жоғарыда айтылғандай құдалыққа байланысты әдет-ғұрыптар қазақта өте көп. Түрлі ойын-сауықтар арасында аса қызықтың бірі «құда тартар». Салт бойынша құдалар дастарқан жиналған соң әңгіме-дүкен құрып отырғанда, әйелдер келіп, «құда тартар» жасайды. Құданы өгізге теріс мінгізіп, ауылды аралап жүргізеді, не кілемге салып, жабыла көтеріп, жоғары-төмен түсіреді, не құданы аяғынан байлап, арқан ұшын шаңырақтан шығарып жоғары асып қояды. Бұл «тартыстан» құтылу үшін құдалар әйелдерге ақы-пұл төлеуге тиіс. Құдалар жағы бұл күлкілі ойындары үшін әйелдерге ренжімейді. Қайта, көпшілікті қызыққа батырып, көңілдерін көтергені үшін риза болады.

Киіт

Құдалар аттанарда қыз әкесі дәстүр бойынша сый-құрмет көрсетеді. Аса бағалы сыйлық жігіттің әкесіне беріледі (келін алуға келмесе де). Ал басқа құдаларға өздерінің жас шамаларына, туыстық,

достық қарым-қатынастарына байланысты сый-сияпат жасалады. Бай-қуатты адамдар күйеу әкесіне бір үйір жылқы, шапан, міндетті түрде құда мінетін жақсы ат мінгізеді. Сол сияқты қыз жағынан басқа туыстары да құдаларға киіт қояды, әрине бірақ қыз әкесі берген киіттен сәл төмендеу болады. Бұл киіттер қызға берілген қалың малға да байланысты.

Есік көру

Кей жерлерде бұл дәстүр «ұрын келу», «қалыңдық ойнау», «қынаменде» деп те аталады. «Өлтірі», «қалың мал» өтіп бола бастағанда, қыз жақ күйеу баланың есік көруіне рұқсат етеді. Егер қалың мал тұтасқа жуық өтпесе, күйеу балаға бұл кеңшілік жоқ. Алайда осы аралықта күйеу бала бармағанымен, екі жақ араласып жатады. Байлары жорға, жоқтары дорба ауысудан жаңылмайды. Қалыңдық жақтан балалар келсе тай мініп, үлкендері сыбағаларын жеп жатады. Негізінен «есік көргенге» дейін қалыңдығын көрмеген күйеулер қазақта көп кезігеді. Күйеуді қойып қайын, қайнаға, ата-ене, жеңгейлерге де болашақ келін көрінбей, ұялып, қашқалақтап жүреді. Байқаусызда көріп қалғандары көрімдік беріп құтылады.

Есік көруге келген күйеудің қасқайып жарықта келуіне рұқсат жоқ. Бүйту – бір жағынан әдепсіздік, екінші жағынан баса-көктеп басынғаны болып саналады. Сондықтан қас қарая делінетін уақытта келуі керек.

Қастың қараюын күтіп бір қалтарыста жатқан күйеуге бұл кезде бірлі-жарым балдыздары барып, атын аударып алады. «Күйеудің атымен күл тасы» деген осыдан шықса керек.

Күйеуді баса-көктетпей, өстіп келтірудің өзінде үлкен мән бар. Ата-ананы, үлкенді сыйлау, қайын жұртты құрметтеу, бұған қалыптасу жастар үшін аса қажет. Айдаладан тауып алған алтыннан гөрі, алты қабат тау астынан қазып алған алтынның қадірлі болатынындай, қалыңдықтың да зарықтырып көрінгені жақсырақ. Ләйлі мен Мәжнүн де бірін-бірі көре алмай, бірге бола алмай зарыққаны үшін әлемге әйгілі болған ғой. Біздің қазақ ұлы мен қызын Ләйлі мен Мәжнүн құсатып жібермесе де, оларды үлгі етуді ертеден-ақ білген.

Ақыры алатын адамы ғой деп күйеу баласын бейпіл қоя берсе, онда оны құдайдың атқаны. Жастарды, баланы тәрбиелеу деп осыны айтады қазақ.

Дегенмен де мал іші індетсіз, ел іші лаңсыз болмайды. Қызды жеңге, жеңгені теңге бұзатындар да ара-тұра кезігіп жатады. Бірақ бұл көбіне мынадай жағдайда кезігеді. Егер қыз өзінен көп жас кіші адамға – ышқырынан асығы түспеген балаға атастырылса, не өзінен пәленбай мүшел үлкен шалға баратын болса, не көп қатынның үстіне тоқалдыққа кеткелі отырса, шеше мен жеңге астыртын ақылдасып, азды-көпті кеңшілікке барды екен... Өйткені тап осы жағын сарыауыз бала да, қалтылдаған шал да, тоқал алғыш желікпең

де соншалық тексеріп жатпайтыны және белгілі... Теңіне бара алмай жылап-еңіреп отырған қызына жаны ашыған ана түнді жамылып, ит үргізіп келген тілектес жастарды көрмеген, білмеген болады... Мұнысы «барғанда қай бір жырғағалы отыр, сорлы балам кеткенше еркін болсын» дегеннен туатын кеңшілік болса керек-ті...

Нақтылап айтқанда, «есік көру» – қалыңдықтың дидарын ғана көру. Қайын жұртына барып-келіп жүруге рұқсат алу ғана. Қазақта өз жұрты, қайын жұрты деген бар. Есік көргенге дейін осы екінші жұрт жігіт үшін рұқсатсыз бара алмайтын шетел секілді болған ғой.

Қыз танысу

Ұзатылар алдында қыз жанына бір жеңгесін және бір жақынын ертіп жан-жақтағы туыстарын кемінде бір ай аралайды, қоштасады. Барған үйлері оның дайындалып жатқан төсек-орнына кілем, алаша, сырмақ, киіз үйдің кереге, үзік, туырлық, керме-бау сықылды бұйымдарын және киім береді. Танысқан қызды қазақ салты бойынша ерекше құрметтейді. Барған үйлері ойын-думан өткізіп, бас қосады. Төсек-орынды дайындауға ауыл-аймақ атсалысады, ісмер әйелдер, зергерлер, тұрманшылар, үйшілер кіріседі. Бәрі дайын болған соң ұрындап күйеу келеді. Есік көргендігідей емес, бұл жолы күйеудің қалыңдығымен бірге болуына рұқсат. Онда да жеңгенің рұқсатымен. Болған

шындықтың куәгері – жеңге. Өйткені, ол қыздың пәктігі жөнінде құдалар жаққа да, таңда-мақшарда да жауап беретін қыз жеңгесі ғой. Осы ұрындап келудің мақсаты – келінді алып қайту. Ұрындап келген күйеу жеке үйге орналастырылады да, қасында кілең жастар, көбінесе балдыздары болады. Өн-күй, әзіл-қалжың дүрілдейді. Ұрын тойында қыздың барлық жасауы ілулі, жиюлы тұрады. Жақындардың көмегі туралы әйелдер сыпсың-сыпсыңға басады.

Қапқа салар

Бұл күйеуге берілетін сыйлық түрі. Белгіленген уақытта күйеу жолдастарымен, тиісті тарту-таралғысымен, той малымен қалыңдық ауылына келеді. Той басталады. Аттанар алдында қыз әкесі келген жігіттерге сый-құрметін көрсетіп, киіт кигізеді. Жаңа күйеуге сыйлық береді, бұл «қапқа салар» деп аталады. Бұл құданың тұрмыс жағдайына байланысты. Бұл сыйлыққа қымбат киім, ат әбзелі және басқа мал да беріледі. Бұл, әрине, қайын атасының мал бастылығы, атақ-абыройы.

Той малы

Келін алуға келген қадірлі құдалар ел дәстүрі бойынша бар сән-салтанатымен, жөн-жосығымен келіп түседі. Бұл жолдың кәде жоралары да көп

болады. Соның ішінде ең басты кәдесінің бірі – «той малы» деп аталады. Бұған әр құда өз дәулеті мен шамасына қарай жылқы немесе бірнеше қой әкеледі. Күйеудің абырой, беделі осы кәдеге де байланысты болады. Бұған қымбат мата, бұйым, жеміс, қант, шай да қосылады. Әкелген мал арқылы құдалар қыз әкесінен, атасынан немесе сол ауылдағы жолы үлкен ақсақалдан бата сұрайды. Батадан кейін әлгі мал сойылып, тойға жиналғандар одан ауыз тиеді. Той малы толымсыз болса қыз жеңгелері құдалардың бетіне басады. Сондықтан да «той малының» мүшелері кінәратсыз әрі семіз болуы қатты қадағаланады.

Қалың мал

Құда түсу рәсімі келісілген соң дала заңы бойынша күйеу жағы «қалың мал» төлеуі тиіс. Бұл қазақ, қазақ болғалы сақталып келе жатқан ежелгі дәстүр. Оның мөлшерін құдалардың дәрежесі мен дәулетіне қарай екі жақ келісе отырып шешеді. Бұрынғы кедейлер арасындағы қалың мал мөлшері бес-алты малмен тынса, ірі байлар арасында екі жүз, бес жүз, мың жылқыға дейін жеткен. Би мен байлар, хан мен төрелер арасында қалың мал үстіне «бес жақсы» деп аталатын бес түйеге қосып бір жетім қыз (күң), «аяқ жақсы» деп беретін үш түйеге қоса бір жетім ұл бала (құл) бергендігі кейбір дерек көздерінен белгілі. Қалың малдың «қырық

жеті», «отыз жетінің бүтіні», «отыз жеті», «отыз жетінің жартысы», «жақсылы отыз жеті», «жиырма жеті», «он жеті», «домалақ қалың мал», «домалақ бата» сияқты түрлері болған. Мұнымен қоса той малын, сүт ақысын, ілуін, өлі тірісін, тағы басқа көптеген бағалы кәде-жораларын апаратын. Бұған кеңес үкіметі кезінде «қызды малға сату» деп қара күйе жағылып келді. Ал шындығында қыздың жасауы «қалың мал» мөлшерінен кем болмаған. Демек, бұрынғы дала заңында бұл ескерілген сияқты.

Әрине «қалың мал» құдалардың дәулетіне байланысты болған. Мұны әркім өз шама-шарқына қарай белгілеген. Бұрынғы заманда «қалың мал» байлық пен мырзалықтың дәрежесін әйгілейтін көріністің айғағы болғаны шындық. ХІХ ғасырдың алғашқы ширегінде кіші жүзде Байсақал мен орта жүзде Сапақ құда болған екен. Сонда Байсақалдың қызының «қалың малы» бес жүз жылқы болыпты. Соның үш жүз жылқысы қара малына, жүз жылқысы үйге кіргізеріне, жүз жылқысы той малына жатқызылыпты (М.Ж.Көпеев).

Көпшік қыстырар

Бұл салт бойынша күйеуді алып келу үшін барған жеңгей күйеудің атына мініп, ат көрпенің астынан «көпшік қыстырарын» алады. Оның мөлшері көйлектік пұлдан кем болмауы шарт.

Шашу шашу

Күйеубала келісімен ауылдағы ең сыйлы бәйбіше табаққа құрт, ірімшік, табылса, тәтті қосып «шашу» шашады. Жұрт мұны жапа-тармағай тала-са теріп алып жейді. Бұл қуаныштың белгісі.

Киім ілу

Құда-құдағилар келісімен алдын ала дайындалған адам (көбінесе әйел) оларды бір-бірден қарсы алып, киімдерін іледі. Кетерде киіндіреді. Сонда киім иелері оған «киім ілерің» деп сыйлы зат не ақша береді.

Табалдырық аттар

Құда-құдағилар құданың үйіне кірерде бір әйел оларды кіргізбейді. Тек кәдесін алған соң ғана жолды ашады. Мұны «табалдырық аттар» деп атайды.

Сыбаға асу

Құдалар келіп орналасқан соң алдымен «есіңе алсаң, ескіден сақта» деп сүрленген еттен «сыбаға» асады. Мұнда құдалардың сыбаға жамбасы міндетті түрде болады. Қазақта бас, жамбас, ұлтабар, асықты жілік, төс дегендердің өздерінің иесі – орны болады. Соғымнан құдаға, ең сыйлы кісілерге «сыбаға» беру – қазақта өзгермейтін салт.

Қыста келе алмаса, жайлауға көшкенде ұнның арасына тығып, кәделі қонақтарын арнайы күтіп жүреді.

Малға бата жасату

«Сыбаға» желініп, шай ішілген соң арнайы мал әкелініп, құдаларға бата жасатады. Бұны кейбіреулер ерте, кейбіреулер кеш сояды. Өйткені құдаларды қашан қайтару – қыз жақтың ырқында. «Құда болсаң, шыда!» – дейді қазақ. Малға бата жасаған адам ет желінген соң тағы бата жасап, табаққа кәде салады. Оны табақ тартушы әйелдер бөлісіп алады.

Қыз алар

Қыз алуға келген жігіттің алдына арнайы бір табақ ет тартылады. Табақ әкелген жеңгесіне күйеу жігіт сыйақы беру керек. Бұл табақ «қыз алар» деп аталған. Бұл дәстүр бүгінде тек оңтүстік жақта сақталған. Ал өзге жерлерде ұмытыла бастаған.

Босаға аттар

Құйрық-бауыр асатудан кейін күйеулер үлкен үйге шақырылады. Мұны «босаға аттар» дейді. Күйеубаланы ата-енесі алдына шақырып, маңдайынан сүйеді. Бірақ көп отырмай бұрынғы үйлеріне барады. Күйеу балаға мал сойылып, алдына асықты жілік, төс тартылады.

Асықты жілік – күйеудің сыбағасы. Басқа жілік сыбаға болмай, бұның таңдалатыны – мұнда ең алдымен асық бар. Асық балалардың ойнайтын ұлттық ойыншығы. Ол арқылы мергендікке, «хан» ойнап есеп-қисапқа жаттықтырылады. Сондықтан осындай ойын ойнайтын балалары болсын деп, жақсылық тілекпен асықты жілікті әдейі таңдайды.

Ал төс адамның ең аяулы жері. Қазақ бұл арқылы «төстеріңнен төстерің жазылмасын, төсекте төстерің, дастарқанда бастарың бірге болсын» деп береке-бірлік тілеген.

Неке қию

Қыз бен жігіт үшін ең биік асу – «неке қию». Егер некелері қиылғанға дейін екеуі бірге болса бұл үлкен күнә. Бұны «нимахрам» дейді мұсылмандар.

Қазақта некені молда оқиды. Неке оқылғанда сол бөлмеге адам сыйғанынша жиылады. Бұлар – екеуінің қосылғанына куә болады. Сондықтан олардың бәрі неке суынан ауыз тиюлері керек. Неке суы үлкен кеседе болады да, оған су, тұз, қант, сақина салады. Су – екеуінің пәктігін, тұз – егер біреуі кейін опасыздық жасап, осы некені бұзса, дәм атсын дегенді, қант – екеуінің тату-тәтті өмір сүруін, сақина – неке белгісін паш етеді.

Шатыр байғазы

Неке оқылғаннан соң қалыңдық ертеңінде той тарасымен далаға тігілген шатырға шақырылады. Бұл күйеуің екеуінің енді бір шаңырақтың иесісіңдер. Біз енді сол қуаныштарыңды көруге асығамыз. Бүгіннен бастап қол ұстасып, тізе қосып, ашық жүрулеріңе рұқсат дегенін білдіреді. Бұл жолғы «шатыр байғазысын» ұл жақтың бір құдағиы береді. Өйткені болашақта ақ отау солардыкі ғой.

Қоржын сөгу

Жоғарыдағы кәделердің арасында «қоржын сөгу» болады. Бұған әйелдер жиналады. Қоржынның аузына бір киімдік пұл салынады. Бұл қоржынды сөккен адамның сыбағасы. Онан соң жағалы киімдер – қыздың әке-шешесіне. Тағамды жиылғандар татады. Бір табақ «шатыр байғазысы» болып жатқан жердегілерге апарылады. Некесі оқылғанға дейін барар жерінің асынан ауыз тимеген келінге енді жеуге рұқсат етіледі.

Мойын тастау

Бұл дәстүр қыз жақ отау көтеріп ұзатса ғана ұйымдастырылады. Яғни, отау көтерудің тойына сойылған малдың мойны күйеуге беріледі. Ол тазалап мұжыған соң түндіктің кішкене ғып ашылған жерінен сыртқа лақтырады. Сүйекті тесіктен шыға-

ра алса, «келіншегінің бетіндегі мөр тозбай мәңгі сұлу болады екен» деп арқасынан қағады. Шығара алмаса жығынды болып, жеңгелеріне айып төлейді. Қазақтар сүйекті таза мұжытып, «шала қалса келіншегің сұлу болмайды» деп, балаларын тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелейтіні, міне, осыдан шықса керек.

Босағаға ілу

Тойды өткізіп барып бір күннен кейін қыз аттанды. Бұл күні күйеу жұрттың ең соңынан аттанып, ата үйінің босағасына бір шапанды іліп кетеді. Бұның мәні күйеу баланың: «Осы үйдің босағасынан қол үзбеймін. Мен де осы үйдің бір ұлымын. Қашанда ыстық-суығының басы-қасында боламын. Бұған сеніңіздер» деген ишараты. Шындығында да, үйдің өз ұлдары сулық киімін төрге ілсе де, майлығын босағаға іледі емес пе. Бұл киімді тез табуға, жұмысына тезірек аттанып кетуіне қолайлы орын.

Шарғы салу

Тұрмысқа шыққан қыз өзінің орамалын сіңлісіне береді. Бұл «енді сен өз бақытыңды табуың керек» дегеннің белгісі. Бұл рәсім «шарғы салу» деп аталады. Шарғыны алған қызға жолдастары, жеңгелері бақыт тілеп, мақсатына жетуіне ақ жол айтады.

Күйеуаяқ

Жігіт қалыңдығын алғаннан кейін әдеп бойынша енесін қошеметпен өз үйіне кері апарып салады. Ата-енесі күйеу баласына ірі мал атайды. Мұны «күйеуаяқ» дейді.

Түйемұрындық

Ұзатылып бара жатқан қалыңдық көшінің жолында отырған ауылдың адамдары (жастары, әйелдері) керуен атының ноқтасынан, не түйесінің бұйдасынан ұстап, сұрайтын кәдесі. Қыз анасы оларға сый-сияпат жасайды. Кәде алғандар риза болып, қызға баталарын беріп, жол болсын айтады.

Қыз қашар

Қыз қашар дәстүрін өткізетін үйді «болыс үй» дейтін көрінеді (Х. Арғынбаев). Күйеудің келуін «ұрын келу» десе, қыздың атастырылған күйеуін көруі «қыз қашар» дейді. Бұл «ұрын тойы» өтетін күні болады. «Ұрын той» жастар үшін көңілді, думанды тойлардың бірі. Бұған жас жеңгелер мен жастар қатысады. Күйеуден алынатын «қол ұстатар», «шаш сипатар», «қыз құшақтар», «арқа жатар», «көрпе қимылдатар», тағы сол сияқты кәделер осы жолы беріледі. Екі жастың бірін-бірі көріп, тілдесуі де осы тойда болады. Екеуі де бірін-бірі ұнатып, қалыңдық жігітке қыз белгісі орамалын және оның іні-қарындастарына да түрлі сыйлықтар береді.

Күйеу ұрын барғаннан кейін құдалық бұзылатын болса қазақ заңында бұл өте ауыр жағдай. Мұның арты үлкен дауға ұласады. Күйеу ешбір себепсіз қыздан бас тартса, бұрын берілген малы қайтарылмайды және оның үстіне айып қоса салынады. Ал егер батаны қыз жағы бұзатын болса, алған қалың малы толық қайтарылады әрі айып төлейді.

Құйрық-бауыр

Қазақта «құйрық-бауыр жедің бе, құда болдым дедің бе» деген мәтел бар. Бұл құдалық дәстүрінде орны бөлекше жайт. Екі жақ келісіп құда болған жағдайда оларға арнайы «құйрық-бауыр» ұсынылады. Оны әкелуші әйел «бауырдай жақын, құйрықтай тәтті болыңдар» деп тілек білдіреді. Одан барлық құдалар ауыз тиеді. «Құйрық-бауыр» қазақ дәстүрінде құдалықтың заңды белгісі болып саналады.

Құдалық дәстүр және сол орайдағы әдет-ғұрыптар әзіл-қалжыңсыз, ойын-сауықсыз өтпейтіндігі әркімге белгілі. «Құйрық-бауыр» салтында қалжың өлеңдер мен қағытпалар көптеп айтылады. Астана қаласында қостанайлық Сәмкен Омаров пен көкшетаулық Қуантай Әблмәжінұлының құдалығында «құйрық-бауыр» ұсынғанда Қанапия қызы Орынбасар құдағи осы қазақы салттың ажарын мынадай әнімен өрнектей түскен еді:

Құда, құда дейсің-ау, әй,
Құйрық-бауыр жейсің-ау, әй.
Құйрық-бауыр жемесең,
Несіне құда дейсің-ау, әй!

Үлкен құда, бас құда,
Кіші құда, жас құда.
Құйрық-бауыр әкелдім,
Ауызыңды аш, құда!

Үлкен құда ардақты-ай,
Кіші құда салмақты-ай.
Құйрық-бауыр асатам,
Тістеп алма бармақты-ай!

Үлкен құда әнекей-ау,
Кіші құда мінекей-ау.
Құйрық-бауыр асаттым,
Кәделерің, көнекей-ау!

Әр елде, әр ауылда осынау салт-дәстүрдің өзіндік әуендері мен ән-жырлары болған. Ауыз әдебиетіндегі тұрмыс-салт жырларының мұндай үлгілерінің көпшілігі ұмытылуға айналған. Дегенмен де көңіл бөліп, іздей білсек, ел ішінен оның небір жақсы түрлерін әлі де табуға болар еді.

Балдыз қалың

Кейде қалыңдық қайтыс болатын жайттар кездеседі. Мұндайда болашақ күйеу қыздың қалың малын төлеген болса, онда сол үйдің екінші қызын алуға құқы бар. Егер ер жігіт қалыңдығына ұрын барып, ол үйдің басқа қызы болмаса төлеген малдың жартысы қайтарылады. Егер бұрынғы қалыңдығына ұрын барған күйеу енді балдызын алатын болса, онда бұрынғының үстіне «балдыз қалың» төлеуге тиіс. Оған түйе бастатқан бір тоғыз қосылады. Күйеу бұрынғы қалыңдығына ұрын келмеген болса «балдыз қалың» төленбейді.

Күйеу киімі

Барған жерінде: «Әкесі күйеу, шешесі қалыңдық болмаған ба?» – деп айтқызбау үшін күйеу жігіт міндетті түрде «күйеу киімін» киюге тиіс. Алдынан шыққан жеңгелері мен жас қыз-келіншектер күйеуді киімінен танып алады. Сондықтан күйеу басқа жігіттерден салт бойынша ерекше киінеді. Бөркіне үкі тағып, қызыл шапан, биік өкше етік киеді. Бөркін көзіне түсіріп төмен қарап, кішілік көрсетіп тұрмаса айып төлейді немесе сөзге, күлкіге ұшырайды. Осылай қыз-келіншектердің ортасына түскен күйеу небір азапты әзіл-қалжыңға төзуіне тура келеді. Оның мінген атын «күйеу атымен күл тасы» дегендей ауыл балалары мініп алып, әбден қызыққа батады.

Өңір салу

Отқа шақырумен (кей жерлерде «үй көрсету» немесе «есік ашар» дейді) бірге болып жататын ендігі бір кәде «өңір салу». Мұнда ылғи бәйбішелер келеді. Ниеттері келінге шашу шашып, құтты болсын айту. Шашудың сыртында өңір әкеледі. Өңір киім, бұйым деп ең құрығанда терме бау немесе жас төсекті басқалар басынбасын деп бүркіт тұяғы, үкі сықылдылар іледі. Бұлардың бәрі отау үйге қажетті, өңін ашатын нәрселер.

Келін түскен үй оларды арнайы күтеді. Келіннің қоржынындағы аспен бірге келген бұлдардан (маталар) сыбаға алады (Ахмет Жүнісұлы).

Негізінен «өңір салуды» жас шаңыраққа көрсетілген құрмет және жәрдем десе де болады. Тек соңғы кездерде осы салттың ұмытылып бара жатқаны өкінішті-ақ.

Шаңырақ көтеру

Жас отаудың алғаш рет шаңырағын көтерудің өзі қазақ үшін тағы бір қызықты, ерекше сәт. Мұны қазақ салт-дәстүрін жетік білетін белгілі этнограф жазушы Ахмет Жүнісұлы былай деп жазған: «... қазақта отаудың шаңырағын кез келген адам көтермейді. Бұған баласы көп, кәрі күйеу керек. Оны қос атпен болса да алғызады. Ыңғайлы жер болып, отау өте үлкен болса кәрі күйеу шаңырақты

аттың үстінде тұрып көтереді. Бұл еңбегіне ол не ат мінеді, не түйе жетектейді. Бұған малды отауды көтерткен жақ береді.

Әдетте киіз үйдің шаңырағын ер адамдар көтереді. Ал жас отаудың шаңырағын кәрі күйеуге көтертуде үлкен мән бар. Өйткені «жасы үлкен күйеу» қашанда елге сыйлы және тілектес адам. Және күйеу қартайған сайын жұртына қадірі, сыйы арта түседі. Қазақ елі осы жолдан әлі айырылған жоқ. Кәрі күйеу келсе, ауылдың үлкен-кішісі, еркек-әйелі онымен бір қағыспай, қажаспай қалмайды. Оған шаңырақ көтертудің мәнісінде осындай терең сыйластық жатыр».

Шаңырақ түйе

Ұзатылып келе жатқан қыздың және оның жанындағы әйелдердің (шешесі, жеңгесі, сіңлісі, т.б.) мініп келе жатқан көлігі «шаңырақ түйе» деп аталады. Және ол жас келін үшін ыстық қасиетті мал болып саналады. Бұған жолшыбай кездескен немесе бөтен адам мінбейді. Егер міне қалса оны көрген жұрт «пәленше келіннің шаңырақ түйесіне» мініп келді деп келемеждеген. Ертедегі салт бойынша көште үлкен шаңырақ жеке түйеге артылып, алдында жүреді екен. Оған адам мінбейді, тек атпен жетелейді. «Шаңырақ түйе» деген сөз осыдан шыққан.

Итаяғына салу

Жас келіншек бір ауылға қыдырып барғанда, не есік көруге шақырғанда әйелдер не үлкен әжелер оған «итаяғына» сал деп сақина, сырға, жүзік сияқты заттар береді. «Итаяғына салу» деген келіншек босанып баланы шаранасынан жуатын суға яғни «шілде суына» әлгі күміс жүзік, сақина, күміс түйме сияқты заттарды салып жіберіп, нәрестені шомылдырады. Жуып болғаннан кейін әлгі заттарды сол жердегі әйелдер ырым қылып бөлісіп алып, мезмейрам болып тарасады.

Қапқа салар

Қалыңдығын алуға келген күйеу барлық жолжоралғыларымен яғни құдалық кәделерімен, үлкендерге арналған сый-сияпатымен, той малымен келеді. Сөйтіп той басталады. Қыз өз үйінен аттанар алдында оның әкесі барлық құдаларға киіт кигізеді. Күйеу баласына да сыйлық береді. Бірақ ол киіт емес «қапқа салар» деп аталады. Ол бағалы киім, қымбат ер-тоқым, жігіт жарақтары немесе мал болуы мүмкін. Әрине, бұл қайын атаның дәулеті мен мырзалығына, абырой-беделіне сай жасалатын дәстүр.

Ау, жар

Ұзатылып бара жатқан қыздың «сыңсуы», «қоштасуы» ұлттық тәрбие мектебінің тамаша үлгісі. Алтын ұяны, туған ел-жұртты тастап, жат босағаға аттану оңай емес. Осының бәрін тәжірибелі де тәрбиелі халық жылай жүріп ән, жыр түрінде шеберлікпен үйлестіріп жасай білген. Тағы бір қызығы, қыз жылап қоштасқанымен ол қайғы емес қуаныш, қимастық сәттің де белгісі. Дегенмен қыз ауылының қыздары мен жігіттерінің де қимастық көңілдері көрінбей қалмайды. Олар «жар-жардан» кейін өлең-жырды үстемелей жүріп айтыс түріндегі «ау, жарды» бастай жөнеледі. Мұнда да ізгі тілектестік, достық көңіл, жаңа бақыт жолындағы жақсы ниет көрінеді. Оның сөзі де, әні де көркем, ойнақы айтылады. Ол біресе «ау, жар», біресе «ай-ау», біресе, «бике-ау», біресе «үкі-ау» деп те айтыла береді. Олардың мынадай үлгілері бар:

Буынғаным беліме кісен бе еді, ау, жар-ау,
Бекем бусам белімнен түсер ме еді, ау, жар-ау,
Әкең барып шешенді ап келмесе, ау, жар-ау,
Мұндай азап басыңа түсер ме еді, ау, жар-ау!

Мінген де атың боз ғана, бике-ау,
Күйеуің сенің боз бала, бике-ау.
Өксігің сенің басылмас, бике-ау,
Әлдилеп бала сүйгенше, бике-ау!

Мінген де атым жиренше, үкі-ау,
Тықыршып тұрар мінгенше, үкі-ау.
Қыз көңілі басылмас, үкі-ау,
Әлдилеп бөпе сүйгенше, үкі-ау!
Кеттің, кеттің деуші едің, кеттім, апа, ай-ау,
Ерттеп қойған атыңа жеттім, апа, ай-ау,
Шымылдығын желпе сал, көрсін апам, ай-ау,
Көзінің жасын қойнына, төксін апам, ай-ау!

Сыңсу

Халқымызда тұрмыс-салт жырларының ең көп тарағандарының бірі сыңсу. Ұзатылған қыз өз босағасынан аттанар алдында ағайын-туғандарын аралайды. Былайша айтқанда қоштасады (Бірақ бұл дәстүрлі қоштасу емес). Жеңгесін ертіп ағайындарын аралап жүрген қыз жай жүрмейді. Ол өзінің балалық дәуренінің, оң жақта бұлғақтап өскен бақытты күндерінің өткендігін, аяулы ата-анасының, туысқандарының өзін мәпелеп өсірудегі еңбегін өлеңмен айта жүріп өксиді. Ондай өлең жырды сыңсу дейді.

Базардан келген құйысқан
Тарамай шашым ұйысқан.
Келіп-кетіп жүріңдер,
Сағындырмай туысқан, –

деп өзінің өтінішін де айта жүреді.

Қыздың сыңсуы жарасымды әрі тәрбиелік мәні бар салтанатты салт. Бұл адамгершілік, әдептілік жағынан алғанда да өте орынды дәстүр. Өйткені балалық күндерден, ағайын ортасынан бөлініп кету оңай емес. Ал қазақтың қазіргі қыздары бұл дәстүрдің алтын арқауын үзді десе де болады. Өйткені ауыл, үй аралап сыңсу, жылау түгілі, оң жақтан аттанарда күліп, қуанып жүргендерін де көз көрді. Бұл ұлттық тәрбие мен ұлттық мәдениеттің ұмытылғандығынан деп білеміз.

Қоштасу

Ұзатылатын қыз өз үйінен аттанар алдында өзінің ата-анасы, аға-інісі, сіңлісі, жақын туыстарына арнап қоштасу жырын айтады.

Әуеден ұшқан бұлдырық,
Құбыладан соққан ызғырық.
Жатқа кетіп барамын,
Жаратқан соң қыз қылып.

Атасы жақсы құл болмас,
Анасы жақсы күң болмас.
Оң жақтан кетіп барамын,
Қыз еркелеп ұл болмас, —

деп өзінің жат-жұрттық болып жаратылғанын жырға қосады. Ең соңында:

Жанымдағы қыным-ау,
Сіңлілер мен інім-ау,
Жыл айналып келгенше,
Қош аман бол, күнім-ау! –

деп бауырларымен қоштасады.

Мұнда «жыл айналып келгенше» деген сөздің мағынасы бар. Өйткені дәстүр бойынша ұзатылған қыз жыл толмай өз үйіне бара алмайды.

Қоштасу қазақ халқының бауырмалдық, өншілік, айтқыштық қабілетін көрсететін тұрмыс-салт жырларының ішіндегі көркем де көрнектісі. Қоштасу жырының соңында қыздың жеңгелері мен серіктері:

Жылама, бикем, жылама,
Көзіңнің жасын бұлама.
Ұл болып тусаң әуелден,
Сені мұндай қыла ма? –

деп оған жұбату айтып, келешегіне жақсы тілек білдіреді.

Салт жырларының тәрбиелік маңызы зор. Мұнда ұлттық дәстүр, халықтық қағида, ағайын-туыстық қимас сезім, алдағы арман, бәрі, бәрі де бар. Қоштасу, жұбату жыры сонысымен құнды.

Қыз ұзату

«Ұлын ұяға, қызын қияға қондыру» ата-ананың тілегі әрі парызы. Соның ішінде қыз ұзату үлкен

той, думан әрі қызық. Бұл күні ата-ана қуанады, әрі жылайды. Қуанатыны қыз өсірді және оны құтты жеріне қондырмақ, жылайтыны әрине қимастық көңілі.

Қызды алуға құда (тақ санмен) бес не жеті кейде одан да көп адам келеді. Мұның ішінде бас құда, құдалар және күйеу жолдас болады. Солтүстік және Орталық Қазақстанда тек ер адамдар барады. Құдалар әдетте кешкілік баруы керек. Мұнда ойын-сауық, құдалық рәсімдер мен кәде-жоралар жасалады. Жақын адамдар құданы үйіне шақырады.

Ұзатылатын қызды дәстүр бойынша таң ата, күн шыға жөнелтеді. Оның алдында қыз «қоштасу жырын», жастар «жар-жар», «ау, жар», «аушади-яр» айтады.

Сәукеле кигізу

«Қара мақпал сәукеле, шашың басар жар-жар-ау» (жар-жар). Өмірде қазақ салт-дәстүрлерінің түрлері өте көп. Соның ішінде қалыңдыққа сәукеле кигізудің орны бір бөлек. Себебі сәукеле әйел киімдерінің ішіндегі ең асылы ғана емес, оның жұбайлық өміріндегі елеулі кезінің естен кетпес ыстық сәті. Ол бұлғақтап өскен оң жақтағы және ақ босаға аттар арасындағы қимас та қызықты кездің ескерткіші. Жас келіншекке сәукеле кигізудің өзі бір ерекше салтанат. Бұған құда-құдағилар шақырылады. Шашу шашылады. Ақ бата арнала-

ды. Сәукеле байғазысының бағасы да олқы болмайды. Сәукелелі келіншек ажарлы да базарлы көрінеді. Оны жұрттың бәрі көруге ынтық. Оның көрімдігі де соған лайық болу керек. Жас отау, сәукелелі келіншек, ойын-сауық, көңілді күлкі жаңа өмірдің бақыт есігін ашқандай әсер етеді.

Сәукеле туралы бірер сөз. Сәукеле келіншек киімі. Ол бас киім ғана емес қазақ сән-салтанатының, салт-дәстүрінің мәдениеті мен шеберліктің озық үлгісі, өнер туындысы. «Алтынмен апталып, күміспен күптеліп» дегендей, ол інжу маржан, гауһар, лағыл, жақұт сияқты асыл тастар тізбегімен әрленіп, әшекейленеді. Негізі мақпал, барқыт сияқты қымбат маталардан тігіліп, бұлғын, құндыз терілерімен жиектеліп, оқамен оюланып, түрлі түсті моншақтармен шашақталып, көркем жіптермен кестеленіп, алдыңғы жағы көзді тастармен қапталып, түрлі тағым, алтын, күміс теңгелермен безендіріледі, төбесіне үкі тағылады. Көрсекөздің жауын алатын осы бұйым тек келіншек сәні ғана емес, той салтанаты мен құдалар беделін де көтере түсетін ерекше көрініс. XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген кіші жүздің Байсақал атты байының қызының сәукелесін Кенесары ханның ағасы Саржан төре бес жүз байталға бағалаған екен.

Қыз көші

Құда аттандырар кәдесі жасалғаннан кейін ұзатылған қыз шешесі, жеңгесі, жас іні-сіңлілерімен бірге көлікке отырып жолға шығады. Қыз артта қалғандарға қарамауы керек. Құдалар алға түседі. Одан кейін шаңырақ түйе (қыз көші) жүреді. Тойшы жігіттер көш соңынан әсем киініп ән-күймен ереді. Былайша айтқанда, көште ерекше салтанатты жарасымдылық болады. Қыз ауылынан бір көш жер шыққанша мұны «қыз көші» деп атайды. Одан әрі асқаннан кейін «келіншек көші» дейді. Келіншек көшінің келе жатқанын білетін жолдағы ауыл қыз-келіншектері, жастары «келіншек көшін» тоқтатып «түйемұрындық» алып, батасын беріп, «жол болсын» айтып шығарып салады.

Отау көтеру

«Көтерілген отауың құтты болып, ұзақ жасап ішінде сүйсін жарың» (Қыз Жібек жырынан). Ұлтымыздың мәдениетінде «отау көтердің» деген сөз бар. Ол «үйлендің, жұпты болдың» деген мағынаны білдіреді. Демек, үйленумен бірге отау көтерілуі тиіс. Әдетте ұлы үйленетін, қызы тұрмысқа шығатын ата-ана алдымен отау дайындайды. Бұрын қыз жасауына отау қосыла беретін. Отау жас отбасының бақыт шаңырағы болып саналатындықтан оны барынша әсемдеп, әдемілеп әзірлеу аз шаруа емес. Оған көрші-көлем, жақын

туыс, нағашы-жиендер тегіс араласады. Кесе, аяқтан бастап үй киізіне дейін әкеледі. Сөйтіп бүкіл ауыл болып отау көтеру әрі қызық, әрі міндетті іс. Отау алғаш тігілгенде оны құрметті әрі елге сыйлы аналар бастайды. Шаңырақты да бақанға ақ мата байлап, ел ағалары көтереді. Отқа май құйылып «босаға майлау» жасалады. Алғашқы дастарқан жайылып, оған мол тағам қойылады. Кіргендер шашу шашып, «құтты болсын», «іші жанға, сырты малға толсын» деген тілекпен қуанышын білдіреді. Жақын туыстар отауға көрімдік әкеліп, мал атайды, бағалы мүліктер сыйлайды.

Жас отау әке үйінің оң жағына тігіледі. Бұл үйге жасы үлкендер шақырусыз кірмейді. Ал жастар мен балалар қызықтап, осы отауды төңіректейді. Ауылдастар мен жанашырлар жас отау түтінінің түзу шығуын, жаңа үйленгендердің тұрмыс-тіршілігін сырттай бақылап, келінге баға беріп отырады. Жас келін ерте тұрып өз үйінің ғана емес, жанындағы іргелес үйлердің де түндігін ашуы оның әдептілігі мен мәдениеттілігін білдіреді.

Атбайлар

Мұның да екі түрі бар. Жас отаудың шаңырағы көтерілген соң ағайын- туыстар оған шашу шашып, «керегесі кең болсын», «босағасы берік болсын» деген тілек айтады. Байғазы береді. Ет жақыны босағаға жылқы байлайды. Мұның аты «атбайлар».

«Атбайлардың» екінші түрі – кәде. Құда-құдағилар келгенде немесе күйеу қалыңдығын алуға келгенде олардың жеңгелері алдынан шығып түсіріп алып, атын байлайды. Бұл «атбайлар» деп аталатын той салты. Оған арнайы кәде беріледі. Ол кәдеден тағы бір әйел тәбәрік сұрайды.

Аушадияр

Үйлену тойы кезінде айтылатын дәстүрлі өлең-жыр. Және жай өлең емес, өзіндік айтылар әні, ерекше ұлттық тәрбиелік маңызы бар. Көркем шығармашылықпен айтылатын той көркі, салтанат сән, өнегелі өнер. Мұны іздеп тауып, өмірге әкелген жазушы Уахап Қыдырханов екен. Аушадияр жырының үлгілерін шетелдегі қазақтар сақтап, бізге жеткізген. Шынын айту керек, бұл қазіргі Қазақстан елінде айтылмайды, халық жадынан мүлде шығып кетіп ұмыт қалған.

Аушадияр үйлену тойы үстінде айтылады.

Аушадияр бір болар,
Жаманның көңілі кір болар.
Ата-анасын сыйлаған,
Ақ шалмалы би болар.

Аушадияр екі дер,
Ержеткеннің еркі дер,
Омырауы толған он түйме,
Қыз баланың көркі дер...

Аушадияр төрт болар,
Қыздың қойны өрт болар.
Екі жақсы қосылса,
Өле-өлгенше серт болар.

Жыр жаңа қосылған жастарға арналады. Мұнда ақыл, үлгі, өнеге, тәлім-тәрбие туралы толғауды санамалап айтудың халықтық таза дәстүрі бар. Ұлтымыздың ұлағатты әдет-салтының бұл түрін өмірге енгізетін болсақ, мәдени қазынамыз да, өне-ріміз де толыға түсер еді.

Үй көрсету

Жаңа түскен келінді туыс-туған, көрші-қолаң, ілік-жежкаттар «үй көрсетуге» (шығыс жақ «отқа шақыру» дейді), яғни есік ашарға шақырады. Мұның мағынасы келін отбасымен танысып, үйге келіп-кетіп жүрсін деген сөз. Бұл үйге келін құр қол бармайды, кәде-жорасымен барады. Мұны «ілу» дейді. Бұл мәселені шақырған үйдің дәрежесіне (үлкен, кіші деген мағынада) қарай келіннің енесі шешуі керек. Мұнымен бірге келінді шақырған үй-лер келіннің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, яғни әдеп-тәртібін байқап сынап отыратыны да бар. Мұны болашақ келіндер ескере жүруі керек. Өйткені аталған дәстүр әлі жалғасып келе жатыр.

Есік ашар

Күйеу жігіт келіншегін алып, үйлену тойы өткен соң келісілген уақытта өзі қатарлас жас жігіттермен ата-енесінің үйіне келеді. Мұны халық әдебиетінде күйеудің алғаш, яғни есік аша келуі дейді. Демек бұл жауапкершілігі мол, бұрын ел-жұрт көрмеген күйеуді сынайтын келіс. Күйеу бұл жолы да кәде-жорасымен, әдет-салтымен келеді. Өзілқой жеңгелердің сын-мініне де шыдайды. Ретін тауып, жауап та бере алады.

Ойын-тойсыз, әзіл-қалжыңсыз отырмайтын қазақ ауылы үшін күйеудің есік аша келуі де көңілді мерекеден кем болмайды. Мұнда да үлкен-кіші бір жасап қалады.

Жасау

«Көрсін деп жиылған жұрт тамашасын, жасауын таудай қылып үйгізді енді» (Наурызбай Қаншайым). Ұзатылған қызға берілетін дүние-мүлік «жасау» деп аталады. Халық қыздың жасауына аса зор көңіл бөліп, «жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді» деген. Небір жақсы бұйым, сәукеле, кілем, текемет, ыдыс-аяқ, төсек-орын, киім-кешек, әсем әшекейлі тағамдар қыздарға берілетін болған. Ауқатты адамдар ақ отау тігіп ұзатқан. Жасауды қыздың еншісі десе де болады.

Жігіт түйе

Құдалық, отау көтеру дәстүрінде қыз өсірген ата-ана еңбегі де елеусіз қалмаған. Той үстінде күйеу жігіт енесіне «сүт ақы» сыйын ұсынса, атасына «жігіт түйе» деген сый әкеледі. Бұған міндетті түрде түйе («жігіт түйе» деген сөз осыдан шыққан), жағалы киім немесе қымбат бұйымдар, ер-тұрман әкеледі. Атасы риза болған жағдайда қол жайып, батасын береді.

Сүт ақы

Қыз ұзату тойы мерзімін қалыңдық ауылы құдаларымен келісе отырып белгілейді. Бұл тойға күйеу бас құда бастаған құдалар тобымен және өнерлі күйеу жолдастарымен келеді. Мұнда құдалық кәделері өте көп. Соның ішіндегі жолы бөлек, қымбат кәделердің үлкені «сүт ақы» деп аталады.

Бұл қыздың анасына тартылатын сыйлық. Бұған анасы бата береді.

Жолдық

«Қайным, жолдығымды ұмытпа, толымды болсын, деді жеңгесі Қаным күле сөйлеп» (ел аузынан). Алғашқы неке түні жігіт пен жас келінді жеке бөлмеге кіргізіп, өздеріне төсек салып алаңсыз, жайлы жатуына жағдай жасайтын әйел әдетте

жігіттің жеңгесі болады. Ол жастарға бақыт тілеумен бірге, әзіл-қалжыңын араластыра жүріп, алғашқы төсек ләззатының жөн-жосығын, әдет-ғұрпын түсіндіреді. Ертеңіне келіннің пәктігіне де осы жеңге куәлік береді. Мұндай сәт әдепті, үлгілі, үлкен-кіші бірдей сыйлайтын, балашағалы келіндерге ғана тапсырылады. Бұл күн жұптық, некелік өмірдің ұмытылмас сәттерінің бірі. Сондықтан бұл түнді көңілді әрі жайлы өткізудің орны мүлде бөлек. Жігіт жеңгесі қайнысының жылы төсектен тұрған сәтін күтіп тұрып, «ерніңді жібіттім, қойныңды жылыттым, енді жолдығымды бер» деп назданады. Жөн білетін қайнысы жеңгесі риза болатындай «жолдығын» беріп, ерлі-зайыптының алғашқы таңын күліп қарсы алады.

«Жолдықтың» жолы бөлек. Сондықтан оған аталатын кәде де толымды әрі бағалы болады.

Беташар

Жаңа түскен келінді «беташар» дәстүрі жасалмай ешкім де көре алмайды. Оны көру үшін әдейі «беташар» жасалады. Оған тойға жиналған туыс-туғандар тегіс қатынасады. Жас келіннің екі жағында екі көргенді жеңгелері тұрады. Мұнда «бет-ашар» жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, оның басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды. Сәлем жасаған адам-

дар «көрімдік» береді. Бет ашатын жігіт ән-жырды желдірте, көңілді көтере жыр төгуі керек.

Келін келді көріңіз,
Көрімдігін беріңіз.
Анау-мынау деменіз,
Түсін айтып қойыңыз! –

деп бастаған әнші жігіт жас келіннің аталған жақындарына лайық әзіл-қалжыңдарын араластыра «көрімдік» сұрап, жұртты көңілді күлкіге қарқ қылады. «Беташар» тойдың басы әрі сәні, жас келіннің жаңа өмірге бет алғанын білдіретін қызықты, салтанатты, ажарлы дәстүрлердің бірі. Осы заманның үлгілі жыры ретінде халық ақыны Қонысбай Әбілевтің Торғай жерінде айтқан «бет ашарын» көпшілік назарына ұсына кеткенді жөн көрдік.

Құлағың сал көпшілік,
Домбыраны қолға алып.
Тереңінен жүректің,
Тебірене толғанып.
Беташарға қам жасап,
Әсем жырды толғалық,
Қадам басты екі жас
Ақ тілекті жолға анық.
Атасы мен анасы,
Айналады толғанып.

Той тамаша басталды:
Куә соған бол, халық!
Шын көңілден қуанып,
Шаттанғанға не жетсін,
Ақ көңілден лебізді,
Ақтарғанға не жетсін.
Сыйластығын көңілдің,
Сақтағанға не жетсін.
Той біткен соң риза боп,
Аттанғанға не жетсін.
Келін ойдан шықты деп,
Мақтанғанға не жетсін!
Көпшіліктің үміті,
Ақталғанға не жетсін!
Басқа орманның бағында,
Пістім деме, келінжан.
Қай ортаға топ етіп,
Түстім деме, келінжан.
Айдынынан айырылған,
Құспын деме, келінжан.
Қай өзеннен енді су,
Іштім деме, келінжан.
Не боларын кім білген,
Істің деме, келінжан.
Ахаң мен Жахаңның,
Елі болған – бұл Торғай.
Әбдіғаппар, Әлидей,
Ері болған – бұл Торғай.
Амангелді, Кейкінің,

Жері болған – бұл Торғай.
Ән мен жырдың қашанда,
Кені болған – бұл Торғай,
Талай-талай тарихқа,
Желі болған – бұл Торғай.
Таңатқан палуан Нұрханның
Төрі болған – бұл Торғай!

Қадіріне елінің
Жете алғайсың, келінжан.
Жаңалыққа бірден-ақ,
Бет алғайсың, келінжан.
Талай сыннан сүрінбей,
Өте алғайсың, келінжан.
Қызуы мол ошақтан
От алғайсың, келінжан.
Жүрегіңнің жылуын,
Қопарғайсың, келінжан.
Ел-жұртыңды ырза ғып,
Бата алғайсың, келінжан.
Жас отаудың бүгінгі,
Тірегі сенде, келінжан.
Атаң менен енеңнің,
Жүрегі сенде, келінжан.
Жиналған мына халқыңның.
Тілегі сенде, келінжан.
Ертеңгі тарар ұрпақтың,
Легі сенде, келінжан.
Артымда әкем қалды деп,

Күйзеліп іштей налыма.
Қинала көрме, келінжан,
Үйіме барып келем деп,
Әкемнің жүзін көрем деп,
Жинала көрме, келінжан.
Қанша жыл білім жинаған
Жазушы, ақын, әрі ұстаз
Таланты бойға сыймаған,
Сегіз қырлы, бір сырлы,
Ортасында сыйлы адам.
Алысқа кеткен атағы
Дуалы аузы баталы
Азамат қылып өсірген
Алты бірдей ботаны.
Бар байлығы – баласы,
Дүние артық жимаған.
Сол үшін де халқы оны,
Көтеріп көкке сыйлаған.
Қайын атаң да, әрі әкең
Секеңе жаса бір сәлем.
Артымда анам қалды деп,
Жанарын жасқа малды деп,
Қинала көрме, келінжан,
Үйіме барып келем деп.
Анамды күнде көрем деп,
Жинала көрме, келінжан.
Анаңдай етіп сыйласаң,
Қызына сені тең деген,
Сөздерің шықса бір жерден,

Қиындық қалмас жеңбеген.
Келінді болдың дегенде,
Өз құлағына өзі сенбеген.
Көңілге кірбің түскенде
Ақ пейілмен емдеген,
Қисық тісті түзетіп
Ақылымен жөндеген,
Мінезі жібек, жайдары
Самалды күндей майдағы.
Сабырменен салмақты,
Бітірген ісін ойдағы
Тұрсын сынды енеңе,
Келінжан, жаса бір сәлем!

Қызмет етіп халқына,
Мойнында парыз өтелген.
Керек кезде тайсалмай,
Нардың да жүгін көтерген
Аталы сөз айтуға,
Топқа бір түсіп төселген.
Соңдарынан сеніммен,
Елінің бүкіл көші өрген,
Осында бүгін отырған
Азаматтарға бір сәлем.

Шеттерінен ақ көңіл,
Жүздері гүлдей жайнаған.
Құлақта жалғыз сырғасын,

Көрімдік етіп сыйлаған,
Мінезі қандай биязы,
Көркіне көзі тоймаған,
Жанында тұрған ағайдың
Аяғын басып ойнаған,
Жеңгейлерге бір сәлем!

Жарғақ шалбар борбайда,
Мойынға гитар асынған,
Сұлу көрсе сұқтанып,
Күшіне қуат қосылған.
Жалбырап ұзын шаштары,
Кездесе қалса тосыннан
Сондай бір кезде түрінен,
Көрген бір адам шошынған.
Қайын інілерге бір сәлем!

Ұйқысы қанбай оянбай,
Жұмысқа ерте бармаған.
Той болса бұрын жиналып,
Кешігіп одан қалмаған.
Секіріп-қарғып билесе,
Тұрған жері шаңданған.
Қолдары босай қалғанда
Өзіне серік таңдаған,
Қайын сіңлілерге бір сәлем!

Қуанышты бөлісіп,
Шаттықтан жайнап түлеген,
Ақ көңілден қашанда

Сендерге бақыт тілеген,
Жақсы болсаңдар қуанып,
Төбесін көкке тіреген,
Жапырағы жайқалған
Тамыры терең бір емен
Көпшілікке бір сәлем!

Манадан бері өзіңе,
Ақылын айтып қақсаған.
Ақталып елдің үміті,
Болсын деп келін жақсы адам.
Не керек, нөсер жырларым
Шашу ғып бүгін шашпаған.
Өзіңнен басқа, келінжан,
Ешкімнің бетін ашпаған,
Маған да жаса бір сәлем!

Жар-жар

Ұзатылған қыз тойында қыз-жігіттер тобы кететін қыздың көңілін аулап, баратын жағында да осындай жақсы жайлар болатынын өлеңмен айтысады. Сонымен бірге олар қыздың бақытты, елге сыйлы болуына тілектестік білдіреді. Мұның бәрі өлеңмен айтылатындықтан «жар-жар» қызықты болып естіледі.

Мысалы, «жар-жарды» жігіт былай бастайды:

Алып келген базардан,
Қара насыр, жар-жар, ау.
Қара мақпал сәукеле,
Шашың басар, жар-жар, ау!
Мұнда әкем қалды деп,
Қам жемеңіз, жар-жар, ау.
Жақсы болса қайны атаң,
Орнын басар, жар-жар, ау!

Бұған қыз былай деп жауап қайтарады:

Есік алды қара су,
Майдан болсын, жар-жар, ау.
Ақ жүзімді көргендей,
Айнама болсын жар-жар, ау.
Қайын атасы бар дейді-ау,
Осы қазақ, жар-жар, ау.
Айналайын әкемдей,
Қайдан болсын, жар-жар, ау!

Келін түсіру

Біздің халқымыз үшін дүниедегі қызық пен қуаныштың ең бастысы осы келін түсіру. Бұған бүкіл ауыл болып атсалысады, бірге қуанады, бірге тойлайды, намысы бір қазақта «тойдың болғанынан боладысы қызық» деген сөз бар. Ал келін түсірудің өзі де, «боладысы» да қызық.

Қазақ салты бойынша келінді ауылға көлікпен әкелмейді. Бір қырдың астына жеңгесімен бірге

түсіріп кетеді. Ауылдың қыз-келіншектері жас келінді сол жерден қарсы алады.

Отқа май салу

Келін табалдырықты аттардың алдында енесі маздап тұрған отқа май салады. Бұл қазақта сонау отқа табынғаннан бері келе жатқан салт. Қазір сирек, дегенмен кейбір көнекөз қариялары бар үйлер әлі де істейді. Бұнысы, бір жағынан отты қастерлеудің нышаны болса, екінші жағынан, белдеуінен ат, төрінен қонақ кетпесін дегенді меңзегені ғой. Расында да, төрде шалжиып қонақ жатқан соң оларға ет асу, шай қайнату керек емес пе. Ал бұл үшін, әрине, ошақтың оты маздап тұруға тиіс. Әрі мұндайда май құйған оттың керемет маздайтыны және белгілі.

Оның үстіне, қазақта «отың өшпесін» деген тілек те бар ғой. Бұл да ұрпақ жалғаса берсін, дастарқан жиылмасын дегенді меңзесе керек-ті.

Босаға майлау

Келін табалдырықтан оң аяғымен аттаған соң жақын туыс әйелдердің бірі табалдырықты, босағаны майлайды. Бұл жастардың өмірі майдай жұғымды, аралары тату-тәтті, бір-біріне жұмсақ болсын деген тілекті білдіреді. Бұл дәстүрді орындаған адамға кәде жасалады.

Бие қысырмас

Отқа май салынып, келіннің беті ашылғаннан кейін сол жақтағы келінді енесі қасына шақырып алып, оң жаққа отырғызады. Сонан соң ортаға ақ бұл (мата) тастайды. Оны отырғандар бөліп-бөліп алады. Үйлеріне апарып сабаларының аузына байлайды. Мұндағы мән: біріншіден, келінді өзінің қызындай көретіндігін білдіріп, оны өз қызы отырған қадірлі орынға лайық еткені, екіншіден, ортаға ақ бұл тастап оны бөліп бергені, қазақта ең қастерлі түлік – жылқы, астың қадірлісі – қымыз, осы екеуі түтін басынан үзілмесін дегені.

«Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» дегенді әлімсақтан бері айтып келе жатқан қазақ келін түскеннен кейін бар келешекті соған байланыстырып жориды. Келіннің келуін биенің қысыр қалмауымен тоқайластыруы да сондықтан. «Табысы құралмайтын жігіттен, құрсағы құр жатпайтын бие артық» дейтіні де содан. Бие қысыр қалмаса одан ұлттық шарап (қымыз) да, жауға атойлап шабатын саңлақ та, қазы мен қарта, жал мен жая да болатынын қазекем жақсы біледі. Осыны ескерген қазақ халқы «бие қысырмас» кәдесіне үлкен мән берген.

Құттық

«Құттық» – құттықтау деген сөздің мағынасын білдіреді. Той өтіп, құдалар аттанған соң ауылдың бойжеткендері келіп той иесіне қайырлы болсын айтып, «құттық» сұрайды. Бұл қыз-келіншектерге лайықты әшекейлер: сырға, сақина, білезік, т.б. болады. Бұл жақсы дәстүр. Кейде «құттық» алу үшін әдейі ат басын бұрып, басқа ауылдардан келушілер де болады. Алыстан келгендерге жақсы сыйлықтар, қымбат киімдер, т.б. беріледі. Мұндай сыйлықтарды көбіне бай адамдар жасаған. Бұл дәстүр қазақ халқының жомарттығын, мырзалығын көрсетеді.

Ата-ененің баулуы

Бүгінде қазақ арасында ұмытыла бастаған дәстүрлердің бірі – киелі киім. Бұны қазір жан-жаққа ат шаптырып іздесек те таба алмаймыз.

«Әкең өлсе қойылар, атан өлсе сойылар, келер ме қайран сонары» дегендей өзгені керек етпесек те, халқымыздың ұлттық тәрбиесінен айырылмауымыз керек. Сол ұлттық тәрбиелердің бірі – жаңа түскен келінді оң жолға салып жіберу. Бұрындары ата-енелері жас келінді төркініне бір жыл толмай жібермеген. Мұның басты себебі осы аралықта келінді тәрбиелеу еді. Әрине, балалық шіркіннің асау мінезі басылмай келген жас келінге бұл бір

жыл оңайға түспейді. Ауыр еңбекке, қатал тәртіпке төтеп беру – қыл көпірден өткенмен бірдей. Сондағы келінге қойылатын талаптардың біріншісі, ол келген жеріндегі ата-ене, қайнаға, қайын, абысын, тағы басқаларға ат қойып, оны жаңылмай айту керек. Екіншісі, киіз үйдің түндігін елең-алаңда ашып, от жағу, сол түндікті ел жатқанда қайта жабу келіннің міндеті. Сосын күні бойына шай қайнату, іркіт пісу, қымыз қотару, құрт жаю, кір жуу, саба пісу, ыдыс-аяқ жуу, сиыр сауу, қой қосақтау, бие сауу, тезек теру, түскі ас, кешкі тамақ, ішек-қарын тазалау секілді тізе бүктірмейтін жұмыстардың түтіні үзілмейді. Келін қалғып-шұлғып, жығылып-сүрініп кешке әзер жеткенімен, елдің соңында жатуы шарт. Оның үстіне, қазақ қайбір ерте жататын халық. Қонағы түн ішінде келсе, келінге тіпті ұйқы жоқ. Сонда келін күніне шамамен 17–18 сағат ауыр жұмыс істейді. Үшіншісі, осы бір жыл ішінде үлкен үйге сәлем беруге кіріп-шыққанда артымен шығудан жаңылмауы тиіс. Төртіншісі, келін жыл бойына жібектей болып, мінез көрсетпеуі керек. Егер кей күні ерте тұра алмай қалып, «тентегім» деп өзі ат қойған қайындары төсектің тұсына кеп: «Мына қатынды марту басып жатыр ма?!» – деп, киіз үйді құрықпен сабаласа да, қарсы сөйлемей, атып тұрып ісін бастап кету қажет. Осы талаптарды орындамаса жас келін «шуаяқ» деген атқа ие болады. Негізінен бұл төрт талап келінді еңбекке, адамгершілікке қалыптастыру үшін

ойластырылған. Мұны ата-ененің өмір мектебі десе де болғандай.

Келін осынау сынақтардан бірінші баласына босанып, ол қырқынан шыққанда бір-ақ құтылады. Сонан соң енесі бірінші рет келінін төрге шығарып: «Сен енді санатқа қосылдың. Бұрын бала едің, енді ана болдың. Бұрынғымыз өзіңді адам болсын, пыссын дегенбіз. Енді осы үйге толық мүшесің!» – деп, маңдайынан сүйіп, ақ батасын береді. Сәлем беруден азат етеді. Қолына ағаш тегене, себелі пышақ ұстатып, тошалаға апарып, мүше-мүше еттерді өз бетімен асуға рұқсат береді. Тіпті осыдан кейін келген қонаққа өз бетімен мал сойғызуына да рұқсат етіледі. Тек бұл құқыққа келін үйінен келген «киелі киімді» сол төрде отырып кигеннен кейін ғана ие болады.

Сол жерде ата-ене келіннің төркінінен келген кимешек-шылауышты өз қолдарымен кигізеді. Әдетте келіннің әке-шешелері бұл бас киімді қыздары тез балалы болсын деп сандыққа әдейі ырымдап салады. Келін қыз күнінде сәукелені сұлу болу үшін, елдің көзін сүрінту үшін тіккізсе, кимешек-шылауышты ана болу үшін дайындатады. Сәукеле қызықтыруға бола тігілсе, кимешек-шылауыш қызғаныштан, күнәдан аулақ болуға арналып дайындалады. Қызықтыратыны – қандай қыз болмасын өзіне жақсы жігіт табуы керек. Ол үшін оларға ең алдымен көркем болып көрінуі қажет. Біреудің

етегінен ұстап, басы байланған соң, енді бұны алған адамның басқалардан қызғануы пайда болады. Әйелдің еркекті арбайтын жақтары көп. Соның бірі – қолаң қара шаш пен ақ мамық тамақ. Кимешек-шылауыш осыларға біреу-міреу тамсанбасын деп жауып тұрады. Әрі жылылық пен тазалыққа да қолайлы.

Төркіндеу

Қазақ салты бойынша ұзатылған қыз төркініне бір жыл толмай баруға рұқсат жоқ. «Төркіндеу» – қазақта аса үлкен кәде. Мұның жүгі де өте ауыр. Алғашқы бір жыл ұзатылып барған жас қыз үшін тіпті ұзақ уақыт. Екі көзі төрт болып жүрген жас келін сол күнге жеткенде қалай қуанады десеңізші!

Төркіндеп баратындар: ұзатылған қыз, күйеу бала, кішкене жиен. Бұлардың апаратындары әкешешеге жағалы киім, үйіндегілердің басқаларына бір нәрсе апару-апармау шарт емес. Төркіндеп келген қыздың уақыты бір айдан кем болмайды. Өйткені ол жұртын аралап мауқын, шерін, сағынышын басуы керек. Қызы, күйеубаласы келген үй жақын-жуығын жиып, мал сояды. Қыз бен күйеуді жақындары, жекежаттары үйлеріне шақырады. Бұл қыз бен күйеу үшін ең жақсы демалыс. Әсіресе қыз бір жасап қалады. Ай бітіп кері қайтқанда қыздың үйі бұзаулы сиыр мен құлынды

биені екі баласына енші етіп береді. Жиенге тай мінгізіп, қырық серкеш айдатады. Бұл бөлек үй болып шығатын екеуіне қайын жұрттың берген еншісі. Мұндай малды басқа жақындары да береді. Қазақ қыз бен жиеннен еш нәрсені аямайды. Өте-мөте жиеннің қолын еш уақытта қақпайды. «Пайғамбар да күйеуін сыйлапты» дегенді қазақ жақсы біледі. «Қыздан туғанның қиығы жоқ», «Жиенді ұруға болмайды, қол қалтырайды», «Нағашым бай, қайным бай, қайтып кедей қыласың, Құдайым-ай?» дегендерді де қазақ бет албаты айтпаған... бәрінде батпандай мән бар.

Енші беру

Сонау «жарысқазаннан» бері баласына қормал болып, бағып, жұмыртқаның сарысындай сақтаған ата-ана балаларының өзі балалы болған соң «енді өз күнін өздері көре алады» деген сенімге келіп, бөлек шығарады. Мал береді. Бастарына киіз үй көтереді. Бұның өзі кішігірім тойға ұқсап өтеді. Жақындары да бөлек отауға қолдарында барын әкеледі. Алды мал, арты ең құрығанда бір сырмақ, не бір термебау әкеледі. Бұл «емеурін» деп аталады. Бұған келіннің төркіні бергендері қосылып, жаңа отау ел қатарлы шаңырақ болып шыға келеді. Әкеге иек сүйеп болбыр болып өскен небір ынжықтарды жеке шаруашылық тәртіпке шақырып,

ширықтырады. Өз алдына дербес үй бөлінген екі жас елге ұнау үшін, өздерінің адам болғанын көрсету үшін келіп-кеткендерді жақсылап күтеді. Бұны көпке дейін ел пәленшенің отауы дейді. Ол кездегі абысындар өте тату болған. Біріне-бірі малды қойып, балаларына шейін бере салады. Бір үйі мал сойса, жас сорпа ішеміз деп бәрі сол үйде болады. Келе алмағандарына бір жілік шикідей беріледі. Қазаны, малы бөлек болғанымен ауылдың ақсақалына барлығы бағынады. Оның айтқаны – заң.

Наурыз мейрамы

Бұл ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша (22 наурыз) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Көне парсы тілінде нава – жаңа, рэзаңһ – күн, екеуін қосып айтсақ «жаңа күн» мағынасын береді, тап осы сияқты қазіргі парсы тілінде де сол ескі мағынасы сақталған (но – жаңа, роуз – күн, бұл да «жаңа күн» болып шығады), яғни, түпкі мағынасы «жаңа жыл» дегенді білдіреді.

2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып аталып келеді. Бас ассамблея өзінің берген түсініктемесінде Наурызды көктем мерекесі

ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кавказда, Орта Азияда және Таяу Шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатқандығын мәлімдеді. Ал UNESCO болса, 2009 жылдың 30 қыркүйегінде Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне кіргізді.

Қазақстанда Наурыз мейрамы үш күн аралығында (21–23 наурыз) аталып өтіледі. Жалпы, Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Ол Иранда 21 наурызда, Орталық Азия елдерінде және Әзірбайжанда, мемлекеттік мереке ретінде Тәжікстанда және Қазақстанда – 22 наурызда, Өзбекстан мен Түркияда 21 наурыз күні аталып өтіледі.

Наурыз – көне мейрам. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер «патрих», бирмалықтар «су мейрамы», тәжіктер «гүл гардон», «бәйшешек», «гүлнаурыз», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сагаан сара», соғдылықтар «наусарыз», армяндар «навасарди», чуваштар «норис ояхе» деп түрліше атаған. Әбу Райхан Бируни, Омар һайям, т.б. еңбектерінде шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлағандығы туралы мәліметтер мол. Мысалы,

парсы тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндерде әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды; жаңа өнген жеті дөнге қарап болашақты болжайды; жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалак» ұсынады; ескі киімдерін тастайды; ескірген шыны аяқты сындырады; бір-біріне гүл сыйлап, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – «күн символын» салады; үйдегі тіреу ағашқа гүл іледі; түрлі жарыстар (жамбы ату, т.б.) ұйымдастырады.

Қазақ жерінде ерте кезде-ақ Ұлыс күні жыл басы саналған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен төс қағыстырып, әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз-жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді

жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген.

Көне деректер көзіне сүйенсек, наурыз тоғыз күн тойланады екен. Ол той «Наурызнама» деп аталады. Әдетте, наурызнаманы бай, ауқатты кісілер жасаған. Бірақ әр шаңырақ өзінше наурыз көже пісіріп, ақ толы аяғын босағадан аттағанның бәріне ұсынған. Ауыл ақсақалдары үй-үйден дәм татып, үйдегілерге ыдыспен сыбаға тасып жүрген. Ол сыбаға ішілместен бұрын қазанға құйылады. Бұл «дәм-тұзымыз араласқан тату болайық» дегеннің белгісі.

Наурыз күнгі думан-тойдың ұйытқысы, әрине, жастар. Бұл күнгі ән мен би, ойын-сауық түннің бір уағына дейін созылған. Халқымызда «Ақ боран», «Қалтырауық қамыр кемпір» ойындары бар. Онымен қатар бұл күні наурыз-жыр, наурыз-жұмбақ, наурыз-айтыс, түрлі әзіл-қалжың, мадақтау өлеңдері айтылады.

Сең жүреді көктемде астан-кестең,
Ақ атанның бауырын арқан кескен.
Ұлы күні ұлыстың бас қосқанда
Өлеңінді айт, құрбыжан, қатар өскен, –

деп, қос-қостан жұптасып, айтысқа түседі.

Ұлыс күні татулық тойы, шаруа, ынтымақ, сенім, көңіл мерекесі. Қыс қылышынан аман қалған жұрт,

бар реніш-өкпесін ұмытып, кінәсін кешіп, тек жақсы тілектер тілейді. Көңілдің жаңаруы деген осы. Бұл күні наурыз көжемен қатар, ауыл адамдары өгіз сойып, қазан көтеретін болған. Мұның тарихы өз алдына қызық аңыз. Ежелгі жыл санаушылардың есебінше, үркер күздің басында шығыстан, қыстың басында төбеден, көктем кезінде аспан етегінен көрініп, ал жазда тіпті батып кетеді екен. Бұл шақ қырық күнге созылып, оны халқымыз «қырық күн шілде» немесе «үркердің жерге түсуі» деп атаған. Көктем кезінде, яғни наурызда күн жолы үркердің үстімен өтіп, үркердің қос жұлдызы бұқаның мүйіздеріне ұқсап, күн жолының екі жағынан қылтиып көрінеді.

Өгіз етін арнайы нарқазанда балбыратып пісірген. Нарқазанның тарихы да жақсы ырымдармен астасып жатыр. Ежелгі сақ дәуірінде халық арасын алауыздық жайлап, ел татулығын тұман басқанда көсемдер келісіп, үлкен қазан құюға шешім шығарады. Алайда, қазан соғарлық мыс табылмай қалады да, бүкіл сарбаз жөбелерінің мыс масағын жинатып, содан нарқазан құйдырады. Осы қазанда қайнатылған астан дәм татқан араздасушылар өкпе-ренішін ұмытып, елде татулық орнапты делінеді аңыздарда. Осындай тай, нарқазандарда қалың қауымға дәм беру кейін үрдіске айналып, ол «шүлен тарту» аталып кеткен. Мұндайда өгіздің шекесі ауыл ақсақалдарына тартылады.

Бұл сыбағаның аты – «бел көтерер». Ертедегі дәстүр бойынша наурызнама тоғыз күн тойланатын болса, соның сегізінші күні «той тарқар» болады. Мұнда бұған дейін өнерін ортаға салып, оза шапқан дарабоздарға, қарсыласының жауырынын жерге тигізген балуандарға, тіпті тайы озып келген жас балаға да «ат тері» деп сыйлық берілген.

«Той тарқарда» жаңа көзі ашылған қайнардың суына қант қосып, оны қауым болып ішіседі, ақсақалдар бата береді.

Наурыз мерекесі жақындаған сайын әрбір отбасы «наурыз көже» жасауды міндетім деп санайды. Тіпті білмейтін жас келіндер үлкен әжейлерден ақыл-кеңес сұрап жатады. Мысалы, «наурыз көже» істеу үшін ең алдымен қазан толы сүтіңізді қайнатып, сүт піскеннен кейін оның бетіндегі қаймағын қалқып алып тастайсыз. Сүт әбден пісуге тақаған кезде, қыс бойы сақтаған сүріңізді салып жіберіп, 15 минуттай бетін жауып қоясыз. Сол уақыт өткеннен кейін жеке ыдысқа пісіріп алған бидай, жүгері, тары, асбұршақ, күріш тәрізді дәнді дақылдардың жеті түрін сүт пен етке араластырып, тағы бір қайнатып аласыз. Егер көже қоймалжың болып кетсе, оған су қосуға болмайды. Тек айран қосып сұйылтасыз.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында бұл мереке бұрынғыдай тойланғанымен, кейін 1926 жылы бұл «діни мейрам», «ескілік сарқыншағы» деп танылып, жаппай тоқтатылды. Дегенмен де Қазақ-

станның көп аумақтарында Наурыз мерекесі жасырын түрде тойланып жүрді. Сөйтіп, ақыры 1988 жылдан бастап Алматы қаласында, республиканың көптеген аудандарында Наурыз жалпыхалықтық мейрам ретінде қайта тойлана бастады.

Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағын қарсы алудан – тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын да, оның соңы той-думанға ұласатын. Наурыздан кейінгі екінші күні жұрт жаппай көктемгі егіске кірісетін. Малшы қауым да төл алуға қатысты іс-қарекетімен айналысады. «Бүгінгі күні Самарқанның көк тасы да жібіпті», – десіп барша жұрт пейілдерін кеңге жаяды...

Өлім-жітім туралы

Өлім-жітімнің іс-шаралары ислам дініне сай Құран тағылымдары бойынша атқарылады.

Көңіл сұрау. Ауырған адамның хал-жағдайын білу – «көңіл сұрау» деп аталады. Қолынан келсе науқас жанға көмектесу – бұл адамгершіліктің белгісі. «Көңіл сұрауға» келген адам, аурудың көңілін көтеріп, жазылып кетуіне ақыл-кеңес береді, жігеріне жігер қосады. Ауырған адамның халін түс ауа, кешке, түнде сұрауға болмайды. Ауырып жатқан адамға жағымсыз істерді, жақын

адамдардың қиын жағдайын, өмірден өткенін айтпау керек.

Тіл кестіру. Ертедегі қазақта аурудың түрі өте аз болды. Ұдайы ен жайлау мен шалқар көлде, көк шалғында қаздай қалқып жүрген дала еркелерінің, серілерінің маңына жөпшеңкі сырқат жолай алмайтын. Олардың ішіп-жегені де, жұтқан ауасы да жанға шипа дәрумен болатын. Ғасырдан-ғасырға жалғасқан жаугершілік болмаса, зауалдар болмаса бұл қазағың ендігі жер қайысқан ел болып кетер еді-ау. Ертеде қазіргідей обыр, қан қысымы, буынып қалу дегенді білмейтін.

Дегенмен де біреу-міреу ауыра қалса белгілі бір тыйым-тәртіпті ұстанатын. Мысалы, қазақта аурудың көңілін сұрау ымырттан бұрын болуын ескертеді. Мал аяғы тыйылған соң көңіл сұрауға болмайды. Екіншіден, егер ауру асқынып бара жатса «адамның аяғы ауыр болады» деп көңіл сұраушыларды сырқаттың үйіне көп кіргізбейді. Кейде бақсы-балгер мен молда, құшынаштар науқасты құпия түрде емдейді. Бұл кезде көңіл сұраушыларды ішке кіргізбейді. Үшіншіден, тіпті сол ем-шарттар біткенше үйге қонақ та қондырмайды. Бұның аты – «тіл кестіру».

Арыздасу. Ауру адамның кейбірі сырқатының беті бері қарамайтынына көзі жеткен соң жақын адамдарын қасына шақырып алып, артын тапсырады, өсиетін айтады, өмірінде артық-кем кеткен-

дері болса кешірім сұрайды. Өзін қайда, қалай жерлейтінін тапсырады... Жиналған адамдар да өздерінің артық-кем кеткен жерлері болса, науқас кісіден кешірім өтінеді.

Жан үзу. Хал үстінде жатқан адам әлі сергек, тілі сөзге келетіндей болса, әке-шеше, туған-туыс, бала-шағаға өз насихаттарын айтып, оларға жақсылық тілейді. Бұл «бір ауыз сөз» деп аталады. Егер тілі қайырымға келмесе, өсиет-тілегін ым-ишаратпен білдіреді. Әдетте «бір ауыз сөзін» айта алмай қиналып жатқан адамға молда яки аят білетін үлкен кісілер бір шыны суға аят оқып, оны қасықтап ұрттатады. Бұны «дем суы» деп атайды.

Қал үстінде жатқан адам нашарлаған сайын үй ішіндегі адамдарды сыртқа шығарып азайтады. Ал ол жан тапсырған кезде көзін уқалап жауып, жағын таңып, қолын екі жамбасының қырына қырлап түзеп, екі аяғының бас бармағын ақ шүберекпен байлап, мүрдені түзулейді. Алда-жалда өте қатты қиналып жанталасып кетсе, басындағы жастықты алып, басын төмен түсіруге болады.

Дәрет суға алу. Қаза болған кісі туралы ең алдымен көрші-қолаңға, жақын дос-жаранға хабарлаған соң, туыстары мүрденің дәретін алып, бетін жуып, қолын шайып, ең алғашқы суға алады. Мұны «дәрет суға алу» немесе «сербек суға алу» деп атайды.

Ауашалау. Мүрдені жеке бір ауыз үйге, яки арнаулы үй тігіп, соның оң босағасына басын солтүстікке, аяғын оңтүстікке келтіріп, бетін құбылаға бұрыңқырап, киімін түгел шешіндіріп, үстін ақ шүберек жауып, сыртын шимен қоршап, өзі жас кезінде ұстаған шымылдығымен көлегейлеп, үстіне қалампыр немесе әтір шашып «ауашалап» қояды.

Хабар айту. Бұл хабар айту және естірту сынды екі мазмұнды қамтиды. Мәйітті «ауашалап» болған соң, қаза болушының жақын жамағаты хабар айтуды ұйымдастырады. Қаза болушының туыс-туғаны, құда-жұраты, дос-жараны, тағы басқа өлімге шақырылатындардың тұрғылықты жеріне қарай хабаршыларды бекітеді. Хабаршылар дүниеден өткен кісінің қашан қаза болғанын, намазының қашан болатынын көпшілікке жеткізеді. Мұны «қаралы хабар» деп атайды. Хабар жеткізу барысында, қаза болушыға үш ата жақын туыстығы бар кісілерге өлім туралы төте жеткізбей, сол ауылдың қарияларының біреуіне естіртуді тапсырады. Ол адам бірнеше кісіні қасына алады да қаза болушының жақын туысының үйіне барып, қаралы хабарды естіртеді. Содан соң қаза болушының туысын өлім шыққан үйге жалғыз жібермей, қасына ілесіп барады. Мұны «естірту» деп атайды.

Өлімге келу. Қазаға келгенде үйге дауыс шығарып келу, жоқтау, көңіл айту сияқты ғұрыптар жүргізіледі. Дауыс шығарғанда, егер қаза болған кісі

үлкен болса «қормалым», «бас ием», «қорғаушым» деп дауыс салады. Ал егер жас жағынан шамалас болса «замандасым», «жолдасым» деп, егер жасы кіші болса «бауырым» деп, егер балиғатқа толған жас бала болса «балапаным», «құлыным», «жеткіншегім», «ат байларым» деп дауыс салады. Аза тұту кезінде ер кісілер аулада таяқ сүйеніп тұрса, әйелдер арнаулы бір үйге жиналып жоқтау айтады. Келушілер сырттағы таяқ ұстағандарға, іштегі жоқтау айтушыларға «қаза қайырлы болсын», «өлмейтін адам жоқ, сынбайтын темір жоқ», «иманы жолдас болсын», «жаны жаннатта болсын» деп көңіл айтады.

Мәйітті суға алу. Бұған көбіне бес адам шығады. Қаралы қаза ісін басқарушы көпшілікке дауыстап; «Мәйітті суға алуға дайындалып жатырмыз. Суға алуға шығамын деушілер бар ма?» – деп жариялайды. Егер еріктілер шықпаса, өлімге келген жұрттың ішінен әр рудан бір-бір адамнан алып, бес кісіні дайындайды. Олар мына міндеттерді атқарады. Қаза болушының өз руынан шыққан адам әдетте басына түседі. Сосын қалғандардың ішінен біреуі ортасына және біреуі аяғына, су құятын бір адам, су тасып беретін бір адам болып орналастырылады. Мәйітті жуудың алдында молда жуудың шартын түсіндіреді. Содан соң жуындырады. Молда босағада «тақа» сүресін оқып отырады.

Кебіндеу. Кебіндеу ер адамды 5 құр, әйел адамды 7 құр, балиғатқа толмаған балаларды 3 құр ақ кездемемен орайды. Ер болса сәлде, жейде (тізесіне дейін), тақым жапқыш, құрғақ тартқыш, көрпе жолын істейді. Әйел болса кимешек, салы, іш жейде (көйлек), омырау тартқыш, тақым тартқыш, шапан, көрпе жолын істейді. Балиғатқа толмаған балалар болса ұлдарға: бас шыт, жейде, көрпе. Қыздарға: жаулық, көйлек, көрпе жолын істейді. Кимешек, жейделер басқа, бетке, мойынға тура келетіндей етіп ойып пішіп жасалады. Тақым жапқыш ерлерге екі қабат жасалады. Бір қабаты суға алғанда ұятты жері көрінбеу үшін алдының бірнеше жерін ойып су құю арқылы жанынан жандатып жуып шаяды. Одан соң құрғақ тартқышпен орап тартып қояды. Әйелдер жөнінде ұятты жерін тақым тартқышпен жауып қояды. Жалпы жұмысты жүргізу барысында, ақырет киімдері іштен сыртқа қарай тетір қаусармаланып, ең соңында басынан, бөлінен, аяғынан үш жерден буылады.

Пидиә өткізу. Бір қазаға кемінде бірнеше молдаға хабар айтылады. Қаза болған адамның өсиеті бойынша, пидиәсі мен намазын атқарып беруге бір молда бекітіледі, ал егер өсиеті болмаса, өлімге келген молдалардың ішінен екі молда тағайындалады. Олардың біреуі пидиәсін, екіншісі намазын өткізуге жауапты болады. Бұлар жұртқа жария етіледі.

Жаназа шығару. Барлық жамағат мәйітті суға алғанда өздерінің дәретін алып даярланады. Мәйіт кебінделіп болған соң үйден аяғымен шығарылады. Молда жамағатты дауыстап намазға шақырады, әрі бұл үш рет қайталанады. Мәйітті көтеріп шығушылар мәйіттің аяқ жағын үш рет кідіре еңкейтеді. Барлық жамағат бас киім киіп, сапқа тізіледі. Мәйіт жамағат алдында басы солтүстікке, аяғы оңтүстікке бағыттталып қойылады. Молда намаз өтеудің алдында жамағатқа тәлім айтады. Қаза болушының жақын туыстары саптың артқы жағында тұрады. Алдыңғы саптың ортасын мөлшерлеп, молда намазын шығарады. Намазы өтеліп болған соң баласының біреуін шақырып «разылығын ал» дейді. Баласы мәйіттің аяқ жағын үш рет тізеден асырмай көтере «рұқсат» деп үш қайтара айтады. Бұл ақы иесінің мәйітті көмуге рұқсат жасаған белгісі болады. Сөйтіп, намаз толық орындалды деп есептелінеді.

Мәйітпен қоштасу. Мәйітті көмуге алып жүргенде, үй ішіндегі әйелдер босағада тұрып дауыс шығарады. Мұны «сүйекпен қоштасу» деп атайды.

Қабір дайындау. Адам жаны үзілгеннен кейін, хабар айтуды ұйымдастыру мен қабір қазу жұмысы қатар жүреді. Қабір қазуға сол ауылдың азаматтары шығарылады. Қабір қазуға шақырылған азамат сылтау айтпайды. Бұларға қабір қазуды білетін

кісілерден 1–2 адам ілесе барады. Қазақ халқында қабірдің қазылу формасы 5 түрлі болады. Олар «шам ақым (шам көр)», «жан ақым», «жарма ақым», «тік ақым», «бала көр (ошақ көр)» деп аталады:

1. «Шам ақым» – әдетте, бір кісіге емес көп кісіге арнап жасалады, мұны бірата әулеттеріне арналған «қабырстан» немесе «шам көр» деп атайды. «Шам көрді» көбіне жасы үлкен, беделді кісілер қаза болардың алдында даярлап қояды. Мұнда өлгендер қаз-қатар жатқызылып, ішкі бетіне шымылдық ұсталады және арнайы есік бекітіледі. Ішке түсерде шам көтеріп кіреді. Бұл негізінен ерте кезде пайдаланған. Мысалы, Райымбек батырдың шөбересі Жатпейіс атамыз «шам көр» жасатып, соған қойылыпты. Бұны қазірге дейін Жатпейістің «шам көрі» деп атайды. Кейін Қарқара көтерілісінде қырғынға ұшыраған Диханбай батырдың отбасындағы 4 кісі әкесі Жатпейістің «шам көріне» қойылыпты.

2. «Жан ақымның» құдығы әдетте оңтүстіктен солтүстікке қарай ұзын төртбұрыш формасында болады. Яғни, ұзыны 2,5 метр, ені 1,8 метр, тереңдігі 2 метр тік қазып түсіріледі. Батыс керегесінен адам сиятындай тесік қалдырып, ішкі жағын төмендете қазып ақым шығарады. Ақымға бір кісі көсіліп жатса бас-аяғы тимейтін, малдас құрып отырса төбесі тимейтіндей етіп қазылады. Оның төбесі бесік пішінге келтіріледі. Ақым мен

құдықтың арасындағы керегесі 0,5 метр болуы керек. Кей жерлерде ақым мен құдық арасындағы кереге берік әрі мәйітті алып кіруге қолайлы болу үшін, құдық шығыстан батысқа, ұзын төрт бұрыш формасында қазылып жүр.

3. «Жарма ақым» – көп жағдайда ақым топырағы жұқа, саздауыт өңірлерде қазылады. Қазу пішіні «жан ақыммен» бірдей болып келеді де, бірақ құдық тереңдігі 1,5 метр шамасында қазылып, батыс қапталынан 0,8 метр мәйіт жатқызуға келетіндей етіп үңгіп кіреді. Мәйіт қойылып болған соң ауыз жағы шикі кесекпен немесе қалың тақтаймен бекітіледі.

4. «Тік ақым» – таулы өңірлерде, құм және тастақты жерлерде қазылады. Оны әдетте жерошақ секілді қазады. Тереңдігін 1,5 метр етіп, мәйіт түсіруге қолайлы жасайды. Мәйітті ішіне түсірген соң жалпақ тастармен немесе жұмыр ағаштармен бүркемелеп қалап шығады. Бұны жұрт «тас бейіт» немесе «құм бейіт» деп атайды. Құмды өңірлерде ошақ пішіндес дөңгелектей қазылып, бетіне ағаш белағаштарды төсеп, қамыспен бекемдеп бекітеді.

5. «Ошақ көр» – нәрестелерге, бес жастан төмен балаларға қазылатын ақым. Құдықтың ені мен ұзындығы, сондай-ақ тереңдігі 1,0 метр шамасында қазылып, ошақтың аузы іспетті ақымы жармалап қазылады.

Жерлеу. Мәйіт бейіт басына апарылғаннан кейін, алдымен ақым ішін торқалап шығады. Торқалау дегеніміз – ақым ішіндегі топырақты майдалап, жан-жағына жаймалау. Одан соң, ақы иесінің біреуі ақымның ішіне кіріп көреді. Ақы иесі мақұлдаған соң, ақым ішіне екі адам кіріп, құдықтың сыртындағы төрт адам қолдасып, мәйітті аяқ жағымен ақымға түсіреді. Бұл осы кезде және төрт адам ақырет киізді төрт бұрышынан кере жайып, күнді тасалап тұрады. Мәйітті саумалап, ақым ішіне кіргізілген соң, бас топырағы (құдықты қазуды бастағандағы бірінші күрек топырақ) және бейіт басындағы барлық жамағат бір шымшымнан күрекке салған топырақ ақым ішіне жеткізіледі. Бас топырақты ақым ішіндегі бір адам, мәйіттің бас жағына қойып, жамағат салған топырақты мәйіттің айналасына шашып шығады. Сосын мәйіттің үш жерінен буылған белбеуін ағытып, мәйіттің басын батысқа бұрып, ақырет киімінің жағалық жағымен бет жағын қалқалап (бұл жерде мәйіттің басы солтүстікке, аяғы оңтүстікке қаратылып жатқызады) болған соң, ішіндегі екі адам сыртқа шығып, ақымның аузы бекітіледі. Ақы иесі алдымен жеті күрек топырақ тастағаннан кейін, бейіт басындағылар кезекпен топырақ тастайды. Топырақ тастағанда күректі қолдан-қолға алмайды. Күрек жерге тасталған соң, екінші кісі күректі алып, топырақ тастайды. Топырақ шөккен нардың кейпіне

келтіріліп үйіледі. Сосын жамағат тағы отырады. Молда құран оқып, тілек айтқан соң жерлеу аяқталды деп есептеледі.

Ат қойып келу. Жерлеуден қырық адым ұзаған соң ақы иелері дауыс шығарады. Кей жерлерде дауыс шығармайтын жайттар да кездеседі. Ақы иелері үйге жақын қалғанда атты желдіртіп (жүрістерін жылдамдатып) «ат қойып» келеді. Мұны естіген үй ішіндегі әйелдер қатты дауыс салып, жоқтау айтады. Жерлеуге кеткен ақы иелерімен көріспеген жақындар қайта көріседі. Үлкен кісілер дауыс шығарушыларды сабырлылыққа шақырып, тоқтау айтады.

Аманат қою. Жорықтарда, үркіншіліктерде, жайсыз көші-қондарда қаза болған адамдардың мәйітін «аманат қояды». Бұл дегеніміз тау үңгірлеріне, жар, жота, сайлардың ыңғайлы жерлеріне мәйіттің бетін тасалап, кейін ел орныққанда көшіріп жерлеуді білдіреді. Мәйітті «аманатқа қойғанда» ақы иелері «аманат» деп үш қайтара серт жасайды. Аманатқа келген жамағат оларға ілесіп «аманат» деп бір ауыздан қайталайды.

Нәзір өткізу. Қазақ халқында адам дүниеден өткеніне 3 күн толғанда берілетін нәзірді – «үші», жеті күн толғанда берілетін нәзірді – «жетісі» деп атайды (кей жерлерде «үші» деген жоқ). Қаза болған адамның намазы оқылып болғанда, басқарып жүрген кісілердің біреуі жамағатқа «үші»

мен «жетісінің» қашан болатындығын хабарлайды. «Үші» мен «жетісін» ұсақ мал сойып немесе ірі қарадан бір бас, қонағасына ұсақ малдан бір тұяқ сойып өткізеді.

Кейін қаза болушының дүниеден өткеніне 40 күн толғанда берілетін нәзір «қырқы» деп аталады. Ол көбінесе ерлерге байланысты 39–37 күнде, әйелдерге байланысты 37—35 күнде (тақ күн) беріліп жатады. «Қырқы» нәзірінде көбіне ірі қара сойылады, кейде жағдайына қарай ұсақ мал соятындар да болады. Өліміне келе алмаған адамдар «қырқына» арнайы келеді. Мұндайда көбіне үйдегі әйелдер дауыс салады.

Шымылдық – адам қаза болғанда мәйітке көлегейлеп ұстайтын перде. Көбіне жас кезінде тұтынған шымылдық ұсталады. Кейде қарт кісілерге әл-ауқатына қарай ақ торғыннан арнаулы шымылдық тігіп даярлайды. Бұл сол кісі қайтыс болғанда бетіне ұсталады .

Боқша – әйел кісілер 70 жастан асқан соң «боқша» әзірлейді. Оның ішіне қымбат кездеме, жүзік, білезік, сырға, күміс түйме, күміс қалып, жаулық, көйлек, т.б. біршама бағалы заттар салады. Кейін қайтыс болғанда әйел туыстарының бірі «боқшаны» ашады. Оны ашудан бұрын молда аят оқиды. «Боқшаның» ішіндегі ең асыл нәрсені оны ашқан әйел алады. Басқасын сол жердегі барша жамағатқа таратып береді.

Ақырет киіз – қаза болған кісіні сыртынан орайтын бір парша көлемді ақ киіз. Оны қой жүнінің қылшығын суырып, қалған ақ түбітінен басып даярлап, арнаулы жүкке жиып таза сақтайды. Тірі кезінде оны төсенішке бермейді.

Шың киім – мәйітті орап киіндіретін киім. Егер төркіндемеген қыз болса, әке-шешесі хал үстінде жатқанда шың киім үшін ақ болатынайдан 24 метр сатып алып, хал үстінде жатқан адамға көрсетпей, оны жастығының астына тығып қояды. Ол қайтыс болғанда ақырет киімдікке пайдаланылады.

Естіртпей әкелу – қаза болушының балашағасы, тікелей қандастық жақындығы бар кісілері азалы үйге естіртпей «науқастанып қалыпты», «нашарлап жатыр екен» деп ертіп келеді де, тек үйге жақын қалғанда естіртеді. Сабырлық сұрап, ішке қолтығынан демеп кіргізеді.

Көріспеу – қаза болған үйге дауыс шығарып келушілердің ішінде әйелдер жағынан сол үйге келін жолындағы кісілер болса, аза тұтып тұрғандардың ішіндегі қайын ата, қайын аға жолындағы кісілерге көріспей, басқалармен көрісіп үйге кіреді. Көңіл айтып келушілер ер кісілер болса, үй ішіндегі жоқтау айтып отырғандармен көріскенде келін жолы бар әйелдермен көріспейді.

Жоқтау – қаза болғаннан бастап, өмірден өткен кісінің тіршілік күніндегі жақсы істерін қара сөзбен немесе өлең түрінде зарлы үнмен айта-

тын өлең. Қазақ арасында жоқтау үш түрлі айтылады. Біріншісі – бастан-аяқ жыр түріндегі жоқтау; екіншісі – қара сөз түріндегі жоқтау; үшіншісі – терме түріндегі жоқтау. Жоқтаудың айтылатын мезгілі: таңертең күн ұясынан шыққанда, кеш мезгілінде күн ұясына отырғанда айтылады. Бұл салт «қырқы нәзіріне» дейін жалғасады. Сондай-ақ, «жетісін» өткізгенде де айтылады. Және «қырқы нәзіріне» мал сойылған кезде бір рет, «нәзір» тарағанда бір рет айтылады. Сол сияқты «ас» берілетін күні мал сойылғанда бір рет, туын жығып, ел тарағанда бір рет айтылады. Ертеректе ел көшіп бара жатып, ауылдардың маңынан өткенде тұлданған атқа қаза болушының ер-тұрманын ерттеп, киімін үстіне бөктеріп, әйел-қыздары жетектеп дауыс салып өткен.

Сүйек күзету – адам қайтыс болған күні түнде, үлкен кісілерден бір-екі адам мәйіт басына шам жағып күзетеді.

Тәбәрік – үлкен кісілер қайтыс болғанда, бейіт басында немесе өлім шыққан үйде бір метр ақ торғынды жыртып, жамағатқа таратып береді. Қаза болған кісі әйел адам болса, жоғарыда айтылған «тәбәрік» таратудан бөлек 40 инеге жіп сабақтап, оған қоса бір-бір шай қосып, әйелдер қауымына «жіп-шу» деп таратады. Бұл тірлігінде қарыз алған жіп-шуы болуы ықтимал, сол мойнына қарыз болып жүрмесін дегенді білдіреді. «Тәбәрік» ретінде

қаза болған кісінің бетіне ұстаған шымылдықты жыртып тарататындар да бар. Бұлардың барлығы «үші» мен «жетісі» аралығында таратылып бітуі керек.

Құран аударту – мұны әркім жағдайына қарай істейді. «Құран аударту» дегеніміз – Құран көрімді бастан-аяқ оқып шығу. Әдетте үй иелері «үші» мен «жетісі» беріліп болған соң, көңілі қалаған молданы таңдап, Құран аударуды өтінеді. Жауапкершілікті мойнына алған молда қаза болған кісінің «қырқы нәзіріне» дейін Құранды аударып болады. Молданың қызметіне жол-жора жасалады. Ілгеріде бұл іске құнан өгіз бергендер де болған.

Сыпар өткізу – бұл Құран аударумен бірдей, қаза болған адамға құран аудартпаса «сыпар өткізеді». Бұл қаза болған адамның «үші», «жетісі», «қырқы» барысында бірнеше молда жиналып, кезекпен Құран көрімдегі тиісті аяттарды оқып аударуды көрсетеді.

Ақтық салу – қаза болған кісінің қыздары, құда-жегжаттары, туысқандары «жылы» берілген күні жылқы, сиыр, қой сияқты малдардан бір-бір тұяқтан және жол-жосын үшін кездеме қосып әкеліп, көмек көрсетеді. Мұны қазақ халқы «ақтық салу» деп атайды.

Арулау – ертеректе ер адамдар шаш қоймайтындықтан, хал үстінде жатқан кісінің ша-

шын, тырнағын алып, сақалын басып, тазалық істерін жүргізетін. Бұл салт қазір де қолданылып келеді. Егер қаза аяқ астынан болса, мәйітті суға алудың алдында жоғарыдағы жұмыстар жүргізіледі. Кей жағдайда жас өлім болса шашын алмай, тек сақал-мұртын басып, жерлей береді. Егер ері ертеректе қайтыс болған әйел адам болса, оның шашы өріліп, артына түсіріледі. Ал егер ері өлмеген болса, шашын алдына жайып, ортасынан жарады да, екі қолтығының астына ұштарын жасырады. Өйткені әйел адамның шашы өмірінде бір рет қана жайылуы тиіс деген ұстаным бар.

Күрек жаңғырту – бұл мәйітті жерлеп болып, жамағат қайта бергенде, жерлігін қазуға пайдаланылған құрал-саймандарды бір-біріне түйістіре дауысын шығарып, жабысқан топырақты тазалайды, күректердің сабын жонып жаңғыртады.

Таяқ таянбау – мәйітті жерлеп, жамағат үйге қайтып келгеннен кейін, сыртта аза тұтатын ерлер жағы таяқ сүйенбей, тек бүйірін таянып жылайды. Алғашқы таянған таяқтарды жинап тастайды.

Күйеу қалу – көбінесе мәйітті жерлеуге алып кеткенде, күйеу балалар үйде қалады. Олар сүйек шығып кеткеннен кейін жоқтап келушілерді қарсы алады. Әрі мәйітті жатқызған жерді тазалап, оның бас жағына екі қазық, аяқ жағына бір қазық қағып,

оқшаулап қояды. Бұл әлгі жерді адам басып, дәрет сындырып, қоқсық төгіп қоймаудың алдын алу. Әдетте ондай жерге ағаш егіп қояды.

Құран оқыту – қаза болған кісінің мәйітін үйден шығарып әкеткенше құран оқылмайды. Мәйітті үйден алып шығып кеткеннен соң, мал сойылып, нан пісіріліп, құран оқылады. Құран оқу жоқтап келгендерге арналып, сондай-ақ жұма күндері, ораза, айт мерекелерінде жалғасады.

Қара тігу

Қаралы ту тігу – өлген кісіге тігілген үйдің оң жақ белдеуіне найзаға кісінің жасына қарай ақ, көк, қара ту байланған.

Тұл ат, тұл киім

Бұл өлген кісінің мінген аты, киген киімі жетім, иесіз қалды деген ұғыммен жасалатын салт.

Тұл жыртыс

«Тұл жыртыс» – өлген кісіге жыл толып, асы берілген соң кәде жолымен үлестірілетін киім-кешек.

Қарасын тастады

«Қарасын тастады» – ері өліп, қара жамылған әйелдің тартқан қаралы орамалын жыл болып, асы өткен соң алу салты.

Қара жықты

Өлген кісіге жыл толып, асы берілген соң, қаралы туды құлататын салтқа байланысты жоралғы.

Сауын айту

Қайтыс болған кісіге жыл өтіп, берілетін астың күні, сипаты мен салт түрлері (ат жарыс, балуан күрес, жаяу жарыс, т.б.) белгіленген соң, осыларды елге хабарлап, жан-жаққа шабарман жіберу.

Ас беру

«Ас беру» – өлген кісінің артын күту салтының соңғы, ең үлкен жолын жасап, ауқымды жиын өткізіп, қалың қауымға дастарқан жайып, өртүрлі ойын-сауықтар ұйымдастыру.

Аста да тойлардағы секілді түрлі-түрлі жарыстар, ойындар: ат шабыс, ат бәйге, балуан күрес, ат сайыс, ат тартыс, аударыспақ, көмбе алу, теңге алу, көкпар тарту, лақ көкпар, тана көкпар, айналма көкпар, мәре көкпар, жорға жарыс, атан жарыс, жамбы ату, т.б. өтеді.

Жарыстарда берілетін сый-бәйгелердің өз атаулары бар. Солардың бірі тоғыздар. Олар бас тоғыз, орта тоғыз, аяқтоғыз деп, бас тоғыздың бар малы маңдай мал, маңдай малсыз түрі тоқал тоғыз деп аталған.

Дауыс шығару

Өмірден қатты соққы көріп, қайғы-қасіретке тап болғанда «дауыс шығарған». Негізінен «дауыс шығаруды» әйелдер істеген. «Дауыс шығаруды» естіген ауылдың ақсақалдары, жасы үлкен кісілер келіп тоқтау айтқан. «Дауыс шығару» ең көп естілген кез – 1928 жылғы тәркілеу (конфискация), 1932 жылғы аштық, 1937 жылғы репрессия, екінші дүниежүзілік соғыс тұсында болды. «Дауыс шығару» мен «жоқтауды» шатастырмау керек. «Жоқтау» – өмірден өткен жақын адамды аза тұту болса, «дауыс шығару» – бүкіл ел басына түскен ауыртпалыққа қайғыру.

Ат тұлдау

Ер адам қайтыс болғанда мініп жүрген атының жал-құйрығын күзеп, оны бос жібереді де, өлген адамның жылында сол атты әкеліп сояды. Бұл дәстүрді «ат тұлдау» деп атайды.

Әмеңгерлік

Күйеуі қайтыс болғаннан кейін әйелі күйеуінің інілерінің біріне, немесе қайын ағасына қосылу керек. Егер олар болмаса, күйеуінің жақын туыстарының біріне тұрмысқа шығуы тиіс. Бұл ертеден келе жатқан дәстүр. Егер әйел бөтен біреуге кетіп қалса,

ол күйеуінен қалған мал-мүліктен ала алмайды, тек үйінен келген жасауына ғана ие болады. Бұны «іргеден шығару» дейді. Өзінің туған қайнысына, не қайнағасына барса, ол ұрпақ жалғастырушы болады, ал егер күйеуінің туыстарының бірі алса, бұл «әмеңгерлік» деп аталады.

Іргеден шығу

Қазақ салты бойынша күйеуі өлген әйел ерінің жылы өткен соң, қайта тұрмысқа шығуына болады. Ол енді өлген күйеуінің ағасына не інісіне тұрмысқа шығуы керек. Мұндай жақындары болмаса әйел басына бостандық беруді сұрайды. Бұл мәселені ауыл ақсақалдары шешеді. Егер әйелге бостандық беріліп, ол басқа адамға қосылатын болса, онда әйел ерінен қалған мал-мүлікті ала алмайды. Өзінің үйінен келген жасауымен ғана кетеді. Бұны «іргеден шығару» дейді.

**Салт-дәстүр
туралы
мақал-мәтелдер**



ол күйеуінен қалған мал-мүліктен ала алмайды, тек үйінен келген жасауына ғана ие болады. Бұны «іргеден шығару» дейді. Өзінің туған қайнысына, не қайнағасына барса, ол ұрпақ жалғастырушы болады, ал егер күйеуінің туыстарының бірі алса, бұл «әмеңгерлік» деп аталады.

Іргеден шығу

Қазақ салты бойынша күйеуі өлген әйел ерінің жылы өткен соң, қайта тұрмысқа шығуына болады. Ол енді өлген күйеуінің ағасына не інісіне тұрмысқа шығуы керек. Мұндай жақындары болмаса әйел басына бостандық беруді сұрайды. Бұл мәселені ауыл ақсақалдары шешеді. Егер әйелге бостандық беріліп, ол басқа адамға қосылатын болса, онда әйел ерінен қалған мал-мүлікті ала алмайды. Өзінің үйінен келген жасауымен ғана кетеді. Бұны «іргеден шығару» дейді.

Салт-дәстүр туралы мақал-мәтелдер



Қарға баласын «аппағым» дейді.
Кірпі баласын «жұмсағым» дейді.

* * *

Жалғыз баласы бардың
Шығар-шықпас жаны бар.
Екі баласы бардың
Өкпе, бауыр, жалы бар.
Үш баласы бардың
Бұқарада пұлы бар.

* * *

Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді.

* * *

Қалыңдығына өкпелеген күйеу,
Қайнағасына сәлем бермейді.

* * *

Үйдің жылы-суығын,
Қыс түскенде білерсің.
Ағайынның алыс-жақынын,
Іс түскенде білерсің.

* * *

Алыстағы ағайыннан,
Ауылы бірге көрші артық.

* * *

Туыс туыс емес,
Қоныс туыс.

* * *

Өзі қонақ болып көрмеген,
Қонақты сыйлай да білмейді.

* * *

Ағайынның аразы болса да,
Безері болмайды.

* * *

Ата-ананың қадірін
Балалы болғанда білерсің.
Ағайынның қадірін
Жалалы болғанда білерсің.

* * *

Атаңа не қылсаң,
Алдыңа сол келер.

* * *

Әкең өлсе өлсін,
Әкеңді көрген өлмесін.

* * *

Атадан жақсы ұл туса,
Есіктегі басын төрге сүйрер.
Атадан жаман ұл туса,
Төрдегі басын жерге сүйрер.

* * *

Атадан жақсы ұл туса,
Елінің қамын жейді;
Атадан жаман ұл туса,
Елінің малын жейді.

* * *

Жылтырағанның бәрі алтын емес.

* * *

Қына тастан шығады,
Өнер-білім жастан шығады.

* * *

Сабыр түбі – сары алтын.

* * *

Басқа пәле тілден.

* * *

Бас кеспек болса да,
Тіл кеспек жоқ.

* * *

Сөз тапқанға қолқа жоқ.

* * *

Жақсы байқап сөйлер,
Жаман шайқап сөйлер.

* * *

Сөз сүйектен өтеді,
Таяқ еттен өтеді.

* * *

Жақсы сөз – жарым ырыс.

* * *

Ауруда – шаншу жаман,
Сөзде – қанқу жаман.

* * *

Жүздің көркі сақал,
Сөздің көркі мақал.

* * *

Ең тәтті де – тіл,
Ең ащы да – тіл,
Ең жұмсақ та – тіл,
Ең қатты да – тіл.

* * *

Ала сөйлеп, ұлыққа жаққанша,
Адал сөйлеп, жұртқа жақ.

* * *

Артында баласы қалса –
Көзі қалды де.
Артында сөзі қалса –
Өзі қалды де.

* * *

Ата көрген оқ жонар,
Ана көрген тон пішер.

* * *

Аз қайғыны ас басады,
Көп қайғыны дос басады.

* * *

Денің сау болса,
Жарлымын деме.
Жолдасың көп болса,
Жалғызбын деме.

* * *

Айла алтау,
Ақыл жетеу.
Айла мен ақыл қосылса,
Алдырмайтын екеу.

* * *

Ақыл көпке жеткізер,
Өнер көкке жеткізер.

* * *

Киіміне қарап, қарсы алады,
Біліміне қарап, шығарып салады.

* * *

Ақылды өзінен көреді,
Ақылсыз ағайыннан көреді.

* * *

Болар адам – он бесінде бас болар,
Болмас адам – қырық бесінде жас болар.

* * *

Жаман итті еркелетсең,
Аузыңды жалар.
Жаман адамды еркелетсең,
Жаныңды алар.

* * *

Ағаш тамырымен мықты,
Адам дос-жорамен мықты.

* * *

Ас адамның – арқауы.

* * *

Бауыр шырын, бас тәтті,
Ағайынмен ішкен ас тәтті.

* * *

Жазым болса, быламыққа тіс сынар.

* * *

Қыдырып жеген жанбастан,
Шақырулы жеген жауырын артық.

* * *

Өле жегенше,
Ағайынмен бөле же.

* * *

Жүзігің алтын болғанша,
Жүзің жарқын болсын.

* * *

Күлкі – ашылған гүл,
Көңіл – шашылған нұр.

* * *

Әйел жерден шыққан жоқ,
Ол да еркектің баласы.
Еркек көктен түскен жоқ,
Әйел оның анасы.

* * *

Ерге жаққан әйел, елге де жағады.

* * *

Жақсы әйел – ырыс.

Жаман әйел – ұрыс.

* * *

Бірінші байлық – денсаулық,

Екінші байлық – ақ жаулық,

Үшінші байлық – он саулық.

* * *

Өзің сүйгенді алғанша,

Өзіңді сүйгенді ал.

* * *

Ердің жақсысы елімен ойласады,

Әйелдің жақсысы ерімен ойласады.

* * *

Құданы Құдай қосады,

Үйірі басқаны нөқта қосады.

* * *

Күйеу – жүз жылдық,

Құда – мың жылдық.

* * *

Ананың сүті – бал,

Баланың тілі – бал.

* * *

Атасы тұрып, ұл сөйлегеннен без,
Анасы тұрып, қыз сөйлегеннен без.

* * *

Бала жетіге келгенше жерден таяқ жейді.

* * *

Анасын көріп қызын ал,
Аяғын көріп асын іш.

* * *

Қызы бардың назы бар.
Қысы бардың жазы бар.

* * *

Бала тәрбиесі – бесіктен.

* * *

Балапан ұяда не көрсе,
Ұшқанда соны алады.

* * *

Ұлға отыз үйден тыю,
Қызға қырық үйден тыю.

* * *

Ата балаға сыншы.

* * *

Аға адасса, іні із кеседі.

* * *

Ананың көңілі балада,
Баланың көңілі далада.

* * *

Жыламаған балаға емшек бермейді.

* * *

Тісі шыққан балаға, шайнап берген ас болмас.

* * *

Өз балаң, өзекке төпсең де кетпейді.
Кісі баласы, кісендесең де тұрмайды.

* * *

Бала өз несібесін ала туады.

* * *

Бір бала атаға жете туады,
Бір бала атадан өте туады,
Бір бала кейін қарай кете туады.

* * *

Теңін тапса – тегін бер.

* * *

Ұл баланың – үй күшік болғаны
жараспайды,
Қыз баланың – қыдырма болғаны
жараспайды.

* * *

Қыздың аңқауынан сақта,
Ұлдың жалқауынан сақта.

* * *

Астың дәмін тұз келтірер,
Ауылдың сәнін қыз келтірер.

* * *

Ер жігіттің аты жақсы болса, бір бақыт,
Алған жары жақсы болса, мың бақыт.

* * *

Ұл таппас қатын болмас, тұрарын айт,
Мал таппас жігіт болмас, құрарын айт.

* * *

Жақсы әйелдің қолы ұзын,
Жаман әйелдің тілі ұзын.

* * *

Келінім, саған айтамын,
Қызым, сен тыңда.

* * *

Жаны сұлудың, тәні сұлу.

* * *

Жақсы келін – қызыңдай,
Жақсы күйеу – ұлыңдай.

* * *

Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді,
Жаман әйел жақсы еркекті жүдетеді.

* * *

Мал бітпес деп ерден түңілме,
Шөп бітпес деп жерден түңілме.

* * *

Мал құлыннан, ақша тиыннан өседі.

* * *

Мал басқа, қына тасқа бітеді.

* * *

Ит тойса, иесін танымас,
Жаманға мал бітсе, жақынын танымас.

* * *

Арық атқа қамшы ауыр.

* * *

Тай атқа, ат мұратқа жеткізер.

* * *

Жақсы ат – жанға серік.

* * *

Балықшының аты суға жарымайды.

* * *

Ат қадірін жоқ білмес, ас қадірін тоқ білмес.

* * *

Қой егіз туса, шөптің басы айыр шығады.

* * *

Ешкілі қой өреген.

* * *

Түйе қашып, жүктен кете алмас.

* * *

Түйе көп болса, жүк сыймайды.

* * *

Қоныс ақысын түйе қайтарады.

* * *

Сиыр су ішкенде, бұзау мұз жалайды.

* * *

Үйде өскен бұзау түзде өгіз болмас.

* * *

Тойдың болғанынан, боладысы қызық.

* * *

Өншейінде ауыз жаппас,
Той дегенде өлең таппас.

* * *

Күлкі – ашылған гүл,
Көңіл – шашылған нұр.

* * *

Әркім сүйгенінің құлы.

* * *

Сыпайының сыры мол.

* * *

Қолыңмен істегенді,
Мойныңмен көтер.

* * *

Жығылған үстіне жұдырық.

* * *

Алған бір жазықты,
Алдырған екі жазықты.

* * *

Аққа қара жұқпайды.

* * *

Ұсынған мойынды алмас кеспес.

* * *

Естіген құлақта жазық жоқ.

* * *

Жаңылмас жақ болмас,
Сүрінбес тұяқ болмас.

* * *

Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш.

* * *

Жорғаң қатты болса, бәске сал,
Ісің ақ болса, көпке сал.

* * *

Адасқанның айыбы жоқ,
Қайтып үйірін тапқан соң.

* * *

Орамал тонға жарамаса да,
Жолға жарайды.

* * *

Ас көп болса, кәде көп.

* * *

Жігіттің бір жұрты нағашысы.

* * *

Бір күн дәм татқанға, қырық күн сәлем.

* * *

Кісінің кішісі болғанша,
Иттің күшігі бол.

* * *

Қотыр қолға қола сақина.

* * *

Үлкен үйдегі күлсе,
Кіші үйдегі езу тартады.

* * *

Нағашымен күрессе,
Жиені жығылар.

* * *

Жек көргеннің жұмысын,
кетерінде сұра,
Жақсы көргеннің жұмысын,
келгенінде сұра.

* * *

Ескерген ескі асынан сақтайды.

* * *

Берген қолым алған.

* * *

Сұрап бергенше,
Соғып бер.

* * *

Соймаса қан шықпайды,
Құр тілден май шықпайды.

* * *

Берместің асы піспес,
Қазаны оттан түспес.

* * *

Асыңа тойғызбасаң да,
Ақ ниетіңе тойғыз.

* * *

Ас иесімен тәтті.

* * *

Досыңның асын, қасыңдай іш.

* * *

Тойған үйге тоғыз бар.

* * *

Шақырған жерден қалма,
Шақырмаған жерге барма.

* * *

Алты жасар бала алыстан келсе,
Алпыс жасар кәрі алдынан шығар.

* * *

Барымен базар, жоқты қайдан қазар.

* * *

Құр қасық ауыз жыртар.

* * *

Келгенше қонақ ұялар,
Келіп болған соң үй іші ұялар.

* * *

Қонақ атаңнан да ұлы.

* * *

Қонақ құдайдың еркесі.

* * *

Қонақ аз отырып,
Көп сынайды.

* * *

Құтты қонақ келсе,
Қой егіз табады.

* * *

Тас түскен жеріне ауыр.

* * *

Қонақ бір күн қонса құт,
Екі күн қонса жұт.

* * *

Қонақ келсе, ет пісер,
Ет піспесе, бет пісер.

* * *

Қонағым өз үйіңді де ойлай отыр.

* * *

Қонаққа «кел» демек бар,
«Кет» демек жоқ.

* * *

Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал.

* * *

Елу жылда ел жаңа,
Жүз жылда қазан жаңа.

* * *

Заманына қарай амалы.

* * *

Заманына қарай заңы,
Тоғайына қарай аңы.

* * *

Жеті атасын білген ұл,
Жеті жұрттың қамын жер.

* * *

Жақсы келін – қызыңдай,
Жақсы күйеу – ұлыңдай.

* * *

Қызым, саған айтам,
Келінім, сен тыңда.

* * *

Айтушы ақылды болса,
Тыңдаушы дана болады.

* * *

Сұңқар қанаты ұшқанда қатаяды.

* * *

Кеме келсе, қайық судан шығады.

* * *

Сақтықты соқырдан үйрен,
Кішілікті түйеден үйрен.

* * *

Сын түзелмей, мін түзелмейді.

* * *

Бабасы еккенді, баласы орады.

* * *

Жақсылық еккен – алғыс орады.

* * *

Итті күшігінде үйрет.

* * *

Ұлы жол үйіңнің табалдырығынан
басталады.

* * *

Әдепсіз өскен адамнан,
Тәртіппен өскен тал жақсы.

* * *

Үлкенді сен сыйласаң,
Кіші сені сыйлайды.
Кіші сені сыйласа,
Кісі сені сыйлайды.

* * *

Ине өткен жерден жіп өтер.

* * *

Ел болам десең бесігіңді түзе.

* * *

Әдепті бала – арлы бала,
Әдепсіз бала – сорлы бала.

* * *

Баланың өскен бесігі – кең дүниенің есігі.

* * *

Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.

* * *

Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің.

* * *

Алдыңғы арба қалай жүрсе,
Соңғы арба сонда жүрер.

* * *

Ағайынға қарап бала өсер,
Қарағайға қарап тал өсер.

* * *

Жорғаның тері кеппес,
Жылауықтың көз жасы кеппес.

* * *

Тауда туған баланың,
Екі көзі таста болар.
Ашаршылықта туған баланың,
Екі көзі аста болар.

* * *

Жеті атасын білмеген – жетесіз.

* * *

Сүтпен кірген мінез,
Сүйекпен кетеді.

* * *

Қарға тамырлы қазақпыз,
Сұраса келе қарын бөле болып шығамыз.

* * *

Қартың болса, жазып қойған хатпен тең.

* * *

Өз балаңды өскенше бағасың,
Немереңді өлгенше бағасың.

* * *

Екі аяқтыда бажа тату,
Төрт аяқтыда бота тату.

* * *

Еркек сергек ұйықтаса, ырыс бітеді,
Әйел сергек ұйықтаса, жұмыс бітеді.

* * *

Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар.

* * *

Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол,
Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол.

* * *

Ағаның үйі – ақ жайлау.

* * *

Келінің жаман болса, ұлыңнан көр,
Күйеуің жаман болса, қызыңнан көр.

* * *

Ағадан – ақыл,
Атадан – нақыл.

* * *

Ер бала ата-анаға таяу,
Қыз бала үйге жаққан бояу.

* * *

Апам үйі – ақ жайлау.

* * *

Баланың ұяты әкеге,
Қыздың ұяты шешеге.

* * *

Өз үйім – өлең төсегім.

* * *

Жалғыз ағаш үй болмас,
Жалғыз жігіт би болмас.

* * *

Балаға байқап сөйлесең,
Ақылға көнер.
Байқамай шайқап сөйлесең,
Көрсетер бір «өнер».

* * *

Жасы кіші ініні
Ақылы артса аға тұт.
Жасы үлкен ағаны
Жақсы сыйлап жаға тұт.

* * *

Жақсы ата – орман,
Жақсы бала қорған.

* * *

Өсер жастың алдын кеспе,
Өсер ағаштың басын кеспе.

* * *

Өзінің шарқын білген,
Өзгенің нарқын біледі.

* * *

Әдепсіз бала
Ауыздықсыз атпен тең.
Ақылды қария
Жазып қойған хатпен тең.

* * *

Бала тәрбиесі – бесіктен.

* * *

Әжемді тыңдағаным –
Өзімді танығаным.

* * *

Ана алдында – құрмет,
Ата алдында – қызмет.

* * *

Анаңа ауыр сөз айтпа,
Атаңа ауыр жүк артпа.

* * *

Ата – балаға сыншы.

* * *

Баланың бас ұстазы – ата-анасы.

* * *

Ата – бәйтерек, бала – жапырақ.

* * *

Ата тілін алмаған ұлдан без,
Ана тілін алмаған қыздан без.

* * *

Ананың көңілі балада,
Баланың көңілі далада.

* * *

Әкенің қадірін балалы болғанда білерсің.

* * *

Ана жақсылығын ауырсаң білерсің,
Қайын жақсылығын қыдырсаң білерсің.

* * *

Атадан жақсы ұл туса,
Елінің қамын жейді.
Атадан жаман ұл туса,
Елінің малын жейді.

* * *

Адам болатын бала алысқа қарайды.

* * *

Жақсы бала – еліне бас болады,
Жаман бала – еліне қас болады.

* * *

Қарағайға қарап тал өсер,
Қатарына қарап бала өсер.

* * *

Қыз ырыс емес пе,
Ұл қоныс емес пе?

* * *

Өз балаң өзекке тепсең де кетпейді,
Кісі баласы кісендесең де тұрмайды.

* * *

Тайдың мінгені білінбес,
Баланың істегені білінбес.

* * *

Талапты бала – талпынған құстай,
Құмары қанбас аспанға ұшпай.

* * *

Балам – балым,
Баламның баласы – жаным.

* * *

Күнсіз гүл өспес,
Күтүсіз ұл өспес.

* * *

Атадан ұл қалса – өзі қалғаны,
Қыз қалса – ізі қалғаны.

* * *

Адам болатын бала ағайыншыл,
Бай болатын бала айырбасшыл.

* * *

Бала күлкіге тоймас,
Жаман ұйқыға тоймас.

* * *

Дүниеде бал тәтті,
Бала балдан да тәтті.

* * *

Талапты бала – талпынған құстай.

* * *

Жеті атасын білмеген – жетімдіктің белгісі.

* * *

Бір жақсы қыз – екі жаман ұлға татиды.

* * *

Астың дәмін тұз келтірер,
Ауылдың сәнін қыз келтірер.

* * *

Сенің табаныңа кірген тікен,
Менің маңдайыма кірсін.

* * *

Алты ұл туған ананы –
Ханым десе болады.

* * *

Кезек сыйласқан ағайынды –
Жаным десе болады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен зерттеу еңбектері

Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998.

Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна», 2005.

Қабылдинов.З.Е., Қайыпбаева А.Т. Қазақстан тарихы. Алматы: «Атамұра», 2008.

Қойгелдиев М., Төлеубаев Ә., Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихы. Алматы: «Мектеп», 2007.

Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: «Рауан» 1994.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Құрастырған Б.Жүсіпова. Алматы: «Көшпенділер», 2007.

Нүсіпоқасұлы А., Жапарұлы Ә. Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. 1, 3, 5-томдар. Алматы: «Өнер», 2011.

Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: «Қазақстан», 1978.

Атабаев А. Ұлттық ойындар – халық мұрасы. Алматы: «Кітап», 2006.

Қойшыбекқызы Г. Ұлттық тағамдардың пайдасы. www.massaget.kz

Сүлеймен М. Қазақтың аңшылық дәстүрі.

www.i-news.kz

Қазақ халқының ән-күй өнері. www.bilim-all.kz

Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы.

www.wikipedia.org

Ахмет Т. Қазақтың дәстүрлі жылқы шаруашылығы. www.kk.convdocs.org

Қазақ халқының шешендік өнері. www.bigox.kz

Амет А. Қазақтың ұлттық ойындары – халқымыздың асыл мәдени мұрасы. www.rusnauka.com

Қазақ би өнері. www.wikipedia.org

Қазақ халқының бала тәрбиелеу дәстүрі.

www.kazorta.org

Мұқаметжанұлы Ә. Қазақтың қыз бала тәрбиесі жөнінде. www.bozbala.com

Киіз үй. www.wikipedia.org

Қазақтың ұлттық киімдері. www.bilim-all.kz

Қазақтың ұлттық тағамдары. www.bilim-all.kz

Қазақтың қолөнері. www.bilim-all.kz

Қазақтың зергерлік бұйымдары мен ою-өрнектері. www.bilim-all.kz

Қазақтың дәстүрлі шаруашылығы.

www.bankreferatov.kz

Қазақтың бата беру дәстүрі. www.e-history.kz

Қазақтың табақ тарту жоралғысы. www.ucoz.kz

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ	
САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР	6
Қазақ отбасындағы бала тәрбиесі	7
Ұл бала тәрбиесі	11
Қыз бала тәрбиесі	16
Ұлттық ойындар	20
Өлшем бірліктері	30
Төсек тойы	36
Керегеге орамал таңу	38
Құрсақ шашу	38
Ене көлінге қамқоршы	39
Аққол ана	43
Тоғыз ай, тоғыз күн	43
Жарысқазан	46
Кіндік шеше	47
Кіндік кесу	48
Сәби келді	49
Шілде қағу	50
Тымаққа салу	50
Сүйіндір	50
Қалжа	51
Бесікке салу	51
Ат қою	53
Қырқынан шығару	54
Асырап алу	54
Сатып алу	54

Бауырына салу	55
Шілдеhana	55
Бесік тойы	57
Тұсау кесу	59
Сүндет тойы	63
Тоқым қағу	65
Қыз баланың құлағын тесу	65
Көгентүп	67
Айдар қою	67
Кекіл	67
Тұлым	67
Аузына түкіру	68
Тыйым	68
Қозы жасы	68
Қой жасы	69
Жылқы жасы	70
Патша жасы	71
Жеті ата	72
Селтеткізер	72
Ұйқыашар	72
ТҰРМЫС-САЛТ ДӘСТҮРЛЕРІ	73
Киіз үй	74
Киіз үй жиһаздары мен бұйымдары	81
Қазақ қолөнері: зергерлік бұйымдар мен ою-өрнектер	88
Ұлттық киімдер	97
Ұлттық тағамдар	101
Қазақтың дәстүрлі шаруашылығы	130
Қарсы алу	185
Қолға су құю	186
Дастарқан басына шақыру	187
Шай құю, шыны өперу	188
Табак тарту	189
Асату	191
Ақ алып шығу	192

Ақ жол	192
Ат мінгізіп, шапан жабу	192
Айып төлеу	193
Айырылысар көже	193
Аманат	194
Ауызбастырық	194
Абысын асы	195
Ақтық	195
Ат майын сұрау	195
Дәмету	196
Ақсарбас атау	196
Ақ құйып шығару	197
Ат тергеу	197
Анттасу	198
Араша түсу	198
Аяғына жығылу	198
Ат құйрығын кесу	199
Асар жасау	199
Аунату	199
Ауыз тию	200
Байғазы беру	200
Базарлық әкелу	201
Бастаңғы жасау	201
Әдеп сақтау	201
Байлау	202
Баутағар	202
Бармақ жалау	202
Барымта	203
Бәйге	203
Белкөтерер	204
Бес жақсы	204
Бетке түкіру	204
Дау шешу	205
Дүре соғу	205

Ен салу	206
Ерулік	206
Емге сұрау	206
Емшегін көкке сауу	207
Есекке теріс мінгізу	207
Жазалау	208
Жеті ата	208
Жиен құрық	208
Жолаяқ	209
Жылу жинау	209
Керімдік	210
Күн санау	210
Ай санау	210
Жыл санау	211
Қалау	212
Қазан шегелеу	212
Қара шаңырақ	213
Қап қағар	213
Қонақасы	214
Қонақкәде	214
Құн төлеу	214
Құтты болсын айту	215
Құрдас қалжың	215
Сал-серілік	216
Сауға	217
Сарқыт	217
Сәлемдеме	217
Соғым басы	218
Сүйінші	218
Таңба	218
Тәбәрік	219
Мүшел	219
Тойбастар	220
Тойтарқар	220

Топырақ шашу	221
Тізе бұғу	221
Туған жерге аунату	221
Туырлығын тілу	222
Үй сынығы	222
Ұран	223
Шаң басты	224
Шүлен тарту	224
Шөміш қағу	224
Шөп сындыру	225
Хан сарқыты	225
Хан талау	225
Биебау	226
Күзем шай	227
Кеусен	227
Келі түбі	227
Көген той	228
Жылқы күзеу	228
Қол кесер	229
Қол үздік	229
Қол ұшын беру	230
Қой басты	230
Тулақ шашу	230

ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ

САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР	231
Шешендік өнер	232
Айтыс	238
Бата беру	241
Ән-күй	249
Би өнері	259
Біз шаншар	264
Қыз айттыру	265
Қыз көру	266

Шеге шапан	267
Қарғыбау	267
Өлтірі	268
Құда түсу	268
Бата аяқ	269
Құда тартар	270
Киіт	270
Есік көру	271
Қыз танысу	273
Қапқа салар	274
Той малы	274
Қалың мал	275
Көпшік қыстырар	276
Шашу шашу	277
Киім ілу	277
Табалдырық аттар	277
Сыбаға асу	277
Малға бата жасату	278
Қыз алар	278
Босаға аттар	278
Неке қию	279
Шатыр байғазы	280
Қоржын сөгу	280
Мойын тастау	280
Босағаға ілу	281
Шарғы салу	281
Күйеуаяқ	282
Түйемұрындық	282
Қыз қашар	282
Құйрық-бауыр	283
Балдыз қалың	285
Күйеу киімі	285
Өңір салу	286
Шаңырақ көтеру	286

Шаңырақ түйе	287
Итаяғына салу	288
Қапқа салар	288
Ау, жар	289
Сыңсу	290
Қоштасу	291
Қыз ұзату	292
Сәукеле кигізу	293
Қыз көші	295
Отау көтеру	295
Атбайлар	296
Аушадияр	297
Үй көрсету	298
Есік ашар	299
Жасау	299
Жігіт түйе	300
Сүт ақы	300
Жолдық	300
Беташар	301
Жар-жар	308
Келін түсіру	309
Отқа май салу	310
Босаға майлау	310
Бие қысырмас	311
Құттық	312
Ата-ененің баулуы	312
Төркіндеу	315
Енші беру	316
Наурыз мейрамы	317
Өлім-жітім туралы	323
Қара тігу	339
Тұл ат, тұл киім	339
Тұл жыртыс	339
Қарасын тастады	339

Қара жықты	340
Сауын айту	340
Ас беру.	340
Дауыс шығару	341
Ат тұлдау	341
Өмеңгерлік.	341
Іргеден шығу	342
САЛТ-ДӘСТҮР ТУРАЛЫ МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕР.	343
Пайдаланылған әдебиеттер мен зерттеу еңбектері	373

ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Құрастырған Әлижан Тауұлы

«Балауса баспасы» ЖШС

Бас директоры – **Абылайхан Құлбаев**

Бас редакторы – **Әлібек Файзуллаұлы**

Корректоры – **Сандуғаш Ибраева**

Суретшісі – **Ерлан Қожабаев**

ИБ № 144

Басуға 05.04.2017 қол қойылды. Пішімі 84x108 ¹/₃₂.

Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 20,0.

Таралымы 5000+1000 дана.

Тапсырыс № 2366.

Қазақстан Республикасы. ЖШС «Балауса баспасы».

050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй,

тел.: +7-777-317-51-00

E-mail: balausa_baspa@mail.ru.

978-9965-672-98-9

ISBN 978-9965-672-98-9

ISBN 978-9965-672-98-9

ISBN 978-9965-672-98-9

ISBN 978-9965-672-98-9

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

ISBN 978-9965-672-98-9



9

789965672989



«Балауса»
баспасы